

## **ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ**

### **СОЦИАЛИСТИЧЕСКАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ 20-30-Х ГОДОВ XX ВЕКА КАК СОСТАВЛЯЮЩАЯ СИЛОВОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ**

**Н.А. Абдурахманов** – кандидат исторических наук, доцент кафедры  
«История Казахстана и общественных дисциплин» ЮКГФА, г. Шымкент

*Мақалада 1920-1930 жылдары Қазақстанның өнеркәсібін модернизациялаудағы саясаттың ерекшеліктері мен өзгешілігі туралы сараптама жүргізілген. Қазақстандағы жаңғырту үдерісінің басқа аймақтардан айырмашылығы және, халық шаруашылығындағы өзгерістер туралы объективті мағлұматтар берілген.*

*Жаңғырту, жетілдіру, социалистік индустриализациялау, өнеркәсіп, өндіріс күші, халық шаруашылығы, құрылыс.*

*In this article the main reasons and a course of power modernization in Kazakhstan in the 20-30th years of the XX century are considered. Certainly, modernization is a necessary condition of formation of industrial shape of the state but only in case it was carried out integrally, without sharp economic and social shocks. In Kazakhstan it was carried out by the accelerated, superforced rates. Modernization, socialist industrialization, industry, productive forces, national economy, construction.*

Все промышленно развитые страны неизбежно проходили период модернизации, в результате которого они выходили на индустриальный уровень развития. Историческое значение модернизации это макро-процесс перехода от традиционного общества к современному обществу, от аграрного – к индустриальному. Модернизированное общество имеет комплекс взаимосвязанных черт, которые часто рассматриваются как отдельные процессы экономической, политической, социальной и культурной модернизации [1]. Так в Казахстане в 20-30-е гг. XX столетия также развернулся процесс модернизации, который имел ряд особенностей, как концептуально-содержательного, так и практического характера.

В условиях же советского строя эти условия проявились в так называемой индустриализации ранее промышленно неразвитых окраин. Особо отметим, что при этом, индустриализация проводилась без учета особенностей национальной экономики в интересах Центра, а не регионов. Кроме того, в первую очередь она преследовала политические цели. Финансовый диктат и социалистическое планирование также способствовали тому, что генеральный курс был взят на создание только крупных промышленных гигантов, в то время как реальные условия Казахстана были бы благоприятны для мелкого и кустарного производства в качестве предварительной стадии формирования национального рабочего класса. Однако это не соответствовало идеологическим установкам партии, поскольку новая экономическая политика показала, что наряду со способностью малого кооперативного производства обеспечивать население предметами широкого потребления и крестьянского обихода, оно культивировало запрещенную частнособственническую идеологию и стремление личности к обособленному, автономному существованию.

Основные отличия советской модернизации заключались в следующих моментах.

Во-первых, она проводилась ускоренными, сверхфорсированными темпами. Во-вторых, советская модернизация характеризовалась преимущественным развитием тяжелой промышленности. И, в-третьих, средства для ее проведения изыскивались за счет так называемых внутренних резервов, а именно, за счет абсолютной национализации экономики, экспроприации средств буржуазии и крестьянства, изъятия накоплений трудящихся посредством государственных займов, невыплат в полном объеме заработной платы. В дальнейшем создается так называемая «лагерная экономика», в условиях которой широко использовался дармовой труд заключенных, большинство из которых были незаконно репрессированы. Так можно охарактеризовать основные источники накоплений для социалистической индустриализации.

Рост тяжелой индустрии, в первую очередь таких ее отраслей, как угольная промышленность, черная цветная металлургия, машиностроение, химическая промышленность, энергетика, должен был создать основу для победы социалистических форм хозяйства, укрепления социальной базы диктатуры пролетариата, превращения СССР в высокоразвитую индустриальную державу, достижения технико-экономической независимости от враждебного капиталистического окружения и укрепления обороноспособности страны.

Определяя политику социалистической индустриализации как главное звено в подъеме экономики и культуры советской страны и укрепления ее обороноспособности, Коммунистическая партия исходила из первоочередного развития мощной промышленности. При этом она исходила из принципа использования Казахстана в качестве сырьевой базы для центральных регионов.

В январе 1925 г. состоялось общее собрание Кзыл-Ординской партийной организации, одоббившее решения XIV съезда ВКП (б). В резолюции собрания было отмечено, что «решения съезда дают руководящую нить для нашего дальнейшего развития и достижения этой главной цели – строительства социализма» [2].

27-30 апреля 1926 г. в столице республики Кзыл-Орде проходило краевое совещание по вопросам развития промышленности в Казахстане. Оно было создано по инициативе ВСНХ СССР. Совещание отметило необходимость более широкой разведки новых месторождений полезных ископаемых, скорейшей разработки плана промышленного районирования республики и перспективного плана развития промышленности, в первую очередь цветной металлургии. Совещание указало, что в условиях Казахской АССР жизненно необходимым является «широкое развертывание местной промышленности, в особенности непосредственно связанной с земледельческим и скотоводческим хозяйством». В соответствии с этим были определены пути расширения производства в кожевенной, текстильной, рыбной, маслобойной, соледобывающей, мукомольной и других отраслях. Однако, эти отрасли промышленности, удовлетворяющие насущные потребности населения в дальнейшем так и не получили достаточного развития.

Индустриальное развитие Казахстана, как и других в прошлом отсталых районов Советского Востока, определялось общими характеристиками форсированной индустриализации страны в целом. Вместе с тем оно имело свою специфику, обусловленную структурой хозяйства республики, культурно-бытовыми, ментальными особенностями казахского кочевого общества. Речь не идет о том, что они учитывались при проведении индустриализации, скорее они послужили поводом для массового перемещения русских кадров, которые должны были стать опорой при ее проведении. Обратим особое внимание на то обстоятельство, что Казахстан был в числе регионов, которых особенно сильно коснулась массовая миграция русскоязычного населения из центральных районов России и Сибири. Учитывая, что уже в конце XIX-начале XX вв. Казахстан уже являлся ареной массовых перемещений русского крестьянства, которое резко изменило этнодемографическую структуру региона, последующие миграции привели к полному преобладанию русских в составе населения. Эти мероприятия обосновывались заботой о казахских крестьянах, которым следовало помочь в процессе оседания и привлечения к работе на промышленных предприятиях. Эту ситуацию можно отнести к числу особенностей проведения модернизации в Казахстане.

Другой особенностью явились опережающие темпы роста вложений в развитие промышленности Казахстана, которые в годы первой и второй пятилеток были выше среднесоюзных. Это диктовалось необходимостью скорейшей ликвидации экономической и культурной отсталости этих республик и подтягивания их уровня экономического развития до уровня передовых районов страны.

Изначально взятый высокий темп индустриализации вызвал непонимание со стороны казахской интеллигенции и части местных коммунистов. Уже тогда многие понимали, что индустриализация подрывает сами основы казахского общества, маргинализирует его народ, ставит его в положение второсортного на своей территории. Наиболее позитивным среди так называемых "национал-уклонистов" было течение, считавшее, что в Казахстане необходимо создавать все отрасли промышленности, с тем, чтобы его экономика не была однобокой, обеспечивающей сырьевые потребности центральных регионов. Они выдвигали теорию замкнутого хозяйства республики, ставили вопрос о создании в Казахстане всех отраслей промышленности, чтобы он стал экономически универсальным.

Но такие возражения, естественно не принимались, рискующие высказать свое мнение объявлялись врагами трудового народа и подвергались репрессиям.

В феврале 1930 г. ЦК ВКП (б) обсудил вопрос о задачах подъема экономики Казахстана в первой пятилетке и предложил пересмотреть пятилетний план развития народного хозяйства Казахской АССР, обеспечить в нем более широкое промышленное и железнодорожное строительство. Необходимость индустриализации региона в стратегическом плане обуславливалась как необходимостью приближения промышленных предприятий к источникам сырья, так и интересами укрепления обороноспособности страны. За короткий срок удалось поднять индустриальную инфраструктуру до впечатляющих масштабов. Если доля промышленного производства в народном хозяйстве Казахстана в 1926 г. составляла 10,5%, то к 1937 г. ее объем увеличился до 58,9%. Причем рост промышленного производства приходился в основном на новые построенные заводы и фабрики. Резкими темпами шло возрастание количества рабочего класса. Если в 1927 г. на предприятиях тяжелой индустрии Казахстана количество рабочих составляло 10200 человек, то уже к 1939 г. их число достигло 192400 человек [3].

Ведущее место в пятилетнем плане Казахстана занимало развитие промышленности, и, прежде всего, тяжелой индустрии, в развитие которой было вложено 84% всех капитальных вложений в промышленность. Ускоренными темпами предполагалось строить предприятия цветной металлургии. находившиеся

в подчинении союзных наркоматов. В планах также предусматривалось форсированное развитие отраслей промышленности, занятых переработкой сельскохозяйственного сырья (текстильная, кожевенная), серьезное внимание уделялось железнодорожному транспорту.

Второй пятилетний план поставил в качестве одной из центральных задач «создание нового размещения производительных сил, обеспечивающего более равномерное расселение промышленности СССР и приближение ее к источникам сырья и энергии».

В апреле 1932 г. Казкрайком ВКП(б) опубликовал директивы по пятилетнему плану, одобрение и поддержка которым были организованы на прошедших во всех производственных коллективах партийных собраниях. 16 января 1934 г. этот план был утвержден на VIII Казахстанской краевой партийной конференции. XVII съезд ВКП(б), проходивший в январе 1934 г., одобрил план второй пятилетки страны, составной частью которого был план развития народного хозяйства Казахстана. В ноябре 1934 г. план был утвержден ЦИК и СНК СССР.

План предусматривал ускоренные темпы экономического развития Казахстана, превращение его в индустриально-аграрную республику. В народное хозяйство Казахстана во второй пятилетке намечалось вложить 5,2 млрд. рублей. Такой крупный объем капиталовложений позволял ускорить развитие тяжелой промышленности, освоить крупные месторождения полезных ископаемых, приблизить производство к источникам сырья и решить проблему рационального размещения производительных сил.

Второй пятилетний план предусматривал особенно быстрое развитие цветной металлургии, угольной, нефтяной, пищевой и легкой промышленности, железнодорожного транспорта республики. В три отрасли промышленности страны – цветную металлургию, каменноугольную и нефтяную – во второй пятилетке вкладывалось свыше 60% капиталовложений. По плану второй пятилетки на долю Казахстана приходилось свыше 31% вложений в цветную металлургию СССР.

Акцентируем внимание на том, что еще одной особенностью процесса модернизации в Казахстане был ярко выраженный характер преимущественного промышленного развития одних регионов в ущерб другим. К примеру, в этот период преимущественное внимание Центра было направлено на развитие Восточного и Центрального Казахстана как наиболее богатых природными минеральными ресурсами. В то же время, Южный Казахстан считался не столь богатым этими ресурсами и поэтому в 30-е гг. индустриализация коснулась южных областей в меньшей мере, чем некоторые другие регионы. Так, если в 1939 г. был отмечен рост валовой продукции по Казахстану в целом по сравнению с 1913 г. в 16,9 раза, то в Южном Казахстане он увеличился в 6 раз, тогда как, к примеру, в Карагандинской – в 27,7 раза. Более низкие темпы индустриализации в регионе также можно считать одной из особенностей процесса модернизации в Южном Казахстане. Тем не менее, отметим, что можно считать низкими только относительно центрального и восточного региона республики. В целом они были достаточно высокими даже в сравнении с другими республиками и регионами СССР. Можно признать, что в деле индустриализации советскому режиму удалось добиться довольно впечатляющих результатов [4].

Вместе с тем ценой форсированной индустриализации стали разрушение традиционной хозяйственной структуры, все нарастающая однобокая сырьевая ориентация, избыточность трудовых ресурсов, незначительный удельный вес казахов в городском населении.

Кроме того, в сталинской индустриализации был сделан упор на развитие тяжелой промышленности исключительно за счет внутренних ресурсов, централизованного планирования, подчинительного статуса аграрного сектора и режима крайней экономии. Особого изучения требует принудительный труд на строительстве и эксплуатации индустриальных отраслей экономики. Все это крайне отрицательно сказалось на уровне и качестве жизни населения. Социальные нужды рабочих, всех трудящихся оказались третьестепенными.

1 Gavrov S.N. *Modernizatsiya // Sotsiokulturnaya antropologiya: istoriya, teoriya, metodologiya. Enciklopedicheski slovar.* - M.: Akademicheskii proekt, Konstanta, 2012.

2 *Istoriya industrializatsii Kazahskoi SSR: Dokumentyi materialy.* - Alma-Ata, 1967, m.1.

3 *Istoriya Kazahskoi SSR.* - Alma-Ata: Nauka, 1977, T.4.

4 *Istoriya Kazahstana: belye piatna. Sb.st.* - Alma-Ata, 1991.

**«ИЗВЕСТИЯ КИРГИЗСКОГО ОБЛАСТНОГО КОМИТЕТА РКП(Б)»  
ЖУРНАЛЫНА ТАРИХИ ШОЛУ**

**Д.Ж. Айнақұлов** – *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Тарих, археология және этнология факультетінің  
2-курс магистранты*

*В целом история периодической печати исследуется по этапам. Из за этой причины при остановлении на каждом журнале и газете остаются не провозглашенные данные. В их исследовании также имеют значения система, идеология, общество того или иного времени. В демократических странах газеты и журналы опираясь на свободу мысли и речи, публикуют правду. Но в тоталитарных странах периодическая печать находится под надзором свыше и работает по указу политической власти, превращаясь в орудие пропандирующее идеологию и поддерживающее политику установленной системы в стране. В стране при высших управляющих органах специально создаются свои периодические средства информации и делают свою работу.*

*В справочных материалах и в энциклопедиях есть данные о том что журнал «Известия Киргизского Областного Комитета РК(б)П» периодический публиковалась по 1500 штук. На самом деле, в ходе исследования была обнаружена совсем другая информация.*

*Основные вопросы требующего внимания относительно журнала что его названия четыре раза менялось. 1. «Известия Киргизского Областного Бюро и Оренбургского Губкома РК(б)П». 2. С 14-го номера «Известия Киргизского Областного Комитета и Оренбургского Губкома РК(б)П». 3. С 22-го номера «Известия Киргизского Областного Комитета РК(б)П». 4. С мая 1925 года журнал называется «Известия Казакстанского Краевого Комитета Российской КоммунистическойПартии (большевиков)». Несмотря на то что последние три названия разные они непосредственно связаны с деятельностью Киробкома. Данные которые находятся там могут использоваться как источники в ходе исследования.*

*In whole history of periodical press are studied through stages. Because of this reason decide on each of journal or newspaper is remained unknown data. In studying of them also is importance system, ideology, society of definite time. In democratic countries newspapers and journals rely on free thought and speeches publish truth. But in totalitarian countries periodical press is under the control of power and work according to edict of country's policy, turning into tool which propagandize ideology and support policy of established system in the country. In the country beneath high rule organs especially are created own periodical means of information and it do own work.*

*Reference sources and encyclopedias have data that journal «Известия Киргизского областного комитета РК(б)П» (Proceedings of Kirgiz regional committee of the Communist Party) periodically published 1500 items. But in fact, during the investigation have been discovered another information.*

*Essential questions which claim the attraction concerning the journal is changing of the title at four times. 1. «Известия Киргизского Областного Бюро и Оренбургского Губкома РК(б)П» (Proceedings of Kirgiz regional bureau and Orenburg Governor Committee of the Communist Party). 2. Since №14 «Известия Киргизского Областного Комитета и Оренбургского Губкома РК(б)П» (Proceedings of Regional Committee and Orenburg Governor Committee of the Communist party). 3. Since №22«Известия Киргизского Областного Комитета РК(б)П» (Proceedings of Kirgiz Regional Committee of the communist party). 4. Since may of 1925 the journal was called as «Известия Казакстанского Краевого Комитета Российской Коммунистической Партии (большевиков)» (Proceedings of Kazak Regional Committee of the Russian communist (Bolsheviks) party). Despite of different titles of lasting three, they directly link with deeds of Kirgiz regional committee. Data which is included in these journals can be used as sources during the studying.*

Газеттер мен журналдар ХХ ғасырда ақпарат көздері ретінде кең таралды. Демократиялық мемлекеттерде газеттер мен журналдар ой еркіндігі және тіл бостандығына сүйеніп, шындықты жария етіп отырды. Ал тоталитарлық мемлекеттер жоғарыдан толық бақылауға алған, баспасөз мемлекеттің нұсқауымен жұмыс істеп, мемлекетте орнаған жүйенің идеологиясын дәріптейтін, саясатын қолдайтын қаруға айналатын. Мемлекеттің жоғары басқару органдарының жанынан өз баспасөз ақпарат құралдары арнайы құрылып, жұмыстарын атқарды.

1920 жылы 30 сәуірде Орталық Комитетінің Ұйымдастыру Бюросы РК(б)П 1920 жылы 12 сәуірде құрылған Қырғыз өлкесінің Ұйымдастыру бюросын РК(б)П Қырғыз (Қазак) облыстық бюро РК(б)П етіп қайта құрды [1]. Бұл жоғары басқару бюросының жанынан арнайы «Известия Киргизского Областного Бюро и Оренбургского Губкома РК(б)П» атты журнал жарыққа шықты (№1-13). Бұл журнал Қазак өлкесіндегі партия жұмысы туралы ақпарат беріп отырды. Онда коммунистік партияның жоспарлары, нұсқаулары мен бұйрықтары, тіпті Қырғыз (Қазак) облыстық бюро РК(б)П-ның ай сайынғы есептері беріліп отырды.

Қырғыз (Қазак) Облыстық партия комитетінің құрамы 1921 жылы 11-18 маусым аралығында өткен РК(б)П Бірінші облыстық қырғыз (қазак) конференциясында сайланды. Конференция Облыстық комитеттің мүшесі ретінде 14 адамды тандап алды. Облыстық комитеттің хатшылары М.М. Костеловская мен

М.М. Мырзағалиев болды [2]. Енді бюро орнына комитет құрылғаннан кейін журналдың да атауы өзгертілді. «Известия Киргизского Областного Бюро и Оренбургского Губкома РК(б)П» атауынан «Известия Киргизского Областного Комитета и Оренбургского Губкома РК(б)П» болып өзгерді (№14-21).

«Известия Киргизского областного комитета и Оренбургского Губкома РК(б)П» журналы анықтама-лық құралдарда, энциклопедияларда мерзімді 1500 данадан шығып тұрғандығы берілген. Шын мәнінде журналды зерттеу барысында бұл ақпарат мүлдеп өзгеше болғандығын байқаймыз. Қырғыз (Қазақ) облыстық партия бюросы тұсында 1500-3000 данаға дейін жарық көріп таратылған. Ал Қырғыз (Қазақ) Облыстық партия комитетінің тұсында ол әр түрлі болған.

Қырғыз (Қазақ) Облыстық партия комитетінің тұсында «Известия Киргизского Областного Комитета и Оренбургского Губкома РК(б)П» журналы 1921 жылы 15 қыркүйекте №14 саны 5000 данамен жарық көрді. Осыншама данамен шығарылуы сол кездегі уақыт үшін тым көп еді. Көлемі ықшамды 26 беттен тұрды [3]. Журналдың келесі №16-18 сандары (1921 ж. желтоқсаннан 1922 ж. ақпаны) 1500 данадан шығып отырды [4]. Енді шығарылым саны бірден 3,3 есеге бірден қысқартылғаны байқалды. Мұндай әрекетке бару себептері басқа да комитеттің өлкелік газеттері мен журналдарын шығару жоспарланған. №19 саны 1000 данаға кеміп кеміді. №21 санынан бастап журналдың көлемі екі есеге 25-26 беттен 50-58 бетке дейін өсті. Осы жарық көрген санында журналды құнды, мазмұнды етіп, басшы баспа органы етіп жасау коммунистердің міндеті ретінде бірінші бетінде ашық жазылды [5].

Қырғыз (Қазақ) Облыстық комитетінің РК(б)П құрылымы:

1. Жалпы бөлім.
2. Ұйымдастыру-нұсқаулық бөлімі
3. Үгіт-насихат бөлімі.
4. Әйелдер арасындағы жұмыс бөлімі.

Журналдың жарық көруіне қатысы бар үгіт-насихат бөлімі мынадай бөлімшелерден тұрды:

- а) насихат бөлімшесі
- б) секциялармен үгіт жүргізу бөлімшесі: жұмысшылар мен кітапханашыларды даярлау
- в) әдеби басылым бөлімшесі
- г) аз ұлттар бөлімшесі (бөлімше РК(б)П Қырғыз (Қазақ) Облыстық партия комитетінің Президиумының қаулысымен құрылды. Хаттама №58, п.4 – РК(б)П ОК-нің циркулярлық хаты негізінде, 31 желтоқсан 1921 жыл.) [6].

Үгіт-насихат бөлімінің уақытша басшысы 1921 жылдың маусым айының соңынан Кусмарцев болды. Ол бүкіл баспа мен «Известия Киргизского областного комитета и Оренбургского Губкома РК(б)П» журналына жауап беретін.

1922 жылы РК(б)П Қырғыз (Қазақ) Облыстық партия комитетінің құрылымы өзгеріске ұшырады. Соның ішінде үгіт-насихат бөліміне ғана тоқталсақ төмендегідей көрсетілген:

- а) үгіт және насихат бөлімшесі
- б) баспа бөлімшесі
- в) аз ұлттар бөлімшесі [7].

«Известия Киргизского Областного Комитета и Оренбургского Губкома РК(б)П» журналы №22 санынан бастап атауы өзгеріске ұшырады. «Оренбургского губкома» деген сөздер алынып тек «Известия Киргизского Областного Комитета РК(б)П» (№22-35) деп аталды. Сонымен қатар жауапты партия жұмысшыларынан журналдың шығуына қатысы бар тізім жазылды. Олар: Айтиев, Асылбеков, Атаньязов, Бергалиев, Бочагов, Вайнштейн, Горкин, Грушин, Девеев, Дологов, Г.Дунаев, Ф.Дунаев, Ергачев, Журевский, Заромский, Каулин, Кенжин, Кокушкин, Коростерелов, Костырев, Крутилин, Кусмарцев, Леоненко, Либавский, Мендешов, Мендлин, Мурзағалиев, Мутнов, Пирожков, Полозов, Райхман, Рубинштейн, Сапыгин, Сергеев, Холковский, Чернышев (журнал бетінен өзгеріссіз беріліп отыр) [8]. Беріліп отырған саны 1200 данамен жарық көрді.

Аталып отырған журналдың келесі №23 санында жауапты партия жұмысшыларынан журналдың шығуына қатысы бар тізімге Безина мен Мардаровский қосылды. Неше данамен шыққандығы туралы мәлімет табылмады. Журналдың өзінде көрсетілмеген. №24 санында тізімнен Атаньязов пен Мурзағалиев алынып, оған Кульджанова мен Сейфуллин кіреді (журнал бетінен өзгеріссіз беріліп отыр). Беріліп отырған саны 1250 данамен шыққан. Келесі 1923 жылғы №1 санында яғни жалпы №25 санында жауапты партия жұмысшыларынан журналдың шығуына қатысы бар тізім қысқартылған. Тізімдегілер: Асылбеков, Баталов, Безина, Бочагов, Вайнштейн, Горкин, Грушин, Дологов, Дунаев, Кенжин, Кокушкин, Коростерелов, Кульджанова, Кусмарцев, Мамыкин, Мардаровский, Мендешов, Сейфуллин, Пирожков, Полозов, Пугачевская, Сергеев, Уразбаева (журнал бетінен өзгеріссіз беріліп отыр). Ал №4-5 санында

яғни жалпы №28-29 санында жауапты партия жұмысшыларынан журналдың шығуына қатысы бар тізім мүлдем алынып тасталды [9].

«Известия Киргизского Областного Комитета РК(б)П» журналы 1923 жылғы 1000-1500 данамен жарық көріп тұрса, 1924 жылғы №1 және №2 сандары тек 600 данамен ғана жарық көрген. Ал 1925 жылғы №1 саны ғана 1500 данамен шықса, №2-3 және №4-5 сандары 1000 данадан жарық көрген. Бұл журнал 1925 жылдың №1 санымен соңғы рет Орынбор қаласынан шығарылса, қалған №2-3 және №4-5 сандары Қызылорда қаласынан шығарылды.

Қыробком аппараты қалыптасқаннан кейін №14 санында комитет құрылымындағы бөлімдер мен бөлімшелерге және губкомдар туралы қысқаша болса да мәліметтер берген [10]. Журналдың алғашқы бетінде «Партия өмірі» деген тақырыппен партия құрамынан қай азамат, не үшін, қандай себептермен партия қатарынан шығарылғандығы және партбилетінің тіркелген санын көрсетіп, одан айырғандығын жариялайтын. Комитеттің бекітуімен өз мүшелерін партиялық органдардың бір-біріне губерниялар мен уездерде қиыншылық туып жатқан жағдайда іссапарларға жіберіп отырды. Баспа беттерінде мұның өзі де партия қызметкерлерінің есімдері мен іссапарға жіберілген жерлері де жарияланатын.

Тоталитарлық жүйені қалыптастыруда Қыробком коммунистік партияның алғашқы қол шоқпары ретінде пайдаланылды деп есептеуге болады. Оның губернияларды бақылауы үнемі жүріп отырды. Губернияларға арнайы есептер алынып отырып, алынған материалдарды бірнеше тексерістерден өткізіп, өлкелік «Степная правда» газеті мен «Известия Киргизского Областного Комитета РК(б)П» журналы жариялап [11] хабардар ететін.

Қыробкомның 1923 жылдың 1 қарашасына берген есептері бойынша 5 миллиондық халқы бар республикада 21 газет 26 620 тиражбен шығарылғандығын мәлімдеп, 187 адамға 1 газеттен келетінін айта келе, КСРО бойынша 60 адамға 1 газеттен келетінін мәлімдеді. Сөйтіп Қазақ АКСР-і бойынша газеттер мен журналдардың мәліметі «Біздің баспа» деген бөлімінде төмендегі кестеде көрсетілгендей жарияланған:

**Қазақ АКСР-і бойынша газеттер мен журналдардың мәліметі [12].**

*(Комитет құрылымындағы үгіт-насихат бөлімінің осындай атаумен есеп бергенімен журналдар туралы есебі көрсетілмеген)*

Губерниялар мен газеттердің атаулары	Обл.	Губ.	Уезд.	Орыс тілінде	Қазақ тілінде	Шығарылу мерзімі	Тираж
1. Орынбор губерниясы 1. «Степная Правда» 2. «Оренб. рабочий» 3. «Еңбекші Қазақ» 4. «Ирк» 5. «Известия»	Обл.  Обл.	Губ.	Уезд. Уезд.	Орысша Орысша  Орысша	Қазақша Тат-Башк	Күнделікті Күнделікті Апт. 3 рет Күнделікті Апт. 3 рет	2000 дана 2600 дана 2000 дана 500 дана 500 дана
2. Ақмола губерниясы 1. «Мир труда» 2. «Маяк степи» 3. «Бостандық туы» 4. «Красный Набат»		Губ.	Уезд.	Орысша Орысша		Күнделікті Апт. 2 рет	2200 560
3. Қостанай губерниясы 1. «Красная степь» 2. «Аул»		Губ.	Уезд.	Орысша	Қазақша	Апт. 2 рет Апт. 2 рет Күнделікті	2500 450
4. Ақтөбе губерниясы 1. «Киргизская степь»		Губ. Губ.		Орысша			
5. Орал губерниясы 1. «Красный Урал» 2. «Степ» 3. «Қызыл ту» 4. «Трудовая правда» 5. «Ерік»		Губ.		Орысша	Қазақша	Апт. 3 рет Апт. 2 рет	1200 500
6. Семей губерниясы 1. «Степная Правда»		Губ. Губ.				Апт. 3 рет	1000

2. «Красная Новь» 3. «Қазақ тілі» 4. «Степной Пахарь»		Губ.	Уезд. Уезд.	Орысша	Қазақша	Күнделікті	930
				Орысша		Апталық	930
Жалпы қорытынды		Губ.	Уезд.	Орысша	Қазақша	Апталық	1000
		Губ. Губ.		Орысша		Апталық	500
		Губ.		Орысша		Күнделікті	2450
				Орысша		Апталық	1150
	2	12	7	Орысша	Қазақша	Апт. 2 рет	2150
						Апт. 2 рет	1000
				14	7		26 620

Журналға қатысты ескертетін басты мәселе оның атауы төрт рет өзгеріске ұшырады. 1. «Известия Киргизского областного бюро и Оренбургского Губкома РК(б)П». 2. №14 санынан бастап «Известия Киргизского областного комитета и Оренбургского Губкома РК(б)П». 3. №22 санынан бастап «Известия Киргизского областного комитета РК(б)П». 4. 1925 жылдың мамыр айынан бастап «Известия Казакстанского Краевого Комитета Российской Коммунистической Партии (большевиков)» деп аталды. Зерттеу барысында шатасушылық тумау үшін ажырата білу қажеттігінен туындап отыр. Ұйымдардың атауы мен құрылымы үш рет өзгерсе журнал атауының төрт рет өзгергендігін байқаймыз. Қыробкомның өзінде екі рет атауы ауыстырылған.

1991 жылы Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет болғаннан кейін тарихшылардың басым көпшілігі ХХ ғасырдың 20-30-жылдарындағы ақтандақтарын зерттеді. Оның саясат, экономика, оқу мен ағарту, әлеуметтік мәселесін, тіл мен дін және басқада көп мәселелерін қарастырған. Баспа мен басылымдар тарихына да арналған зерттеу жұмыстары баршылық. Бірақ «Известия Киргизского Областного Комитета РК(б)П» журналы тереңірек зерттелмеген. Себебі материалдардың өздері нақты қайдан алынғаны көрсетілмегендіктен дерек көздері ретінде пайдаланбаған. Бұл журналды қайта қарастыру барысында, мұрағаттардағы құжаттармен салыстыру нәтижесінде жарияланған материалдарды қажетті деректік көздер ретінде пайдалануға болады.

1 ҚРПМ 140-қ., 1-т., 4-іс, 6-п.

2 ҚРПМ. 139-қ., 1-т., 6-іс, 46-п.

3 Известия Областного Комитета и Оренбургского Губкома Российской Коммунистической партии. 1921 г. 15 сентября, №14.

4 Известия Областного Комитета и Оренбургского Губкома Российской Коммунистической партии. 1921 г. 1 декабря, №16; 1922 г. 1 января, №17; 1922 г. 1 февраля, №18.

5 Известия Областного Комитета и Оренбургского Губкома Российской Коммунистической партии. 1921 г. 1 апр., №19; 1922 г. июль-август, №21.

6 ҚРПМ. 139-қ., 1-т., 129-іс, 1-п.

7 ҚРПМ. 139-қ., 1-т., 258-іс, 47-п.; 139-қ., 1-т., 479-іс, 25, 104-пп.

8 Известия Областного Комитета РК(б)П. 1922 г. сентябрь, №22.

9 Известия Областного Комитета РК(б)П. 1922 г. октябрь, №23; 1922 г. ноябрь-декабрь, №24; 1923 г. январь, №1 (25); 1923 г. апрель-май, №4-5 (28-29).

10 Известия Областного Комитета и Оренбургского Губкома Российской Коммунистической партии. 1921 г. 15 сентября, №14.

11 Известия Областного Комитета и Оренбургского Губкома Российской Коммунистической партии. 1921 г. 1 декабря, №16, 6-7.

12 Известия Областного Комитета РК(б)П. 1923 г. сентябрь, №9 (33), 33 б.

## **ХІХ Ғ. АЯКӨЗ СЫРТҚЫ ОКРУГЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК-ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ БӨЛІНІСІ**

**Т.А. Бекбаева** – ҚазҰАУ-нің «Қоғамдық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к.

*В данной статье говорится об Аягузском административно территориально внешнем округе. Открытие данного округа привело к ломке кочевых путей и отсутствию в течение всего 19 века границ с другими округами. Эти мероприятия проводились в рамках колониальной политики царизма и привели в конечном итоге к управлению казахским краем из одного центра. Отсутствие административной политики в отношении казахского народа рассмотрено и проанализировано на основе архивных данных.*

*In this article it is spoken about Ayaguzsky administratively territorially the external district. Opening of this district led to withdrawal pains of nomadic ways and absence during all the 19th centuries of borders with other districts. These events were held within a colonial policy of tsarism and led finally to management of the Kazakh edge from one center. Lack of administrative policy concerning the Kazakh people is considered and analysed on the basis of contemporary records.*

1831 жылы іргесі сыртқы округ болып қаланған Аякөз қаласының әкімшілік-территориялық бөлінісі Патша үкіметінің қатаң назарында болды. Аталған жылдың 17 маусымында Аякөз сыртқы Приказы ашылған және осы округ қазақтары ереженің 3381 және 3387 бабы бойынша малға ясақ салығын төлеу керектігі жазылған. Округтың Найман, Садыр және Тумын болыстықтары Қытай шекарасымен шектесіп жатқандықтан, олардан ясақ салығын жинамақ түгілі, олар туралы нақты мәлімет жоқ екені анықталған. Сол себептен Батыс Сібір генерал-губернаторы Аякөз болыстықтарынан ясақ салығын жинау үшін, округқа болыстықтарды біріктіру жұмысын аяқтау қажет деп бұйырды.

1833 жылдың 23 желтоқсанында Омбы облысы басқармасының бұйрығына сәйкес, Аякөз округы ереже бойынша 20 болыстықтан, болыстық 660 үй басынан құрылды. Болыстарды және ауыл басыларын сайлау үшін Сібір әкімшілігіне жергілікті округ қазақтарынан мәліметтер жинау керек болды. Округ қазақтарының жазғы және қысқы жайлауларының көшіп-қонатын жерлері туралы мәлімет жинау Аякөз шенеунігінің орынбасары Герасимов мырзаға жүктелген. Осы болыстықтарды округқа біріктіру жұмыстарын іске асыру барысында, Аякөз округының Матай, Қыржы, Назар, Үшмұрын болыстықтарына 1834 жылы 19 мамырда Жоғарғы үкімет келісімімен болыстыққа қайтыс болған Әбілхайыр сұлтанның ұлы ұсынылғандығы анықталады [1].

Аякөз округының орынбасары Павлиновтың баяндамасында, тек Сыбандықтар, екі Семіз-Найман және Садыр болыстықтарының бір бөлігі округқа біріктірілгендігі айтылған. Енді Каракинге 1836 жылдың 14 маусымында «округтың қалған болыстықтары біріктірілсін» деген бұйрық келеді. Бірақ ол тек Тумын болыстығын ғана біріктіріп, Садыр болыстығының жоғарғы үкіметке бағынбағандығы туралы және қалғандары Қытай шекарасына асып кеткендігін мәлімдейді. 1837 жылдың 5 қазанында Каракин округтағы адам санағы және мал басы санын, қыстау мен жайылымдық жерлерді анықтайды. Әлі де болса толық көрсеткіштердің жоқтығынан Жоғарғы үкімет малға ясақ салығын жинауды толық бекіте алмайды.

1837 жылдың 14 сәуіріндегі бұйрыққа байланысты Каракин 1837 жылы 20 желтоқсанда Аякөз округына біріктірілмей қалыс қалған Тумын, Қыржы, Ақымбет және Семіз Найман, Садыр болыстықтарының тізімін ұсынады. Онда: 367 ауыл, оның ішінде 1480 үй, ерлер саны 4664, әйелдер 4788, жылқылары 8760, сиыр 4935, ұсақ мал 50 801. Бұны анықтауда жергілікті тілмәштар мен қазақтар көмек көрсеткен [1,40п.].

Аякөз сыртқы округының Сыбандықтар мен Күшік-Тобықлы болыстықтарының қыстаулар мен шабындық жерлерге таласу мәселесі, 1841 жылдың 18 қарашасында екі жақтың сұлтандары мен билерінің келісімі бойынша шешіледі. Шекаралық шекті белгілеу келісімі бойынша Құндыз өзенінің жоғарғы оң жақ ағысы Қарқаралы округының Тобықлы болыстығына қаратылып, сол жағалауы Аякөз округының Сыбандықтар болыстығына қаратылып беріледі. Құндыз өзенінің төменгі ағысы мен екі орта аралығы екі жақтың келісіп ортақ пайдалануына беріліп, Коркенің оң жақ ауыл аймақтары Аякөз округының Сыбандықтар болыстығына енгізіледі. Ал сол жағы Қарқаралы округының Күшік-Тобықлы болыстығына беріледі. Қыстық жайылымдық жерлер мен шабындық жерлерге екі жақтың да таласушылығы мал шаруашылығының негізінде болып отыр. Сыбандықтардың биі Бопин осы жайылымдық жерлерге Тобықлы болыстығы қазақтарын мүлдем кіргізгісі келмеді [2].

Болыстықтарды округқа біріктіру жұмыстары кезінде Уақ және Керей болыстықтары Аякөз округына 1840 жылы 12 маусымда №4142 бұйрық бойынша енгізіледі [3].

1841 жылы 8 желтоқсанда Сібір Шекаралық басқармасына Шаруашылық бөлім Аякөз округындағы 28 қазақ болыстығында 2. 841 ауыл және онда 17. 762 үй басы бар деп көрсеткен есебін ұсынады.

Ақымбет-Керей болыстығының дұрыс орналастырылмағандығынан ондағы адам санағы мен үй басы саны көрсетілмеген.



Зандар жинағының 2 томының 3286 және 3288 баптары бойынша әр округта 15-тен 20-ға дейін болыстық болуы керек еді. Ал болыстықтарда 10-нан 12-ге дейін ауыл болу керек, ал әр ауылда 50-ден 70-ке дейін үй басы болу керек. Осы болыстықтарды біріктіру жұмысына қазынадан ауыл старшындары мен хатшыларға бөлініп жатқан ақшаны үнемдеу үшін Аякөз округындағы артық біріктірілген 8 ауылды аз, толық емес ауылдарға қосу керек болды. Олар: Семіз-Найман, Садыр, Ақымбет, Аталық-Матай, Қыржы, Әджі-Керей және Жүсіп болыстықтары.

Аякөз Приказы бұл біріктіру жұмыстарын іске асыруды 1841 жылғы 29 желтоқсандағы №10 103-бұйрық негізінде бастаған [4].

1848 жылы Сергиополь станицасы ашылғаннан кейін, ондағы тұрғындардың адам басы санағы мен жерінің көлемі мөлшермен: 258 үй басы, ондағы ерлер 867, әйелдер 729, қолайлы жер 40138, қолайсыз жер 942861 десятинаны құраған [5]. Санақ 1848 жылдың 6 қарашасында жүргізілген. Мұндағы әр ауылдағы мал басы санын есепке алу, халықтан қазынаға түсетін ясақ салығын толық жинау еді. Ал ондағы халық санағын толық есепке алу, үй басы салығын жинаумен әкімшіліктің бір орталықтан басқару ісін жеңілдету үшін жасалды. Сондай-ақ, Аякөз округының би, сұлтандарының қай руға, болыстыққа жататындығы және қандай жеке бастарының ерекшеліктері болғаны да тізімге алынған.

Аякөз сыртқы округындағы Сарымнан-Уақ, Шоға, Уақ, Матай, Мұрын-Назар, Мұрын-Күттімбет, Мұрын-Қыдыр, Мұрын-Кенже, Қыржы, Тумын, Байғұбек, Сыбан, Жанғұбек, Болатшы, Қаракерей-Семізнайман, Жанғұлы, Семізнайман, Түргілбай-Садыр, Аталық-Матай, Ақымбет-Керей, Садыр-Матай болыстықтарының болыстары мен хатшы, тілмәштары 1843 жылы тізімге алынған.

Сібір қазақтарының Шекара басқармасына Аякөз Округтық Приказы өз округындағы қазақ байларының, би, сұлтандарының, болыстарының аты-жөнін толық жазып, қазіргі уақытта олардың қай жерлерде тұратындығы туралы толық мәлімет береді. 1843 жылы Аякөз округының сұлтаны Бексұлтан Агадаев болған [6].

Ресей өзінің алғаш қадамдарын XIX ғасырдың бірінші жартысында малға ясақ салығын жинаумен ғана шектесе, 1867-68 жылдардағы реформалар патшалық отарлау саясатты анық көрсетті. 1868 жылғы реформа Орта Азия және Қазақстан халықтары тарихында маңызды орын алды. Онда қосылған жерлердегі саяси билікті орыс капиталистері экономикалық тұрғыдан меңгере билеп алды.

Орыстардың Жетісу өлкесіне алғаш өтулері 1831 жылы Аякөз Приказында Сібір қазақтарының гарнизоны орналастырылғанынан кейін басталды. Аякөз Приказынан аттандырылған казак әскерлері ұлы жүз қазақтарын Ресей қарамағына алу үшін жиі барлап отырған.

Аякөз бекінісі ашылғаннан бері казактар өз еріктерімен қазақ жерлерін иемдене бастаған. Мысалы, заң бойынша бір казак басына 30 десятина жер бөліну керек болса, Сергиопольда 300 десятинадан иемденген. Сонда Сергиополь станицасында 117 618 мың десятина жер қазақтардан тартып алынған. Казактар жоғарғы үкіметті ыңғайлы жерлерді қолайсыз деп алдап, өз жерлерін одан әрі ұлғайтты. Әсіресе, ерекше қиналған Сергиополь және Қапал қазақтары болды. Казак әскерлеріне өзеннің жағасы немесе шұрайлы жерлер берілгендіктен, қазақтар ол жерлерді жалға мекен етті. Қазақтар өз жерлерін басып алған казактардың құқықтарын мойындағылары келмеді. Генерал-губернатор Колпаковский өзінің көмекшісі Аристовпен әр казак басына бөлінетін 30 десятина жерді 20 десятина жерге кішірейту туралы ұсыныстар жасады. Колпаковскийдің атсалысуымен Лепсі уезі қазақтарына 100 мың десятина жер казак әскерлерінен қайтарылып беріледі [168]. Колпаковскийдің басқа да ұсыныстары казак әскерлері мен орыс-шаруақоныстанушыларының мәселесін қарастырған, бірақ ол Омбы шенеунігінің жұмыстарына қарама-қайшы келіп, іске асырылмай қалған. Жер мәселесін қарастыруда қазақтар есебіне жазықты, суы жоқ жерлер бөлінген. Станицалық атамандар тарапынан қазақтарға көп зұлымдықтар жасалған. Мұндай істер казак әскери басқармасымен жабылып қазақтардың талай арыздары жауапсыз қалдырылған еді.

1883 жылы 31 қаңтарда Дала генерал-губернаторының кеңсесі Қапал мен Сергиополь уездері арасындағы ұзаққа созылған жерге таласушылық мәселелерін осы жылдың 23 ақпанында №40 бұйрық бойынша шешуді ұйғарды. Онда Алатаудың Ақсу өзені бойымен Балқашқа құятын жерге дейін Қапалдың Басқан-Сарқан болыстығы барлық үйімен Сергиополь уезіне қаратылады. Өйткені 1878 жылы шекаралық шек қойылған кезде бұл жерлер бұрыннан Сергиополь уезінің жері болған. Жетісу облысындағы егіншілік жерлерге су жіберу кезінде Басқан-Сарқан болыстығының қазақтары өз еріктерімен Ақсу өзенінің сол жағалауынан оң жағалауына өтіп кеткендері туралы дәлелді генерал Колпаковский ұсынды.

1882 жылы Патша үкіметіне қазақтар тарапынан өз жерлерінен ығыстырылып, шығарылғандары үшін наразылықтарын білдірген арыздарда, Сергиополь тұрғындарының да арыздары кездесті.

Осындай жер дауы мәселесі 1884 жылы 27 наурызда Семей уезі мен Зайсан приставы қазақтарының жайылымдық жерлерінің жетіспеушілігінен Сергиополь уезінде көшіп-қонып жүргендігі анықталды.

1883 жылдан 1884 жылға дейінгі белгіленген Қытай шекаралары жерлеріндегі Сергиополь уезінің оңтүстік бөлігіндегі жайылымдықтар тарылды. Бұл жерлердің өзін Зайсандықтар иемденіп алған. Тарбағатаймен шекаралас Сергиополь уезінің жерлері Қытай территориясындағы жергілікті қазақтардың тұрып жатқандығынан сақталып қалды.

1884 жылдары Сергиополь жерінде Зайсанның Хабар-Асу болыстығының 1172 үйі тұрып жатты. Енді олар әкімшіліктен Сергиополь уезі жерінен тағы 504 үйге жаздық жайылымдық жер беруін сұрады. Зайсан қазақтарының Сергиополь халқын ығыстыруы нәтижесінде олардың Қытай жерлеріне жайылымдық жерлер үшін өтіп кетуіне себеп болды. Сондықтан 1886 жылдан бастап Семей губернаторы Зайсан приставы қазақтарын егіншілікпен айналысуда және көшіп-қонуда Сергиополь уезі шекарасына кіргізбейтін болды. Семей губернаторының айтуынша Семей облысына қараған Сергиополь уезінің жері шекаралық шепте нақты белгіленбеген. Әсіресе шекаралық шептің ауылдардың үстінен өткен жерлерінде. Сергиополь уезіне қарасты жерлерде Семей облысының 370 үйінің осы шекаралас жерлерде тұрақты қысқы жайылымдық жерлері (қыстау) болған және Бақанас, Аңырақай, Көкпекті қазақтары бұл жерлерді бұрыннан мекен еткен. Семей мен Жетісу облыстарының шекаралық шебін белгілеуде, осы қысқы жайылымдық жерлерде жерге таласушылықты болдырмау үшін Сергиополь уезіне қаратылған. Енді осы қыстауларды ескере отырып, шекара шебін қайта белгілеу қажет болды. Осындай мәселелердің бірі Тобықты болыстығының Сыбан болыстығын үздіксіз барымталауын жергілікті басқарма тидыра алмады. Сондықтан екі жақты шешімге келіп, Тобықты болыстығын толықтай болмаса да ішіндегі, Көкші, Мырза, Мамай, Күшікті (сыбандарға жақын орналасқан) сияқты төрт руды Аякөзден 100-150, Қарқаралыдан 250-300-дей шақырым қашықтықтағы Шаған өзеніне қарай, шекарасы осыдан Қарқаралы округына дейінгі аралық жерді беріп Аякөз аймағына енгізіледі. Бұл халықтың тыныштығын сақтау мақсатында көшіріліп отыр.

Ресейдің Батыс шекара аумақтарында Әскери Топографиялық Корпус мүшелері астрономиялық, топографиялық және картаға түсіру жұмыстарын жүргізді. Бұл тексеру жұмыстары 1889 жылы аяқталды. 1887 жылы Қытаймен шекаралас Қапал және Сергиополь аудандары астрономиялық пункт болды. Бұған дейін Сергиополь мен Қапал арақашықтықтары жалпы телеграфтың қашықтығымен белгіленген. Әскери Топографиялық корпус мүшелерінің жұмыстары осындай үстірт қаралған істерді нақтылау мақсатында жүргізілді.

1893 жылы қазақ халқына жердің жетіспеушілігінен №2168 бұйрық бойынша Зайсан уезінің 23 үйі Жетісу облысына тұрақтандырылып, 233 үйі Сергиополь уезінің Үржар, Ақшаулы, Қаракөл болыстықтарына көшірілмек болды. Сергиополь уез шенеунігі 1891 жылы №4494 бұйрық бойынша Зайсан приставының 23 үйі Сергиополь жерінде емес, Қытайдың Лостай және Ирганты өзендері маңында көшіп-қонып жүргендігін хабарлады. Көкпекті болыстығының 227 үйі, оның 49-үйі жатақтар. Олар Үржар жерін жалға алып, көшіп-қонып жүргендіктен Сергиополь қазақтары оларды қабылдамады. Жатақтарды есептемегенде қалған 178 үйдің Сергиополь уезінің Ақшаулы, Қаракөл болыстықтары жерлерінде егіншілік жерлері болғанымен, олар ол жерлерді өз еріктерімен иемденген. Ал Зайсан приставы оларды өз есебінен шығарып, Қаракөл болыстығына жаздырған. Өз жерлерінің жетіспеушілігінен Сергиополь қазақтары олардың 233-інен екеуін ғана қабылдап, қалған 231 үйдің өз Зайсан жеріне көшірілгенін талап етті. Осындай шиеленістердің жиі кездесуінен, 1897 жылы 23 наурызда облыс басқарма комиссиясы әр болыстықтарда 2000 үй басы, ал әр ауылда 200 үй болуы керектігін бекітті [181].

1 ҚР ОММ қор 338, тізбе 1, іс 573, парақ 10, 12.

2 ҚР ОММ қор 15, тізбе 1, іс 1979, парақ 20.

3 ҚР ОММ қор 374, тізбе 1, іс 4847, парақ 5.

4 ҚР ОММ қор 374, тізбе 1, іс 4908, парақ 5.

5 Записка о состоянии Семиреченской области. – *Верный*, 1908 г. - С. 26.

6 ҚР ОММ қор 374, тізбе 1, іс 3893, парақ 79-82.

## **КАЗАХСКОЕ ЧИНОВНИЧЕСТВО ЗАПАДНО-СИБИРСКОГО ВЕДОМСТВА: ЭВОЛЮЦИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНЫХ ОБЯЗАННОСТЕЙ И СОЦИАЛЬНОГО ПОЛОЖЕНИЯ В XIX ВЕКЕ**

**Т.Т. Далаева** – к.и.н., доцент КазНПУ им. Абая

*Мақалада автор мұрағаттық деректер мен жарияланған құжаттар негізінде XIX ғ. Батыс Сібір генерал-губернаторлығына қарасты қазақ шенеуніктері мен қызметкерлерінің негізгі функциясы мен әлеуметтік құрылымын талдайды.*

*The author analyzes the social structure and the main functions of Kazakh officials and employees in the West Siberian General Government in the XIX century on the basis of the archival sources and published materials.*

История формирования имперского бюрократического аппарата управления в Казахских степях достаточно хорошо представлена в современной казахстанской и российской историографии, что обусловлено изучением самого процесса присоединения казахских жузов к Российской империи. Вместе с тем, основной фокус исследований был направлен на анализ собственно российской политики в направлении ее продвижения и распространения своей власти на новые территории в пограничных землях. Очевидно, что чиновничество в Российской империи представляет собой общественную группу, в которой выделяются отдельные подгруппы в зависимости не только от социального происхождения, но и от этнических корней, поскольку в ходе расширения границ империи происходило распространение российской власти на территории, которые впоследствии стали именоваться «национальными окраинами». Однако пока еще мало представлено работ, собственно касающихся особенности процесса формирования казахского чиновничества в период утверждения российской системы управления. В современной казахстанской историографии научное изучение вопросов формирования и функционирования чиновничества на территории степного пространства представлено исследованиями по данной теме профессора Султангалиевой Г.С. [1], доцента Макажановой З.Ш. [2], доктора Айтмухамбетова А.А. [3].

Г.С. Султангалиевой систематизирован материал о татарских переводчиках, толмачах, письмоводителях в Казахской степи в XVIII-XIX вв., а также ею исследуются особенности формирования и деятельности казахских чиновников Оренбургского ведомства в XIX веке. В диссертационном исследовании Макажановой З.Ш. на тему «Проблема формирования и своеобразие деятельности казахского чиновничества в системе органов колониального управления царизма (вторая половина XIX в.)» впервые исследованы проблемы формирования казахского чиновничества и деятельности казахских служащих в контексте имперской политики царизма, в частности раскрывается влияние административно-территориальных реформ XIX в. в Казахской степи на формирование казахского чиновничества; методом сравнительного анализа определено общее и особенное в процессе формирования чиновничества среди тюркоязычных народов империи; выявлены имена и фамилии, уровень образования, должностной статус казахских служащих; определены круг полномочий и функциональные обязанности казахских служащих. Исследователем сформулирован следующий вывод: «К концу XIX в. сформировался корпус казахских чиновников, который стал принадлежать к привилегированному сословию Российской империи. Теперь казах служил для того, чтобы повысить свой социальный статус, приобрести власть и влияние, которые зависели от его должности, а не от происхождения или рода к которому он относился. Представители казахского чиновничества, получив общеобразовательную подготовку в светских учебных заведениях, стали осваивать различные административно-управленческие структуры в регионе и занимать должности султанов-правителей, дистанчных начальников, младших чиновников особых поручений, волостных управителей, аульных старшин, письмоводителей и т.д.» [2]. Айтмухамбетов А.А. в своей докторской диссертации «Казахские служащие Российской империи: формирование, профессиональная и общественно-политическая деятельность в XIX начале XX вв. (исторический аспект)» ставил целью научное изучение процесса формирования казахских служащих, их профессиональной деятельности, общественной и политической роли в истории казахского народа. Исследователь делает вывод о формировании таких категорий казахских служащих, как казахские военнотружущие, профессиональные группы учителей, врачей, фельдшеров и ветеринаров, а также переводчики и писари.

Определенную лепту в изучение научного наследия первых казахских чиновников внесли Н.Масанов и Н.Ивлев, И.В. Ерофеева, В.З. Галиев [4]. В ряде работ последнего десятилетия отдельной темой становится изучение общественно-политической деятельности представителей и выходцев из ханских династий, которые в условиях имперской политики привлекались царизмом к управлению на местах, и в свою очередь ради сохранения спокойствия народа принимали на себя теперь уже урезанные властные функции. В частности, можно назвать диссертационные исследования Карамурзиной А.Қ. Идресовой У.Х. Исмуриной Ж.А., Жапековой Г.К. [5].

Среди современных работ казахских историков интерес вызывают исследования Еспенбетовой А.М. и Рахимкулова Д.А. Работа Еспенбетовой А.М. «Формирование новых сословий в казахском кочевом обществе в XIX – начале XX вв.» является первым опытом изучения процесса становления новых сословий в казахском кочевом обществе XIX в. в контексте имперской политики России. Она приходит к заключению, что «Одним из новых сословий казахского кочевого общества стало дворянство (потомственное и личное). Механизм формирования дворянства среди тюрко-мусульманских народов Российской империи и казахов происходил по разному. В Казахской степи дворянство получали в основном султаны, бии, старшины, выполнявшие административно-управленческие функции. Новые сословия, такие как дворяне, почетные граждане, купцы, мещане, сформированные в казахском обществе, имели определенную роль в общественной жизни и занимали особое место в социально- культурном и экономическом развитии казахского общества» [6]. Диссертация Рахимкулова Д.А. на тему «История института старшин в Казахстане (20-60 гг. XIX в.)» посвящена проблеме изучения института старшин, который играл существенную роль в общественно-политической жизни казахского общества и составлял важнейшее связующее звено во взаимоотношениях имперской политики и традиционных структур. «Казахские старшины, осуществлявшие социально-регулирующие функции во всех звеньях кочевых общин представляли собой наиболее многочисленную и весьма влиятельную социально-политическую группу. При этом казахские старшины составили низовое звено в имперском административно-управленческом аппарате, где им была отведена роль младших должностных лиц. С целью ослабления традиционной системы управления в казахском обществе царская власть формирует институт старшин в официальное служилое сословие казахская родовая знать обладала возможностью получать должности старшин путем выборов, в качестве награды и по наследству» [7].

Из источников официального происхождения были использованы законодательные акты, составившие нормативную базу формирования казахского чиновничества и служебной деятельности: указы о создании внешних округов, о разрешении носить плечевые погоны для казахов, имеющих обер-офицерские чины, пенсионное законодательство и др.

Қазақстанда жыл сайын жаңа кеншілер, шахталар, заводтар қатарға қосылуда. Қазақстанның қазба байлығының ішінде кенді Алтайдың орыны ерекше. Ол кен – қоймасы. Онда мыс-қорғасын, алтын – күміс, қалайы, вольфрам, цинк кендері мол. Алтайдың кен байлығын барынша зерттеп, кенінен меңгеруге партия мен үкімет үлкен назар аударады. Алтайда Лениногор қорғасын заводы, Ертіс мыс заводы осы индустрияландыру жылдарында жұмыс жасаған. Бұл қос заводқа Алтайдың үшінші заводы – Өскемен цинк заводы іске қосылды.

Бұл заводтардың пайдаға қосылуы одан кейін өнім беруі большевиктер партиясының



индустрияландыру программасы іске асып, алып зауыттар пайдаға беріліп, үздіксіз жұмыс істеуі индустрияландыру саясатының жүргізілу барысы орталықтан қадағалануының нәтижесі.

Одақ көлемінде ірі кен орындарының бірі орталығы Өсемен қаласы болған Алтай өлкесі. Алтайды игеру XVIII ғасырдан басталған еді. XX ғасыр басында Алтай қорғасын мен күмістің мол кеніне айналды. Осындай ұзақ уақыттық игеру барысында Алтай тау-кен ісі құлдырауды басынан өткізді. Мұның себебі Алтай кен өндіру ісіндегі технологиялар мен техникалардың ескіруі. Сонымен қатар көлік жолының дұрыс жолға қойылмауы және әлемдік нарықта күміс құнының төмендеуі Алтай кен өндірісінің дамуына кедергілер жасады.

1940 жылы Алтай түсті металл комбинатының орталығы Өскеменнен Линанагорск қаласына ауыстырылды. Оның көшірілу себебі комбинат өзінің өндірісінен алшақтағандықтан және басқару жүйесі дұрыс болмағандықтан осылай көшіруіне мәжбүр болды. Комбинат директоры Евсеев облыстық комитеттен комбинатты қайта көшірілуін және Өскеменге орналасуы жөнінде өтініш жасалынды. Бұл мәселе өтініш талабы бойынша қанағаттандырылды [1: 50-51].

Ұлы Отан соғысы жылдарында көптеген зауыт, фабрикалар Қазақстанға көшірілген еді. Соның бірі 1942 жылы Ресейдегі Ордженикидзе атындағы Электроцинк зауыты Өскеменге көшірілген еді. 1942 жылы осы зауыт алғаш металл құйма өнімдерін берді [2: 2].

Өскемен Цинк зауытының құрылысы Ұлы Отан Соғысы жылдарында жүргізілді. Жұмыста қиыншылықтар да кездесіп отырды. Оның бір мысалы: құрылыс материалдары да жеткіліксіз болып тұрды. Маман жұмысшылар жетіспеді [3: 45]. Өскемен Цинк заводының пайдалануға берілуі, одан кейін өнім беруі еліміздегі индустрияландыру бағдарламасының іске асуының жетістігі. Сталиндік жаңа бесжылдық қойған міндеттерді орындауға металлургтер өздерінің ынта-жігерін, білімін, тәжірибесін, іскерлігін бұрынғыдан да арттыра береді [4: 2].

Осы жылдары Отанымыздың түсті металлургия өнеркәсіп орындарының қатарына металлургия заводы – Алтай Цинк заводы ашылып іске қосылды. Цинк заводын салуға, оны тезінен қатарға қосуға қатысқан құрылысшылар мен металлургтар заводы салу, қатарға қосу жұмыстарында қажымай еңбек ете отырып, еліміздің тарапында Қазақстан Цинк заводын беру ең үлесін қосты. Сөйтіп олар большевиктер партиясына, үкіметімізге, көп ұлтты пролетариат халқының көсемі Сталинге соғыстан кейінгі Сталиндік жаңа бесжылдықтың жеңісі Өскемен Цинк заводын салу, оны пайдаға тапсыру Алтай металлургтары алдында ерекше қойылды [5: 47].

Қазақстанның шығыс аймағындағы кен орындары мен кәсіпорындарда жұмысшылардың жағдайы 1920 жылдары да басқа өндіріс аймақтарындағыдай сипатта болды. Өскемендегі жұмысшылардың жағдайын жұмысшылар комитетінің басшысы Исембаев 1926 жылғы жағдайды былай деп сипаттайды: Казак жұмысшылары 70 жанұя бір баракта өмір сүреді. Жергілікті тұрғындар казак жұмысшыларына пәтер жалға бермейді. Жұмысшылардың орта жалақысы – 30 сом, коммуналдық төлемдерге 15 сомға дейін ақша ұстайды. Өтем ақылар да төленіп тұрды [6: 49].

1931 ж. Рубцовка-Риддер темір жолы салына бастады. 1939 ж. бұл темір жол Кенді Алтайды Транс Сібірмен Орта Азия магистральдарымен жалғастырды. 1940 ж. Өскеменді оның оңтүстік шығыс аудандарымен жалғастыратын «Восточное кольцо» жолы салынды. Бұл жол XIX ғ. аяғында Яровский деген қалаушының басшылығымен салынған еді. [7: 16]. «Восточное кольцо» жолы салынған кезде комсомолдар ұйымы үлкен жауапкершілік танытты.

1934 жылы Рубцовка-Риддер жолының құрылысы жүзеге асты. Ол 1938 жылы аяқталды. Бұл жол Өскемендегі Транс-Сібірмен және Орта Азия магистральдарымен жалғастырды [8: 54].

Түсті металдар орталығының ең ірілерінің бірі бұл - Алтай өңіріндегі тау-кен комбинаты Риддер кеніші. Алтай өңіріндегі полиметалл кеніштері Кеңес Одағындағы полиметалл түрінің бір бөлігіне айналды. Атап айтқанда Риддер, тау-кен комбинаты т.б тау кен комбинаты Өскемен қаласынан 80 шақырым жерде орналасқан еді. Кеңес Одағы бойынша Риддер кеніші іске қосылғаннан кейін қорғасын өндіруге деген сұраныс бес есеге ұлғайды. Аталған қалалық аймақтағы метал мен кен қорлары мынандай көрсеткіште анықталған. Риддер және Сокольный кеніштерінде: мырыш 450 мың тонна, қорғасын 250 мың тонна, мыс 25 мың тонна, алтын 55 тонна және күміс 250 тонна [9: 3].

1921 жылы Мәскеудегі 9-шы Бүкілресейлік Кеңес съезінде желтоқсан айында Риддер кәсіпорынын жедел түрде қалпына келтіріп, дамыту жөнінде мәселе көтеріледі. Кеңес одағының мақсаты сол кезеңде орталыққа түсті металмен қорғасын және т.б. өте қажет еді. 1925 жылы Риддерде тәжірибелік мыс электролиттік зауыты іске қосылды.

1927 ж. Риддерлік тау-кен өндірістік кәсіпорынды осы уақытқа дейін дағдарыстан шыға алмай келді. Жұмысшылардың еңбек ақысын төлеу кешіктіріліп отырды. Осы мекеменің жұмысшыларының еңбек

ақысына деген қарызы 14 000 сомды құрады. Жұмысшылардың еңбек ақысы уақытында төленбегендіктен еңбек өнімділігі де төмендей бастады. Еңбек ақының уақытында төленбеуіне қарсы жұмысшылардың наразылықтары күшейіп жатты. Олардың еңбек ақысы 3-5 сомды құрады. Жұмысшылардың қосымша шаруашылықтары да жоқ. Елдегі азық-түлік өнімдерінің бағасының көтерілуі қымбатшылықты, мұндай еңбек ақыға жұмысшылардың өмір сүруі де мүмкін емес еді. Содан барып қоғамдық жұмысқа деген салғырттық, басымдылық танытты. Шаруалар мен жұмысшылар сұхбаттарда және кеңестерде осы мәселелерді баса алға тартып, жеткізіп отырды. Сонымен қатар салық төлеу мәселесінің де қиындықтары аталып өтілді [10: 47].

Екінші бесжылдық кезеңінде кен орындарын дамыту жоспарына сәйкес Қазақстандағы кенге бай аймақтардағы кен ісін дамытуды негізгі міндетке ала отырып, оларды қолданысқа енгізу жөнінде мемлекет тарапынан арнайы нұсқаулар берілді. Бұл кенді аймақтарға Өскемен қалалық аймағы да кірген еді. Келешекте Риддер кен ісін бесжылдықтың аяғына қарай 40 мың тоннаға мысты ұлғайту жоспарланды.

1934 жыл 10 шілдеде ҚазАКСР-ң орталық комитетінде Риддер кешеніндегі эксплуатация жұмысының нәтижесіндегі құқық бұзушылық бойынша тексеріс жүргізіліп, шара қолдану жөнінде қалуы қабылдады. Барлық анықталған Риддер кешені бойынша барлық мәліметтерді жинақтап орталық ҚазАКСР-ң тау-кен ісі жөніндегі аға инспекторы Варшабаевқа жеткізу нұсқауы берілді. Тексеріс қорытындысы бойынша техникалық жабдықтау барысындағы олқылықтар анықталды. Техникалық қауіпсіздік ережелері сақталмаған деген қорытынды жасалып 1934 ж. тамыз айындағы Қазақстанның тау-кен округінің басшысы Гурьет хаттамасында баяндалған.

1917 жылы Риддер қоғамының кәсіпорын құрылысы өзінің даму кезеңінің алғашқы сатысында еді. Бұл құрылыс жұмыстары өте ұзақ уақыт жүргізілді. Оның құрылыс жұмыстары 1925 жылдан қайтадан қолға алынды. Ал, 1928-1929 жылдары Риддер кеніші құрылысының 1-ші кезеңі аяқталды. Осы жылдары өндіру мен өңдеуге 60000 тонна кен белгіленді. Оның ішінде 5000 тонна қорғасын, 25000 тоннаға дейін цинк құймасын өңдеу негізделді. Сонымен қатар 500 кг алтын, 2000 кг күміс.

Соғысқа дейінгі жылдарда аймақтағы кен орындарында кеннің мынадай көлемдегі қорлары болды. Риддер және Сокольный кенішінде 450.000 тонна цинк, 250.000 тонна қорғасын, 25.000 тонна мыс, 55 тонна алтын, және 250 тонна күміс. Аталған кезеңде яғни 30-шы жылдары Риддер кенішінде қорғасын қоспалары мол өндірілген еді. Ал цинк өндірісі өнеркәсіп орындарының алшақ жерлерде орналасуы оның кең көлемде өндірілуіне кедергі жасады. Бесінші жылдықтың аяғына дейін 40 мың тонна цинк, 20 мың тонна қорғасын, 1500 тонна мыс өндіру жоспарланды. Өскемен маңындағы Бұқтырма аймағына қарасты Зырян кенішінде өндірілетін металл көлемі бақылау нәтижесінде 250 мың тоннаға жуық өнім өндіру белгіленді. Бұл кеніш 30-шы жылдардың ортасына дейін ағылшындар тарапынан игерілген еді. Бұл Зырян кеніші Алтай аймағындағы басқа да кеніштер сияқты Лена-Гольдфильс компаниясының концессиясына берілген еді. Бұл кәсіпорынның құрылыс жұмыстары өте баяу жүргізілуде.

Соғыс жүріп жатқан кезеңде Өскеменде кәсіпорындар, аяқ-киім дайындау ісінде тоқыма және жіп өнімдері облыстық суда базасынан таңдап алынды. Осы кезеңде 70 мың сом тұратын іс машинасын қаладағы аяқ – киім дайындаушылар 16800 сомға алған еді.

1945-1946 жж. Республиканың халық комитеті Өскемендегі өнеркәсіп және өндіріс орындарына мынандай шикізаттарды бөле отырып аяқ киім дайындауды негізге алды.

Ұсақ тері шикі заты – 16900 дана

Ірі тері шикізаты – 540 дана

Тоқыма – 5400 кг. [11: 3, 16].

Шығыс Қазақстан аймағы ежелден кен орындарына бай еді. Осы кен орындарын игеру мәселесі оны өндіріске қосу индустрияландыру жылдарында жүзеге аса бастады. Аймақта ауыр өнеркәсіп саласын дамытуға аса көп көңіл бөлінді де, тамақ өнеркәсібін жетілдіру өз деңгейінде жүзеге аспады. Аймақта өнеркәсіп орындарында тұрақты жұмыс жасайтын техникалық мамандардың қатары толығы бастады. [12: 21].

Партия комитеті бұрын шалғайда жатқан аймақты өнеркәсіпті аймаққа айналдыра отырып, Өскеменді кенді Алтайдың орталығына айналдырды. 1930 жылдары қалада жаңа орталық алаңдар пайда бола бастады. Индустрияландыру жылдарындағы металлургияға арнап ашылған-металлургия сарайы еді. Қала заводтар, ғылыми мекемелер қаласына айналды [13: 85].

Шығыс Қазақстанның түсті металдары жоғарғы сапалығымен ерекшелінеді. Мысалы, Өскемен мырышы, Балқаш және Жезқазған мысы, Лондонның түсті металдар биржасында эталон ретінде тіркелген. Қазіргі уақытта Қазақстанның түсті металдары 30-дан астам әлем елдеріне экспортқа шығарылады.

*1 Алексеевко.Н. изд. Каз-н. Усть-Камен-ск. 1970 г. 50-51, 54 стр.*

- 2 Рудный Алтай // 1976ж. 16.07. 2 б.
- 3 ҚРПМ 141 т. 1 іс 1353 45 б.
- 4 Алтай Большевик // 27 сентябрь, 1947 ж. 2 б.
- 5 ҚРПМ Қор 141 тізбе -1 іс 71 47 б.
- 6 ҚРПМ қ. 141, т. 1 іс 71, 49 б.
- 7 ҚРПМ қ. 725, т. 4, іс 165 -16 бб.
- 8 ҚРПМ қ. – 725, оп – 4 – 725, ед. Хр. – 155, 54 бб.
- 9 Қ 50. ШҚОМ Опись 1 іс 455. 3-бет.
- 10 ҚРПМ Қор 141 тізбе -1 іс 71 47 б.
- 11 ҚРПМ қ. 725, т. 4, іс 1100- 3, 16 б.
- 12 ҚРПМ қ. 141, тізбе 1, іс-5153, 21 б.
- 13 Установ. Совет. Власти, С.Н. Герасимов, 85 стр.

## **ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨШІ-ҚОН ПРОЦЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ЖАҢАША КӨЗҚАРАСТАР**

**М.К. Тулекова – Абай ат. ҚазҰПУ, т.ғ.д., профессор**

*Статья посвящена анализу социально-демографического и миграционного положения, а так же безработицы. Вопрос безработицы в стране является основной проблемой в решении демографического развития страны. В Казахстане проблема безработицы стала особенно актуальна после распада Союза. Распад мощнейшего союза, в котором ранее была централизованная власть, в начале негативным образом отразился на политическом, экономическом и социальном развитии страны. Закрывались заводы, фабрики, кадры переезжали на свою Родину, тем самым в стране усилился процесс миграции. Резко снизился социальный уровень. Сокращение и закрытие государственных секторов, безработица в сельской местности, все привело к массовой безработице.*

*Article is devoted to the analysis of social and demographic and migratory situation, and as unemployments. The unemployment question in the country is the main problem in the solution of demographic development of the country. In Kazakhstan problem of unemployment it became especially actual after Union disintegration. Disintegration of the most powerful union in which earlier there was a centralized power, at the beginning negatively was reflected in political, economic and social development of the country. Plants were closed, factories, shots moved to the Homeland, thereby in the country migration process amplified. Sharply social level decreased. Reduction and closing of public sectors, unemployment in rural areas, resulted everything in mass unemployment.*

Еліміз егемендігін алған алғашқы күннен бастап демография, миграция мәселелеріне ерекше көңіл бөлініп келе жатыр. Еліміздің негізгі байлығы халқы болғандықтан да оның санының өзгерістер, туу мен өлім, жас мәселесі және ішкі, сыртқы миграциялық процестер арқашанда өзекті тақырып болып қала бермек. Мемлекеттің демографиялық саладағы саясатының басты бағытының өзі осы жоғарыда айтылғандарды реттеуге бағытталған. Сондықтан да егемендіктің алғашқы күнінен бастап еліміздегі демографиялық саясатты реттеу мәселесі көтеріле отырып бүгінгі күнге дейін жалғасын табуы ол заңды процесс. Сондықтан да ғалымдар ғасырлар бойы демография мен миграцияны зерттеуге ерекше көңіл бөліп келеді. Ал егемен ел болғаннан бастап өзіміздің өткен тарихымызға қайта орала отырып төл тарихымызды ғалымдар қайтадан жаңаша көзқараспен зерттеуді бастады.

Бүгінгі таңда тарихшы ғалымдар алдында ірі зерттеулерді қажет ететін шешімін күтетін ірі проблемалық мәселелер көп. Соның ішіндегі ең негізгісі Қазақстан тарихының қазіргі заман тарихының хронологиялық шегін анықтау, Қазақстан тарихын кезеңдеу, өткен ғасырларда дұрыс бағасын ала алмаған тарихи мәселелерді, яғни «ақтандақтарды» қайта зерделеу. Осындай терең зерттелмеген, үстірт қаралған мәселелер қатарына миграцияда жатады.

Жалпы халықтану саласы бойынша жарық көрген ғылыми зерттеу жұмыстарын бірнеше топтарға бөліп алып қарастыруға болады. Бірінші топқа арнайы арналып жазылған ғылыми зерттеу жұмыстарын, ал екінші топқа революцияға дейінгі авторлардың еңбектері жатады, үшінші топқа кеңес дәуіріндегі тарихшылар мен демографтардың тарихи демографияға байланысты жарық көрген еңбектерді, ал төртінші топқа, қазіргі кезеңде жазылған еңбектерді жатқызуға болады.

Қазақстандағы халықтың этнодемографиялық және әлеуметтік жағдайына байланысты зерттелген мақалалар мен монографиялар, баспасөз беттерінде жарық көрген еңбектер көп. Тұрғындардың жалпы санын көрсетуде автор А.Н. Алексеенко 1920-1985-жылдар аралығындағы миграциялық процесті қарастырады. Соғыстан кейінгі кезеңдегі ауылдық жерлердегі халықтың қалыптасу тарихын қарастыруда құнды еңбек. Осының жалғасын автордың докторлық диссертациясының тақырыбынан көреміз.

«Сельское население Казахстана. 1920-1990гг.»[1]. А.Н.Алексеев республикадағы 70-жыл аралығындағы ауылдағы өзгерістерді қарастырады. Ол төмендегідей мәселелерді шешуге тырысады: экономикалық облыстар мен аудандар бойынша бөле отырып тұрғындардың сандық өсуі мен ұлттық құрамын анықтау; қала мен селодағы тұрғындардың орналасуы; тұрғындардың табиғи өсуі; селолық тұрғындардың ұлттық ерекшелігіне қарай орналасуының ерекшелігін анықтап көрсетуге арналған. Автор өз еңбегінің бірінші тарауында 1920-1990-жылдар аралығындағы осы тақырыпты қамтитын ғылыми жарық көрген еңбектерге шолу беріледі. Ал екінші тарауында Қазақстандағы халықтың өсу динамикасы мен ұлттық құрамына сипаттама береді, ал үшіншіде оның орналасуын қарастырады. Осы еңбектерінің жалғасы ретінде Алексеев А.Н. елдегі және жекелеген аймақтардағы халықтардың қалыптасу тарихына арнаған «Население Казахстана. 1920-1990гг.» және «Народы Восточного Казахстана» деген ғылыми зерттеулерін жазды.[2] Бірінші еңбекте тұрғындардың саны мен олардың орналасуы Қазақстан бойынша және оның бес негізгі экономикалық аймақтары бойынша қарастырылды, Оңтүстік, Солтүстік, Батыс, Шығыс, Орталық. Бірінші тарауда «Динамика численности и национальный состав населения» автор территорияның қалыптасуы және республиканың халқы, 1921-1922жылдардағы аштықтың демографиялық жағдайға әсері, одан әрі Қазақстан халқының дамуы туралы мәселелерді қарастырды. Республиканың ауылдағы тұрғындарын қарастырған кезде автор жергілікті және жергілікті емес тұрғындар деген терминді алып қарастырған. Ол Қазақстандағы төрт негізгі ұлтты алып қарастырған: қазақтар, орыстар, немістер, украиндарды. Шығыс экономикалық аудан бойынша-төрт ұлтты: қазақтар, орыстар, украиндар, немістер. Оңтүстік аймақ бойынша алтау: қазақтар, орыстар, украиндар, немістер, өзбектер және ұйғурлар. Орталықта бес ұлтты: қазақтар, орыстар, немістер, украиндар, татарлар. Батыста –бес ұлтты: қазақтар, орыстар, украиндар, татарлар, немістерді алып қарастырған. Осы жеті ұлттан басқа автор ерекше беларустар, тағы басқа ұлт өкілдеріне де тоқталады. «Расселение населения» деген екінші тарауында автор тұрғындардың қоныс аударуына, оның республиканың экономикалық аудандарын дамытуға қосқан үлесіне тоқталады. Экономикалық аудандарды беске бөледі: Шығыс, Оңтүстік, Орталық, Батыс және Солтүстік, олардың арқайсысына арнайы параграф арнаған. Ақырғы параграфында Қазақстандағы 90-жылдардағы демографиялық процеске сипаттама береді. Алға қойылған мақсатына жету үшін 1920, 1923, 1926, 1939, 1959, 1970, 1979, 1989 жж. халық санағының қорытындыларын және статистикалық материалдарды салыстырмалы түрде пайдаланады. «Народы Восточного Казахстана» деген еңбегінде А.Н.Алексеев Шығыс Қазақстан облысындағы тұрғындардың ұлттық құрамын зерттеуге арнаған, 1897-ден 1989 жылға дейінгі санақ материалдарына сүйене отырып зерттеген. Бұл еңбек жалпылай зерттеумен қатар алғаш рет жеке аймақтағы тұрғындар тарихына арналған алғашқы еңбектің бірі.

Қазақстан тарихнамасында халық саны, тарихы туралы еңбектер жазған Тынышбаев М., Бекмаханова Н.Е., Алексеев Н.В., Татимов М.Б., Асылбеков М.Х., Козыбаев М.К., Қасымбаев Ж.К., Базанова Ф.Н., Галиев А., Сдықов М.Н. және т.б. Олар өз еңбектерінде берілген зерттеу деректері арқылы тарихи-демографиялық ғылымды жоғары сатыға көтерді, тарихи зерттеу әдістерін жаңарта отырып, проблемалық зерттеу шеңберін кеңейтті. Олардың ғылыми еңбектерінің нәтижесінде Қазақстандағы этнодемографиялық процестің даму заңдылығын жасауға мүмкіндік туды. Нәтижесінде аймақтардағы этнодемографиялық, әлеуметтік даму тарихын зерттеуге терең негіз салынып, ғылыми тұрғыдан зерттеуге негіз қаланды. Жарық көрген еңбектерде сонымен қатар Қазақстандағы жалпы проблемалық мәселелер қаралды. Ал ғылыми әдебиеттер жекелеген аймақтар туралы жоқтың қасы, тек Батыс Қазақстан аймағы бойынша шыққан Сдықов М.Н. монографиясы мен Орталық Қазақстан тұрғындары ХІХ ғасырдың аяғынан- ХХ ғасырдың 30 ж. және 40ж. - ХХ ғасырдың аяғына дейінгі аралықты қаттыған В.Козинаның 2 кітабынан басқа[3].

Тарихи-демографиялық әдебиетте бұл өзгерістер Асылбеков М.Х. және Галиев А.Б. «Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980 гг.)» атты монографиялық еңбегінен көрініс алды. Бұл ірі еңбекте әлеуметтік, демографиялық, этникалық және басқа факторлар алғаш рет кешенді түрде қарастырылған.[4] Бұл зерттеуде авторлар көп ұлтты Қазақстандағы ұзақ мерзімдегі халықтың қалыптасуы туралы мәселені зерттеуге арнаған. Зерттеуде көптеген тарихи деректерге жаңаша көзқараспен қарай отырып, оларды салыстыру арқылы статистикалық материалдар мен халық санағының материалдарын, әсіресе соғысқа дейінгі кезеңдегі деректерге сын көзбен қарап көптеген жаңа деректерді айналымға қосты. Авторлар Қазақстан халқының өсуімен өзгеруін, саны мен сапалық құрамын, оның ұлттық құрамын және әлеуметтік өзгерісін ретке келтірген. 30-40- жылдардағы табиғи өсудің кемуінің себептерін көрсеткен. Жыныстық және жастық мөлшерімен кәсіптік білім деңгейін көрсеткен. Қорытындысында 60-жылдардағы халық санының баяу өсуінен кейін жаңа кезең - «әлеуметтік-демографиялық» өсу кезеңі туды, - деген.

Тарихнамалық шолуда әр кезеңде жазылған көптеген зерттеулерге талдау берілген. Осының нәтижесінде авторлар кеңес кезеңінде Қазақстан халқының тарихы жеткілікті зерттелмеген деген қорытынды жасауына әкелді. Аз зерттелген тақырыптар қатарына ауылшаруашылығын ұжымдастыру кезіндегі тұрғындардың өсу динамикасы, әсіресе жергілікті халықтың саны, қазіргі қазақстандықтардың құрамының өзгеруіне миграцияның әсері т.б. Сонымен қатар авторлар жекелеген аймақтардағы этнодемографиялық процестердің өзгеруін зерттеу де қажеттігін көрсеткен. Бірінші тарауда авторлар әлеуметтік-демографиялық проблеманың тарихнамалық негізіне тоқталған, ал екінші тарауда әлеуметтік-демографиялық сипаттама берілсе, үшінші тарауда-Қазақстанның 1926-1980-жылдар аралығындағы әлеуметтік-демографиялық дамуына тоқталады. Еңбекте қала халқының қалыптасуы, миграция, жанұялық-некелік байланыстар туралы талдау кезінде Жетісу өңірінде қамтиды. Зерттеудің негізгі көзі – дерегі 1959, 1970, 1979 жылдардағы халық санағының материалдары алынған. Бірақ бұл еңбекте 1979-жылғы халық санағының материалы өте тар көлемде алынған, себебі оның қорытындысы тар көлемде бір-ақ кітапта 1985-жылы жарық көрген еді. Жалпы бұл монографияда кешенді түрде Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық процесстің дамуын, халық құрамындағы өзгерістерді: ұлттық, әлеуметтік, территориялық, жастық жыныстық және табиғи өзгерістерді- туу, өлу, миграция, орналасуы, демографиялық саясаттың дамуы туралы қарастырылған. Жалпы алғанда Асылбеков М.Х. пен Галиев А.Б. зерттеуі Қазақстан халқының тарихын оқудағы, кеңес дәуіріндегі елдегі халықтың дамуын көрсетуге қосылған ірі ғылыми еңбек болып табылады. Осы монографияның жалғасы ретіндегі еңбек М.Х.Асылбеков пен В.В.Козинаның «Демографические процессы современного Казахстана» атты еңбек.[5] Бұл зерттеуде авторлар республикадағы 80-жылдар мен 90-жылдың бірінші жартысындағы демографиялық даму тарихын сипаттаған. Онда халықтың саны, оның табиғи қозғалысы, миграция мәселесі қарастырылған. Ерекше көңіл бөлінген мәселе тұрғындардың әлеуметтік құрамы және оның қызметі, білімдік-кәсіптік деңгейі мен ұлттық құрамы. Арнайы бөлім арқылы қазақтардың индустриалды еңбек саласындағы еңбегі және тұрғындардың білім деңгейі көрсетілген. Арнайы тарау арқылы Қазақстандағы экология және денсаулық мәселесі қарастырылған. Авторлар өз еңбектеріндегі басты мақсаты етіп Қазақстандағы 70-жылдардың аяғынан бүгінгі күнге дейінгі әлеуметтік-демографиялық дамудың бірқатар аспектілерін зерттеуге арнаған.

XX ғ. 80-жылдарының аяғында жаңаша көзқараспен ҚР ҰҒА академигі М.Қозыбаевтың бірнеше ғылыми мақалалары жарық көрді. «История Казахстана: белые пятна» атты мақалалар жинағы жаңа көзқарастар негізінде жазылған. Онда Қазақстанның революцияға дейінгі және одан кейінгі даму тарихындағы аз зерттелген, кезінде дұрыс тарихи бағасын ала алмаған «ақ таңдақтар» аталған ауыл шаруашылығындағы ұжымдастыруға байланысты, басқа халықтардың күшпен қоныстануына байланысты кеңес кезіндегі тарихтағы аз оқытылған, қазақ тарихындағы қайғылы оқиғалар кезі туралы жаңа ғылыми көзқараста әлеуметтік-демографиялық, экономикалық және саяси дамудағы дұрыс бағасын ала алмаған мәселелерге көп көңіл бөлу, жаңаша зерттеу қажеттігін көрсетеді.[6]

Қоғамда ерекше қолдауға ие болған еңбек академик М.Қ.Қозыбаевтың “История и современность” атты кітабы. Онда Қазақстандағы қазіргі тарих ғылымының дамуына сипаттама берілген. Еңбекте Қазақстандағы халықтардың және басқада республикалардың Ұлы Отан соғысына қатысуы және Қазақстанның Ресейге қосылуы, Қазан революциясы, азамат соғысы, ұжымдастыру, индустриализация туралы проблемаларға арналған.[7]

Алғаш рет өнеркәсіп орындарында еріксіз еңбек күшін пайдалану, күшпен ұжымдастыру және ұлттық жұмысшы табының қалыптасуы мен жұмысшыларға қарсы жазалауға арналған ғылыми зерттеу тарих ғылымының докторы атағын алу үшін даярланған С.Б. Нұрмұхамедовтың еңбегі.[8]

Жаңа ғылыми көзқарас тұрғысынан талдай отырып елдегі индустриализацияның әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және саяси салдарын, ұлттық жұмысшы табының қалыптасуының ерекшелігі туралы М.Х.Асылбековтың мақалалары. Онда автор Қазақстанға ұжымдастыру, индустриализация кезінде КСРО-ның басқа республикаларынан көші-қонның жоғары болуы орталық әміршілдік-әкімшілдік басшылықтың жүргізген саясаты деп тұжырымдайды.[9]

Бұрын жарияланбаған тарихи деректер негізінде жарық көрген, әміршілдік-әкімшілдік кезінде еріксіз еңбек күшін қолдану туралы Қозыбаев М.Қ. пен Н.Е.Едігеновтың бірігіп жазған монографиясы жатады.[10]

Онда авторлар Ұлы Отан соғысы кезінде жеңіс үшін совет халқының біріге отырып жауға қарсы ерлікпен күресін айта келіп, сол кездің өзінде кеңес халықтарының арасындағы бөліну, халықтардың бір бөлігінің өз туған жерлерінен күшпен жер аударылғандығын деректер арқылы баяндайды. Кеңес үкіметіне 1931-1932 жж. аштық кезінде жарты халқынан айрылған қазақ халқының да реніші туралы

жазылған. Ұлттық жұмысшы табының қатарының өсу жолдары, ірі өнеркәсіп орындарында әйелдер мен жасөспірімдер еңбегінің қолдануы баяндалған.

Қазақстан жеріне күшпен қоныстандырылған халықтар туралы Қ.С. Алдажұманов пен Е.К.Алдажұмановтың “Депортация народов-преступление тоталитарного режима” атты зерттеуі жатады. Онда Жетісу аймағына орналастырылған халықтар туралы нақты деректер бар.[11]

Қазақстан территориясындағы социалистік қоғам орнату кезіндегі жіберілген қателіктердің қолдан жасалынғандығы туралы нақты деректермен жазылған зерттеу М.Қ.Қозыбаев., Қ.С.Алдажұмановтың “Тоталитарный социализм: реальность и последствия”. [12] Ерекше құнды жағы Қазақстандағы индустриализацияның жүргізілу әдістері мен оның салдарына берген сипаттамалары.

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан кейін шет жерлердегі қазақ халқы туралы зерттеулер жарық көре бастады. Кешенді зерттеу қатарына Мендіқұлова Г.М. «Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие». [13] Автор өз зерттеуінде шет елдердегі қазақ халқының өмірін, олардың Қытай, Туркия, Ауғанстан елдеріне, сонымен қатар Батыс Еуропалық елдерге қоныс аударуының себептеріне тоқтала келіп, қазақ диаспорасының дүние жүзіндегі қалыптасуы мен олардың әр елдегі саны туралы деректер берген және зерттеуде репатрианттарға ерекше тоқталып өткен. Еңбектің құндылығы ол Қазақстан, Ресей, Еуропа және АҚШ кітапханаларынан алынған құжаттармен қатар жеке өзінің шетелдік қазақтармен кездесу кезіндегі алған деректері негізінде жазылған. Онда Жетісу аймағындағы репатрианттар туралы, жалпы шетелдердегі қазақтардың саны туралы деректер біз үшін құнды.

Ресей федерациясындағы қазақтардың тарихына арналып жазылған еңбек Ж.А. Ермекбаевтың «Российские казахи в составе РСФСР и СССР в 1917-1991 гг.». Бұл зерттеудің құндылығы ол саяси мәні бар. Екі мемлекет арасындағы саяси, экономикалық және мәдени қарым –қатынастар осы елдерде өмір сүріп жатқан екі ұлт өкілдеріне тікелей әсер ететіндігін атап көрсетеді. Ұлттар арасындағы қарым-қатынас, өзара байланыстың маңыздылығын баса көрсетеді.[14]

Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Этникалық ұлт өкілдерінің тарихына арнап жазылған Г.А.Кан мен Г.Н.Ким еңбектері. Онда Жетісу аймағында өмір сүріп жатқан көрейлер туралы көптеген деректер берілген.[15]

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алғаннан бастап еліміздегі әлеуметтік-демографиялық жағдайды зерттеуде жаңа көзқарастармен баға беруге ерекше көңіл бөліп келеді. Ондай зерттеулер қатарына Ж.Қ.Қасымбаев, Н.Э. Масанов, Ж.Б. Абылғожин, Т.О. Омарбеков, М.Қ. Қойгелдиев, М.Ж.Абдиров, А.Құдайбергенова, М.К.Тулекова, Г.Қадырқұлова еңбектерін жатқызамыз. Ол еңбектерде бұрын зерттелмеген тарихтағы «ақтаңдақтар» беті ашылып, оларға тарихи баға берілді. Қазақстанның белгілі тарихшыларының зертеулерінде аймақтағы әлеуметтік-демографиялық жағдайға жаңаша көзқараспен баға беріліп, айтылмай қалған есімдерді жарыққа шығарып, жалпы халықтардың қоғамдық-саяси өмірін және жалпы Қазақстандағы дамуға сипаттама береді. Жаңа методологиялық негізде орталық үкімет пен жергілікті үкімет орындарының орны мен рөлін, жергілікті жерлердегі партияның жүргізіп отырған саясатына баға береді өздерінің ойларын жаңаша тұрғыда түсіндіреді[16]. Келесі ғылыми зерттеу Алексеенко Н.В. және Алексеенко А.Н. «Население Казахстана за 100 лет (1897-1997 гг.) Қазақстандағы халықтардың даму тарихындағы өзгерістерге 1897, 1926,1939, 1959, 1970, 1979, 1989 жж. халық санақтарының деректері және басқа да статистикалық материалдар арқылы сипаттама, талдау берілген. Халықтың ұлттық және әлеуметтік құрамындағы өзгерістер, көші-қон туралы көптеген нақты деректер арқылы баяндаған.[17] Тарихи демографиялық зерттеу жұмыстарының жалғасы ретінде кейінгі жарық көрген еңбектер қатарына жататын ол М. Х. Асылбеков пен В.В. Козинаның «Казахи» (демографические тенденции 80-90-х годов)[18]. Бұл еңбегінде авторлар жалпы Қазақстандағы халықтың даму тарихын зерттей отырып 80-90 жылдар аралығындағы қазақ халқының дамуына тоқталған, яғни қазақтардың саны мен орналасуы, оның сандық және сапалық құрамындағы өзгерістер, жынысы мен жасы, білім деңгейі. Қазақ халқының кәсіптік шеберлігі мен олардың қоғамдағы орны және миграциялық процестің қазақ халқының дамуына тигізген әсеріне жан-жақты статистикалық деректерге сүйене отырып талдау жасаған. Қазақ халқының табиғи дамуына тигізген әсерлермен олардың әлеуметтік жағдайларына сипаттама берген. Еңбекте сонымен қатар Қазақстан республикасының егемендігін алғаннан кейінгі кезеңдегі қазақтар санының басқа ұлт өкілдерімен салыстырғандағы үлесіне тоқтала отырып елде болып жатқан экономикалық қайта құрулардың қазақ халқына тигізіп отырған әсерін талдаған. Бұл еңбекте де жалпы республика көлеміндегі қазақтардың демографиялық даму деңгейі көрсетілген. Ал жекелеген аймақтардағы қазақтардың басқа ұлт өкілдерімен арақатынасы, олардың әлеуметтік дамуындағы ерекшеліктеріне, келешектегі қазақтардың этнодемографиялық дамуына тоқталмаған. Еңбек өзінің деректерінің молдығымен, этнодемографиялық дамуды зерттеу тәсілдерінің жаңашылдығымен, методо-

логиялық негізімен құнды. Осы тақырыпта жарық көрген В.В. Козинаның «Население Центрального Казахстана (конец XIX в.-30-е годы XX в.)» атты еңбегі.[19] Онда Орталық Қазақстан аймағындағы халықтардың дамуындағы жаңалықтар, қоғамдағы өзгерістердің халық санына, миграция процесіне, ұлттық құрамы мен жасына, жынысына, білім деңгейіне тигізетін әсеріне, әлеуметтік топтар арасындағы бөлініс пен кәсіптік мамандық деңгейіне және аймақтағы тұрғындардың денсаулығына тоқталған. XIX - ғасырдың 90-жылдарынан бастап 1939 жылғы санақ аралығындағы аймақтағы этнодемографиялық өзгерістерге сипаттама берген. Еңбекте архивтік және статистикалық деректер негізіне сүйене отырып аймақтың этнодемографиялық сипаттамасын берген. Осы еңбектің жалғасы ретінде жарық көрген еңбек Асылбеков М.Х., Козина В.В. «Демографическое развитие республики Казахстан в условиях суверенитета» [20] Онда авторлар тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстан Республикасындағы халықтар санындағы өзгерістер, аймақтағы олардың орналасуы, ұлттық, жыныстық және жастық ерекшеліктері мен білім деңгейлеріне, халықтың табиғи жолмен өсуіне тоқтала отырып елдегі миграциялық процестердің халық санының өзгеруіне тигізіп отырған әсеріне талдау берген. Еңбек ресурстарымен халықтың жұмыспен қамтамасыз етілуіне тоқталып өткен. Келешектегі демографиялық жағдайды жақсартуға қазіргі жүргізіліп жатқан саяси, экономикалық және әлеуметтік істердің тигізетін әсеріне талдау берген. Көші-қон және оның халықтар санының дамуына әсері, ұлттық демографиялық ұлттық саясат туралы көптеген зертеулердің авторы М. Б. Тәтімов.[21] Х. Әбжановтың «Қазақстанның село интеллигенциясы: кеше, бүгін, ертең» атты аналитикалық шолуға арналған зерттеуінде соғыстан кейінгі ауыл шаруашылығындағы зиялы қауымның тарихына арналған. Ауылдағы және селодағы техникалық, гуманитарлық және басқарушылық саласындағы зиялы қауым мүшелерінің сандық және сапалық құрылымына сипаттама бере отырып олардың әлеуметтік дамуындағы негізгі бағыттарға тоқталып өткен. Келешекте ауылдық жерлердегі зиялы қауым мүшелерінің тек ғана ой еңбегімен емес, дене еңбегімен де айналысатынын, яғни олардың арасынан арендаторлар, фермерлер, кооператорлардың шығатынын айтады. Егемен Қазақстандағы он жылдан бергі аграрлық саладағы өзгерістер автордың тұжырымының растығын дәлелдейді.[22]

Егемендік жылдарында арнайы миграциялық мәселеге жаңаша көзқараспен қарай отырып жан-жақты ғылыми негізде зерттеген еңбектер қатарына Қазақстан жеріндегі славяндар арасындағы көші-қон процесін терең зерттеген Жангутин Б.О.[23] докторлық диссертациясы мен Қазақстандағы көші-қон процесінің демографиялық дамуға тигізген әсерін ғылыми талдауға негізделген Құдайбергенова А., Тулекова М.К. докторлық диссертациялары жатады [24]. Кең көлемдегі мұрағаттық және бұхаралық, ғылыми еңбектерге, нақты деректерге талдау бере отырып зерделенген бұл ғылыми зерттеу жұмыстары тәуелсіздік жылдарындағы қомақты ғылыми еңбек. Диссертациялық зерттеулерінде маман-ғалымдар көші-қон процесінің еліміздегі халықтың ұлттық құрамына, біліміне, еңбек күшінің қалыптасуы мен дамуына және ұлтаралық қатынастарға да әсер еткендігін терең талдай отырып тәуелсіздік алған алғашқы жылдардағы елімізден сыртқа тұрғындардың көптеп қоныс аударуының ішкі және сыртқы себептерін талдай отырып сипаттама берген. Жаңаша көзқараспен еліміздегі демографиялық ахуал талданған. Бұл зерттеулерде жалпы Қазақстан бойынша берілсе тарихи демографиялық ғылымның алға басуы кезінде жекелеген аймақтарды тереңдетіп зерттеуді қажет етеді, оның келешектегі этнодемографиялық дамуын анықтау үшін. Міне жоғарыда атап көрсетілгендей Қазақстандағы халықтың қалыптасуымен дамуының тарихы, тұрғындардың ұлттық құрамы, жасы мен жыныстық ерекшеліктері, білім деңгейі, әлеуметтік топтар туралы мәселелер жалпы алынып қарастырылған, ал егемендік кезіндегі көші-қон кешенді алынып зерттелген жоқ, сондықтан келешекте еліміздегі тәуелсіздік жылдарындағы этнодемографиялық дамуын кешенді зерттеу қажет. Қазақстанның басқа елдерге қарағанда өз даму ерекшелігі бар. Бұл жерде 135 тен аса ұлт өкілдері өмір сүруде. Еліміздің этнодемографиялық жағдайы қоғамның даму кезеңіне байланысты әрқандай әркілі өзгерістерге ұшырады. Нәтижесінде елдегі халықтың саны, ұлттық құрамы, жынысы мен жасы және білім деңгейі үнемі өзгеру үстінде болды. Оған әсер еткен саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар болды. Сонымен қатар елдегі этнодемографиялық жағдайға тікелей әсер еткен ол миграциялық процесс. Ол бірде тез бірде баяу жүріп отырды, бірақ ешқашанда тоқтаған емес. Оның бір себебі еліміздің орналасуы мен табиғат жағдайының халықтардың қоныстануы үшін өте қолайлы болуы да шығар. Сондықтан да халықтың табиғи жолмен санының өсуімен қатар оған әсер еткен механикалық қозғалыстарда болды. Миграциялық процестің елдің экономикалық дамуына тікелей әсер ететіндігі және шет елдерден келетін еңбек миграциясын реттеу туралы шетелдік ғалымдар да өз еңбектерінде зерттей келіп өздерінің тұжырымдары мен ұсыныстарын береді[25].

Қорыта келгенде, осындай жан-жақты талдауды қажет ететін мәселелерге толық жауап алу үшін оны жеке қарастыру қажеттігі туады, Қазақстан Республикасының әлем таныған ірі мемлекет екендігін ескере отырып тәуелсіздік жылдарындағы қол жеткізген жетістіктерінің бірі көші-қон процесін реттеуін және

оның қазіргі дамуын өткен кездердегі дамуымен салыстыра отырып баға беру ол тарихшы ғылымдардың үлесінде. Осы мақсатымызға жету үшін жалпы жарық көрген ғылыми зерттеу жұмыстарына тоқтала отырып, ондағы ғылыми құнды деректерді өзіміздің зерттеуіміздің негізіне ала отырып этнодемографиялық даму тарихын зерттеуде Егемен Қазақстан Республикасында өткен алғашқы 1999 жылғы халық санағының қорытындыларын жан-жақты талдай отырып, Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық дамуға және жекелеген аймақтардағы дамуға да баға беру. Тәуелсіздік жылдарындағы көші-қон үрдісі мен оның себебі, салдары мен сипатын жаңаша негізде талдау және осы процестік пайда болуына әсер еткен негізгі факторларға жан-жақты талдау бере отырып сипаттау. Көші-қон процесінің еліміздегі демографиялық ахуалға тікелей әсер ете отырып елдің саяси, экономикалық және этнодемографиялық дамуына да тікелей әсер ететіндігін ел басымыз өзінің жыл сайынғы Халыққа Жолдауында баса назар қоя отырып айтып отыр. Еліміздің келешегі ол халықтың қолында. Сондықтан да тұрғындардың саны мен сапасы ғана келешектегі еліміздің дамыған елу ел қатарына өтуіндегі басты қозғаушы күш бола алатындығы белгілі. Осыған орай ел тарихын зерттеудегі басты бір бағыт ол этнодемография мен миграция мәселелері болуға тиісті.

1 Алексеев А. Н. *Сельское население Казахстана в условиях совершенствования социализма. (1959-1985 гг.)*. - Автореф. канд. ист. наук. Алма-Ата, 1987. - 24с.

2 Алексеев А. Н. *Население Казахстана. 1920-1990 гг.* Алма-Ата: «Ғылым», 1993. - 125с.; он же: *Народы Восточного Казахстана. Усть-Каменогорск*, 1994. - 52с.

3 Тынышпаев М. *История казахского народа*. Алма-Ата, 1993.; Донич А. *Народонаселение Казахстана. Оттиск из журнала «Народное хозяйство Казахстана»*. №11-12. Кзыл-Орда: Госплан КазССР, 1928. - С.27-55.

Чулашиников А. *Очерк по истории казак-киргизского народа*. Оренбург. 1925. ч.1.

4 Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. *Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980 гг.)*. Алматы: Ғылым, 1989. - С.210.; Галиев А.Б. *К этнодемографической характеристике Казахской АССР (по материалам переписи 1926 г.)* // Известия АН КазССР, №3, 4. Алма-Ата, 1978. - С.42-48.

5 Асылбеков М.Х., Козина В.В. *Демографическое развитие республики Казахстан в условиях суверенитета*. Алматы: Өркениет, 2001. - 112с.;

6 Козыбаев М.К. *Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски*. В двух книгах. Алматы: «Ғылым», 2000. - 388с.

7 Козыбаев М.К. *История и современность*. Алма-Ата: «Ғылым», 1991. - 252с.

8 Нурмухаметов С. Б. *Индустриализация и рабочий класс Казахстана (1926-1941 гг.): опыт концептуального переосмысления проблемы*. Алматы, 1992.

9 Асылбеков М.Х., Алтаев А.Ш. *Тяжкое наследие прошлого... Мысль*. 1995. №3. - с.60-64; Асылбеков М.Х., Алтаев А.Ш. *О концептуальном переосмыслении проблем истории индустриального развития и рабочего класса Казахстана*. // Вестник НАН РК. 1993. №4. - с.66-75.

10 Козыбаев М.К., Едыгенов Н.Е. *Труд во имя победы*. Алматы: Казахстан, 1995. - 176с.

11 Алдажуманов К.С., Алдажуманов Е.К. *Депортация народов-преступление тоталитарного режима*. Алматы: Фонд «XXI век», 1997. - 16с.

12 Козыбаев М. К., Алдажуманов К. С. *Тоталитарный социализм: реальность и последствия*. Алматы: Ғылым, 1997. - С.10-11.

13 Мендикулова Г. М. *Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие*. Алматы: «Ғылым», 1997. - 264с.

14 Ермекбаев Ж.А. *Российские казахи в составе РСФСР и СССР в 1917-1991 гг.* - Омск, 1999. - 184с.

15 Кан Г. В. *Корейцы Казахстана: исторический очерк*. Алматы: Казахстан, 1994. - 240с.

16 Касымбаев Ж.К. *Главный девиз: Объективность. О проблемах истории Казахстана XIX начала XX веков*. // История Казахстана: «Белые пятна». Алма-Ата, 1991. - С. 332-346.; он же: *Развитие джатачества (отходничества) как следствие социальной дифференциации казахского аула в XIX начале XX в. // Изв. АН КССР. Сер. общественных наук 1992, - № 6. - С. 36-41.*; Н. Э. Масанов. *Кочевая цивилизация казахов (основы жизнедеятельности номадного общества)* Алматы, 1995.;

17 Алексеев Н.В., Алексеев А.Н. *Население Казахстана за 100 лет (1897-1997гг.)* - Усть-Каменогорск, 1999. - 158с.

18 Асылбеков М. Х., В. В. Козина «Казахи» (демографические тенденции 80- 90-х годов). Алматы: Өркениет. - 102с.

19 Козина В. В. «Население Центрального Казахстана (конец XIX в. -30-е годы XX в.)». - Алматы: Өркениет, 2000. - 144с.

20 Асылбеков М. Х., Козина В.В. «Демографическое развитие республики Казахстан в условиях суверенитета». - Алматы: Өркениет, 2001. - 112с.

21 Татимов М.Б. *Демография және тәуелсіздік*. - Алматы: Жеті жарғы, 1999. - 367 с. Ауылдағы демографиялық ахуал. - Алматы: Қайнар, 1990. - 240б

22 Әбжанов Х. М. «Қазақстанның село интеллигенциясы: кеше, бүгін, ертең» - Алматы: Ғылым, 1990. - 68б.



23 Жангутин Б.О. Формирование славянского населения в Казахстане (численность, миграционный процесс в конце XIX- XX вв. Автореф. диссерт. –Алматы, 2010.- 44 с.

24 Құдайбергенова А. Кеңес дәуіріндегі Қазақстандағы көші-қон үдерістері: тарихи-демографиялық аспект (1917-1991 жж.). Докторлық диссертация. –Алматы, 2011. 331 б.; Тулекова М.К. Жетісу өңіріндегі әлеуметтік-демографиялық даму (XIX ғасырдың аяғы-XX ғасырдағы). Докторлық диссертация.-Алматы, 2003.-384 б.

25 Билборроу Р.Е. Статистика международной миграции: рекомендации по совершенствованию систем сбора данных: пер. с англ. / Р.Е. Билборроу, Г. Хьюго, А.С. Обераи, Х. Злотник // МОТ /- М.: Academia, 1999.-418 с.; Рязанцев С.В. Трудовая миграция в странах СНГ и Балтии: тенденции, последствия, регулирование. М.: Формула права, 2007. - 576 с.; Сакс Дж., Ларрен Ф. Макроэкономика. Глобальный подход: Пер. с англ. М.: Дело, 1996. - 848 с.; Clark K., Lindley J. Immigrant assimilation pre and post labour market entry: evidence from the UK Workforce Survey // Journal of Population Economics. 2009. - №22. - P. 175-198.; Papademetriou D., O'Neil K. Efficient practices for the selection of economic migrants // Migration Policy Institute, Washington D.C. 37 p.

## **XIX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ МЕН РЕСЕЙДІҢ САУДА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ**

**Р.Р. Оспанова – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің доценті, т.ғ.к.**

*В данной статье рассматривается значение открытия внешних округов для развития стационарной торговли в период присоединения Казахстана к России. Также показана роль ярмарок как центров стационарной торговли, роль российских законов в улучшении качества жизни казахского населения и получение разрешительных документов на основе российских законов для местных торговцев. Однако, на самом деле эти документы показывают истинную цель колонизации казахской степи.*

*In this article value of opening of external districts for development of stationary trade during accession of Kazakhstan to Russia is considered. The role of fairs as centers of stationary trade, a role of the Russian laws in improvement of quality of life of the Kazakh population and obtaining allowing documents on the basis of the Russian laws for local dealers is also shown. However, actually these documents show the true purpose of colonization of the Kazakh steppe.*

XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында Қазақ шаруашылығындағы өзгерістер орыс өкіметімен енгізілген еді. Қазақ елі өзінің артта қалған шаруашылық экономикасын өзінен экономикасы және мәдени дамуы жоғары дамыған мемлекетпен байланыстыру арқылы көтеруді көздеді. Бұл кезде мұндай мемлекет Ресей болды. Ресей мемлекеті XVIII ғасырдың 30 жылдарында батыс және солтүстік Қазақстан жерлеріне жақындаған еді. Отырықшылық және егіншілікпен айналысуды үйрете отырып, Ресей бұл жерлерге өзінің саяси ықпалын жүргізбек болды. Қазақстанның саяси-экономикалық дамуына Ресей экономикасының жоғарылап өсуі себеп болды. XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың басында қазақтарда жер өңдеумен айналысу жеке шаруашылық көзі болған жоқ, тек қосымша еңбек түрінде болды. Дегенменде қазақ шаруашылығы өз халқының сұранысын толық өтей алмады. Күнделікті тұрмысқа қажетті қарапайым заттардың жетіспеушілігі орын алды. Негізінен мұндай күнделікті тұтынуға қажетті заттар жәрменкелерде сатылды. Сол себепті осы кезде кең етек алған сауда түрі ол – керуен саудасы болды. Бұл қазақ жеріндегі жәрменкелердің рөлін арттырды.

XIX ғасырдың басында айырбас саудамен айналысқан орыс көпестерінің қазақ ауылдарын аралап баратын қауіпсіз жолдары белгіленді. Олар бұл жерлерде ұтымды келісімдерге келді. Олар бастапқыда сұлтандар мен билерге сыйлық жасау арқылы ауылдарда сауда жасауға рұқсат алған. Саудагерлер өз тауарларын көбінесе шикізатқа айырбастау, қазақ байлары өзара келісу арқылы орыс көпестерінен тауар алып, ауылдарына апарып қымбатқа сатқан [1]. Осы кезеңде қазақ ауылдарында сауда байланысы дамып, тауар-ақша қатынастары еніп, Қазақстан бүкіл Ресейлік және дүниежүзілік саудаға тартылды. Қазақтар ауылшаруашылық өнімдерімен Ресейдің орталықтанған өнеркәсіп аудандарын жүн, тері, мақта, ет, мал және тағы басқа да шикізаттармен қамтамасыз етіп, орнына орыс өнеркәсібінің тауарларын алды [2]. Патшалық Ресейдің өндіріс саудасы бір жағынан осы жаңадан қосылған өлке байлығы есебінен ілгері дамып, тағы бір шикізат қорының көзін тапты.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Патшалық Ресей үшін отарлау саясатын жүргізу мақсатының Қазақстанға енуінің шешуші кезеңі болды. Патша үкіметі өзінің отарлау саясатын іске асыра отырып, Қазақстандағы хандық биліктің жойылуын жылдамдатты. Енді хандық билік басқарудың ескірген түріне айналып, қазақ даласына 1822 жылғы М.М.Сперанскийдің «Сібір қазақтарын басқару» туралы ережесі енгізілген еді. Осы ережеге байланысты қазақ сұлтандарының өзара жерге таласушылығы нәтижесінде округтар ашыла бастады. Қазақ сұлтандарының орыс әкімшілігінен округ ашуын өтінуіне патшалық үкіметтің қазақтар арасындағы тәртіпсіздікті, барымтаны тоқтататын уәделері себеп болды. 1822 жылы

кіші және орта жүзде хандық билік жойылып, әкімшілік басқару орыс шенеунігі басқарған кеңестің қолына өтті. Жергілікті жерлерде бір орталыққа бағындырылған қазақтарға жаңа әкімшілік басқару жүйенің қазақтар үшін қолайлы екені жарияланып жатты. Ресей әкімшілігінің алдында тиімді және ыңғайлы жерлерде округтар ашып, онда мемлекеттік мекемелер ашып, бір орталықтан басқару ісін іске асыру тұрды [1, 428-429 бб.]. Округтардың құрылуы жекелеген көшпенді қауымдардың жерлерін айқын белгілеп берді. Рулық және феодалдық алауыздықтардың тыйылуына мүмкіндік туғызды. Ру басыларымен сұлтандардың сайлануы, қажетті дәрежеде жетілген болмаса да, жариялылыққа әжептәуір жол ашты. Осымен қатар жарғы ережелеріне сәйкес округ қазақтарына егіншілікке қажетті жерлер қарастырылып берілді.

Батыс Сібірдегі қазақ жерлерімен шекаралас жерлерде салынған жаңа қала-бекіністер, өлкенің экономикалық деңгейі көтерілгеннен кейін, Қазақстанды Орта Азия, Шығыс Түркістан сауда қатынастарының дамуымен байланыстырып, қазақ халқын орыс халқымен жақындастырып, сауда-экономикалық қарым-қатынасын кеңейтті. XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында Қазақстан мен Ресейдің саяси-экономикалық байланыстары бір-біріне өзаралық сұраныста дамыды.

Патшалық Ресей өзінің қоластына алған қазақ жерлерінде өзіне қажетті сауда байланысын дамытуда әр қала орталықтарында көпестер мен саудагерлерді көптеп орналастыру арқылы оны нығайтуды көздеді. Осы мақсатта Семей облысындағы Аякөз, Қапал, Көкпекті округтарына көпестер мен мешандарды қоныстандыру мақсатында, оларға қалалық жерлерден үй салуға жер, қолөнер шеберханалары мен өнеркәсіп, шаруашылық орындарын ашып беру уәде етілді. Сонымен бірге, оларға жерге салық төлеу мөлшері аз болатындығы ескертілді. Ал көпестер гильдиялық салықтан 10 жылға дейін босатылатын болды. 1-гильдиялық көпестерде-2 мың күміс капиталы болса, 2 - гильдиялық көпестерде – 1 мың рубль, 3 - гильдиялық көпестерде – 400 рубль болуы керек болды. Кейбір қала орталықтарының көпестеріне сол жерлерде өз қаражаттарына базар орталықтарын ашу жүктелді [3]. Әкімшілік жағынан басқаруға ыңғайлы бір орталыққа бағындыру үшін сыртқы округтарда қазақ болыстықтарын біріктіру жұмысы басталды. Бұл өте баяу іске асырылды. 1839 жылы сыртқы округтарда болыстықтар әлі орналастырылып бітпеген еді. 1849 жылы ғана «ясак» салығы жергілікті халықтан толық алына бастады. Осы уақыттан кейін ғана М.Сперанскийдің «Сібір қазақтарын басқару» туралы ереже қолданыла бастады десек қателеспейміз. Бұл ереженің қазақ жерін пайдалануда енгізген өзгерісі әкімшілік актісінде қарама-қайшылықты көрсетті.

1838 жылдың 6 сәуірінде Сібір қазақтарының Жеке басқармасының бұйрығы бойынша қазақ даласында ашылған әр округта қазына есебінен дүкендер мен базар орталықтары ашылатын болды. Жаңа әкімшілік қазақтарды жергілікті басқармамен тығыз байланыстырып, жалпы сауда пайдасын көздей отырып енгізу керек болды. Алғашқыда қазақтардың сұранысын сауда-саттықпен қамтамасыз ете отырып, келешекте оларды өнеркәсіппен айналыстыру көзделді. Сондықтан сауда орталығына Аякөз, Ақмола, Қарқаралы округтары ыңғайлы болды. Қазақ даласында тұрақты сауданы дамытуда жәрмеңке орталығы етіп Көкшетау және Аякөз округтары 1842 жылы 1 қазанда бұйрықпен бекітіледі [4]. Орыс әкімшілігіне мұндағы жергілікті тұрғындармен орыс көпестері арасындағы сауда байланысын нығайта дамыту басты мақсат болды.

Қазақ даласын бір орталықтан басқаруды жүзеге асырған Ресей сауда байланысын өз мүддесіне қарай дамытуды көздеп, 1822 жылғы Сібір қазақтарын басқару ережесіне өзгерістер енгізеді. Оның нәтижесінде Омбы және Петропавл қалалары Тобыл губерниясына қаратылып, Семей мен Өскемен қалалары Томск губерниясына қаратылады. Бұрынғы Омбы облысының істер жөніндегі облыстық бөлімі мен қаржыландыру бөлімі Тобыл және Томск губернияларының шенеуніктері мен жаңадан құрылған шекаралық басқарма ісіне беріледі [5]. Бұндай саяси-әкімшіліктегі өзгерістер, жергілікті халыққа бекіністер мен қалаларда саудамен айналысуға жағдай жасады. Енді қазақтарға көпестік гильдияларға жазылып ішкі округтарға қоныстануға рұқсат берілді.

1838 жылы 6 сәуірде “Жеке Сібір қазақтарын басқару ережесінің” қабылдануы Шығыс Қазақстан қалаларының сауда-әкімшілік орталықтарына айналуының маңыздылығын арттырды [6]. 1842 жылы осы аталған округтардың қалағанында сауда жасауға көпестер мен қазақтарға 6 шілдеге жинала беруге болатындығы жарияланып жатты [7]. Бірақ бұл 1842 жылы Ақмола, Аякөз, Көкшетау, Қарқаралыда азиялықтар мен орыстар арасындағы 3 жыл көлеміндегі тәжірибелік сауда ойлағандай еш нәтиже бермеді [8]. Жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайының төмендігіне байланысты сауда орындарында күнде сауда жасалмады.

1840 жылы 1 қаңтарда Корпус Командирінен Сібір қазақтарының Шекаралық шенеунігіне келіп түскен бұйрықта, әр кезде әртүрлі себептермен қазақ тәртіп бұзушыларынан алынған заттарды сатуға

Ақмола және Аякөз Приказдарында аукцион ұйымдастырылсын делінді [9]. Өйткені аталған жерлер сауда жолы үстінде жатқандықтан, бұл жерлерге саудагерлер көптеп келетін болған. Бұл заттарды сату Семей мен Петропавлде жүзеге асырылатын болып шешілді. Қазақ тәртіп бұзушыларынан тартып алынған малдар, жақсы қызмет атқарғандары үшін деп, сыйлыққа қазақтардың өздеріне берілді.

Аякөз және Қапал округтарында жәрменкелік сауда түрін дамытуда жергілікті халықты отырықшылыққа бейімдеу мақсаты көзделді. Сауданың бұл түрі Ташкенттен Ресейге керуендердің өткен кезінде жасалатын болды [3;354-355б.]. Осылайша Қазақстанның жәрменкелік саудасы Орта Азияның транзиттік саудасымен ұштастырылды.

1854 жылы Өскемен және Семей қалаларында Бийск саудагерлеріне Аякөз, Көкпекті, Қапал бекіністерінде саудамен айналысуға арнайы рұқсат қағазы берілген. Ал Семей мен Өскемен облысы саудагерлері Бийск округында ерекше рұқсат қағазынсыз сауда жасай берген. Семей облысының шекаралық сыртқы округтары Аякөз, Қапал, Көкпектіде сауданы бақылайтын қоғамдық қалалық мекемелер басқармасы ұйымдастырылмаған еді. Сол себепті Семей, Өскемен, Омбы, Петропавловск жерлерінде көп кездесетін жәрменкелер туралы 1856 жылы Манифест қабылданады. Қапал, Аякөз, Көкпекті округтарындағы сауданы қадағалау қалалық мекеме басқармасының атаманына жүктелді. Енді басқа жерден келген саудагерлер мен шаруалар қоғамдық қалалық мекемелерге ақшалай салық төлеп саудамен айналысатын болды.

Семей облысының Әскери басқармасында 1856 жылы 27 қаңтарда қабылданған № 293 бұйрық бойынша жергілікті тұрақты сауда дүкендерінен облыстың төрағасының бекітуімен салық алынатын болды. Енді станицалық жерлерден тыс жерлердегі жекеменшік жәрменкелердегі дүкендерден жұмысқа жалданушылар мен жергілікті халықтың келісімімен салық алу ұйғарылды [10]. Мысалы, 1854 жылы Қосшы-Демян жәрменкесі 1-нен 15 қаңтарға дейін болған. Мұндай жәрменкелер сыртқы округтарда көп кездескен. Қаладан тыс болатын жәрменкелерден қаланың қазынасына түсетін салық алынып, ортақ өлшеуіш таразы қадағалауға алынатын болды.

1855 жылы 3 ақпанда облыс Әскери Губернаторы Батыс Сібір Генерал-Губернаторынан Семей облысының қайта құрылған Көкпекті, Қапал, Аякөз қалаларында өнеркәсіптердің ашылуынан ол жерлерде қоныстандырылған көпес, мещан және қаланың басқа тұрғындарына ұсынылған кепілдіктердің пайдалы және пайдасызын жергілікті мәселелерге байланысты шешіп, іске асырылуын қадағалауды сұрады. Бұл қалаларда көпестер мен мещандар жеткілікті тұрақтандырылғаннан кейін, олар қалалық шаруашылық бөлімінен қала басқармасына қаратылды. Осы жағдайға байланысты қала тұрғындары екі әлеуметтік құрамнан тұрды: көпестер, мещандар, әртүрлі шендегілер және казак әскерлерінен. Бұлардың әрқайсысына өзіндік ерекше құқықтары бекітіліп, олардан белгіленген мөлшерде алынған салық қалалық кіріске берілетін болып шешілді. Бұл қалалық жерлерде тұрып жатқандардың жеке басы шенінің арқасында дүние-мүлкінің бекуі, қалада үй салып орнығуына және өнеркәсіппен айналысуға жер ала алатындығы, олардың сауда жасаудағы кепілдіктері анықталып қалалық кіріс есебіне бекітілді. Бұл қалалардағы берілетін кепілдіктер Семей облысының Кеңесінің жобасында жеке қаралды. 1846 жылы 5 желтоқсанда қабылданған Сібір Казак Әскерінің ережесіне өзгеріс енгізу үшін, станицалардағы казак әскерлері қала шенеунігіне бағындырылды. Казак әскерлері жергілікті орындаушы биліктің құқығымен станицалық шенеуніктерге қарады.

Казак станицалары мен станица шенеуніктері жергілікті қала шенеунігіне ортақ заңмен бағындырылып, қажетті жағдайда қала шенеунігі бұдан басқа да қалаларға осы кепілдіктермен тұруға келіп жатқандарды бақылап отырды. Осы кезде Семей облысының Қапал, Аякөз, Қарқаралы қалаларында өндіріс орындарын ашу және көпестер мен саудагерлердің құрамын көбірек келтіру мақсатында көптеген жағдайлар жасала бастады [11]. Ондағы орыс әкімшілігінің мақсаты Ресейдің ішкі губернияларындағы зауыт-фабрикаларды арзан шикізат көзімен қамтамасыз ете отырып, жерлері жоқ орыс шаруаларын жермен қамтамасыз ету еді. Бұл Патшалық Ресейдің казак даласын отарлаудағы басты мақсаты болды. Ал жергілікті халық үшін қалалық орталықтарда тұрақты сауда байланысының дамуы олардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының жақсаруына ықпалдық етті. Қалай болғанда да аталған кезеңде Қазақстанның Ресейге қосылуы казак даласында тұрақты сауда байланысын дамытты.

XIX ғасырда Қазақстанның Ресейге қосылуымен, орыс-казак қарым-қатынасының кейіннен сауда-экономикалық байланысқа ұштасуы Ертіс өңіріндегі қалалардың үлкен сауда орталықтарына айналуына себеп болды. Қазақ қалаларындағы әлеуметтік-экономиканың дамуынан ондағы халық саны өсті. Бұған шикізат өңдейтін өнеркәсіптердің жыл сайын көбейуі де көп ықпалдық жасады. Қазақстан қалаларында халықтың тарихи дамуы мен өсуі басынан бастап XX ғасырға дейін орыс өнеркәсібінің дамуындағы сұранысын өтеді. Патша үкіметінің отарлау саясатын казак даласына енгізу нәтижесінде қалаларда сауда қатынасы жылдам дамыды.

- 1 Апполова Н.Г. Экономические и политические связи Казахстана с России в XVIII-нач. XIX вв. М., АНССР. 1960. – С. 67
- 2 Чуланов Г. Промышленность дореволюционного Казахстана. А., Изд-во Акад. Наук. 1960. – С. 3-4
- 3 Апполова Н.Г. Хозяйственное и экономические отношения Прииртышья в XVIII-нач. XX вв. М., АНССР. 1960. – С. 276.
- 4 РФ ООММ 3-қор, 1-тізбе, 2027-іс, 7,13-парақ.
- 5 Патканов С. Статистические данные показывающие племенной состав населения Сибири, язык и роды инородцев. С.-Петербург. СИР/УСЪ, 1906. – С. 264.
- 6 Материалы по истории политического строя Казахстана. А., АН КазССР. Том 1. 1960. – С. 30.
- 7 ҚР ОММ 374-қор, 1-тізбе, 1018-іс, 49-парақ.
- 8 ҚР ОММ 374-қор, 1-тізбе, 4998-іс, 1-парақ.
- 9 ҚР ОММ 374-қор, 1-тізбе, 619-іс, 15,30-парақ.
- 10 ҚР ОММ 1-қор, 1-тізбе, 4-іс, 6,10-парақ.
- 11 ҚР ОММ 15-қор, 1-тізбе, 5-іс, 14-парақ.

## **ЖАЛПЫ ТАРИХ ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ**

### **ОТТО ФОН БИСМАРК И СОЗДАНИЕ ГЕРМАНО-АВСТРИЙСКОГО СОЮЗА 1879 г.**

**Р.Р. Каирбекова** – к.и.н., профессор КазНПУ им. Абая

*Мақалада 1879 жылы құрылған Герман – Австрия Одағының құрылуындағы күрделі үрдіс және Герман империясының канцлері Отто фон Бисмарктың одақты құрудағы рөлі зерттелген.*

*In the article are investigated the compound process of the conclusion of German-Austrian alliance and the role in it of the chancellor of German empire O. Bismarck.*

Проблема заключения военно-политических союзов суверенными государствами является одной из основополагающих в международных отношениях. Особое значение эта проблема имеет для великих держав – акторов международных отношений. В последней четверти XIX в. сложная и ответственная задача - выбор Германией союзника - легла на плечи ее канцлера – Отто фон Бисмарка.

Создатель и первый канцлер Германской империи О.Бисмарк ставил своей целью обеспечить оптимальные внешнеполитические условия для ее развития. Он понимал, что Германия «с ее центральным положением, открытым для нападения с трех сторон» должна была «постоянно иметь в виду... будущие отношения с прочими державами и по возможности избегать постоянной принципиальной вражды с любой из них». «После того как... мы осуществили наше объединение, - подчеркивал Бисмарк, - моим идеалом всегда было приобрести доверие не только слабых европейских государств, но и великих держав» [1].

Ситуация действительно была не простой: Германии пришлось в течение короткого времени воевать с двумя великими державами – Австрией и Францией. В связи с этим Бисмарк писал: «Следовало бы опасаться, что обе враждующие с нами соседние державы - Австрия и Франция – вскоре сблизятся бы друг с другом на общей почве католицизма и выступили бы против нас... Нельзя с уверенностью предугадать, нашли ли бы мы союзников против... такого католического альянса... Россия по своему усмотрению решала бы вопрос, превратить ли своим присоединением франко-австрийскую дружбу в сверхмощную коалицию... или же держать нас в зависимости под дипломатическим давлением этой возможности»[2]. «Мысль о коалициях,- писал Бисмарк,- вызывает у меня кошмары. Мы вели победоносные войны против двух великих держав Европы; важно было удержать по крайней мере одного из обоих могущественных противников... от искушения, заключавшегося в возможности взять реванш в союзе с другим... Не было ничего невероятного... в коалиции между Францией, Австрией и Россией.», которая была «опасна для нашего существования... Задача нашей внешней политики должна состоять в том, чтобы по возможности предотвратить такое положение... Необходимо ограничить круг возможных, направленных против нас коалиций» [3].

В сложившейся ситуации целью внешнеполитического курса Бисмарка стало предотвращение создания антигерманской коалиции великими державами путем заключения с ними союза. Образование австро-германо-русского союза должно было, по мнению Бисмарка, предотвратить создание антигерманской коалиции как в составе Австрии, России и Франции, так и в составе Франции и России.

Действия Бисмарка, направленные на сближение трех империй, получили поддержку в правящих кругах России и Австрии. В результате в 1873 г. было подписано соглашение трех императоров, которое, однако, не представляло собой союзного договора, а являлось лишь консультативным пактом. [4].

Однако, «военная тревога» 1875 г., поставившая Францию и Германию на грань войны и заставившая Россию заявить, что она не допустит нового разгрома Франции, нанесла серьезный удар по соглашению трех императоров. Бисмарк пришел к заключению, что Россия является серьезным препятствием на пути разгрома Франции и утверждения гегемонии Германии в Европе [5].

Профранцузская, а значит антигерманская позиция России вызвала корректировку Бисмарком внешнеполитического курса страны: начинается сближение Германии с Австро-Венгрией.

Обращаясь к истории австро-германских отношений, Бисмарк писал: «Со времени Римской империи германской нации и Германского союза традиции международного права также исходили из теории о том, что между Германией в целом и Габсбургской монархией существовала государственная правовая связь, теоретически обязывающая эти центральноевропейские территории к взаимопомощи... Европе и в особенности России можно было с полным правом указать на то, что постоянный союз между Австрией и

нынешней Германской империей с точки зрения международного права не представляет собой ничего нового» [6].

Тем временем новые обстоятельства способствовали процессу германо-австрийского сближения. Летом 1875 г. восстание славянских народов на Балканах против турецкого владычества положило начало очередному восточному кризису с участием таких великих держав как Англия, Россия и Австро-Венгрия.

В ходе кризиса отношения между Австро-Венгрией и Россией настолько ухудшились, что осенью 1876г. последняя обратилась к Германии с запросом: останется ли она нейтральной, если Россия вступит в войну с Австрией. Оказавшись перед выбором между Россией и Австрией, Бисмарк был вынужден заявить, что Германия не допустит разгрома Австрии. Объясняя свою позицию, он писал: «Сохранение Австро-Венгерской монархии, как независимой, сильной великой державы необходимо Германии для европейского равновесия, и ради этого мир страны в случае необходимости может быть со спокойной совестью поставлен на карту». «Если Россия,- заключал Бисмарк,- заставит нас выбирать между нею и Австрией, я думаю, что Австрия укажет нам консервативное и мирное направление, а Россия – ненадежное» [7].

Дальнейшее ухудшение русско-австрийских отношений в ходе русско-турецкой войны 1877-1878 гг. со всей неумолимостью ставило Бисмарка перед выбором между Россией и Австро-Венгрией. Он осознавал, что «ситуация требовала сделать попытку ограничить возможность антигерманской коалиции путем обеспечения прочных договорных отношений хотя бы с *одной* из великих держав. Выбор мог быть сделан только между Австрией и Россией, так как английская конституция не допускала заключения союза на определенный срок; союз с одной Италией не мог служить достаточным противовесом коалиции трех остальных великих держав». Материально более сильным и надежным канцлер считал союз с Россией, сомневаясь в надежности союза с Австро-Венгрией. Мучительно размышляя над выбором союзника, Бисмарк заключал: «Абсолютно надежным на долгое время не был ни один из этих союзов» [8].

Победа России в войне с Турцией и заключение Сан-Стефанского мирного договора привели к дальнейшему ухудшению отношений России с Англией и Австрией. Последние добились созыва в 1878г. Берлинского конгресса с целью пересмотра Сан-Стефанского договора. На конгрессе Германия, стремясь уйти от выбора между Россией и Австрией, заняла нейтральную позицию. В результате Россия оказалась в изоляции и была вынуждена пойти на уступки. Позиция, занятая Германией на конгрессе, вызвала недовольство России, которое выплеснулось на страницы русской печати. В ответ Бисмарк заявил: «Резкий и язвительный тон всей русской печати... натравливание против нас русских народных настроений заставляло считать благоразумным не терять симпатий тех иностранных держав, кроме России, на которые мы еще могли рассчитывать» [9].

Тем временем на развитие германо-российских отношений начал оказывать существенное влияние экономический фактор. Со второй половины 70-х годов резко возросла борьба между русскими и прусскими аграриями за германский рынок и борьба русских и германских промышленников за российский рынок. В России происходил переход к интенсивному протекционизму в промышленности. В свою очередь, в январе 1879г. Бисмарк установил почти полный запрет на ввоз в Германию скота из России, а затем ввел пошлины на импорт хлеба [10].

15 августа 1879г. Александр II направил письмо германскому императору Вильгельму I, в котором высказал недовольство по поводу предпринимаемых Бисмарком недружественных действий в отношении России и предупредил, что «последствия этого могут стать губительными для обеих наших стран» [11].

Послание русского императора укрепило Бисмарка в выборе союзника Германии. Он писал: «Угрожающее письмо императора Александра вынудило меня к твердому решению в целях обороны и сохранения нашей независимости от России. Союз с Австрией пользовался популярностью почти у всех партий» [12].

Вместе с тем Бисмарк утверждал, что к этому времени решение о заключении союза с Австрией им было уже принято: «Для меня вопросы о популярности этого союза в Германии и о международном праве стояли на втором плане, их следовало обсудить в качестве подсобных средств для возможного осуществления союза. На первом плане стоял вопрос о том, следовало ли немедленно приступить к претворению этой идеи в жизнь... Причины, побуждавшие нас при тогдашнем политическом положении к союзу с Австрией, казались мне столь настоятельными, что я стремился бы к нему даже при сопротивлении нашего общественного мнения» [13].

Однако выбор давался канцлеру не просто: «Остановив свой выбор на союзе с Австрией, ... я... не закрывал глаза на сомнения, затруднявшие выбор» [14]. Бисмарк высказывал опасения относительно

будущности германо-австрийского союза. Он выражал сомнения относительно политических возможностей австрийских немцев, которые «утратили контакт с династией и руководящую роль, которая выпала на их долю в ходе исторического развития». В качестве разделяющих Австрию и Германию обстоятельств Бисмарк называл «вероисповедание, воспоминание о влиянии духовников императорской семьи и возможность восстановления отношений с Францией на католической основе в случае, если бы во Франции совершилась соответственная перемена формы и принципов государственного руководства.» Бисмарк отмечал, что «вопрос о будущем Польши является особенно трудноразрешимым из всех предпосылок германо-австрийского военного союза» [15].

Итак, окончательный выбор был сделан, и действия последовали незамедлительно. 27-28 августа 1879г. по инициативе Бисмарка состоялась его встреча с австрийским министром иностранных дел графом Андраши. Бисмарк, заявив о возможности заключения франко-русского союза, изложил свою позицию и получил желаемый ответ австрийского министра: «Против франко-русского союза естественным ответным ходом является австро-германский союз». «Мы без труда,- пишет Бисмарк,- пришли к предварительному соглашению о чисто оборонительном союзе против русского нападения на одну из сторон» [16].

Доказывая необходимость для Германии заключения союза с Австрией, Бисмарк, стремясь заручиться поддержкой баварского короля, писал ему 10 сентября 1879г: «Успехи русской политики, достигнутые в результате этой войны... не охладили возбужденность русской политики в той степени, как это было бы желательно для миролюбивой Европы... Теперь, после заключения мира, последовали громадные вооружения, хотя России в настоящее время никто не угрожает.... Эти вооружения могут быть предназначены исключительно против Австрии или Германии ... Я не могу отделаться от мысли, что в ... близком будущем миру угрожает Россия, и при том *только* Россия... По отношению к беспокойной русской политике Австрия испытывает такое же неприятное чувство, как и мы, и, по-видимому, склонна к соглашению с нами в целях совместного отражения возможного нападения России на одну из обеих держав» [17].

В пользу заключения союза с Австрией Бисмарк в письме баварскому королю от 10 сентября 1879 г. приводил еще один аргумент: «В случае, если какое-либо соглашение подобного рода не состоится, никто Австрию не сможет упрекнуть, если, под давлением русских угроз и не будучи уверена в Германии, она в конце концов сама будет искать более тесного контакта с Францией или с Россией. В последнем случае Германия при своих отношениях с Францией оказалась бы совершенно изолированной на континенте. Если же Австрия сблизится с Францией и Англией...то Германия не могла бы обойтись без России и, чтобы не остаться изолированной, должна была бы связать свои пути с ошибочными и, боюсь, опасными путями русской внешней и внутренней политики»[18].

Идя на заключение союза с Австрией. Бисмарк осознавал как его непрочность, так и его негативные последствия для Германии. Недопущение возникновения таких последствий канцлер связывал с сохранением дружественных отношений с Россией. Он писал: «Я по-прежнему считал необходимым поддерживать добрососедские отношения с Россией, наряду с нашим оборонительным союзом с Австрией, ибо у Германии нет гарантии, что избранная ею комбинация не потерпит крушения, но зато есть возможность до тех пор сдерживать антигерманские стремления в Австро-Венгрии, пока германская политика не разрушит моста, ведущего в Петербург, и не вызовет непреодолимого разрыва между Россией и нами. До тех пор, пока такого непоправимого разрыва нет, Вена будет в состоянии держать в повиновении элементы, враждебные или чуждые союзу с Германией. Если же разрыв между нами и Россией или даже охлаждение будут казаться непоправимыми, то и в Вене возрастут претензии, которые она сочтет возможным предъявить своему германскому союзнику. Во-первых, она потребует расширить оговоренное условие союза, которое до сих пор... распространяется только на защиту от русского нападения на Австрию; во-вторых, Вена потребует подменить указанное оговоренное условие союза защитой австрийских интересов на Балканах и на Востоке... Но в задачи Германской империи не входит жертвовать достоянием и кровью своих подданных для осуществления желаний соседа.... Мы не должны покидать Австрию, но и не должны упускать из виду возможность того, что венская политика добровольно или недобровольно покинет нас»[19].

Характер и предназначение германо-австрийского союза Бисмарк сформулировал в письме баварскому королю от 10 сентября 1879 г.: «Я считал бы существенной гарантией европейского мира и безопасности Германии, если бы Германская империя заключила с Австрией такой договор, который ставил бы себе целью по-прежнему заботливо сохранять мир с Россией и в то же время обеспечивал бы помощь друг другу, если бы одна из обеих держав все же подверглась нападению»[20].

21 сентября 1879 г. Бисмарк прибыл в Вену для ведения переговоров с Андраши, в ходе которых был окончательно сформулирован текст союзного договора. 7 октября 1879 г. в Вене договор был подписан Андраши и германским послом Рейсом.

В условиях непримиримости русско-австрийских и германо-французских противоречий заключение германо-австрийского союзного договора, положив начало формированию враждебных друг другу военно-политических блоков, значительно приблизило мир к Первой мировой войне.

- 1 Бисмарк О. Мемуары железного канцлера. М., 2004. С. 539, 582-583.
- 2 Там же. С. 496-497.
- 3 Там же. С. 552.
- 4 См.: История дипломатии. М., 1963. Т. II. С.40-41.
- 5 См.: Чубинский В.В. Бисмарк: Политическая биография. М., 1988. С. 296-298.
- 6 Бисмарк О. Указ. соч. С. 556.
- 7 Там же. С. 570.
- 8 Там же. С. 553.
- 9 Там же. С. 539.
- 10 См.: История дипломатии. М., 1963. Т. II. С.136-139.
- 11 Цит. по: Там же. С. 140.
- 12 Бисмарк О. Указ. соч. С. 555.
- 13 Там же. С. 556.
- 14 Там же. С. 569.
- 15 Там же. С. 554-555.
- 16 Там же. С. 556-557.
- 17 Там же. С.557-559
- 18 Там же. С. 560.
- 19 Там же. С. 569- 570, 574.
- 20 Там же. С. 560.

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ БАЙЛАНЫСТАРЫНДАҒЫ КЕЛІСІМ-ШАРТТАРДЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ ЖӨНІНДЕ**

**Э.А. Бабаханова – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушысы**

*В статье рассматриваются вопросы деятельности консульства РК в КНР. Далее анализируются проблемы прав граждан РК проживающих в регионах КНР со стороны консульства.*

*The approached contacts between Kazakhstan and China concerning to the consular activity and their main lane importance also their development and extension in the sphere of Kazakhstan consular activity in the territory of China, and the scientific theories about the importance of consular administrations consultations have been made and analyzed.*

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың “Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы” атты 2008 жылғы Жолдауында еліміздің сыртқы саяси басымдықтары қатарында ҚХР-мен ынтымақтастықты дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Мұндай мәселе Елбасы тарапынан қолдау тауып, мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналуда.

«Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев әлденеше рет атап көрсеткендей, сыртқы әлеммен, оның ішінде әсіресе АҚШ, Ресей, Қытай сияқты ірі мемлекеттермен өзара қарым – қатынасыз біздің мемлекетіміздің қалыптасуы мен нығаюы толыққанды бола алмас еді» – деп Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі болған Қ.Сұлтанов сипаттайды[1]. Осыған орай екі мемлекет басшыларының саяси көрегендігі мен ортақ күш-жігерінің арқасында мемлекетаралық ынтымақтастықтың барлық дерлік саласында қарқынды ілгерілеу байқалды. Қазақстан басшысының сыртқы саясаттағы бір батыл қадамы — оның 1991 жылы Қытайға баруы. Сапар кезінде толық хаттама бойынша көптеген маңызды кездесулер өткізді.

Қазақстан мен Қытай арасындағы дипломатиялық қатынастар орнағаннан бергі жылдары екі ел ынтымақтастығы едәуір нығайып, стратегиялық әріптестік деңгейіне жетті. Елдердің басшылары 2005 жылы ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның Қазақстанға мемлекеттік сапары барысында “Стратегиялық әріптестікті орнату және дамыту туралы” бірлескен декларацияға қол қойып, оны құқықтық тұрғыда бекітті. Қазақстан мен Қытай арасындағы шешілуі тиісті мәселелер реттелді. Оның ішінде бірінші орында шекара туралы келісім бар.



Екі мемлекет арасында саяси, экономикалық, әскери және мәдени-гуманитарлық салаларда қарым-қатынас берік орныққан. Мемлекет басшылары қол қойған декларациялар мен келісім-шарттар Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарының жан-жақты және қауырт дамуына негіз қалады. Оның ішінде Қазақстан мен Қытай арасындағы Тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы келісімді атап өткен жөн. ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның Қазақстанға бірінші сапары барысында екі елдің бірігіп дамуының басты бағыттары белгіленген ҚР мен ҚХР ынтымақтастығының 2003-2008 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданды.

2002 жылы 9-12 мамырда ҚР Мемлекеттік хатшысының Қытайға сапары барысында Мемлекеттік шекараны демаркациялау туралы хаттамаға қол қойылып, екі ел арасындағы мемлекеттік шекара заңды түрде рәсімделді. Отандық дипломатияның бұл іргелі табысы – Қазақстан тәуелсіздігі мен ұлттық мүддесін қорғау, халықаралық лаңкестік пен діни экстремизмге және есірткі тасымалына қарсы күрестің тиімділігін арттыруды сөзсіз қамтамасыз ететін болады. Екі елдің парламентаралық байланыстары артып, өзара тәжірибе алмасу жүйелі жолға қойылды.

Қазақстан Орталық Азия аймағының қауіпсіздігін, тұрақтылығы мен экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін Қытаймен халықаралық деңгейде Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберінде әріптестікті дамытуда[2].

Осындай қарым – қатынастарды дамытуда жергілікті Қытай аймағындағы консулдықтар тарапынан қол жеткізілген екі жақты келісімге қол жеткізілген комюниккенің маңызы зор. Бұл құжатқа екі жақтың консультациялық кеңестері нәтижесінде 1992 жылдың 3 қаңтарында қол қойылды[3].

Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың бастамасымен құрылған Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АӨСШК) белсенді мүшесі бола отырып, еліміздің аталған форум аясындағы ұсыныстарын ұдайы қолдап келеді. 2002 ж. жазында АӨСШК-нің жоғары деңгейдегі екінші кездесуін Қазақстанда өткізу жоспарланған. Осы орайда Қытай тарапы өздерінің ең жоғары деңгейде қатысу мүмкіндігін барынша мақұлдады[4].

Астана мен Пекин Әлемдік және дәстүрлі діндер басшылары съезі шеңберінде өткізіліп жатқан шаралар бойынша тығыз байланыстар орнатты. 2003 жылы Астанада өткен I съезге Қытайдың буддистер мен даоистер ассоциациялары басшыларының орынбасарлары қатысты. Ынтымақтастықты одан әрі ілгерілету мақсатында 2003 жылы Қазақстан Президенті Н.Назарбаев пен Сыртқы істер министрі Қ.Тоқаевтың Қытайға және ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтао мен ҚХР Шыңжаң-ұйғыр автономиялық ауданының партком хатшысы Ван Лэцюанның Қазақстанға сапарларын өткізу жүзеге асты. Бұл сапарлар Қазақстан мен Қытай арасындағы дәстүрлі достық қарым-қатынастарды одан әрі нығайта түсуге үлкен әсер етті.

2004 жылы Қазақстан басшысы Н.Назарбаев Қытайға екі рет сапармен барып, көптеген стратегиялық маңызды келісімдерге қол жеткізді. Екі жақты қарым-қатынасты жүйелеу мақсатында, әр саладағы ынтымақтастықты дамытатын 10 кіші комитеттен және Траншекаралық өзендерді үнемді пайдалану және қорғау туралы біріккен комиссиядан тұратын Қазақстан – Қытай ынтымақтастық комитеті құрылды.

2005 жылы желтоқсан айында Атасу-Алашаңқай мұнай құбырының құрылысы аяқталып, 2006 жылғы мамырдан бастап ол арқылы қазақстандық мұнайды Қытайға тасымалдау басталады. Қазіргі тұста Қытайға Қазақстанның электр энергиясы мен бидайын тасымалдау мәселелері туралы келіссөздер жүргізіліп жатыр. Елдер арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынас жылдан жылға даму үстінде. Мысалы, 2005 жылдың қорытындысы бойынша екі елдің жылдық тауар айналымы 3,7 млрд. АҚШ доллары деңгейіне шықты. Қытайдың Қазақстан экономикасына салған инвестициясы 2005 жылы 1,2 млрд. доллар көлеміне жетті. Қазақстанның Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіруіне 2005 жылы Қытай әлемнің үлкен мемлекеттерінің біріншісі болып және Түркия, Пәкстан, Грузия, Қырғызстаннан кейінгі бесінші мемлекет ретінде өзінің оң шешімін білдіріп, қолдау көрсетті. Осындай тауар айналымы немесе экономикалық байланыстарды жүзеге асыруда елшіліктермен қатар отандық азаматтар мен қазақ диаспорасының құқығын қорғайтын жергілікті жерлердегі консулдық мекемелер мен осы сала қызметкерлерінің рөлі де ерекше.

2004 жылы Қазақстан мен Қытай арасындағы трансшекаралық өзендерге қатысты мәселелерді шешу үшін оларды үнемді пайдалану және қорғау туралы бірлескен комиссия құрылды. Содан бері бұл комиссияның 3 отырысы өткізіліп, жоспарлы түрде Қазақстан және Қытай жерлерінде Ертіс пен Іле өзендерінде салынған гидро және су шаруашылығы кешендерін есепке алды, трансшекаралық өзендерге қатысты гидрологиялық және гидрохимиялық мәліметтермен, судың сапасын анықтайтын мемлекеттік стандарттар үлгілерімен алмасты.

2005 жылы ҚР ауыл шаруашылығы министрлігі мен ҚХР Су шаруашылығы министрлігі Траншекаралық өзендердегі табиғи ақпаттар жөнінде тараптардың бір-біріне шұғыл түрде хабар беруі туралы

келісімге қол қойды. Қазақстан сарапшылары қытайлық әріптестерімен трансшекаралық өзендер алқабындағы гидрологиялық және гидрохимиялық мәліметтермен өзара алмасу, өзендер алқаптарында біріккен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және олардағы судың сапасын бақылау және ластанудың алдын алу мәселелерін талқылауды жоспарлауда.

Мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастықтың белсенді дамуы арқасында екі ел жоғары оқу орындары арасында тікелей ынтымақтастық орнатылды. Үкіметаралық келісімдердің негізінде студенттер алмасу дәстүрге айналды. Қазір Қытайда 500-ден астам қазақстандық студент білім алуда. Оның ішінде “Болашақ” бағдарламасы бойынша жіберілгендер де бар.

Екі жақтың ғалымдары бірігіп, Қытай мұрағаттарындағы құжаттардың негізінде “Ежелгі үйсін елі” атты кітап шығарды. Енді ғұндар мен түркілердің тарихы туралы кітаптарды шығару алға қойылды.

Соңғы кездері айтылып жүрген қор биржасы, жүзеге асырылмақ бәсекеге қабілетті 30 инновациялық бағдарлама, құрылып жатқан әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар, мұның бәрі Қазақстанның алға қойған әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылу мақсатымен тығыз байланысты. ҚХР-дағы Сянган және Аомынь Ерекше әкімшілік аймақтарындағы Бас консулы Үсен Сүлейменов тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап Қазақстанның экономикалық қатынасы Азия-Тынық мұхиты елдерімен салыстырғанда, Батыс мемлекеттерімен қарқындырақ дамыды. Бірақ қазіргі күні Қазақстан Үкіметі, сол секілді кәсіпкерлері де құрлықтағы көрші мемлекеттердің даму тәжірибесіне, сол елдермен өзара ынтымақтастық мүмкіндіктеріне көңіл аудара бастады. Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Сянган және Аомынь Ерекше әкімшілік аймақтарының Бас консулдығы «Қазақстан әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» және «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Н.Назарбаевтың Жолдауларына сай Қазақстан мен Сянган және Аомынь аймақтарының арасындағы екі жақты сауда-экономика саласындағы белгіленген жобалар мен іс шараларды іске асыруда мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саясатын жеткізу жолында жұмыстарды атқарып жатқандығын еңбектерден байқаймыз. Шыңжаң өңірінің орталығы Үрімші қаласында 1994 жылы Қазақстан СІМ-нің паспорттық - визалық қызметі бірінші болып ашылды. Іс жүзінде Қытай үкіметі қазақтарға арналған көші қон паспорттарын әр ауданға шектеп береді. Ол туралы Пекиннің арнайы нұсқауы бар. Шыңжаңнан тұрақты тұруға келгендердің басым бөлігі жеке сапармен келіп, еліміздің заңына сәйкес азаматтықты қабылдайды. Ал қытай паспорттарын көші-қон полициясы, СІМ арқылы ҚХР елшілігіне өткізеді[5] Сонымен қатар Сянганның іскерлік ортасын Қазақстандағы инвестициялық жобаларға тарту мақсатында елеулі істер атқарылуда. Өткен жылдың соңғы айының 22-сі күні Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Сянган Ерекше Әкімшілік Аймағына мемлекеттік сапары аясында Қазақстан мен Сянган арасында әуе қатынасын ашу туралы келісім жасалды және Алматы қаржы орталығы қызметін реттеу жөніндегі ҚР агенттігі мен Гонконг қор биржасы арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Екі жақ Қазақстан азаматтарының Сянган ЕОА-ға және Сянган резиденттерінің Қазақстан шекарасына кіру үшін арнайы екі апталық визасыз тәртіп енгізу келісімінің мүмкіндігін қарастыруда. Өткен жылдың соңында Қазақстан делегациясы Гонконгте болып қайтты. Сапар барысында Қазақстанға ірі инвестиция тарту жөнінде келіссөздер жүргізілді. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясын жүзеге асыру аясында 2006 жылдың 12 желтоқсанында Гонконгта «Қазақстанның инвестициялық ахуалы – Гонконгтің инвестициялық мүмкіндігі» тақырыбында конференция өтті. Бұл басқосуды Сянган Бас консулдығы «Қазына» тұрақты дамуы қорының қолдауымен және Сянган Ерекше Әкімшілік Аймағының Сауда-саттық дамыту кеңесімен, Гонконг қор биржасымен, Гонконгтың Бас сауда палатасымен бірлесе отырып ұйымдастырды. Конференцияға Қазақстанның мемлекеттік және іскерлік топтарының 60-тан астам өкілі мен 120-дан астам гонконгтық кәсіпкерлер қатысты. Конференция екі жақ өкілдеріне іс жүзінде маңызды болды. Сянган кәсіпкерлеріне Еуразия аймағының экономикалық және саяси қатынасында ең тұрақты мемлекетімен іскерлік байланыстарды дамыту, инвестициялық жобалар жайында толық мағлұмат алу мүмкіндігі туды. Қазақстан жағы болса, бәсекеге қабілетті экономикасын дамытуға өз үлесін қосатын Сянган ЕОА-ның қаржы, инновация, технология және ақпарат салаларындағы тәжірибесімен танысты. Конференция барысында Қазақстанның Сауда-өнеркәсіптік палатасы мен Гонконгтың Бас сауда палатасы арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Қазақстанның Бас консулдығының бастамашылығымен сянгандық «Еуразия» консалтингтік компаниясы «Үлес» Қазақстан – Гонконг инвестициялық консалтингтік орталығының құрылуы туралы жария етті. Бұл орталықтың мақсаты – Қазақстан мен Гонконг бизнесінің өзара экономикалық ынтымақтастығын дамытуға жәрдемдесу. Орталықтың қызмет көрсету саласы үлкен ауқымды қамтиды. Олар инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыру мақсатында консультациялық, заңдық қызмет көрсетуді, Қазақстан және оңтүстік-шығыс Азия аумағының бизнесті дамыту бағдарламасын әзірлеу және іске асыруды, жаңа компанияларды ашу

мен салық жобаларымен қоса, басқа да корпоративтік қызметтер ұсынуды, ықтимал әріптестердің несие қабілеттілігін тексеруді, маркетинг зерттеулерін жүргізуді, әріптестерді іздестіруді, екі жақты потенциалды бизнес-әріптестердің дерек қорын құруды және Қытайдың тауарларын Қазақстанға жеткізуді қолға алып отыр. Қазіргі таңда Сингапур кәсіпкерлері осы «Үлес» орталығына ұқсас қазақстандық іскерлермен бірге кәсіпорын құруға қызығушылығын білдіріп отыр. Желтоқсанның 13-і күні Гонконгтің қор биржасы қазақстандықтар үшін үлкен семинар өткізді. Семинар барысында қазақстандық компанияларды Гонконг қор биржасының листингіне тіркелу мерзімі талқыланды. Қазақстан мен Сянган арасындағы өзара қарым-қатынасты дамыту жолында атқарылып жатқан жұмыстар тек экономикалық саламен шектеліп қойған жоқ Екі жақтың ынтымақтастығы экономикалық саламен қоса, гуманитарлық және мәдени ауқымда қарқынды дамып келеді. 2005 жылдың қыркүйек айында Гонконг Баптист университетінің президенті Энджи Чингфай бастаған топ Қазақстанға жасаған сапар барысында Алматыдағы ҚЭМБИ, Астанадағы Гумилев атындағы Еуразия университетінің басшыларымен кездесті. Нәтижесінде студенттермен, оқытушылармен және профессорлармен алмасу, ғылым мен жоғары технология саласындағы болашақ байланыстар туралы келісім жобасына қол қойылды. Сол келіссөздердің алғашқы нәтижесі ретінде, қазіргі таңда қазақстандық ҚЭМБИ оқу орнының төрт студенті Гонконг Баптист университетінде алғашында білім алған. Қазақстанның Сянган мен Аомынь аймақтарындағы әр алуан салалардағы қатынастарының келешегі бар. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Сянганға мемлекеттік сапары кезіндегі қол қойылған «Әуе жол қатынасы туралы» құжаттарының екі жақтық байланыстың нығаюында маңызы мен тиімділігі зор. Қазіргі таңда Бас консулдық Гонконг пен Қазақстан арасында тікелей әуе рейсін ашу мақсатында гонконгтық «Cathay Pacific», «Dragonair» және «Oasis» сияқты әуе компанияларымен келіссөздер жүргізді. Қазақстан мен Гонконг арасындағы студенттермен алмасу, гонконгтік компаниялар, банктер, Гонконг қор биржасымен тәжірибе алмасудың кең ауқымда жүзеге асырылуының мүмкіндіктері бар. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында мемлекет дамуының жаңа кезеңдегі 10 негізгі мақсаты мен маңызды 30 бағыты белгіленген. Бұл арада осы мақсаттар мен бағыттарды жүзеге асырудағы Бас консулдық бастамаларын айқындап қарастырсақ 2006 жылы өткен кездесуде Гонконг Қор биржасының вице-президенті Лоренс Фок мырза қазақстандық компаниялардың Гонконг биржасына жол ашуына, қазақстандық брокерлерді дайындауға Гонконг биржасы жәрдем беретінін атап өтті. Бас консулдықтың бастамасы бойынша «Үлес» Қазақстан-Гонконг инвестициялық консалтингтік орталығы халықты инвестициялық сауаттылық әліппесіне үйрететін және брокерлер, аудиторлар, жылжымайтын мүлік бағалаушыларын дайындайтын Ұлттық орталық құруды ұсынып отыр. Оқыту жеке тұлғаларға ақылы түрде, ал Қазақстанның мемлекеттік құрылымдарының тиісті өкілдеріне тегін түрде жүргізілетін болады. Мамандарды дайындау екі деңгейде жүзеге асты. Алғашқысы қазақстандық кәсіпкерлерді үйретуге Гонконг Қор биржасының және Гонконгтың басқа да қаржы, аудит, инвестициялық ұйымдарының мамандарын тарту негізінде Алматыда арнайы дайындық орталығын құру арқылы болса, екіншісі Гонконгке оқытуға жіберілетін арнайы топты құруда жүзеге асты. «Үлес» орталығы белгіленген салаларда тек Гонконг тәжірибесімен шектеліп қана қоймай, өз қызметінің кеңістігін кеңейту арқылы Лондон, Нью-Йорк, Токио және басқа да дүниежүзі биржаларының мамандарын шақыру да жоспарларында бар. «Үлес» орталығының жұмысы, еліміздің Қазына және Самұрық мемлекеттік холдингтерінің қызмет бағдарламасына сай келді. Белгіленген мамандарды дайындау Ұлттық орталығының құрылуы Қазақстанның жан-жақты жаңғыртылуына жедел әрі тиімді жұмыс істейтін қор нарығын құруға, халықты инвестициялық сауаттылық әліппесіне үйретуге, жекелеген жобаларды алғашқы қаржыландырудан ауқымды қаржыландыруға ауыстыру, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыруға және Қазақстан өңірлік қаржы нарықтарының Алматыдағы қаржы орталығының төңірегінде топтасуын дамытуға мүмкіндік туғызар еді. Гонконгпен ынтымақтастықтың артықшылығын қалай сипаттай келсек Гонконг «жалғыз терезе» жүйесінің шеңберінде кәсіпкерге фирманы бір-екі күннің ішінде тіркете алатындай жағдай туғызатын жаңа кәсіпорындар мен компаниялар құрудың жолға қойылған жүйесіне ие. Ұсынылып отырған Ұлттық орталықтың қызметі халықты инвестициялық сауаттылық әліппесіне үйретумен қатар, мінсіз беделі бар тәуелсіз аудитордың қатысуымен мемхолдингтер жұмысының нәтижесінде жүргізілетін жыл сайынғы тексеру айқын, ашық жүйелілікті қамтамасыз етуге және жылжымайтын мүлікті бағалаудың тиімді әдістемесін әзірлеуге жәрдемін берер еді. Біз қазақстандық кәсіпкерлерді әріптестік шартымен «Үлес» орталығының қызметіне атсалысуға және атап өтілген салаларда мамандар дайындау бойынша Ұлттық орталығын құруға шақырамыз. Сонымен қатар, эмитенттердің Батысқа бағытталған назарын әлемнің ірі қаржы әрі қор нарығының орталығы Гонконгке аударуға шақырамыз.

Қытайда 1,5 миллионға таяу қазақтың тұрақты тұруына байланысты Қазақстан тарапы олардың

мүдделері мен құқықтарын қорғау мәселесіне үлкен назар аударып отыр. Қытай үкіметі де қазақ диаспорасына оң қарап, олардың тарихи отанымен байланыс жасауына өз септігін тигізуде. Мысалы, Қазақстанда өткен Дүниежүзі қазақтарының екінші және үшінші құрылтайларына Қытайдан партия және үкімет басшылары бастаған ауқымды ресми делегациялар жіберілді[6].

Қазақстанға тұрақты көшіп келемін деуші қазақ өкілдеріне біздің елдің тарапынан мүмкіндігінше жеңілдіктер жасалуда. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 қаңтардағы №46 “Консулдық алымдарды төлеуден босатылатын консулдық іс-әрекеттердің тізбесін бекіту туралы” қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматтары емес ұлты қазақ адамдар консулдық алымдарды төлеуден босатылды және бұл қаулы үстіміздегі жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді.

Екі ел арасында стратегиялық әріптестіктің орнауы тараптардың қарым-қатынасын арттыру үшін жаңа мүмкіндіктер ашатынына кәміл сенімдіміз. Біз бүгінгі жаһандану үдерісі жағдайында халықтарымыздың бейбіт өмір сүруін, орнықты дамуы мен тұрақтылығын сақтау, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етіп, аймақтық, сондай-ақ және әлемдік мәселелерді бірлесе шешу үшін Қытаймен достық тату көршілікті одан әрі дамытуға мүдделіміз[7].

Мемлекеттік бағдарлама бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігіне қарасты Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының басшысы тарих ғылымының докторы, профессор М.Х.Әбусейтованың бастауымен зерттеуші ғалым Болат Еженханұлы, Нәбижан Мұқаметханұлы секілді қайраткерлердің 2004-2006 жылдар аралығындағы тер төгу еңбектерінің арқасында жоғарыда аталған тарихи құжаттарға тіл бітіп, келешек ұрпаққа таныстырылды. Мұражайдағы еңбектердің мемлекеттік қорғаудағы дүние екендігін ескерсек, кез келген зерттеушінің кіруіне және саяси мәні бар тарихи құнды құжатты тексеруіне мемлекет тарапынан шектеу қойылатындығы белгілі. Бұл мәселердің барлығын дерлік Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Елшілі Ж.С.Кәрібжановтың бастауымен қытай тарапымен жүргізілген жан-жақты табанды келісулердің нәтижесінде шешілді. Менің Елшілікте вице-консул лауазымында қызмет істеген уақытында осы зерттеу жұмыстары жүргізілген. Қытайдағы Қазақстанның Консулдық қызметі аталған қазақстандық ғалымдардың Қытайға виза алып келуі мен тұруын, еркін жұмыс атқаруын, керісінше қытайлық ғалымдардың Қазақстанға жедел қажет жағдайда баруын дер кезінде қамтамасыз етті. 2006 жылы Шыңжаң халық басқару Үкіметінің Пекин қаласындағы өкілдігінің Орталық залында Елшіліктің ұйымдастыруымен алғашқы рет ҚХР №1 Тарихи құжаттар мұрағатынан Цинь патшалығы тұсындағы қазақ-қытай қарым-қатынастары туралы тарихи құжаттардың бірінші кітабы Қазақстан тарапына табыс етілді. Бұл құжаттар жинағы бес томға жинақталу көзделген. Қазақстан мен Қытай Республикасы арасындағы қарым – қатынасты дамыту барысында Н. Ә.Назарбаевтың рөлінің жоғары екендігін сипаттай келе Қ.Тоқаев «Ху Цзиньтао Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2006 жылғы Шанхайда өткен самиттегі екі ел арасындағы қарым- қатынасты жаңа даму деңгейіне жеткізу жөніндегі ұсынысын қабылдағаны жөнінде де ерекше атап өткен». [8, 267-268 ]. Тәуелсіз Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы байланыстарындағы келісім – шарттардың мемлекетімізді дамытуда тарихи маңызы өте зор.

1 Сұлтанов Қ. Мүдделер тоғысы. – Астана: «Елорда», 2003.- 3 б.

2 Приоритеты Казахской дипломатии на рубеже веков. – Москва: Русский Паритет, 2000. – 153

3 Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасындағы дипломатиялық байланысқа 10 жыл атты жинақта «Меморандум Взаимопонимания к совместному коммюнике об установлении дипломатических отношений между Китайской Народной Республикой и Республикой Казахстан. – Пекин, 2002.- 9 с.

4 Тоқаев Қ. Преодоление. – Алматы: ОАО «Сак»–НП ПИК Саунһар, 2003. – 109 б.

5 Н.Ә. Назарбаев Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан

6 Мұқаметханұлы Н. XX ғасырдағы Қытайдың тарихи үрдісіндегі қазақтардың әлеуметтік дамуы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006.- 74 б.

7 Е.Баударбек-Қожатаев, ҚР Сыртқы істер министрлігі Азия және Африка департаментінің директоры. Дипломатия жаршысы // 07 МАУСЫМ СЕНБІ 2008 ЖЫЛ №168-169

8 Сборник документов: 15 лет казахстанско –китайским отношениям – Посольство РК в КНР: Центр исследований ШОС КИМП, 2007.- с. 267-268,

## **САЯСИ ТАРИХ ПОЛИТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ**

### **ҰЛТТЫҚ БІРЛІК ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚ – ЕЛІМІЗДІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТАҢДАУЫ**

**Б.Қ. Әбдіғұлова** – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Инновациялық технологиялар және Толеранттық білім беру орталығының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы

*В данной статье рассматриваются вопросы межнациональных отношений, согласия и стабильности как один важнейших стратегических направлений нашего государства.*

*This article considers the issues of international relations, harmony and stability - as a one of the most important strategic approaches of our country.*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауында, баяндамаларында Қазақстанның біртұтас халқы болып табылатын барлық ұлттар өкілдерінің ұстамдылығын, конфессияаралық және мәдениетаралық татулығын қамтамасыз етіп отырған Қазақстанның әлемдегі рөлін жаңа деңгейге көтеру-басты мақсаттарымыздың бірі екенін атап көрсетті.

Кең байтақ Қазақстан жерінің жағрафиялық, табиғат жағдайларының мейлінше әр қырлылығы, бай кеніштері мол минералдық ресурстары, оның көп ұлтты халқының құрамы мен Еуразия құрылығының қақ ортасында орналасқан территориясы-еліміздің тамаша ерекшелігі. «Қазақстан-ерекше ел. Бұл елдің жер аумағы Батыс Еуропа аумағына жақындап қалады, ал халқының саны небәрі он бес миллион. Мұнда таулы шыңдар, ағынды өзендер, асау сарқырамалар, мұздықтар мен биік таудағы жайлаулар бар. Мұнда шексіз- шексіз дала, сонау көкжиекке дейін созылып жататын қырлар мен жасыл шабындықтар бар. Мұндағы жердің күн көзінен кеуіп құрғап кететіні сондай, қыста кейде суық қырық градусқа дейін жететін, ал жазда, керісінше, қырық градустық аптап ыстық болатын бұл өлкеде тірі жәндік атаулының бәрі бірдей жанын сақтап қала алмайды...Елдің халқы сондай санқырлы.Тарихи тағдыр солай қылып қалыптасқандықтан, қазіргі қазақтардың ата- бабалары жақсы жер, малға жайлым іздеп бүкіл даланы шарлап, көшіп- қонып жүрген», -деп әділ жазады АҚШ-тың Қазақстан Республикасындағы елшісі қызметін бірнеше жыл табысты атқарған қайраткер-Джон Ордвей [1]. Ата-бабаларымыз бүгінгі Қазақстанның ұлан-байтақ жерін қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай аман сақтап, қорғап, бізге мұраға қалдырды.

*«Қазақ деген ел-бостандық, азаттықты сүйетін, даланы, таза ауаны, таза суды, таза көгалды сүйетін халық»,* - дейді белгілі жазушы Ғ.Мүсірепов.

Еуразия құрылығының ажырағысыз бөлігі-Қазақстан өзінің көп ғасырлық тарихында Шығыс және Батыс өркениеттерінің этникааралық байланыстарының белсенді аймағы болып табылады.

Қазақстанда тұратын адамдар еліміздің негізгі байлығы. Кең-байтақ Қазақстан жерінде 17 миллионнан аса адам тұрады.

Республикамыздың басты жетістігі мен мақтанышы-*этносаралық келісім мен түсінікті сақтай білуі*. 140 этнос пен 46 конфессияға ортақ үй болып отырған Қазақстандағы этносаралық келісім болып табылатын бұл тәжірибе Қазақстан Республикасының 2010 жылыЕуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымға (ЕҚЫҰ) төралағының негізгі кілті болғаны белгілі.

Бүгінгі таңда республикада қоғамдық келісім мен тұрақтылықты одан әрі нығайтудың маңызы ерекше. *«Ырыс алды ынтымақ», «Бірлік бар жерде тірлік бар»*дейтін халқымыз үшін республика тұрғындарының тату-тәтті тіршілігі тәуелсіздіктің басты жетістіктерінің бірі.

Еліміздегі жас ұрпақты тәрбиелеудің аса маңызды **міндеттері**: *«азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез-келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу; белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру; Отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; т.б.»* болып саналады [2]. Жаһанда 4 мыңдай этностар мен 192 ұлт бар, олардың өз мемлекеттері бар. Ұлтаралық келісімге қол жеткен мемлекеттер әлдеқайда көп жетістіктер мен тұрақты дамуға, өркендеуге жол ашқан. Ғылыми әдебиеттерде *«ұлт» ұғымы екі мағынада* қолданылады. Бірінші, этностық және саяси-құқықтық, екіншіден, бір мемлекеттің құқықтық мәртебесі тең, тарихи, мәдени тұрғыда қалыптасқан азаматтардың бірлігі.

Қазіргі «мемлекеттің іргетасын қазақ ұлты құраушы» ретінде қоғам, тарихи жағдайларға байланысты аса үлкен жауапкершілік алып отыр.

«Қазақ халқы бәрінің басын біріктіруші ұлт ретінде алдымен өзі ұлтаралық татулықты сақтау стратегиясының болуына және бір мемлекеттің ішінде өзге ұлттармен тату- тәтті өмір сүруге, ал сыртта басқа елдермен, халықтармен достық қатынаста болуға мүдделі... Біз Алланың өзі жаратқан қазақ деген ұлтты қорғап, әрі қарай дамытуымыз керек» [3]. Міне, осы орайда қазақ халқы өз тілін дамытуы, мәдениетін өркендетуі, дәстүрін қадірлеуі, ұлттық намысты қорғай білуі, ұлттық мерейінің арта түсуі және өзімен бірге өмір сүріп жатқан басқа халықтардың да тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін сақталуына кепіл болуы, сондай-ақ әлемге өзін таныту және сыйлата білуі-ең жоғары, әрі қиын да үлкен жауапкершілік екенін жете түсінуі маңызды.

Ұлтжандылық-өз ұлтының мәдениетін, әдебиетін, дәстүрін қадірлейтін, ұлттық намысты қорғай білетін адамның ең жоғарғы қасиеті.

Ұлттық намыс-әрбір ұлт өкілінің отансүйгіштік қасиетін көрсететін жігерлі сезімнің, саналы іс-әрекетінің көрінісі. Ұлттық және интернационалдық тәрбие-өз ұлттық қасиетін сезінуге және басқа ұлттар мен халықтарды құрметтей білуге тәрбиелеу [4,224].

*Тату-тәтті тіршілік кешіп жатқан ұлт пен ұлыстың туған еліне айналған Қазақстандағы ұлттар* Отанымыздың гүлденіп, дамуы үшін еңбек етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев бірлігі жарасқан еліміздегі барлық ұлттар өкілдерінің татулығына ерекше назар аударып келеді. «Жас Отан» жастар қанатының 11 съезінде «Жастар-Отанға!» деп аталатын 2020 жылға дейінгі стратегия жобасында қызметтің 11 бағыты айқындалды. Қазақстан жастар саясатын дамытуға бағытталған бұл стратегияның жобасы дер кезінде дайындалған аса маңызды тарихи, саяси құжат. Стратегияның негізгі бағыттарында сапалы білім, жастардың әлеуметтік еңбекке бейімделуі, мәдени даму, бірлік жастар бірлестігі, ғылымды дамыту, еріктілер қозғалысын өркендету сияқты салалар қамтылған. Бұл стратегияның басты мақсаты- жастарды еліміздің күш-қуатын арттыру жолындағы нақты істерге жұмылдыру болып табылады.

Елбасы Н.Назарбаев 11 съезде сөйлеген сөзінде «Қазақстан-қай мағынада алғанда да жас мемлекет. Ел азаматтарының 5 миллионға жуығы 14 пен 29-дың аралығындағы жастар. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап жастар мәселесі менің де мемлекеттің де ең басты назарында болды», - деп атап көрсетті [5].

ҚР-ның Президенті Н.Назарбаев«Қазақстан-халқы татулыққа ұйыған, жастары жасампаздыққа ұмтылған елге айналды...

Барша халқымыздың ең басты құндылығы-Тәуелсіздік. Біз- көшпенділердің ұрпағымыз, ат үстінде жүрген елміз. Ержүрек халықтың жалғасымыз. Естеріңізде болсын, тарихта қазақты ешкім ешуақытта жаулап алған жоқ. Жаулап алғысы келгендер ел ішіне іріткі салды. Бүгінгі тәуелсіз елімізде қазақтың ішкі бірлігі сақталуға тиіс. Біз бір ұлтпыз, қанымыз бір, жанымыз бір. Сыртта жүрсек те, іште жүрсек те, барлық мәселені бірлесіп шешуге тиіспіз. Ешуақытта басқа ұлттың, басқа діннің адамдарын ренжітуге болмайды. Жаманшылықты өзіңе қалай тілесен, басқаларға да сондай тілекші бол. Қазақстандықтардың барлығы бір- біріне тілеулес болғаны жөн. Басқа ұлт болса да, оларда Қазақстанның төлқұжаты бар, осы елде туып-өсті. Бөтеніміз емес. Қоғамның барлық жүгін бірге көтерісіп келеді. Зауыт, фабрикаларды бірге салып жатырмыз. Бірлігіміз болса, біз бір-бірімізді сыйлаймыз. Бұған дейін осылай болған, бұдан кейін де солай болуға тиіс», -деп баса айтты [5].

Қазақстанда ұлтаралық қатынас тарихи және геосаяси жағдайларға байланысты өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, Қазақ жері соғыс жылдары елімізге күшпен көшірілген көптеген халықтарға пана болды. Қазақ халқы оларды туған бауырындай құшақ жая қарсы алып, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықтың үлгісін танытты. Қазақстан олардың барлығына дерлік екінші Отанға айналды. Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдары көшіп келген 1,5 миллион адамның туған отанына айналды. «Алыстағы Қазақстанда, Теректі ауылында біз өзімізді үйіміздегідей сезінеміз»-деп жазды атақты тракторист П.Н.Ангелина.

«Менің өмірім тікелей қазақ даласымен байланысты. Мен осында тудым, соғыстың қысылтаяң күндері қазақстандықтар жақындарындай, өз баласындай қамқорлық жасады. Қазақстан жерінде мен ұшқыш болдым. Космос кемесіне мініп, осы жерден көкке самғап, осы жерге қайта қондым. Қалай сіздерді сүймеске, қалай сіздерді мақтаныш тұтпауға болады, қазақстандықтар!» – деп тебірене жазды екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын алған КСРО космонавт-ұшқышы В.А.Шаталов.

Ұлттар мен ұлыстардың Отанына айналып отырған Қазақстан үшін ұлтаралық достық қатынас, өзара түсіністік, берік мызғымас сенім сияқты мәңгілік құндылықтар ел бірлігі жолындағы алтын арқау болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында Қазақстанда мекен ететін барлық ұлттар дініне, тіліне, шыққан тегіне қарамастан тең екендігі айтылған. Қазіргі күні елімізде 11 тілде газеттер шығады, 12 тілде теледидар, ал 6 тілде хабар таратылған.

Халықтар арасындағы татулық пен достық қатынас—еліміздің өркендеуінің басты кепілі. Еліміздегі тыныштық, елде тұратын халықтардың ауызбіршілігі мен өзара түсінушілігін сақтау—біздің әрқайсымыздың аса жауапты мақсатымыз. Осы мақсатты іске асыруда Қазақстан халықтары Ассамблеясының беделі зор. Жалпы 2006 жылды Қазақстан халықтары Ассамблеясының әлемдік деңгейге шыға бастаған жылы деуге болады.

Біз, елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін қалыптастырдық. Еліміздегі ұлтаралық татулық пен бірлік басқа мемлекеттердің қызығушылығын арттыруда. Мәселен, Бельгиядағы Тең мүмкіндіктер және нәсілшілдікке қарсы күрес орталығының директоры Иозеф Де Витте: *«Дәл осындай Ассамблеяны бізде де құру орынды болар еді, бұл модель қызықтыруда»*. Фордхэм университетінің деканы Парвиз Мордвидж *«Қазақстан көп ұлтты мемлекеттер ішінде жоғары жетістікке қол жеткен алғашқы ел, сондықтан ұлтаралық келісімнің қазақстандық моделін әлемдік тәжірибеде қолдану керек»*,—деп атап көрсетіп, еліміздегі бүгінгі жағдайға жоғары баға берді.

Бүгінгі таңда елімізде Қазақстан халықтарының Ассамблеясы және 30-дай мәдени орталықтар жұмыс істейді. Онда әр ұлттың өкілдері өз тілдерінде қарым-қатынас жасап, өз халқының дәстүрлері мен мәдениетін дамытуға мүмкіндіктері бар. ҚР-ның Президенті Н.Назарбаев: *«Ассамблея мүшелері бірлігі жарасқан Қазақстанның абыройы мен беделінің, ғасырлар бойы қалыптасқан жарасымды салт дәстүрінің жанды айғағы»*,—деп баса айтты. Қазақстан Республикасында тұратын ұлттар мен ұлыстар өлкемізде тыныштықты нығайтуға белсене қатысады.

Тіл ұлт саясатының өзегі болғандықтан Елбасы 2012 жылғы *Жолдауда-Қазақстан халықтарының рухани дамуына* ерекше көңіл бөлді. Көп ұлттылық пен көп тілділік маңызды құндылықтарымыздың бірі және біздің еліміздің басты артықшылығы. Елбасы: *«Қазақ тілі, біздің Конституциямызға сәйкес, мемлекеттік тіл болып табылады. Онымен бірдей мемлекеттік органдарда ресми түрде орыс тілі пайдаланылады. Бұл біздің Конституцияның нормасы, оны бұзуға ешкімге жол берілмейді»*,—деп тіл мәселесіне ерекше тоқталды(6). Қазақ тілі, мемлекеттік тіліміз өсіп-өркендеп келеді. 2020 жылға қарай мемлекеттік тілді меңгергендердің қатары 95 пайызға дейін жететін болады. *«Жас Отан»* жастар қанатының 11 съезінде Татьяна Куштаева: *«Ұлтым орыс болғанымен, мен қазақ жерінде ерке қыз болып өстім, сондықтан өз туған жерімнің тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін және тілін білуге барынша талпындым, енді Сіз айтқандай, деп Елбасыға қарап ағылшын тілін үйренуді мақсат етіп отырмын»*,— деді [5].

Көп ұлтты Қазақстан үшін отансүйгіштік сезім, ұлтаралық келісім мен татулық, саяси тұрақтылық еліміздің *дүниежүзілік қоғамдастықтың толыққанды мүшесі ретінде қалыптасу тарихында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізетін басты күш*. Сондықтан әлемде бәсекеге қабілетті болу үшін ұлтаралық қатынас пен халықтар бірлігі біз үшін ерекше маңызды. Елбасы 2012 жылғы Жолдауда: *«Алтыншыдан, оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет. Олар—патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, тәннің де, жанның да дамуы, заңға мойынұсынушылық»*,—деп айтты [6].

Бұл құндылықтарды жастарға баулу маңызды, сондықтан барлық оқу орындарында студенттердің бойына осындай қасиеттер сіңірілуіне баса назар аударды.

Бүгінгі жастар—ертеңгі ел тізгінін ұстайтын, мемлекет ісіне араласатын тұлғалар. Ұрпақ бойына қаншалықты асыл қасиеттерімізді сіңіре алсақ, араға жылдар салып, соның жемісін көреміз. Ұрпақ тәрбиелеу ісінің жауапкершілігі, күрделілігі мен маңыздылығы да осында. Ұлтжандылық, отансүйгіштік, адамгершілік қасиеттер адам бойына ұлттық рухымыздан нәр алып, ұрпақтан ұрпаққа сіңеді. Ол—Отан тарихы пен қазақ әдебиеті, мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыпы, тілі, ділі мен діні. Осылар біздің нәр алатын бастау-бұлақ, терең тамырымыз. Жастар тәрбиесі, білімді, білікті жастарды мемлекеттік қызметтерге тарту мәселесі олардың қоғамдық өмірге белсене араласып, келешекке деген сенім қалыптастыруына негіз болады. Бұл озық білімді, адамгершілік қасиеті жоғары, ойлы қазақстандықтардың жаңа буынын қалыптастырудың негізіне айналамақ. Осы орайда, балабақша, орта мектепте және жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихын терең де жетік оқып үйренуіміз—заман талабы. Жас ұрпақтың бойында жоғары патриоттық сананы қалыптастыру, өз елі үшін мақтаныш сезімді, ұлтаралық келісім мен татулық, саяси тұрақтылықты тәрбиелеуде жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихын оқып үйренудің маңызы зор.

Елбасы 2013 жылғы Жолдауда: *«Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек»*,— деді [7].

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті еліміздегі ең алғашқы жоғары оқу орны. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің тарих факультетінде 4 курста студенттер «Тарихты оқыту әдістемесі» атты пәнді оқып үйренеді. Студенттер алғашқы оқу жылдары Қазақстан тарихы пәнімен жан-жақты танысады. Қазақстан тарихын оқып үйрену Қазақстан жерін көне заманнан бүгінге дейін мекендеп келген халықтың, адамзаттың жүріп өткен тарихи жолын, тарихи білімдер негізін игеруге, студенттердің санасында ұлттық бірлікті қалыптастыруға, азаматтылық пен елжандылыққа, ұлтаралық келісім мен төзушілікке тәрбиелеуге, өз халқының және басқа халықтардың тарихын, мәдениетін құрметтеуге және жеке тұлғаның қалыптасып дамуына септігін тигізеді.

Отан тарихын оқыту барысында еліміздегі ұлтаралық қатынастың тарихи өзіндік ерекшеліктеріне назар аударылады. Атап айтсақ, Қазақстанға көптеген халықтардың өз ата-баба қонысынан еріксіз депортациялануы, кеңес кезеңінде индустрияландыру, Ұлы Отан соғысы жылдары, тың және тынайған жерлерді игеру кезеңдерінде қандай себептермен келді, оның тарихи және саяси мәнін анық, еш бұрмалаусыз түсіндіру, ұлттық дәстүрлерді құрметтеу, әр халықтың ерекшеліктерін ашып көрсету аса өзекті мәселе болып табылады. Сонымен қатар Қазақстан этностарының тарихы мен мәдениеті туралы білімдерін кеңейтуде «Қазақстан халқының диаспорасы» курстарының оқытылуы да заңды үрдіс.

Студенттер Қазақстан тарихын оқып үйрену барысында алған теориялық білімдерін «Тарихты оқыту әдістемесі» пәнімен тереңірек танысқанда және педагогикалық практика кезінде іс жүзінде пайдалануға мүмкіндік туады.

Жастарды тәрбиелеуде білім беру ісінің инновациялық дамуына ерекше орын беріледі. Бұның өзі оқытудың интерактивті әдістері мен жаңашыл технологияны оқу үрдісінде кеңінен қолдануға жағдай жасайды, жаңаша оқыта алатын білімдар ұстаздарды қажет етеді. Олай болса, болашақ кәсіби деңгейі жоғары педагог-мамандар даярлауда студент-жастарды оқытудың жаңашыл әдістемесімен, мұғалімдердің озат тәжірибелерімен жан-жақты таныстыру, қоғамның білім беруге қойылатын жаңа талаптарын түсінуге септігін тигізеді. Осы орайда, тарихты оқыту әдістемесі пәнінің қыр-сырын терең меңгеру, оны күнделікті сабақта өз тәжірибесінде пайдалана білудің маңызы зор.

Білім мен тәрбие берудің жауапты міндеттерін жүзеге асыруда жоғары оқу орындарында оқытылатын «Тарихты оқыту әдістемесі» пәнінің мүмкіндіктері зор.

«Тарихты оқыту әдістемесі» курсының дәрістерінде, семинарлар мен өздік жұмыстарында «Қазақстан тарихын оқыту әдістемесінің қалыптасуы мен дамуы», «Тарихты оқытуда белсенді және инновациялық әдістерді қолдану», «Педагогикалық технологиялар», «Тарихты оқытудағы ақпараттық технология» және басқа тақырыптардың мазмұнын ашып көрсету арқылы тарихты оқыту әдістемесі пәнінің мәні, оқытудың едеуір тиімді әдістері мен тәсілдері, жаңа технологиялардың түрлерімен танысып қоймайды, сонымен қатар шығармашыл мұғалімдер тәжірибесіндегі сабақ үлгілері талданып, оны студенттердің практикада пайдалануына мүмкіншіліктер жасалады. Семинарда студенттер теориялық материалмен қатар, тарихты оқытудағы интерактивті әдіс-тәсілдерді пайдаланып, сабақ үлгілерін дайындайды, оған презентация жасайды, талдайды. Әр студент өзі дайындап келген сабақ үлгілерін интерактивті тақтадан немесе компьютерден көрсетеді. Сабақ үлгілері бойынша кестелер, сызбалар, түрлі деңгейдегі тапсырмалар мен тестер, иллюстративтік материалдарды дайындайды. Студенттер бәсекелестік жағдайында өздері дайындап келген сабақ үлгілері бойынша бір-бірімен жарысқа түсіп, дағды, шеберліктерін дамытады. Семинар сабақтарында студенттер оқыту үдірісіне енгізілген замануи әдістемелер мен педагогикалық технологияларды талқылайды, ал мектепте практикада жүргенде өз тәжірибелерінде пайдалануға ұмтылады. Осы тұрғыдан алғанда, аталмыш пәндер студенттерге тарихтан сапалы білімге қол жеткізуде, оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдерін меңгеруге көмектеседі. Сонымен қатар «Қазақстан тарихын оқытудың тәрбиелік мәні», «Қазақстан тарихын оқытудың білімдік, тәрбиелік, дамытушылық рөлі», «Қазақстан тарихы оқулықтарының мазмұны» атты тақырыптардың мазмұнын ашып көрсетудің студенттердің отаншылдық сезімін, ұлтаралық келісім мен татулықты қалыптастыруда орны ерекше.

Тарихты оқыту әдістемесі пәнін оқып үйрену студенттердің дүние жүзі тарихы мен Қазақстан тарихы пәндерінен алған жүйелі, теориялық білімдерін өз тәжірибелерінде, болашақ маман ретінде мектепте сабақ бергенде қолдануға бірден жол ашатын тәрбиелік-танымдық мәні зор пән болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, аталмыш курс мазмұны студенттерге тарихтан сапалы білімге қол жеткізуге, оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдерін меңгеруге, елжандылыққа, төзушілікке, парасаттылыққа және адамгершілікке тәрбиелеуге себін тигізеді. Елімізде тыныштықты, халықтардың ауызбіршілігі мен өзара жарасымды ынтымағын сақтау әрқайсымыздың аса жауапты міндетіміз. Әрқашанда өзімізге ең қымбат нәрсе – Отанымыздың бейбіт өмірі мен татулығын естен шығармауымыз керек.



1 Джон Ордвей «Қазақстан-ерекше ел» // Егемен Қазақстан, 2010, 6 қаңтар.

2 ҚР-нің «Білім туралы Заңы». - Алматы., 2007.

3 М.Нәрікбаев. Ұлт мәселесінде шамадан тыс қызығушылықтан гөрі, байыпты қадамнан ұтарымыз көп // Егемен Қазақстан, 2009, 30 желтоқсан

4 Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы.-Алматы, Каз.энц., 2001.

5 Назарбаев Н.Ә. «Жас Отан» жасатар қанатының 11 съезінде сөйлеген сөзі// Егемен Қазақстан, 2012 жыл, 17 қараша.

6 Назарбаев Н.Ә. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2012 жыл 28 қаңтар// Егемен Қазақстан, 2012 жыл, 28 қаңтар.

7 Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан–2050» стратегиясы- қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты// Егемен Қазақстан, 15 желтоқсан, 2012.

## **ЕРКІНДІК ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК ҰҒЫМДАРЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘН-МАҒЫНАСЫ**

**М.Дакенов – ҚазҰПУ-нің профессоры,**

**М.А. Джекебаева – С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-нің аға оқытушысы, филос.ғ.к.**

*Ответственность и свобода два экзистенциально, жизненно важные категории философии. Об этих категориях рассмотрели во все времена в истории философии с разных сторон. Сегодня очень актуально рассмотреть всю важность этих философских категорий.*

*The article considering directions which given about responsibility and freedom at many philosophy, religious in each epochs. As category of ethics and rights, special social-moralrelations of personality society, shows the duties in divides. This article was directed about responsibility debt and freedom about values of these category in social life of every man.*

Адам о баста табиғатпен туылса да, оған берілген еркіндік пен жауапкершілік, оны айналадағы болмысты зерттеп, тануға қызықтырады. Еркіндік пен жауапкершілік адам тіршілігінің маңызды, өмірлік, мәнді әлеуметтік, саяси, экзистенциалдық ұғымдары, сондықтан олар – адам мәнін сипаттайтын философиялық категориялар. Еркіндік пен жауапкершілік бақылау, сараптама, тәжірибе жасау нәтижесінде адам білімінің артуына көмектеседі. Сондықтан бұларды иеленгендер қашанда белсенді позицияда тұрады. Таңдау еркіндігі арқылы әрекеттене отырып, адам тәжірибесін байытады, өзін көрсету мүмкіндігіне ие болады. Олар өз еркімен әрекет етіп, ойлай алатын мүмкіндіктен тұрады.

Біз әрдайым өз өміріміз бен өзгелер үшін де жауапкершіліктеміз, еркіндік қашанда жауапкершіліксіз өмір сүрмейді байланысады. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік жалғыз азаматқа ғана қатысты емес, еркіндікке негізделген, бұдан екі ұғымның өзара қатынасын, байланысын көруге болады. Еркіндік барлығының негізінде жататын жалғыз ұстаным. Объективті әлемде біз өзімізден басқа бар нәрсені көрмейміз, тек, өзіміздің еркін әрекетіміздің ішкі шектелуін ғана байқаймыз. Еркіндік үшін алғышарт қажет, адам өз әрекетінде еркін, соңғы нәтижесінде қажеттілікке тәуелді. Адам еркіндігі мәселесі қазіргі таңда саяси және рухани өмірдің орталығында тұр, оған жету деңгейі қазіргі қоғаммен, оның жалпы мәдени дамуы демократиялығымен анықталады және өркениеттілігінің негізгі критерийі болып табылады [1, 260, 428 бб.].

Еркіндік пен жауапкершілік тұлғаның өмір сүруінің шарттары, адамдар өз әрекетінің мақсатын анықтағанда едәуір еркіндікті иеленеді. Еркіндік те, жауапкершілік те абсолютті ұғымдар емес. Еркіндік бізді күреске итерме-лейді, адамдық қуаныш пен ләззаттан бас тартуға сүйейді. Қайғыру, тәуекел, жеңіліс арқылы болған еркіндіктің өзі өмірімізді жақсы ете алады, сондықтан оған адам ғана таңдау жасайды. Еркіндік пен жауапкершілік мәселесі өздерінің әлеуметтік мәнінде қоғамдық өмірде, саясатта, заң, басқа да заңды актілерде, өнерде, көркем әдебиетте кең тарағандықтан антропо-логия, саясаттану, заң ғылымдары, психология, мәдениеттану, әлеуметтану, этика, қоғамтану пәндерінің орталық мәселесі ретінде көреміз [2, 15-16 бб.].

Бұл категориялар адамзат дамуының әрбір кезеңінде, әр дәуірдің философтары, әлеуметтанушылары болсын, тіпті христиандық, ислам және буддизм дінінің өзі еркіндік мәселесіне өзінше қарап, өздігінше тұжырым жасаған, алайда мәселе күрделілігінің салдарынан толық шешілмеген және бұл ұғымдардың өзара байланысының әлеуметтік-философиялық, діни-этикалық аспектілері жайлы зерттеу жок, сондықтан біз осы мәселені көтеріп отырмыз.

Қаншалықты абстрактілі ұғым болса да, еркіндіктің нақты, тарихи және әлеуметтік жағдайда мазмұны

бар. Еркіндік пен жауапкершіліктің байланысы адам болмысының әмбебаптық сипаттамасы. Қарапайым түсінікте еркіндік біреудің үстемдігінсіз өмір сүру, қалаған әрекетін іске асыра алу қабілеті болып саналады. Еркін таңдау, ерікті адам, ерікті ерік, азамат еркіндігі, еркін ойлар, еркін махаббат міне қарап тұрсаңыз, қоғамдық сана мен бұқаралық мәдениетте еркіндіктей анағұрлым қажетті де, лайықты ұғым жоқ та шығар. Сондықтан, адамзат үшін еркіндік пен жауапкершілік – мемлекет қайраткер-лерінің, жастар субмәдениетінің риторикалық атрибуты болып саналады. Еркіндік пен жауапкершіліктің философиялық интерпретациясы әртүрлі түсіндірулермен байланысқан. Мұнда орталық мәселе ретінде, еркіндік пен қажеттілік арақатынасын алуға болады.

«Краткий словарь философии права» кітабында жауапкершілікке мынадай анықтама берілген: «Жауапкершілік – тұлғаның әлеуметтік ортадан қоғам мен мемлекеттен нормативтік үлгіге сәйкестікті талап ететін этико-құқықтық категория». Жауапкершілік ұғымында әлеуметтік нормаларды ұстану үшін моралді-құқықтық санаға шақыратын мәжбүрлік сипат бар. Бұл біздің жоғарыда айтып кеткен анықтамамызға ұқсас болып тұр. Еркіндік пен жауапкершіліктің өзара байланысы адамзат дамуының ажырамас бөлігі, олар материалды игіліктер мен ақпаратқа өзара айырбас жасаумен байланысты.

Философиялық сөздікте де жауапкершілік пен еркіндік өзінше анықталып жүр. Анықтамасы бойынша: «Жауапкершілік – этика және құқық саласымен байланысқан, ерекше, әлеуметтік және моралді, құқықтық тұлғаның қоғамға, адамзатқа қатынасын білдіреді, ол өнегелік парыз атқарумен сипатталады». Анықтамада көрсетілгендей, шындығында, қазіргі кезде жауапкершілік этика мен құқық саласында ең көп қолданыс тапқан, өнегелік парыз сезімімен байланысқан. Дегенмен, бұл анықтаманы толық, жан-жақты деп айту қиын, себебі, адам онтологиясының осы мәселеге қатысты келесі маңызды көрінісі – еркіндікпен байланыссыз қарастырған. Жауапкершілік – еркіндіктің керісінше жағы, оның екінші «мені», ол еркіндікпен үздіксіз байланысқан, еркіндіктің имманентті шектеушісі болып табылады.

Философиялық әдебиетте: жауапкершілікке қоғам алдында адамның өз міндеті мен парызын сезінуінің моралдік-психологиялық категориясы деген анықтама беріліп жүр. Бұл тұрғыдан қарағанда, жауапкершілік – адамдардың өз әрекетінің нәтижесін көре білу мүмкіндігі, оның қоғамға әкелер пайдасы, не зияны бар ма, осыны анықтау болып табылады. Қалай десек те, бұл екі ұғым философиялық қана емес, антропологиялық, онтологиялық, діни, этикалық, құқықтық ұғымдар ретінде күнделікті тұрмысымызда көп кездесетінін байқаймыз. Этикалық тұрғыдан жауапкершілік ұғымына жақын ұғымның бірі әдеп болып табылады, ол туралы саралап көрсек: әдеп – қоғамдағы адамдар мінез-құлқына қойылатын этикалық талаптардың жиынтық атауы. Әдептің қоғамдағы басты қызметі тұлғалық қатынастарды адамгершілік талаптарына сәйкес ретке келтірумен байланысты. Бұл сипатта әдеп мәдениеттің іргелі бір құрамдас бөлігіне жатады [3, 243, 323 бб.].

Еркіндік пен ерік синоним ретінде қолданылады. Ерік өз тілегенінді алдына қойған мақсатынды жүзеге асыру, саналы ұмтылыс, тілек, талап, билік, мүмкіндік, ал «еркіндік дегеніміз – ерікті күй». Ар-ождан қоршаған орта алдындағы өнегелі жауапкершілік сезімі. Ар «өз қылығы үшін адамдардың қоғам алдындағы моралді жауапкершілікті сезінуі мен сезімі» – деп анықтауға келеді [4, 917 б.]. Егер еркіндік шындықты адекватты түрде тануда болса, онда адам таным объектісіне тәуелдікте, оның еркін ерігі басылып қалған. Объективті қажеттілікті тани отырып, адам өзін қоршаған табиғи ортаға, әлеуметтік үрдістерге, өз табиғатына әсер етуге қабілетті. Еркіндік пен жауапкершіліктің өзара байланысын гносеологиялық тұрғыдан қарастырғанда, мәселе өте күрделенеді.

Еркіндік пен жауапкершілік ұғымдарын түсіну диапозоны өте кең. Ол еркін таңдау мүмкіндігін толық терістейтін – бихевиоризм концепциясынан басталып, қазіргі өркениеттік қоғам жағдайындағы Э.Фроммның «Еркіндіктен қашуына» дейін жалғасып жатыр. Еркіндікке келсек, ол адамдардың қылыққа қабілеттілігі, «саналы қажеттілік» арқылы жауапкершілікпен байланысқан. Еркіндік еріктілік ретінде тұлға мен қоршаған орта адамдарының алдында шектеледі. Ол адам болмысының әмбебапты сипаты. Адамдардың жауапкершілігі таңдау еркіндігі арқылы өсіп, немесе төмендеп отырады. Біреулерге еркіндік – рәміз, біреулерге идеал, біреулерге мақсат емес, құрал, енді басқаларға өнегесіз, саяси ойында қалқа болып табылады. Таңдаулылар үшін еркіндік пен жауапкершіліктің элитарлы концепциясы мен ұжымдық теориялары бар. Бұл мәселенің онтологиялық-антропологиялық мәні де бар, қоғамда әлеуметтік өмірге саналы бастама ендіру, қоғамға өз бетімен басқаруды әкелу жеке еркіндік өлшемін арттырады. Бұл сонымен қатар, әлеуметтік және моралдік жауапкершілік тудырады. Жауапкершілік қашанда – тұлға әрекетінің өзін реттеуші, тұлғаның өнегелі кемелдігін көрсетуші феномен. Жауапкершілік адамдарға ар мен парыз сезімін, өзін басқара білуді жүзеге асыруда көмек-теседі. Антропологиялық философияда еркіндік пен жауапкершілікті түсіну қалыптасқан стереотиптермен, теориялық әдетпен ерекшеленеді.

К.Маркс еркіндік туралы біршама ой-көзқарастарын өзінің «Капитал» еңбегінде қалдырады. Ол адам еркіндігінің адамдық қатынастағы үш тарихи кезеңі немесе сатысын көрсетті. Бұларға жеке тәуелділік қатынас, ерікті индивидуалдылық және жеке тәуелділік жатады. Жеке тәуелділік қатынас жүздеген жылдарға созылған. Алғашында, алғашқы қауымдық қоғам кезінде саяси-экономикалық тәуелдікке тап болды. Екінші кезең, ерекше адым кезеңі – еңбектің өндіргіш күшінің прогресімен, нарықтың өсуімен байланысты. Жұмысшы күші, еңбекке қабілеттілік еркін, тәуелсіз сипатта. Экономикалық еркіндікке қоғамның саяси жүйесі сай келді, басқа адамдармен материалдық, заттық тәуелділікті сақтаудағы адамдардың жеке, саяси, заңдық тәуелсіздігі шынайы еркіндікке қадам болып есептеледі. Бірақ, бұл шынайы адам еркіндігі емес. Капитализм де, социализм де, адам еркіндігінің дамуындағы асимметрияны, заттық және рухани дуализмін жеңуге қабілетсіз. Еркіндік дамуындағы үшінші сатыға жету үшін үйлесімді дамыған тұлға және жан-жақты, ерікті, жатталынбаған немесе еркін индивидуалдылық деп аталатын, қазіргі қоғам эволюциясындағылардан басқа өлшеусіз нәрсе қажет. Бұндай толық еркін индивидуалдылық өзінің ішкі потенциясының дамуының әмбебапты өсуімен ерекшеленеді.

Жауапкершілік екі аспектімен қаралады. Біріншіден жауапкершілік –әлдебір әрекетті жүзеге асырудағы міндет болып табылса, екіншіден, жауапкершілік өз әрекетіне жауаптылықтағы қажеттілік. Бұдан бұл ұғымның ар-ожданнан кең ұғым екенін, парызбен теңесетінін байқаймыз. Ар-ождан жауапкершіліктің бір түрі. Ойшыл М. Бриман бойынша, «біз үшін ар-ождан адамдардың қоғам үшін жауапкершілігі. Батыстың ғылыми әдебиетіндегі жауапкершілік ұғымын талдау нәтижесінде А.П. Черменина оларды екі концепцияға жіктейді: біріншісі – абсолютті жауапкершілік концепциясы, екіншісі – жауапкершіліктің мүмкінсіздігі концепциясы.

Егер экзистенциализмде индивидтің айналасында өтетіндерге абсолютті моралды жауапкершілігін нақтыласа, психоанализ теориясы моралдік жауапкершіліктің жоқтығын айтады. Еркіндік адамның өлшем масштабы болып табылады, ол саналы таңдау арқылы шектеледі. Батыс философиясында, заң әдебиеттерінде «жауапкершілік» пен «себептілік» ұғымдарын теңестіретінін байқауға болады. Еркіндік пен жауапкершілікті түсіну антропологиялық философияда теориялық әдеттер мен стереотип-терден танылған қажеттілік болып табылады. Философиялық антропологияда әрбір жеке адам еркіндігі туралы сөз болып отыр, оның қабілетті нақты позициясы бар. Еркіндік адамдарға тән, ол шығармашылық. Философиялық антропологияда «еркіндік» ұғымы қашанда «жауапкершілік» ұғымымен байланысады. Еркіндік толықтырылмай тұрғанда, В.Франкл мен басқа ойшылдар бойынша, жауапкершілік ұғымы негативті ұғым болып қалады, егер, оның жүзеге асуы жауапкершілікпен байланыспаса, ол еріксіз-дікке айналады.

Неміс жазушысы И.Бюхнер айтуынша, еркіндік «бұл байланған қолы бар адам еркіндігіне ұқсас, яғни, тордағы құс еркіндігімен бірдей». И.Бюхнердің ойынша, абсолютті еркіндік жоқ, еркіндік қашанда салыстырмалы түрде кездеседі. Шындығында, егер адам автомат сияқты әрекеттенсе, егер бәрі бірдей қажет болса, кездейсоқтық, мүмкіндік жоқ болса, онда еркіндікке орын жоқ. Тіпті, егер адам бірнәрсенің қажеттігін таныса, бұл таным да жағдайды өзгертпейді. Түрмеде отырған бұл қажеттілікті таныған қылмыскер бұдан еркін бола алмайды. Біріншіге қарама-қарсы еркіндік түсіндірмесі бар. Бұл түсіндірме бойынша, еркіндікті қалай қаласаң, солай әрекеттену мүмкіндігі бар. Еркіндік ерік еркіндігі. Өз заманында ұлы патшайым Екатеринаның айтуынша, «еркіндік – бұл ешкімнің мені өзім қаламағанды жасауға мәжбүр ете алмауы» – деген екен. Еркіндік те, жауапкершілік те өмірдің қарапайым нормаларымен жиі соқтығысады. Жоғарыда айтылып өткен И.Бюхнердің ойына Э.Фромм біршама қайшы пікір айтады. Оның көзқарасынша, индивид әлемдегі максималды немесе абсолютті еркіндікке жеткен. Мұндай еркін бола отырып, адам өзінің еркіндігі шексіз жалғыздыққа әкелгенін көреді. Тәуелділіктің барлық формасын шеттете отырып, индивид соңында өз жеке «өзділігімен» оңаша қалады. Табиғат, қоғам жоғалады. Э.Фромм бұл жерде абсолютті еркіндіктің жеке индивидке пайдасыз екендігін, әкелер зиянын көрсетіп кеткен. Шындығында да, абсолютті еркіндікке жету мүмкін бе деген сұрақ туындайды. Әрине бұл мүмкін емес, ол тек әрбір адам ұмтылатын идеал ғана, тіпті жеткен күнде де оның қоғамға да, жеке адамға да әкелер пайдасы аз.

Адам рухани шығармашылық тұлға ретінде автономды болып келеді. Сондықтан еркіндіктің қажеттілік ұғымымен байланыспауы адамды субъект ретінде түсінуден шыққан. Адам өзі кездесіп отыратын әртүрлі жағдайлардан еркін емес, бірақ оның таңдау жасауға құқығы бар. Бұл теориялық ұстаным позитивтік құқықпен қабылданбайды, тұлғаның қоғамнан алатын лайықты-лық орны өз ісіне қаншалықты жауапкершілікпен қарауына байланысты болып келеді. Заң шығару еркіндік пен жауапкершілікті біріктіретін байланыстың терең мәнін бере алмайды. Жауапкершілік еркіндіксіз де мүмкін, бірақ толықтай жүзеге аспайды. Адамзат тарихы еркіндік пен жауапкершіліктің мистикалық байланысынан алыс жатыр. Көптеген ғасыр бойында еркіндігі үшін жауапкершілігінен бас тартатын адамдар кездесті,

олар өз жауапкершіліксіздіктерінен еркіндікті толық көрді. Кез-келген еркіндік практикалық іс-әрекеттің құқықтық императивы ретінде заңмен шектелмесе, өзінің қарама-қарсылығына айналады. Еркіндікті индивидуалды күй деп түсіну қажет, оның негізі оның тіршілігінің мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Еркіндік шексіз болуы мүмкін емес. Осы мәселелерге қатысты мынадай сұрақтар туады: еркіндіктің қандай шектелістерін қолдануға және қандай әлеуметтік өмір сферасына қатынасты қолдану қажет? Шектеу – еркіндіктің кепілдігін, өлшемін анықтау-дың, күзетудің позитивті тәсілі, ол объективті, әлеуметтік, қажетті сипатта кездеседі. Ғылымда негативті, әлеуметтік зиянды сипаттағы еркіндік шектеуі туралы әлі зерттелінбеген. Экзистенциализмнің орталық ұғымдары: «жауапкершілік», «еркіндік», «бақыт», «парыз», «қорқыныш», «таңдау», «өмір», «жалғыздық» болып саналады. Бұл ұғымдар адамдардың өз өмірін өзі ғана жасауына көмектеседі, ешқандай себептер – қоршаған орта, мұрагерлік, оның тағы да сол сияқты басқа да факторлар өмірін анықтауына көмектесе алмайды. Адамға өз болмысын иелену жазылған, сондықтан өмірін өзі таңдайды. Өз тағдырын таңдау еркіндігі адамның өзі үшін жауапкершілігі де болып табылады. Сонымен қатар, ол бүкіл адамзат алдында жауапты. Абсолютты, шексіз еркіндіктің болуы мүмкін емес. Бұған Батыс ойшылы Н.Макайвер: «Жауапкершілікті себеппен теңестіруге болады» – деп анықтама беріп жүр. А.Гинсберг өз кезегінде «Біз адамдарға жауапкершілік береміз. Авторлық автоматты түрде жауапкершілікке әкелмейді» – дейді [5, 76-77 бб.].

М.Бриман жауапкершілікті армен, Н.Макайвер себеппен теңестіреді, ал А.П.Черменина индивид еркіндігі болып жатқан жайттарға тәуелсіз дегенді айтады. Бұдан көретініміз еркіндікке де, жауапкершілікке де көптеген анықтама беріледі. Э.Кассирер «Техника современных политических мифов» еңбегінде «еркіндік» сөзін саясатта да, философияда да тұманды, екі мағыналы ұғым деп бағалайды. Ол былай сипаттайды: «Философияда еркіндік – «қажеттілікке», этикада – «жауапкершілікке», саясатта – «тәртіпке» қарсы тұрады. Сөздің мазмұндық интерпретациясының өзі әртүрлі: ол толық еріктілікпен ассоциацияланады» [6, 256 б.].

XX ғасыр экзистенциализм философиясының бір өкілі К.Ясперс «тіршілік дегеніміз, ерікті тұлғаның өзін нақтылауы, адам тарихының бәрі – еркін болуға тырысу» – деп еркіндікті анықтаған. Адам еркіндігін шектеген адамдарды нақты адамдар айналасында заттарға байланыстырған көптеген бұғаулар жоғалады. Н.А.Бердяевтің экзистенциалды концепциясы талданылған еркіндік концепциясының бірі болып табылады. Оның ойынша, «еркін адам – жалғыз», еркіндіктің табиғи немесе әлеуметтік қажеттілікпен байланысы шынайы еркіндіктің мәнін жояды. Н.А. Бердяевтің айтуынша, материалды әлем себепті, мәжбүрлі, ал шынайы еркіндік негізсіз болып саналады.

Б.П. Вышеславцев еркіндікті христиандық дінмен байланысты категория ретінде сипаттайды. Б.П. Вышеславцев бойынша, еркіндік – жамандықты әлемге жібермеу күші. Бір сөзбен айтқанда, еркіндік діни-этикалық категория болып шығады. Ал Гете болса, әрбір адам өзін дерліктей шектей алса, еркіндікті иелене алады деген. XIX-XX ғасыр философиялық ойлар көзқарас-тарында Б. Констан пікіріне тоқталсақ, шынайы еркіндік жеке еркіндік болып табылса, ал саяси еркіндік оның кепілі деп есептейді. Сондықтан еркіндіктің басқа формаларына қоса, халыққа бірінші кезекте азаматтық еркіндік қажет деп есептеген. Екінші кезекті саяси еркіндік алады, себебі, ең қажетті, күрделі еркіндіктің түріне жатады, себебі оның мақсаты азаматтардың ең озық тілектеріне арналған. Еркіндіктің қанатты сөзі үшін төңкерістер болды. Еркіндік мүддесі үшін үстемдік режимі жасалды. Еркіндіктің антиподы еріксіздікке көп көңіл бөлінбейді, ол еркіндікпен бірге, бөлінбес нәрсе. Адам өзін еркін сезінеді, сондықтан еркіндіктен басқа нәрсені естігісі келмейді. Еріксіздік жаза сияқты. Қоғамда еркіндік мәселесін рационализммен байланыстырады – дейді ойшыл. Ағылшын ойшылы Б. Констан көзқарасын орыс ғалымы А.Л. Никифоров ары қарай жалғастырады. Б. Констан шынайы еркіндік жеке еркіндік, ал саяси еркіндік оның кепілі деп есептесе, А.Л. Никифоров көзқарасында едәуір айырмашылықтар бар. Оның пайымдауынша, рационалды әрекет еріксіздігі терістеледі. А.Л. Никифоров рационалды әрекет еріксіз, ерікті әрекет рационалды емес, қажеттілікке бағыну ерік пе? – деп сұрақ қойып, «Қажеттілікті тану шарттар болып саналады, бірақ ол еркіндік емес» – деп жауап береді. Рационалды әрекет еріксіздігін терістей отырып, А.Л. Никифоров былай жазды: «Еркіндікті таныммен теңестіру адамды логикалық машинамен теңестіруге әкеледі [7, 226 б.].

А.Л. Никифоровтың пайымдауынша, «рационалды стандарттың бұзылуы – еркіндіктің маңызды белгісінің бірі болып табылады. Еркіндік қашанда рационалдыдан бұрын жүреді. Еркіндік рационалды еркіндік жақтаушы позициясы тұрғысынан алғанда еркіндік терістеушілер үшін рационалды емес. Абстрактті тұрғыдан, еркіндік өзіне рационалды және рационалды еместі біріктіреді». Бұл ойларға орыс ғалымы, философ Н.Новиков: «Еркіндік – ұлы құндылық. Әрекет ретіндегі еркіндік объективті, субъективтік шындықтың түрлі аспектілерімен келіспеу» деп өз ойын қосады [8, 267 б.].

Бұл айтылғандарды қорытындыласақ, А.Л. Никифоров та, Н. Новиков та еркіндік қажеттіліктің, мүмкіндіктің екінші шарты деп есептеген.

Таңдау адам еркіндігінің бірінші шарты. Шынайы еркіндікті тәуелсіз субъект қана жүзеге асыра алады. Еркіндік күй ретінде субъектінің автономдық болмысы. Еркіндіктің еріксіздіксіз мәні жоқ. Еркіндік те, еріксіздік те заттардың, құбылыстардың, үрдістердің объективті, субъективтік шындықтағы дамуы мен күйін сипаттайды. Еркіндік еріксіздіктен қашу, ауытқу. Еркіндік те, еріксіздіксіз те әрекет формасы.

1 Франк С.Л. *Предмет знания об основах и пределах отвлеченного знания. Душа человека опыт введения в философскую психологию.* – СПб.: Наука, 1995. – 653 с.

2 Йошкин В.К. *Несвобода и свобода в рациональном осмыслении мира // Вопросы философии – 2006. – №8 – С. 135.*

3 *Философский словарь / под ред. И.Т. Фролова.* – М.: Политиздат, 1980. – 444 с.

4 Ожегов С.И. *Словарь русского языка. 70000 слов / под ред. Н.Ю. Шведовой.* – М.: Русский язык, 1990. – 917 с.

5 Черменина А.П. *Проблема ответственности в современной буржуазной этике // Вопросы философии.* – 1965. – № 2. – С. 76, 77.

6 Кассирер Э. *Избранные: Индивид и космос // Философия символических форм.* – М.; СПб.: Университетская книга, 2000. – С. 256.

7 Ясперс К. *Смысл и назначения истории / пер. с нем.* – М.: Республика, 1994. – 527 с.

8 Канке В.А. *Философия. Исторический и систематический курс: учеб-ник для вузов.* – М.: Издательская корпорация «Логос», 1997. – 352 с.

## **ӘЛЕУМЕТТІК-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КАТЕГОРИЯ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ГУМАНИТАРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ҰҒЫМЫ**

**М.Дакенов** – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры,  
**У.Шубаева** – философия ғылымдарының кандидаты, доцент

*Представлен теоретический анализ технологизации гуманитарного знания в современном обществе.*

*A theoretical analysis of technologization of knowledge in the area of humanities in modern society is presented.*

Қазіргі заманғы философияның өзі гуманизм дағдарысына ұшырағаны жасырын емес. Дағдарыстың негізгі себебі – адамзаттың рухани-адамгершілік дамуы ғылыми-техникалық прогрестен артта қалуында деген пікірдеміз. Болашақ педагог мамандар білім беру үдерісін ұйымдастыруға және инновациялық технологияларды қолдануға қабілетті болу керек.

«Технология» ұғымы соңғы кездері ең көп қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Технология ұғымының оқытудың технологиясы, педагогикалық технология, білім беру технологиясы, тәрбие технологиясы, қарым-қатынас технологиясы, даму технологиясы, қалыптасу технологиясы, модульдік технология, топтық оқыту технологиясы сияқты психологиялық-педагогикалық ұғымдармен байланысы саналуан. Жоғарыда аталған технологиялардың қай түрі болмасын, өзінің мәнін анықтап, сипаттама беруді қажет етеді. Қазіргі кезеңдегі ғылыми айналымда “технология” және технологиямен байланысты жеке ұғымдарға берілген анықтамалар баршылық. Алайда білім беру жүйесінде дәл қазіргі кезеңде жүріп жатқан процестердің технологиясының мәнін ашып, түсіндіретін жалпы анықтама жоқ.

Білім беру жүйесі басқару органдарынан, түрлі типтегі және деңгейдегі білім беру мекемелерінен, жүйенің жұмыс істеуі және дамуын қамтамасыз ететін қаржы қорлары мен материалдық объектілерден, ғылыми орталықтардан тұратын күрделі құрылым болып табылады. Технологиялық тәсіл білім беру жүйесінің кез-келген саласында (басқару, білім беру, қаржыландыру, мониторинг т.б.) қолданылуы мүмкін. Сондықтан, «білім беру технологиясы» деген сөз тіркесін бірыңғай түсіндіру мүмкін емес. Бұл ұғымды тек қана оқытушы мен оқушы арасындағы арнайы ұйымдастырылған процестерге ғана қатысты қолданады. Егер осы процесті оқыту процесі деп атайтын болсақ, онда оған технологияның осы салаға арналған жиынтығы жатады. Біздің қарастыратынымыз — технологияның осы түрі.

«Технология» ұғымы «*Techné*» - өнер, шеберлік, «*logos*» – ілім, білім, оқу, ғылым деген мағыналарды білдіретін, грек тілінен енген екі сөзден тұрады. Сондықтан, «технология» терминін қазақ тіліне «өнер туралы ғылым немесе шеберлік туралы ғылым» деп аударуға болады [1].

Қазіргі заманғы ғылым жаңа технологияларды өндірумен қатар, қоғамның рухани құндылықтарына бағытталған жаңа саланы – гуманитарлық технология саласын дүниеге әкелді.

Ғылымның жаңа саласы ретінде, жаратылыстану технологиясына жаңа мән беретін ерекше сала – гуманитарлық технология. Өйткені замануи технология, озық технология күн санап адамға, адам өмірін өзгерте отырып жақындап келеді. Сондықтан да адамға бағытталған технологияны гуманитарлық деп атауға толық негіз бар. Сондай-ақ «гуманитарлық» сөз екі мағынада қолданылады: біріншісі – гуманитар-

лық ғылымға, білімге: екіншісі—адамға бағытталуы мағынасында қолданылуы. Гуманитарлық технология үшін оның қос мағынасы да тән.

Гуманитарлық технологиялар басқару гуманитарлық педагогикалық және психологиялық болып бөлінеді. Гуманитарлық технология - адамдардың өзін көрсету, олардың интеллектуалдық қасиеттерін өздері жүзеге асыру технологиясы. Гуманитарлық құндылықтарға құрылған интеллектуалдық әлеует қалыптастыру бағытындағы іргелі және қолданбалы зерттеулердің әлемдік тәжірибесі көрсеткендей, ғылыми қауымдастық алдына мынадай мәселелерді қалыптасуын күн тәртібіне қойды:

- синтергетикалық және жаңа институционализм әдістері арқылы интеллектуалды азамат концепциясын синтездеуді;

- гуманитарлық құралдардың мақсатты топтарға әсер етуі, шешім қабылдау процесіне адамның қатысу ролінің артуын, сондай-ақ гуманитарлық технологиялардың даму және прогрессивті өркендеу құралы ретінде танылуын;

- гуманитарлық технологиялардың орындалуын бағалау алгоритм арқылы талдамалық, ақпараттық ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу қажеттігін;

- гуманитарлық технологиялардың сенімге құрылуы, адам мен қоғам арасындағы нақты изоморфизмнің (жауапкершілікке қабілеттілік) қалыптасуын.

Бүгінде әлемнің көптеген елдерінде бұл бағытта бас қосқан ғылымдар түрлі бағыттарда мәселені шешуге атсалысуда. Мәселен, АҚШ-тың Гарвард университетінде гуманитарлық бастамалар бағытында, сондай-ақ қатар мемлекетінде гуманитарлық ғылымдарға байланысты зерттеулер кешенді түрде жүргізілуде. Осы елдегі «Гуманитарлық зерттеулер базасы» дүние жүзі бойынша алдыңғы қатарлы ақпараттар қорына ие.

Соңғы жылдары Қазақстан қозғалысының да интеллектуалдық әлеуетінің дамуы және өзекті проблемалары зерттеліп, талдау жүргізіле бастады. Қазақстандағы гуманитарлық құндылықтардың замануи қағидаларын талдау, қажетін қабылдау, құндылығын сақтау, дәстүрін жалғастыру—жаңа заманның өрлеуге бет бұрған қазақ елінің басты мақсаты, айқын мұраты.

XX ғасырдың білім жүйесіне зер сала қарасак, білім беру жүйесінде осы уақытқа дейін білім алушыдан білім, білік, дағдыны қалыптастыруды талап етсек, бүгінгі күннің мақсаты— оларды іскерлік қарым-қатынасқа, өз бетімен білім алуға бағыттау. Сондықтан да қазіргі замандағы педагогикалық ғылымның мақсаты—бала тұлғасының дамуына бағытталған жаңа білім технологияларын қалыптастыру.

ҚР-ның «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтары, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп, білім беру жүйесіне одан әрі дамыту міндеттері көзделеді.

Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс гуманитарлық бағыттағы білім беру қызметіне де жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, жастардың шығармашылық әлеуетін, оқытушының іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді.

Дәстүрлі жоғарғы оқу орнындағы дәріс жүйесінің барлық элементтерін және семинар сабағын құрастыру технологияларын қолданумен қатар, оқытушы келесі педагогикалық технологияларды пайдалана алады: ойын технологиялары, проблемалық оқыту, оқу зерттеуін ұйымдастыру технологиясы, жобалар әдісі, ақпараттық-коммуникативтік, модульдік оқыту технологиялар.

Гуманитарлық бағытта жаңа инновациялық технологияны меңгерудің төмендегідей жолдарына көңіл бөлу, оқытушы үшін сабақтың дұрыс нәтижесінде жетудің алғы шарты болмақ: жаңа инновациялық технологияны насихаттайтын нұсқаулар, әдістемелер, ақпараттарды жинақтап кеңінен танысу; жоспар құру; картотека жасау; оқу бағдарламасын, күнтізбелік-тақырыптық жоспар жасағанда жаңа инновациялық технологияны қолдануға болатын тақырыптарды іріктеу; жаңа инновациялық технологияны пайдаланып жазып, семинарлар өткізу, баспа беттерінде мақалалар жариялау; жаңа инновациялық технологияның сабақта кейбір қажетті элементтерін кіргізуден бастау керек.

Жаңа инновациялық технологиялар өз кәсіби міндеттерінің шешімін іздеу үстінде жүрген оқытушылар үшін кең мүмкіндіктер туғызады. Жаңашыл технологиялар алдыңғы қатарлық үздік оқытушыларды тартуға, білім алушылардың аудиториясын кеңейтуге жағдай туғызады.

Қазіргі кезде мемлекетімізді алға дамыту үшін материалдық құндылыққа қарағанда, рухани құндылықты дамытудың орны ерекше екендігіне ешкім дау туғызбайды. Көптеген ғалымдардың пікірінше рухани-өнегеліктің артта қалып қалуының себебі техникалық дамудың салдары деп есептейді.

Ең алғаш гуманитарлық технология ұғымын білім жүйесінде қолданған С. Крупкиннің қызметкерлерімен бірге 1998 ж. «Әлеуметтану» бөліміне ендірген еңбектерінен көруімізге болады [2]. Гуманитарлық технологиялар – стратегиялық сипаттағы болашаққа болжам жасау, көпшілікке жария ету және даралығын танытатын әлеуметтік жүйелерді басқару әдістерінің кешені болып табылады. Гуманитарлық технологиялар бойынша индивидтің әлеуметтік құрылымындағы өзгерістерді айқындауда «мінез-құлық стратегиясы» термині кеңінен қолданылады. Бұл ұғымды институтталған жүйешіктердің келісім теориясындағы өзара байланыстарды қарастыратын «әлем» түсінігімен қарастыруға болады. Ғылымда мұндай әлемнің жеті түрі көрсетілген:

1) нарықтық әлем; 2) индустриалдық әлем; 3) дәстүрлік әлем; 4) азаматтық әлем; 5) қоғамдық пікір әлемі; 6) экологиялық әлем; 7) шабыттану және шығармашылық қызметі әлемі.

Жалпы гуманитарлық технологияларды білім берудегі инновация ретінде қарастырамыз. Білім беру процесінде инновацияның маңыздылығы зор. Инновация – жүйені жаңарту, дамуын қамтамасыз етуге бағытталған, жаңа сапалық белгілерге өту жолы. «Инновация» ұғымын әр елде әр түрлі түсінген, кейбір мемлекеттерде (АҚШ, Нидерланды) бұл термин кең тараған, ал Арабия, Жапония тәріздес мемлекеттерде кезіктіру мүмкін емес. Сондықтан әр елде бұл құбылысқа қандай көзқарас қалыптасқанын анықтау мақсатымен ғылыми-педагогикалық, техникалық, саяси әдебиеттер мен баспа беттерін зерттей келе, Ресейде, шет елдерде, ТМД елдерінде, Қазақстанда «инновация» ұғымына көптеген анықтамалар берілгенін көреміз.

Ал жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлінеді:

Модификациялық инновация – бұл қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Комбинаторлық инновация – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел. Радикалдық инновацияға – білімге мемлекеттік стандартты енгізу жатады. Білім берудегі инновациялық ізденіс гуманитарлық технологиялар түсінігіндегі парадигмалар өзгерісіне байланысты. Сондықтан оқыту процесіне инновациялар енгізу уақыт талабына сай болуы тиіс. Бұл бағытта гуманитарлық технологиялардың білім беру процесіндегі маңыздылығын ескерген жөн.

Инновациялық педагогикалық процестер әлеуметтік зерттеулер мен педагогикалық тәжірибе салаларының пәні ретінде зерделенуі елімізде кеш қалыптасты. Әлемдік педагогикалық қауымдастық бұл мәселеге ерекше қарайды. Мәселен, ЮНЕСКО жанында әлемнің барлық елдеріндегі педагогикалық тың жаңалықтар жиынтығын жүйелеп, ақпарат беретін білім беруді дамытудағы педагогикалық инновациялар орталығы қызмет атқарады.

Инновация адамзат секілді өмір циклінен өтеді. Инновация дамуының келесі кезеңдері бар: 1) инновацияның пайда болуы; 2) оның қалыптасуы және нақты ортада жылдам өсімі; 3) кемелденуі, оның өзге ортаға кең таралуы; 4) жаңа бастамалардың дәстүрге айналуы.

Дәстүрге айналған инновацияның төртінші сатысы ұзақ уақыт қоғам үшін қажетті болады. Бірақ, оның қажеттілік шарттары өзгерсе, инновациялық дамудың бесінші кезеңі қалыптасып, дағдарысқа ұшырау байқалады [3].

Еліміздегі гуманитарлық технологиялардың қазіргі жағдайын талдауға байланысты оның екі мен үшінші сатылары арасында десек те болады. Бүгінде ол қоғамның барлық салаларына кеңінен тарап, білім беру мен тәрбиелеудегі маңызы артты. Біздің ойымызша, саяси-әлеуметтік, философиялық, діни, ұйымдастыру-басқару, әлеуметтік-мәдени инновациялардың педагогикалық инновацияларға ықпалы мол.

Қорыта айтсақ, гуманитарлық технологиялар білім берудегі инновациялық дамудың деңгейі мен жастар тәрбиесіндегі құндылықтарды айқындауға ықпал жасайды. Болашақ мамандарға қазіргі қоғамға қажетті кәсіби шеберлікті орындауға тәрбиелейді. Білім беру мен тәрбиелеу интеграциясы әлемнің жаһандық мәдениеті мен өзара түсіністік арасындағы байланыстың адамзат тұлғасының даму көрсеткішін танытады. Сондықтан білім беруді модернизациялау қоғам мүшелерінің ойлары мен қызметінің нәтижесі саналады.

*1 Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім береті ұжымдары // Егемен Қазақстан, 26 тамыз, 1994 жыл.*

*2 Крупкин С. Гуманитарные науки // Социология: Энциклопедия / Сост. А.А. Грицанов, В.Л. Абушенко, Г.М. Евелькин, Г.Н. Соколова, О.В. Терещенко. – М., 2003.*

*3 Соломин В.П. Гуманитарные технологии как инновация в образовании // Вестник ТГПУ. – 2011. – №4 (106). – С. 125.*

## **ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙ МЕН КСРО ТІЛДІК САЯСАТЫНЫҢ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНА ЫҚПАЛЫ**

**Б.Ж. Исхан** – Абай атындағы ҚазҰПУ, Әдебиеттану және тіл білімі ФЗИ қызметкері, ф.ғ.к., доцент,  
**Б.Р. Оспанова** – Абай атындағы ҚазҰПУ Әдебиеттану және тіл білімі ФЗИ қызметкері, ф.ғ.к., доцент

*В статье сделан акцент на ее преемственности с политикой царской России, дифференцировано ее политическое влияние на формирование казахского алфавита и письма. В начале XX века казахское письмо чтобы избавиться от влияния арабского, персидского и русского языков реформировало арабский алфавит, разработало варианты национального алфавита. Самый систематизированный из них – вариант А. Байтурсынулы. Он использовался в обществе до 1929 года. С 1929 года казахская письменность была переведена на латинскую графику. Новый алфавит был составлен на основе графики А.Байтурсынулы, включающей в себя 28 специфических звуков. В 1938 году, под предлогом несоответствия написания международных слов на казахской латинице, в звуковую систему казахского языка были включены чуждые ей буквенные обозначения звуков х, ф, в. Были приняты соответствующие новые орфографические правила. В 1940 году латиницу заменили кириллицей, были приняты все буквы русской фонетики. В связи с чем несколько раз вносились дополнения в орфографические правила. В настоящее время казахская письменность переходит с кириллицы на латиницу. В связи с чем возник спорный вопрос: создать исконный алфавит, состоящий из 28 букв или включить в алфавит иноязычные буквы звуков. Казахские лингвисты рассматривают данную проблему в тесной связи с орфографией.*

*Emphasis is placed on its continuity with the policies of Tsarist Russia, differentiated its political influence in the formation of the Kazakh alphabet and writing. In the early twentieth century Kazakh letter to get rid of the influence of Arabic, Persian and Russian languages reformed Arabic alphabet developed variants of the national alphabet. The most systematic of them - Option A Baitursynuly. It was used in the community until 1929. Since 1929, the Kazakh script was translated into Latin script. The new alphabet was based on charts A.Baitursynuly, which includes 28 specific sounds. In 1938, under the pretext of non-compliance of international writing the words on the Kazakh Latin, a sound system of the Kazakh language were included foreign to her letters represent sounds x, f, c. Have been enacted new orthographic pravila. V 1940 Latin alphabet replaced the Cyrillic letters were taken due to the Russian fonetiki. V than a few times to make additions to the spelling rules. At present, the Kazakh alphabet goes from Cyrillic to Latin. In this connection there was a controversial question: to create original alphabet consisting of 28 letters or include in the foreign-language alphabet letter sounds. Kazakh lingvistyrassmatrivayut this issue closely related to spelling.*

Кез келген ұлттық мемлекет, ол бірұлтты (моноұлтты) немесе көптеген ұлт өкілдерінен тұратын мемлекет болсын, әйтеуір бір тілді мемлекеттік тіл ретінде пайдаланып, өзінің әлеуметтік-экономикалық саясатын жүзеге асырады. Көбінесе ондай тілдің қызметін мемлекет құрушы жергілікті ұлттың тілі атқарады. Ұлттық тіл мемлекеттік тіл қызметін атқара отырып, мемлекеттік маңызды іс-шаралардың ұлттық мүдде тұрғысынан жүргізілуін қамтамасыз етеді. Ұлттық мемлекет өзінің қоғамдық-әлеуметтік, яғни мемлекеттік сан салалы қызметі жан-жақты бола түсуі үшін мемлекеттік тілді өз қамқорлығына алып, дамып өркендеуіне барынша қолайлы жағдай жасап бағады. Сөйтіп, мемлекеттің тілдік саясаты ұлттық саясатпен етене астасып жатады. Сол себептен мемлекеттік тіл саясаты еш уақытта ұлт мәселесінен тысқары бола алмайды. Ұлттық мүдде ескерілмей, ұлттық мемлекеттің болуы да, дамуы да мүмкін емес.

Тілдік саясатын ұлттың ділі (менталитеті) мен мүддесіне (интересне) негіздеп жүргізетін елдер өзінің мемлекеттік тілі болып отырған ұлттық тілдің сан салалы қызметтік қолданысына кедергі келтіретін жағдайларға ешқашан жол бермейді. Егер мемлекеттік тілмен қосамжарласып екінші бір тіл сол елде саяси-қоғамдық қызмет атқарса, ондай мемлекеттегі қоғамның тұтастығы мен беріктігі осал деуге болады. Себебі екінші тілдің сондай дәрежеге ие болуынан елде қостілділік жағдай қалыптасып, мемлекеттік іс жүргізу әлсірейді. Бюрократизм басталып, қағазбастылық күшейеді.

Қолданыстағы екінші тіл бұрыннан қызмет етіп келе жатқан бұқаралық ақпарат құралдары (СМИ) мен қазіргі заманғы ақпараттық-қатыстық технологияларды (ИКТ) пайдалану арқылы өзін қолдап-жебейтін басқа мемлекеттің (осы тілді мемлекеттік тіл ретінде пайдаланып отырған мемлекеттің) тілдік (ұлттық) саясатын жүзеге асырып, өз қызметінің маңызын арттыра түседі. Жергілікті ұлттық тілдің қолданылу аясын тарылтуға барлық мүмкіншілігін, барлық әлеуетін мейлінше жұмсайды. Бір есептен, бұны тілдер (ұлттар) арасындағы тіршілік үшін күрес десе де болады.

Қазіргі таңда еліміздегі ұлттық тіл мәселесі қазақтілді қоғамды алаң күйге түсіріп отыр. Сол себептен тәуелсіздік алған кезеңнің алғашқы жылынан бастап тіл мәселесі қоғамдық-әлеуметтік мәселе болумен қатар, ұлттық мүдделерімен астасып, өзін-өзі сақтап қалу әрекетінің (стратегиясының) маңызды мәселелерінің біріне айналып отыр.

Адамзат тарихына назар аударсақ, бір тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметінің зор қарқын алып, үстем



тілге айналуына байланысты екінші бір тілдердің, олар жергілікті ұлт тілдері бола тұрса да, қолданыс аясы бірте-бірте тарылып, жойылып кеткенін немесе қолданушы-тұтынушылары жоқ «өлі тілдерге» айналғанын көруге болады. Ондай тілдер жүз-жүздеп саналады. Солардың жойылып өлі тілдерге айналуына, көп жағдайда, белгілі бір ұлттың өмір бақи тіршілік етіп келе жатқан атамекенінде құрылған мемлекеттің ұстанған тілдік (ұлттық) саясаты себеп болып жатады. Тілдің қолданыстан шығуымен бірге біртіндеп ұлт та құриды. Алаш ардагері Ахмет Байтұрсынұлы: «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы неш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» [1], – деп айтқанда осы мәселені ескерсе керек.

Кез келген тілдің «тірі организм» ретінде дамып жетілуі, өркендеп кемелденуі тұрмыс-тіршіліктің барша саласында кең қолданатын тұтынушыларының көп болуымен тығыз байланысты. Ал тіл тұтынушыларының аз-көп болуы, біріншіден, ұлттың саны мен сапасына, екіншіден, ұлт өмір сүріп отырған мемлекеттің тілдік саясатына байланысты. Оны Ресейдің XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап өзге ұлттар тілдеріне қатысты жүргізіп келген саясатынан айқын көруге болады.

XIX ғасырдың ортасынан бастап Ресей империясы өз құрамындағы өзге ұлттарды орыстандыру саясатын күшейтті. Оқу-ағарту ісі православие дінін насихаттау жұмысымен астарласа жүргізілді. Бұл бағытта Н.И.Ильминский, А.Е.Алекторов, А.В.Васильев, В.Н.Катаринский тәрізді атақты орыс ағартушылары көзге түседі. Әсіресе Н.И.Ильминский белсенді әрекет етті [11]. Оны Н.Ильминскийдің мына сөзінен айқын аңғаруға болады: «Так и у нас в России единство алфавита, даже самое точное, не приведет к внутреннему единению инородцев с русскими, пока первые не объединятся с нами в вере православной. Я далее полагаю, что иноверные инородцы, имеющие свою религиозную письменность, как, например, татары-магометане, или ламайцы-буряты, не примут русского алфавита, ни целиком, ни с какими угодно приспособлениями и прибавками. Все наши инородцы, как и русский сельский народ, находятся в периоде религиозного мирозерцания и руководствуются религиозными мотивами» [2, 35].

Олардың миссионерлік белсенді әрекеті Ресей билігі тарапынан ескеріліп, «орыс графикасын өзгертпей алу керек пе әлде қазақтың өзіндік дыбыстарын бейнелейтін қосымша таңбалар қосу керек пе дегенге тіреледі. Бұл арада орыс миссионер-ғалымдары арасында екі ұдай пікір болады. Бұл талас 1910 жылға дейін созылып, ақырында 1910 жылдың июнінде бұл мәселеге арналып Петерборда әдейі кеңес шақырылады. Оған жергілікті жерден өкілдер қатысады. Кеңесте 1906 жылғы «Орыстан өзге халықтар жазуын орыс графикасына көшіру туралы» ереже талқыланып, оған көптеген өзгерістер енгізіледі. Кеңесте кирил әліпбиі тек ресми документтер мен оқулық кітаптарға ғана қолданылатын болсын деген шешім қабылданады. Алайда бұл шешімнің тәжірибеде іске асқан-аспағаны бізге мәлім емес» [3, 38].

«Орыс мектептерінде (бұл арада Омбы, Орынбор кадет корпусы мен орыс-қазақ мектептерін айтып отыр) тәрбиеленуші қазақ жастары арасында, сөз жоқ, мұсылман дініне салқын қарайтын, өз ана тілдерін жанын сала сүйетіндер бар. Соларға орыс алфавиті қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерін сақтаудың негізгі амалы деп ұғындыра алсақ, олар қырғыз (қазақ) тіліне орыс алфавитін енгізуде көп нәрсеге көмектесе алар еді» [2, 38], – деп те орыс миссионерлері орыс-қазақ мектептерінде оқып жатқан немесе оны бітірген жергілікті ұлт өкілдерін өз мақсаттарына тартып, пайдаланып қалуды көздеді. Нәтижесінде жергілікті ұлт өкілдері арасынан Д.Банзаров, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин сияқты белгілі тұлғалар шықты, орыс-тузем мектептері ашылды, кирилл әрпімен қазақша оқулықтар жазылды, тіпті, кирилл әріптеріне негізделген ұлт әліпбилері түзілді. Мысалы, Қ.Күдеринаның көрсетуінше, орыс графикасына негізделген алғашқы қазақ әліпбиін Н.И.Ильминский жасаған [4].

Н.И.Ильминский қазақ тілінің өзіне тән дыбыс таңбаларының үстіне ноқат қойып белгілейді. Және бір ерекшелігі орыс әліпбиіндегі е, в, и, ф, ц, х, ч, щ, ь, ь, э, ю, я таңбаларын қазақ әліпбиі құрамына енгізбейді [4]. Бірақ ол әліпбиді жергілікті халық қабылдамайды. Сондықтан әліпбиді түземдердің өздері арқылы енгізу саясаты көзделеді. Соның бір көрінісі – Ы.Алтынсариннің кирилл әріптеріне негізделген алғашқы қазақ әліпбиін құрып, сол бойынша оқулық жазып [5], алғашқы орыс-қазақ мектебін ашуы болды.

Қазақ жерінде саны үздіксіз арта бастаған шіркеу жанындағы орыс-қазақ сауат ашу мектептері де өздерінде оқитын қазақ жастарына діни білім бере отырып, орыстандыру саясатын белсендіру мақсатында православие дінін қабылдаған қазақтарды марапаттау мен материалдық жәрдем жасау саясатын ресми түрде ашық жүргізген еді. Бұл кезеңнің қазақтарды шоқындырып, орыстандыру жөніндегі патша әкімшілігінің саясаты М.Мырзахметовтің «Қазақ қалай орыстандырылды» деген еңбегінде кең қамтылып, жан-жақты баяндалған [6]. Ресей империясының әліпби жөніндегі тілдік саясаты осылай жүргізілді.

Мұндай саясатқа қарсы ХХ ғасырдың басында И.Гаспринский бастаған патшалық Ресей мұсылмандарының «жәдит» (жаңа) ағымы пайда болды. Олар өздері қолданып келген араб әліпбиін реформалап, ұлттық тіл дыбыстарының таңбаларымен толықтырды. Оқытудың көне әдісін жаңа оқыту әдістерімен алмастырды. Бұл ағым қазақ арасында «төте оқу» атымен таралып, 1907-14 жылдары алғашқы қазақ әліпбилерінің 7-8 нұсқасы баспадан шықты [7]. Бұлардан тыс қолжазба әліппелер де болған екен. Мысалы, Көкбай молда жазған «Әліппенің» қолжазбасы Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапхана қорында сақтаулы тұр. Бірақ бәрінің ішіндегі ең жүйелісі, емле ережесі дұрысы – Ахмет Байтұрсынұлының нұсқасы болып танылды [8].

«Қазақ» газеті (1913-1918) мен «Айқап» журналы (1911-1914) және т.б. сол уақыттағы қазақ басылымдары қазақ әліпбиін, емлесін бір қалыпқа келтіру үшін әліпби нұсқалары туралы мақалалар жариялап, ел ішінде кең пікірталас туғызды. Мәселеге А.Байтұрсынов белсене араласып, өз әліпбиі мен дыбыстық жүйесінің дұрыстығын көрсете білді. Әліпби 1912 жылдан бастап ел ішіне кең тарап, КСРО-да 20-жылдардың соңына дейін қолданыста болды. Оны ҚХР қазақтары қазір де пайдаланып отыр. Бұл әліпби оқу-ағарту саласындағы орыстандыру саясатына қарсы пайда болған құбылыстың жарқын көрінісі болып табылады.

Атап айта кететін бір мәселе – кеңестік жаңа өкімет алғашқы онжылдықта ұлттық тілдерді дамытуға біршама көңіл бөлді. Ұлттар халық комиссариаты (Наркомнац) жасақталып, оны И.В. Сталин басқарды. Бүкілресейлік орталық атқару комитеті (ВЦИК) мен Халық комиссариат кеңесінің (СНК) 1918 жылғы 15 ақпандағы №2 декретінде: «Соттың барлық жағдайында (инстанций) барлық жергілікті тіл қолданылады» [9] деген шешім қабылданды. Мәселеге қатысты И.В.Сталин: «Сот ісін жүргізуде де, мектепте де ешқандай міндетті мемлекеттік тіл болмайды. Әрбір облыс өз халқының құрамына сәйкес тілді немесе тілдерді таңдайды, осыған қарай барлық қоғамдық және саяси шешімдерде азшылықтың да, көпшіліктің де тең құқықтығы сақталады» [10,70],– деп, жергілікті ұлттық тіл мәселесіне ерекше көңіл бөлді.

1918 жылдың 31 қарашасында Ресей халық комиссариаты: «Аз ұлттардың мектебі туралы» қаулы шығарады. 1919 жылы РКП(б) VIII съезінде ұлттық тілде сабақ беретін бірыңғай еңбекшілер мектептерін құрудың қажеттілігі көрсетілді. Нәтижесінде 1921 жылы Түркістанда (Орталық Азияда) ұлттық тілдерде, соның ішінде қазақ тілінде білім беріле бастайды [11,31]. Осы жылдың наурызында Қазақ ОАК: «ҚОАК-нің барлық мүшелері қазақ тілін кешіктірмей үйренулері қажет екені» туралы шешім қабылданады [12,28].

1922 жылы құрылған Мәскеудегі Орталық шығыс баспасы Орталық Азия халықтарының тілінде ұлттық әліпбимен түрлі әдебиеттер шығарды. Ол маркстік-лениндік идеологияны әр халыққа өз ана тілінде игерту мақсатында саяси әдебиеттерді, орыс акын-жазушыларының шығармаларын, әлемдік классикалық көркем әдебиеттерді ұлт тілдеріне аударды. Бұлардың бәрі – кеңестік өкіметтің КСРО халықтары мен әлемдік жұмысшы табының (пролетариаттың) көңілін аулау үшін жасаған алғашқы тілдік (ұлттық) саяси әрекеті еді.

1926 жылғы кеңестік алғашқы халық санағының мәліметі бойынша, кеңестік одақтас елдердегі орыс тілін білетін жергілікті ұлт өкілдері Қазақстанда 22,8%, ал Қырғызстанда 15,1%, Түркменстанда 12,5%, Өзбекстанда 10,6%, Тәжікстанда 3,7% болған екен [13,6]. Осы мәліметтен байқайтынымыз – Орталық Азия халықтарының ішінде қазақтарды орыстандыру саясаты зор қарқын ала бастаған. Бұған өз дәрежесінде еліміздегі ішкі себептер де өз әсерін тигізген болатын.

1920-жылдардың ортасы мен соңына қарай бұл саясат бағытын кілт өзгертіп, одақтас республикаларды латын әліпбиіне көшіру әрекетін бастайды. В.В.Базарованың көрсетуінше, бұл саясатты жүзеге асыруда Жаңа Әліпби Қоғамы мен КСРО Ғылым Академиясының беделі мен мемлекеттік аппараттың ерекше қолдауы зор қызмет атқарған [14,58]. Сонымен бірге бұл мәселеге И.В.Сталиннің тікелей араласуы жөнінде былай пайымдайды: «Обращает на себя внимание факт того, что И.В.Сталин не оставил крупных документов, которые бы касались его прямого участия в реформировании письменности. Однако, большой материал, который был более полно представлен в ходе дискуссии по вопросам языкознания в послевоенные годы, позволяет сделать вывод, что этими проблемами он занимался достаточно активно» [14,58].

Осы тілдік саясаттың астарындағы түркі халықтары жазуын алдағы уақытта орыс жазуы мен емлесіне көшіріп, біртіндеп орыстандыруды көздеген саясаттың жатқанынан бейхабар кеңестік түркілер латын қарпіне ауысуға жедел қамдана бастайды. Және осы реформаны белсене қолдап, жақтаушы болған эзирбайжан ұлтының қоғам қайраткері Н. Нариман секілді т.б. ұлт өкілдері (адамдары) бойында «латыншаға көшсек, бәрімізге ортақ әліпби жасалып, түркі халықтарының бір-бірімен тілдік, әдеби-мәдениеттік қарым-қатынасы жақсара түседі. Латын жазуы түркі халықтарының басын біріктіреді» деген

секілді қияли (утопиялық) сенімде де болды. Әлбетте, бұл сенімді де олардың санасына ұялатқан кеңестік тілдік саясат болатын.

1928 жылы Бакуде өткен құрылтайда олардың (түркі халықтарының) латын графикасына негізделген әліпби жобалары таныстырылып сарапталды. Қазақстан тарапынан 28 әріптен тұратын жобаны О.Жандосов бастаған топ әзірлеген еді. Оны 1929 жылы Қызылордада Т.Шонанұлы, Е.Омаров, Қ.Кемеңгеров, Қ.Жұбанов, Е.Д.Поливанов сияқты т.б. ғалымдар қызу талқылаған конференцияда бұл әліпби жетілдіріп, 29 әріптен тұратын әліпбиге айналды [15]. Бұл жоба – А.Байтұрсынұлының қазақ қоғамына 20 жылдай мүлтіксіз қызмет еткен араб әріптеріне негізделген әліпбиін басшылыққа алған еді [16].

А.Байтұрсынұлы құрастырған жаңа әліпби тіліміздің табиғи дыбыстық жүйесіне негізделіп жасалғандықтан, оның дыбыстық құрамын сол уақыттағы қазақ қоғамы тұрмақ, өзге ұлттардың да білгір тілші-ғалымдары толықтай мойындаған болатын. Мысалы, Е.Д.Поливанов: «Эту последнюю форму, которую приняла казак-киргизская графика в 1924 году, я во всяком случае, считаю уже не нуждающейся, в поправлениях и представляющей последний шаг в историческом формировании национальной графики, котором с полным могут гордиться киргизские деятели просвещения – создатели реформы, как крупным культурным завоеваниям» [17,32],– деп айырықша атап айтқан еді.

Сөйтіп, қазақ пен татар арабтық ескі жазуын реформалап, алғаш рет өзінің төл әліпбиін құрастырғанына қарамастан, орыстандардың осындай жымысқы саясатының нәтижесінде Кеңестер Одағының орыс, грузин, армяндардан өзге халықтарының бәрі – латын жазуына көшірілді.

Қазақ жазуының латын әліпбиіне көшуіне байланысты 1929 жылы емле (орфография) ережесі бекітіледі. Бұл ережеде кірме сөздердің жазылуы туралы А.Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» атты оқулығындағы [18], сондай-ақ Баку қаласында өткен Бүкілодақтық бірінші түркологиялық съезде айтқан пікірлері басшылыққа алынды. Мәселен, А.Байтұрсынұлы аталған съезде жасаған баяндамасында пән сөздері (терминдері) ретінде алынып жүрген еуропа тілдеріндегі сөздердің айтылуы қазақ тілінің табиғатына сәйкес келмейтінін ескерте келіп: «Поэтому мы все иностранные слова будем брать в таком виде, чтобы это было легко для произношения казаков. Точно так же и другие тюркские народы не должны считаться с происхождением слов, а должны считаться с говором, с артикуляцией населения» [18, 277],– деп кірме сөздерді жергілікті тіл емлесі бойынша жазу керектігін көрсеткен болатын.

Кірме сөздердің жазылу емлесіне байланысты Х.Досмұхамедұлы 1924 жылы: «Аурупа жұрты латын сөздерін термин қылып қолданғанда бұлжытпай алып отырған жоқ, әр сөзді әркім өз тіліне бейімдеп өзгертіп қолданып жүр, сөзді өзгерткенде әрқайсысы өз тілдерінің заңымен өзгертеді» [19, 95],– деп жазды. Осы бағытты қолдаушылардың бірі Е.Омарұлы сол жылы Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде: «Пән сөзді өз тілімізден таба алмаған күнде, иаурыпа қолданған латынша пән сөздерді алуға болады. Бірақ ондай жат сөздерді алғанда, – оны тіліміздің заңына келтіріп өзгертіп алу керек» [20, 97],– деп бөтен тілден сөз қабылдаудың дұрыс жолын көрсетеді.

Сол кезде қазақ зиялыларының арасында жат сөздерді тілдің табиғатына бейімдеп алуды қолдайтындар көп болғандықтан әрі орыс тілінен енген сөздерді қазақша жазу мәселесіне саяси қысым әлі жасала қоймағандықтан, 1929 жылы Қызылорда қаласында ресми бекітілген емле ережесі бойынша орыс тілінен енген сөздер қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп жазылды. Оған Қазақстандағы латын жазуы тарихын зерттеуші Н.Әміржанованың еңбегіндегі 1929 жылғы орфографиялық ережедегі орыс тілінен енген сөздердің жазылуы дәлел бола алады [21, 190-195].

Сөйтіп, Кеңес Одағы құрамындағы түркі тілдес халықтардың латынша жазуға көшіп, ортақ жазу арқылы бір-бірімізбен тығыз байланыс орнатамыз, түркі әлемінің басын біріктіреміз, түркі халықтарына ортақ әдеби тіл қалыптастырамыз деген мақсат-мүддесі алғашқы онжылдықта орындала бастағандай еді. Алайда, батыс зерттеушілері атап көрсеткендей, түркі халықтарының әрқайсысы өз тілдерімен ауызша сөйлесіп, бірін-бірі жақсы түсінгенімен, экономикалық және мәдени-әлеуметтік қарым-қатынастары өте алшақтап кеткендіктен, оның іске асу мүмкіндігі неғайбыл болмапты [22,8]. Оны кейінгі жылдардағы кеңестік үкіметтің тіл саясатынан да айқын көреміз.

1938 жылға дейін кірме сөздердің бәрі латын әріптерімен қазақша айтылым (орфография) заңы бойынша жазылыпты: «сатсыяализм», «сатсыяалист», «кәмүніс», «балшабек», «репорма», «сәбет», «пебырал», «сабнарком», «пұртакол» сияқты т.б. Осы жылдың толықтырылып қабылданған ережесінің 10-пунктінде: «Бұрынғы әліппемізде жоқтықтан тіліміздегі түрі бұзылып келген дыбысы бар сөздер, енді дұрысталып естілген жерлерінде **х, ф, в** дауыссыз дыбыстарының әріптерімен жазылады. Мысалы, *хат, хан, химия, фазыл, вагон, совет* түрінде жазылады. *Қат, қан, қыймыйа, пазыл, вәгөн, сәбет* түрінде жазылмайды» [21, 97],– деп көрсетілген.

Кезіндегі араб әліпбиіне негізделген қазақ жазуын латыншаға ауыстырудың астарында орыстандыру

саясатының жатқанын кирилл жазуының түр-тұлғасынан да көреміз. Себебі орыс жазуының (кириллица) өзі латын немесе грек әліпбиі негізінде қалыптасқандықтан, егер қазақ жазуы латыншаға көше қалған жағдайда оны кейінірек орыс жазуымен оп-оңай алмастыра салып, орыстандыру саясатын емін-еркін жүргізе беруге кеңірек жол ашылатын еді. Солай болды да.

Латынша қазақ әліпбиін қабылдауға қарсы болған Алаш зиялылары түгелге дерлік репрессияланған соң, 1937 жылдан басталған дайындықтан кейін ешқандай талдау-сараптаусыз, дау-дамайсыз 1940 жылы мемлекеттік тілдік саясаттың және мемлекеттік тәртіптік күштердің ықпалымен латынша қазақ жазуы кирилл әліпбиіне көшірілді. Сөйтіп қазақ жазуы тарихында болған Ахмет Байтұрсынұлының зор еңбегімен алғаш рет құрастырылған қазақтың арабша төл әліпбиі де, соның дыбыстық жүйесіне негізделіп дайындалып, 1938 жылға дейін қолданыста болған латынша қазақ әліпбиі де қолданыстан шығарылды.

КСРО өкіметі ілгеріде орыстандыру саясатын елеусіз жалғастырып келген болса, Алаш зиялылары қуғын-сүргінге ұшырап, баршасына дерлігі атылып кеткеннен кейін, еш қарсылықтың жоқтығын пайдаланып, 1940 жылдардан бастап сол саясатын ашық жүргізуді қолға алды. Оған КСРО құрамында болған ҚазКСР-дың конституциялық құқығының кеңестік коммунистік саяси жүйенің ұстанымына тәуелді болғаны да қатты ықпал еткен болатын. Соған байланысты 1940-1991 жылдар аралығындағы қазақ әдеби тілінің республикалық қоғамдық-әлеуметтік қызметі шектеулі болғаны көпшілікке аян. Ол, негізінен, ауылдық, кейбір аймақтарда аудандық деңгейде ғана кеңсе ісқағаздарын жүргізуде қолданылатындығы болмаса, мемлекеттік тіл мәртебесінде пайдаланылмай, ғылым мен инженерлік-техникалық жоғары білім алуда, саяси-экономикалық, қоғамдық-әлеуметтік салада, дипломатия мен ел басқару саласында өзінің толыққанды қызметін атқара алған жоқ. Республикадағы қазақтілді қоғамның күнделікті тұрмыс-тіршілігінде ғана қолданылатын қарым-қатынас тілі болып қала берді.

Дегенмен кеңестік саяси жүйе қазақ қоғамын орыстандыруға қаншалықты тырысып бақса да, көркем әдебиет пен баспасөз тілінің үздіксіз қазақша дамуына кедергі бола алмады. Өйткені қазақ ұлты секілді сан мыңдаған жыл бойы қалыптасып орныққан халықтың көркем-эстетикалық таным-біліктілікке деген құштарлығы еш уақытта төмендеген емес.

Қазіргі қолданыстағы қазақ әліпбиін кеңестік-коммунистік жүйенің тілдік (ұлттық) саясатының тікелей ықпалымен ф.ғ.д., профессор С.Аманжолов құрастырды. Ол оны қазақ тілінде жоқ орыс әріптерімен толықтырды. Бұл өз кезегінде қазақ тілінің бітім-болмысына, табиғи заңдылығына жат ережелерді кіргізіп, жазу емлесін өзгертіп, оны күрделендіріп жіберуге әкелді. Сондықтан қазақ тілі емле (орфография) сөздіктері бірнеше рет (1940, 1957, 1978, 1983) қайта өңделіп отырды [23,7]. Соңғы нұсқа 2006 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен «Орфографиялық сөздікте» негізге алынды [24].

Осы уақыттар (1940 жылдан бүгінге дейін) аралығында қазақ тілінің табиғатынан тыс дыбыс таңбаларымен толықтырылған әліпбиімізді, ескертулерден аяқ алып жүргісіз емле ережелерімізді мақтап, «орыс тілінің игі әсері арқасында тіліміз байыды, кез келген шетел сөздерін жаза да, айта да алатын болдық» деп қазақ тілінің белгілі ғалымдары еңбектер жазады [25; 26, 199-205; 27, 48; 28, 22 т.б.]

Дыбыстық жүйесі мүлде кереғар, грамматикалық құрылымы сәйкес келмейтін тілдерге (қазақ, орыс) ортақ ереже шығару әрекеті емле ережелерін ескертулерге толтырып жіберді. Бұл қиындықтан шығудың жолын көрсетпек болып, тағы бір қазақ ғалымдары арнайы еңбек те дайындады [29].

Бірақ ондай ғалымдармен келіспеушілер де болды. Көрнекті ғалым С.Мырзабеков қазақ тілі дыбыстық жүйесінің үндестік заңын сақтау қажеттілігін дәлелдеп, ұзақ жылдар бойы тынбай еңбектенді [30]. Ал қазақ тілі дыбыстық жүйесінің (фонетикасының) теріс бағытта зерттеліп жүргенін алғаш рет Ә.Жүнісбеков [31, 24] көрсеткен еді.

Ол өзінің бір еңбегінде былай деп жазады: «Тіл туыстығы мен тіл ұқсастығы жоқ орыс тілінің дыбыстары, біріншіден, қазақ тілінің дыбыс санын бірден көбейтіп жіберді. Екіншіден, үндесім үлгісі келіспейтін кірме сөздер көбейіп кетті. Үшіншіден, қазақ жазуының емле-ережелерін күрделендіріп жіберді. Бұл – орыс тілінің тіл бұзар ықпалдарының негізгілері ғана» [32, 12].

Тіл бұзар ықпалдан құтылудың бір ғана жолы бар – ол әліпби ауыстыру екені даусыз. «... Әліпби ауыстыруды белгілі бір елдің тіліне не жазуына деген қарсылық деп түсінбей, қазақ тілінің жазуына реформа жасау деп бағалау керек» [33, 7]. Ол – қазақ тілі жазуын жетілдіруге бағытталған келелі іс. Сол себептен оның күрделі де маңызды мәселелері жеткілікті. Соның бірі – еш өзгеріссіз қолданыста болып келе жатқан өзгетілдік қоғамдық-саяси сөздерді жаңа әліпбиімен қазақша жазу мәселесі болып табылады. Ол үшін әліпби ауыстыру қажет.

Ал әліпби ауыстыру, шындығына келгенде, орыс жазуына немесе оның тіліне деген қарсылық емес.

Ол – ұлттық-танымдық, ұлттық-лингвистикалық мәселені шешіп, рухани тәуелсіздік алуға бағытталатын аса маңызды қадам. Тіліміздің дыбыстық жүйесіне негізделген төл әліпбиін құрастырып, емле мәселелесін оңтайлы шешіп алған соң ғана жазуымыз өзінің төл табиғатымен табыса алады.

Ғылымы, мәдениеті дамыған еуропа елдері латын әліпбиін қолданады. Қазіргі ақпараттық-қатыстық электронды құрал-жабдықтардың тілі де латын қарпіне негізделген. Латын әліпбиінің осындай және т.б. да артықшылығын ескерген қазақ қоғамы осы әліпбиге көшуге басымдық беріп отыр.

Жаңа әліпби, жаңа жазу, жаңа ереже арқылы ғана кирилл әліпбиінен, сол арқылы күштеп ендірілген жат тілдік дыбыс-әріптерден, сол дыбыс-әріптер қолданылатын өзгетілдік сөздер орысша қалай жазылса, сол қалпында жазуға мәжбүрлейтін емле ережелерінен, айналып келгенде, орыс тіліне деген тәуелділіктен құтылуға болады. Латын әліпбиіне көшкенде қазақ тілінің табиғатына тән емес дыбыстарды әліпбиге кіргізеу арқылы тіліміздің өзіндік ерекшелігін, табиғи бітім-болмысын сақтап қала аламыз.

1 Байтұрсынұлы А. «Қазақ» газеті, 1913, № 2, бас мақала.

2 Ильминский Н.И. Из переписки по вопросу о применении русского алфавита к инородческим языкам. – Казань, 1883.

3 Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. Алматы: «Арыс», 2007.

4 Күдерінова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. – Алматы, 2010, –115 б.

5 Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. – Алматы: «Атамұра-Қазақстан», 1993.

6 Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. –Қазан, – Б. 80.

7 Нұрбаев М. «Әліппе». –Уфа, 1910; Ергалиұлы З. «Қазақ әліппесі». –Қазан, 1910; Малдыбаев М. «Қазақша әліппе». –Қазан, 1912; Сәрсекеев Х., Арабаев И. «Әліппе». –Уфа, 1913; Сырғалин К. «Қазақша ең жаңа әліппе» – Қазан, 1914.

8 Байтұрсынов А. Оқу құралы. – Семей, 1922.

9 Бүкілресейлік орталық атқару комитеті (ВЦИК) мен Халық комиссариат кеңесінің (СНК) 1918 жылғы 15 ақпандағы №2 декреті.

10 Сталин И. В. Собрание сочинений. Том 4. М. 1948.

11 Болтенкова Л. Ф. Интернационализм в действии. – Москва, 1988.

12 Михайлов М. М. Двухязычие: проблемы, поиски. – Чебоксары, 1989.

13 Bacon E. E. Central Asians under Russian Rule. A Study in Cultural Change. Ithaca, 1966.

14 Базарова В.В. Латинизация бурят-монгольской письменности: опыт культурно-исторической модернизации в 1920-1930 гг. – Улан-Удэ, 2006. – С. 365.

15 Стенографический отчет научно-орфографической конференции, созванной 2-4 июля 1929 г. Научно-методическим Советом НКП и ЦКНТА. –Кызылорда, 1930 – С. 482.

16 Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 3 т. – Алматы: «Алаш», 2005. – 352 б.

17 Поливанов Е.Д. Новая казак-киргизская (Байтұрсыновская) орфография. – Ташкент, 1926.

18 Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 4 т. – Алматы: «Алаш», 2005. – 320 б.

19 Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы. – 1991.

20 Қазақ білімпаздарының тұңғыш сүйезі. –Алматы. 2005. – 144 б.

21 Әміржанова Н. Қазақстандағы латын жазуының тарихи тағлымы. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, – 2012 ж. – 300 б.

22 Bennigsen A., Quelquejay Ch. The Evolution of the Muslim Nationalities of the USSR and their Linguistic Problems Oxford, 1967. 214.

23 Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. – Алматы: «Қазақстан», 1988.

24 Орфографиялық сөздік / Құраст.: Н.Уәлиұлы, А.Фазылжанова, Қ.Күдерінова, Ф.Әнес. – Алматы: Тіл білімі институты, 2007. – 480 б.

25 Кеңесбаев І, Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы.

26 Сыздықова Р. Жанпейісов Е. Қазақ тілінің тарихы. – Алматы: «Мектеп» – 1968. – 239 б.

27 Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі. – Алматы: «Эвро». – 1997.

28 Барлыбаева Р. Қазіргі қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика. –Алматы: «Мектеп», 1978. –144 б.

29 Уәлиев Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. – Алматы: «Ғылым», 1986.

30 Мырзабеков С. Қазақ тілінің айтылым сөздігі. –Алматы: «Сөздік-Словарь». 2001.

31 Джунибеков А. Проблемы тюркской словесной просодий и сингармонизм казахского слова. – Алма-Ата: АДД, 1988.

32 Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. –Алматы: «Арыс», 2009.

33 Жүнісбек Әлімхан. Қазақ жазуы: Төл дыбыс – төл әліпби. – Астана, 2013.

## **ПОИСКИ КАЗАХСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ**

**Т.Т. Оспанов** – PhD – Докторант КазНУ им. аль-Фараби, факультета философии и политологии

*Мақалада бірегейлік философиялық аралық әсермен қарастыру қажеттілігі бүтін бір ықпалдар кешеніне негізделіп қарастырылып отыр. Қарастырылып отырған мақала қазақы бірегейлік және оның жаһандану кезіндегі жағдайына арналған. Мақала жаһандану кезеңіндегі ұқсастықтың дамуы және сақталу үрдісі, өзгерісі, саралау жағдайына арналып отыр. Заманауи сатыда қазақстандық қоғамның сана сезімінде ұлттық бірегейлікқандай рөл атқарады? Этникалық бірегейлік, оның қоғам ішіндегі біріктірілген рөлі және азаматтықбірегейлікдеген қарым-қатынасы сәулелендірілген. Ұлттық бірегейлік жаһандану үрдісінің келеңсіз әсерлерін барынша азайту және алдын алу құрылымдары ұсынылған. Контекстегі ұлттық сана сезімнің қызмет ету құбылысына және мазмұнына жаһанданудың әсері.*

*Need of consideration of identity through a prism of philosophy it is caused by the whole complex of factors. Considered article is devoted to concept of the Kazakh identity and its state in the conditions of globalization. This article is devoted to the analysis of a state, transformation, process of preservation and identity development during a globalization era. What role is carried out by national identity in consciousness of the Kazakhstan society at the present stage? Ethnic identity, its role in internal integration of society and in relation to civil identity is shined. Mechanisms for prevention or minimization of negative impacts of process of globalization on national identity are offered. Influence of globalization on essence and dynamics of functioning of national consciousness in a context of those calls which it faces.*

Глобализация является общемировым процессом самым мощным и значительным на сегодня. Республика Казахстан по мере вхождения в мировое сообщество и обретения в нем своего места, во все большем объеме и глубине испытывает на себе воздействие глобализации по направлениям, в том числе национальной идентичности. [1]

Прежде чем мы перейдем непосредственно к анализу поставленной в статье проблемы, необходимо чуть подробнее остановится на ключевых понятиях национальной идентичности.

Национальная идентичность любого национального сообщества определяется множеством факторов – исторических, политических, культурных, языковых территориальных, цивилизационных и иных. Сложным и актуальным в развитии общества является вопрос идентификации и самоидентификации его членов. Поскольку он означает, насколько человек себя отождествляет или не отождествляет с обществом. Это чувство принадлежности, отождествления индивида с кем-либо или чем либо (группой, коллективом), помогающее ему успешно усваивать свои нормы и ценности, перенесения индивидом на самого себя качеств и особенностей его внешнего окружения. Идентичность служит основой процесса подражания, т.е. не насильственного, а свободного выбора тех качеств, умений и ценностей, какими он хотел бы обладать. Общеизвестно, что каждый человек принадлежит к той или этнической группе. Этническая идентичность выступает психологической основой этнополитической мобилизации, которую следует рассматривать как готовность людей, объединенных по этническому признаку, к групповым действиям по реализации этнических интересов.[2]

Идентичность формируется на основе соответствующей национальной парадигмы, на пересечении национально-исторической, социально-психологической, социокультурной, политико-культурной и др. сфер. В её содержание входят установившиеся особенности национальной культуры, этнические характеристики, обычаи, верования, мифы, нравственные императивы и т.д. Она теснейшим образом связана с понятием «национальный характер». Здесь речь идёт о представлениях людей о себе, о своем месте в мире. Национальная идентичность интегрирует в себя внутренние и внешние составляющие. Для неё особенно важно соответствие внешнего и внутреннего, формы и содержания, проявления и сущности. Внутреннее ощущение идентичности подразумевает сущностную тождественность, родственность, общую основу, единое начало.[8]

Этническая самоидентификация – сознательный акт этнического самоопределения человека, отнесения самого себя к определенной этнической общности. Немаловажен тот факт, что национальная идентичность является условием внутренней интегрированности любого общества. Национальная идентичность является опорой национального государства, его отличительным признаком в числе других. [3]

По мнению Томаса Магстада, существует четыре важных элемента политического устройства в любой стране: история, язык, культура и религия, которые вызывают сильные чувства и являются символами идентичности страны или нации.[4]

В Республике Казахстан в последние годы обозначились две основные стратегии национально – государственного строительства и соответственно им доминирующие модели национальной

идентичности. Первая стратегия направлена на формирование единой казахстанской нации из полиэтнического по своему составу общества на основе общности гражданства, вторая стратегия должна быть связана с национальной идентичностью самих казахов. [5]

В данном случае в современном обществе ряда стран идут поиски национальной идентичности, куда входили бы новые консолидирующие ценности. Что можно отнести к данным качествам патриотизм, народность, мораль (традиционная)? Удобно ли то время что бы искать идентичность? Главным вызовом здесь выступает – глобализация, которая стирает традиционные формы идентичности, ставят под сомнение субъективные ощущения самоидентичности человека и этносов, сформированные в рамках прежних традиций, структурных элементов идентичности т.к. ментальность, историческая коллективная память, духовное наследие, язык и др. Идентичность следует рассматривать не как свойство, изначально присущее индивиду, а как отношение, формирующееся в процессе социального взаимодействия. Как считают многие исследователи, идентичность в строгом смысле слова может быть атрибутирована только индивидами, поскольку только индивиды обладают качеством субъектности и, соответственно, способны относить или не относить к себе определенные характеристики.[1]

Проблемы государственной, национальной, гражданской идентичности, ее сохранения и дальнейшего развития, не разрушая её целостность – один из основных вопросов, анализ которых необходим для выработки наиболее эффективного вхождения Казахстана в мировое сообщество и на вызовы глобализации.

Национальная идентичность имеет много различных аспектов – политической, государственно-правовой, социально-экономической, идейно-идеологической, культурно-цивилизационной, исторической и т.д. где можно и нужно найти место и для философии. Она, эта идентичность, предполагает собственно казахстанское содержание, базирующееся на истории и культуре казахского народа, на его неотъемлемых правах на создание на своей земле национальной, собственно казахской по сути и по содержанию, государственности со своими вытекающими отсюда последствиями. В этом утверждении нет ничего националистического в негативном смысле этого словоупотребления. Больше того оно лишь выражает действительное положение вещей, т.е. должное, закономерное.

По-видимому, национальная идентичность хорошо прослеживается в трудные минуты для этноса, где дается импульс к поиску оснований и способов укрепления или восстановлению национальной идентичности, найти то, что нас объединяет, сформулировать те ценности, ради которых стоит жить или умирать. Очевидно, национальная идентичность является питательной средой, формирующей сознание народа, осознание же собственного «Я» каждого народа невозможно вне и независимо от собственной истории, его героических или трагических событий, на основе и понимании опыта прошлого и интересов будущего.

Этническая принадлежность остается доминантной формой социальной категоризации в структуре индивидуальной и групповой идентичности населения Казахстана. В целом, на основе опрошенных респондентов этническая принадлежность все еще является почти, что единственной доминантой в структуре идентичности подавляющего большинства, по отношению к гражданской идентичности.

Как показывает практика национального строительства, в различных государствах в решении этого противоречия доминирует принцип «и-и», а не «или - или». В разработке общенациональной идеи Казахстана необходимо использовать обе концепции нации – гражданскую и этнокультурную, а не опираться только на одну из них, отбрасывая другую. Энтони Смит называет этот способ построения нации одним из самых распространенных в мире – моделью «доминирующего этноса».[1]

Все же вернемся к влиянию глобализации на национальную идентичность, что является предметом исследовательского интереса. Сегодняшние процессы глобализации и трансформации, наблюдающиеся в мире, нарушают традиционные формы идентичности, ставят под сомнение субъективные ощущения самоидентичности человека и этносов, сформированные в рамках прежних традиций.

Целый ряд процессов глобализации непосредственно влияют на обострение кризиса идентичности.

Эти процессы – демократизация, экономизация, информатизация, культурная стандартизация, ценностная универсализация и др. – неизбежно наталкиваются на национальную идентичность как на препятствие своему естественному развитию, как на центральное ядро, хранящее наиболее устоявшиеся, накапливающиеся порой тысячелетия, и потому наиболее прочные представления различных этнонациональных общностей о себе самих. При этом развиваются многообразные конфликты, исход которых зависит от прочности или рыхлости сложившихся национальных идентичностей, их бескомпромиссности и жесткости, невосприимчивости к новому, или, напротив, их гибкости, способности к адаптивному изменению, обновлению без утраты культурных идентификационных ядер. Глобализация, стремящаяся перемолоть национальную идентичность, растворить ее в глобальных процессах – это, таким образом, своего рода квалификационный турнир для таких ядер.[6]

Наступление информационного общества меняет не только привычные ориентиры, но и социальные и культурные механизмы поддержания идентичности. Границы для формирования социальной и личностной идентичности расширяются. Глобальная экономика, развитие и расширение коммуникаций, власть массовой культуры приводят к тому, что западный человек впитывает в себя множество моделей поведения, расширяя тем самым диапазон оценок и идей, и создавая почву для вариативности идентификаций. Отсюда, отличительными чертами индивидуальной идентичности эпохи глобализации становятся динамизм, аморфность и неустойчивость. В результате воспроизводится состояние атомизированного общества.

Как еще одно явление эпохи глобализации, угрожающее этнической идентичности, можно назвать проблему массовой миграции. Еще в конце истекшего столетия широко бытовала уверенность в грядущем качественном изменении политической реальности и в возможности эффективно использовать для преодоления ксенофобии, расизма и сепаратизма политический, экономический и культурный потенциал глобализирующегося мира. Но нелимитированная миграция в страны запада породила во многом непредсказуемые по своим масштабам вызовы. Эти вызовы встали как перед мигрантами, так и перед принимающими их обществами. Вопрос о перспективах интеграции в западные общества людей, принадлежащих иной цивилизационной традиции, превратился сегодня в один из ключевых в политической повестке дня.[2]

С одной стороны теоретики глобализации отмечают бурное возрождение этнических движений и настроений. Глобализация, как оказывается, не только унифицирует и гомогенизирует культуры, сколько пробуждает и стимулирует локальное и этническое самосознание людей.

С другой же стороны целый ряд процессов глобализации как внутренних, так и внешних непосредственно влияют на обострение кризиса идентичности. В конечном итоге — разрушение идентичности народа оборачивается истощением его «личностного» начала, утратой им своей исторической экзистенции как самоосуществления и созидания народом своей исторической судьбы, жизни, опирающейся на собственные глубинные основания: культурно-исторические, геополитические и духовно-религиозные. Проблема преодоления кризиса идентичности усугубляется процессами глобализации, ведущими к индивидуализации и атомизации общества и вместе с тем размывающими традиционные основы национальной идентичности, что в целом существенно воздействует на идентификацию отдельных людей и целых социальных групп. В этом контексте представляется, что современное общество не будет достаточно интегрированным и устойчивым, способным отвечать на вызовы современного мира, не сможет осуществлять эффективную экономическую, социальную и политическую модернизацию.[7]

Таким образом, национальная идентичность есть необходимое условие достойного существования нации в целом и каждого ее представителя в целом. Прочность идентичности в условиях глобализации зависит от объективной (национальный характер) и субъективной (менталитет) компонентов. Наиболее действенным способом упрочнения национальной идентичности следует считать прояснение национального сознания, самоопределения и самоориентации индивида.

1 *Казахстан в глобальном мире: вызовы и сохранение идентичности. Институт философии и политологии КН МОН РК. Алматы, 2011.*

2 *С.В.Кортунов Глобализация и национальная идентичность. М., 2009.*

3 *Бадмаев В.Н. Феномен национальной идентичности: социально-философский анализ. Автореферат. дисс. д.ф.н. Волгоград 2011.*

4 *Семенов И.С. Глобальный кризис идентичности: личность, общество, культура / Глобализация и Россия. М., 2004.*

5 *Нысанбаева А., Малинин Г. Нурсултан Назарбаев: Казахстан - территория мира и согласия. Алматы, 2005.*

6 *Мухлынкина Ю.В. Этническая идентичность в эпоху глобализации//Научные ведомости Белгородского государственного университета. Серия: Философия. Социология. Право, 2008.№4*

7 *Хелд Д., Гольдблатт Д., Макгрю Э, Пerratон Д. Глобальные трансформации: Политика, экономика, культура / Пер. с англ. В. В. Сапова и др. Москва, 2004.*

8 *Гаджиев К.С. Национальная идентичность: концептуальный аспект// Вопросы философии 2011.№10*

9 *Грицанов А.А. "Новейший философский словарь" Минск, 1999.*

10 *Нуржанов Б.Г. Глобализация: закат национности или расцвет этничности?//Устойчивость этнокультурных систем в контексте динамики глобализации. Материалы городской научно-практической конференции. Алматы, 2012.*

11 *Кадыржанов Р.К., Ешпанова Д.Д., Наббекова Г.А. и др. Проблемы национальной интеграции казахстанского общества. Алматы, 2008.*

12 *Хантингтон С. Кто мы? Вызовы американской национальной идентичности. Москва, 2004.*



**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА  
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ**

**HISTORIOGRAPHICAL ASPECTS OF RELATIONS BETWEEN THE REPUBLIC OF  
KAZAKHSTAN AND THE WORLD TRADE ORGANIZATION**

**K.R. Nessipbaeva** – *doctor of historical sciences, professor Abai Kazakh National Pedagogical University*

*Аталған мақалада ҚР сыртқы сауда қатынасының тарихнамалық негізіне тоқтала отырып, еліміздегі қазіргі кездегі ДСҰ-ға өту қажетті шарттың бірі екендігі тарихнамалық тұрғыда зерделенген. Сонымен қатар қазіргі таңда ҚР мен ДСҰ арасындағы қарым-қатынас мәселесі өзекті тақырыпқа айналып отырғандығы мақалада баяндалған.*

*Проблема взаимоотношений РК и ВТО является одной из важнейших на современном этапе. В данной статье особое внимание мы уделяем историографическим аспектам внешнеторговой политики Республики Казахстан, а также современной торговой политики страны, необходимым условиям для вступления в ВТО.*

The problem of trade policy development is becoming increasingly important since it helps not only the promotion of domestic products to foreign markets but also regulates the development of industries related to export production. Functioning, balance and structure of exports and imports may become or an insurmountable obstacle to the interpenetration of national and world economies, or, conversely, to be flexible and mobile interaction. In these circumstances, it is imperative to ensure validity, balance of foreign trade policy aimed at implementing national economic interests in a complex system of international trade relations.

Study interdependencies between the domestic economy and foreign economic relations of the CIS countries in many important respects, as they characterize not only the success of economic reforms in the country, but also to determine the place of the national economy in the international division of labor. Much of the research is devoted to the problems of investments and foreign economic activity in general.

The modern world is developing in the integration process. In various regions of the world trade and economic integration, foreign exchange, customs and political ensembles are formed. This is an objective and logical process. The European Union can serve and now has a model of integration for many regions of the globe. Experience of European unity, representing interest for all countries seeking a strong and effective economic and political integration, the creation of a single market and a single currency requires both critical and creative approach to its use.

From the perspective of the international community the Newly Independent States including the Republic of Kazakhstan are not third world countries like the others. They are and will be the closest neighbors of the expanding global market. The World Trade Organization is committed to supporting new independent states in transition, in particular the prospect of greater participation in the international economic system. Not least, in cooperation with the CIS countries of the WTO takes care of improving the standard of living and prosperity of citizens. [1]

Foreign policies adequate "international environment" and the economic potential of the state - the main diplomatic challenge facing all countries. In foreign policy of any state of health is considered to be signs of reality put forward objectives and their compliance with the internal needs of the country with no pretensions to global presence and outer greatness, as well as flexibility and integrity in defending national interests. [2]

And our country is no exception. Interests of the Republic of Kazakhstan as a major Eurasian states are multifaceted and not predetermined unique geo-referenced. In such circumstances, Kazakhstan needs a multi-vector foreign policy. Such a policy does not mean dispersion of forces and means in all directions. Most likely, this strategy of multilateral partnership with all interested states .

For its small way our independent development Kazakhstan has achieved a lot. He entered a period of economic reforms, freedom of expression, democratic elections. As the pace and depth of structural reforms in the economy of Kazakhstan ahead of all CIS countries. Current trends in the economy of Kazakhstan said that it gradually goes beyond the path of sustainable growth. Success in economic development will undoubtedly serve as a solid tool in its effective foreign policy. There are additional opportunities to multiply the results achieved during the years of independence.

In circumstances where Kazakhstan strengthens cooperation and collaboration with other countries at the regional and global levels, understanding of the processes taking place in Europe, will allow experts in the field of international relations adequately guided in choosing a strategy of cooperation acceptable to our country and the whole region.

Active economic cooperation between Kazakhstan and the EU countries can not only develop the economic potential of the country but also on the success of economic integration of the European states which is very valuable for the country playing a leading role in the integration processes in the CIS, EurAsEC, CAPS.

WTO involvement in the Central Asian region is becoming wider in recent years, so examine the situation and emerging trends in the relations between the RK and the WTO, as well as ways to develop cooperation seems relevant and timely.

As you know over the last fifty years an active process of economic integration. And in this process included a growing number of Central Asian states, in particular Kyrgyzstan.

WTO expands the number of its members, seeks to unite with countries in other regions of the globe are beginning to define its position.

The Republic of Kazakhstan is attractive for its geopolitical situation of the WTO as a transport corridor connecting Europe with Asia, its natural resources, especially hydrocarbon feedstock, and more recently, the mining industry. And in general, Central Asia, including Kazakhstan, are areas that are little known to the world and, above all, Europe and the European Union.

All this testifies to the fact that Kazakhstan is interested in having broad and fruitful relationship with the World Trade Organization.

The countries of Central Asia and Kazakhstan are experiencing a process of profound political and economic transformation. Is an issue, whether the country will be able to organize this region the economic upturn that will develop on its own basis, that is, if they can get out of the crisis through its integration.

The book «Regional integration in Central Asia» - a collection of articles devoted to the analysis of integration processes in the Central Asian republics. Edition was published with the assistance of the Center for Economic and Social Development which has been researching regional integration in Central Asia. To do this the Centre conducted in 1994 an international conference on this topic in Berlin, and in 1995 two seminars held in Asia. «This collection is intended to sum up so far held three events».

The process of regional integration are particularly in need of constant exchange of experiences of the participating countries as without mutual consultation great risk of emergence of incorrect processes. In this regard the book presents the views of researchers from Kazakhstan, Kyrgyzstan, Turkmenistan and Uzbekistan.

European countries also need to know the course of the integration because they can make a significant contribution to the successful implementation of the integration process. Introduction written by Dr. H. Dieter (referent of the German Foundation for International Development in the department of the major issues of economic policy) where he speaks of the need for regional integration in Central Asia.

The collection consists of three sections. The first section discusses the global economic market conditions as well as the theory of regional integration. The second section describes the steps taken towards regional integration, analyzes the prospects for its development. Finally in the third section subjected to critical analysis strategies of individual countries to implement foreign trade policy. The first section in articles Yakobayt, Enal and Altvater the world economic market conditions that exist for regional integration are given. Yakobayt (Fellow - Researcher doctoral degree by the German Research Society) gives a description of the most important theoretical approaches to regional integration, considering the experience of the first wave of integration projects in the 60s. Enal (Professor of Political Science Institute of the Berlin Free) deals with structural analysis and trends in the global economy. He investigates the causes of its destabilization. In addition, he examines the development of the GATT and results of the Uruguay Round negotiations. Article Altvater (Professor of Political Science Institute of the Berlin Free) analyzes the processes of regionalization of the world market and the a second wave of formation of blocks from the beginning of the 80s. Here the same elements are considered that make up the competitive ability of individual economies and the experience of Latin America to implement projects of regional integration.

In the second section the conditions for regional integration are discussed. The article of S. Primbetov an analysis factors cooperation in Central Asia is provided as well as already taken steps to create a single economic space. Article by Dieter devoted to the economic situation of the source for the process of regional integration, the prospects of this process. In the article of K. Rakhmetova and W. Kassenov explore the sequence of the individual steps along the path of integration, also discusses aspects of infrastructure development in the region. B. Babaev and B. Anisov lead assessment of the prospects of integration in Central Asia depending on the success of the transition to a market economy. In the article Huebner (Professor of Berlin Economic Institute) talking about the possibilities of rational application of the lessons of the European Payments Union in Central Asia. At the same time considered as criteria for the creation of a payments union and the chances of the Central Payments Union, the issue of monetary cooperation in Central Asia is also in the center of the first articles Guerra (Professor of

Economics Institute Berlin). Study exposed the existing inflation and the exchange rate regime aspects and convertibility.

The focus of the third section is the consideration of foreign and transformational strategies of individual countries. At the same time there is a significant discrepancy. K. Rakhmetova emphasizes the need for integration of Kazakhstan into the world economy and discusses the necessary steps in this direction. W. Kassenov analyzes the economic structure of Kazakhstan. Despite all the internal and external economic issues in their article Sauer and Remus give the Kazakh economy relatively positive outlook, stressing, however, the need for internal economic stabilization. Little place in this collection devoted to other integration projects, for example Organization for Economic Cooperation (ECO) or proposed by the President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev draft EAC. Kazakhstan has been actively involved in the activities of international organizations, committees, programs and so on.

Particular attention should be given to studies in which questions of trade policy and the WTO. In this connection attention should be paid to the study of the following authors such as Mohiber R., Weisman R. " Top 10 Reasons for closing the WTO " [3] , Pakhomov A. " Uruguay Round Agreements and the evolution of the WTO" [4], Tarr D. "Kazakhstan is returned to free trade and realistic exchange rate " [5], Kaminsky B. "Globalization and the global economy " [6] . Trade policy issues are discussed at international conferences and seminars among which are the International Seminar on " Global integration and trade reform tasks for Central Asia", " Ways of economic integration in the new conditions."

International exchange of goods and services in modern conditions is characterized amplified and contradictory processes of globalization of the world economy which represent a qualitatively new level of internationalization of economic life, a new phase of international cooperation covering more and more countries around the world. [7]

Based on this analysis it is clear that trade policy today has absorbed the experience and various features of the varied fundamental theories of international trade.

States with tools customs tariff policy govern foreign trade promoting their goods on world markets and protecting domestic markets from foreign competition.

In Kazakhstan the lack of correspondence between the selected foreign economic strategy for the creation of an open economy and foreign trade policy has led to the fact that the foreign trade begins to play role as a source of income "hard" currency, the saturation of the domestic market of foreign-made goods , the output of the economy from the crisis and improve living standards.

Crucial choice of foreign trade priorities that would facilitate the maximum key tasks of domestic production in the current and next stages of its development, and allowed to increase the scope and effectiveness of the national economy. In other words, a consistent policy formation profile international specialization of the country , calculated on the capacity utilization of the international division of labor as to best meet the needs of the country and the selective development of competitive export industries.

Indispensable prerequisite for the implementation of foreign policy is a reasonable selection of regional foreign policy priorities. In principle, it is necessary to proceed from the expediency of maximum diversification of export markets and import sources, in order to avoid excessive economic dependence on individual countries and regions. This corresponds to the interests of direct participants of foreign trade, seeking to derive maximum economic benefits in all markets.

Implementation of foreign trade policy, according to experts, without the active protection of the domestic market and domestic producers, promoting the interests of the country in world trade has virtually no prospects. This applies particularly to the young sovereign countries. Developed countries, along with a consistent removal of various barriers to international trade, in one way or another have a policy to protect the national economy from unfair competition and create favorable conditions for the development of national industries uncompetitive. Here is reflected removing existing policy barriers, discriminatory restrictions to the movement of domestic goods in the world markets, ensure the full involvement of the country in international trade organizations. To this end, many countries link the implementation of the commitments in the field of international trade with the implementation of relevant agreements with trading partners. This approach eliminates the unilateral acts of States in the field of foreign trade, when a country liberalizes its consistent trade regime, while on the way its products are erected new barriers.

In special studies indicate that an urgent task that promotes the effective implementation of trade policy is to further improve the legislative and regulatory frameworks foreign trade [8, 9]. Current legislation on these issues mainly regulates the general scope of participation of business entities in foreign trade. They have the authority, to perform export and import operations, conclude agreements on the exchange of goods, currency funds generate,

attract and accommodate foreign loans, etc. Nevertheless, the legislation retains a sufficiently wide range of potential conflicts or unresolved issues.

Emphasis on the development of foreign policy deserves to identify ways and means of ensuring its practical implementation. A major role to play among them a set of measures aimed at improving the competitiveness of domestic goods in the domestic and foreign markets. The priority here should be targeted state economic and primarily structural and investment policy. An important element of such a policy should be the program of development of export potential of the country, covering the capacity utilization of domestic engineering and petrochemical industry to increase production of highly processed products, potentially competitive in foreign markets. Suitable for Kazakhstan also consider projects aimed at the development of transport infrastructure and streamlining the geographical focus of foreign trade.

Listed commitments should not be regarded as an infringement of the sovereignty of Kazakhstan in the implementation of foreign policy. Deep integration into the international division of labor, full participation in the international exchange of goods must comply with generally accepted "rules of the game." Since the commitments in the WTO are of mutual and common nature, the benefits of accession to the WTO will outweigh the disadvantages.

1 Ваддамс Алан. – Глава представительства Европейской комиссии в РК. – Нашим читателям. //Европейский диалог. 2002. №1. С.3.

2 Токаев К. Дипломатия Республики Казахстан. Астана: «Елорда». 2001. С. 16.

3 Мохибер Р., Вайсман Р. 10 главных причин для закрытия ВТО // *Kommersant Daily*.-2006. - 2 февраля.

4 Пахомов А. Договоренности Уругвайского раунда и эволюция ВТО // *Вопросы экономики*. - 2007.- №. 8.

5 Тарр Д. Казахстан возвращается к свободной торговле и реалистичному валютному курсу // *Трансформация*. - 2006. - №2.

6 Каминский Б, Глобализация и глобальная экономика // *Материалы международного семинара «Глобальная интеграция и задачи реформирования торговли» для стран Центральной Азии. Анкара, 20-29 июня, 2007 г. -Анкара, 2005.*

7 Буглай В.Б., Ливенцев Н.Н. *Международные экономические отношения*. - М.: Финансы и статистика, 2005.

8 Постановление Правительства Республики Казахстан от 18.10.2007 О подписании проектного документа по программе технической помощи "Продвижение торговли в Казахстане"

9 Маракеешское соглашение о создании ВТО 15.04.1994 г. Постановление Правительства РК от. 19.02.1996 г. "О вступлении РК в ВТО" Статистические материалы. Статистический бюллетень Агентства по статистике РК за 2002-2006 гг.

## **«ИЗВЕСТИЯ КИРГИЗСКОГО ОБЛАСТНОГО КОМИТЕТА РКП(Б)» ЖУРНАЛЫ ДЕРЕК КӨЗДЕРІ РЕТІНДЕ**

**Ф.А. Қозыбақова** – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Тарих, археология және этнология факультеті, Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, т.ғ.к.,

**Д.Ж. Айнақұлов** – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Тарих, археология және этнология факультетінің 2-курс магистранты

В 1921 году между 11-18 июня на Первой областной киргизской (казахской) конференции РКП (б) был создан партийный аппарат управляющий Казахским краем. Был избран состав Киргизской (Казахской) Областной партии комитета. При Киробкоме было решено издавать специальный журнал «Известия Киргизского Областного Комитета и Оренбургского Губкома РКП(б)».

1921-1923 годы в журнале «Известия ...» отчеты Киробкома публиковались открыто и полностью. В номерах 1924 года несмотря на то что эти информации вышли в свет они не были опубликованы полностью как раньше. 1925 году журнал был под строгим надзором партии, более того само опубликование стало большой проблемой. В первой половине 1925 года Киргизский (Казахский) областной комитет РК(б)П был изменен на Казахский краевой комитет РК(б)П. Вместе с этим и названия журнала изменилась на «Известия Казакстанского Краевого Комитета Российской Коммунистической Партии (большевиков)». В сентябре 1925 года с прибытием Ф. Голощекина в качестве первого секретаря в Казахстан «Известия Казакстанского Краевого Комитета Российской Коммунистической Партии (большевиков)» прекратил свою работу.

Хотя не полностью, часть из данных выборочно могут быть использованы, а также в современное время данные которые под давлением тоталитарной системы и административно-командной идеологии прежде запрещались дают возможность повторно их изучить.

In 1921 during 11-18 of June on the first regional Kirgiz (kazakh) conference of the Russian Communist Party was created party instrument which managed Kazakh region. There was chosen staff of Kirgiz (Kazakh) Regional committee of party. Under the rule of Kirgiz regional committee was decided to print a special journal titled «Известия Киргизского

*Областного Комитета и Оренбургского Губкома РК (б) П» (“Proceedings of Kirgiz regional committee and Orenburg Governor Committee of the Communist party”).*

*During 1921-1923 on the Journal titled “Известия ...” accounts of the Kirgiz regional committee were published openly and completely. On the numbers of the journal during 1924 despite of printing these data they were not been published completely as formerly. In 1925 the journal was under the strong control of the party and furthermore publishing of itself became a huge problem. In the first half of 1925 Kirgiz (Kazakh) regional committee of the Communist party was changed to Kazakh regional committee of the Communist Party. With this title of the journal also was changed to “Известия Казакстанского Краевого Комитета Российской Коммунистической Партии (большевиков)” (Proceedings of Kazakh regional committee of the Russian Communist party (Bolsheviks)). On September of 1925 with arriving of F. Goloshekin as the first secretary in Kazakhstan «Известия Казакстанского Краевого Комитета Российской Коммунистической Партии (большевиков)» finished own work.*

*Though not completely but selected data can be utilized, also at contemporary time data which under pressure of totalitarian system and administrative-command ideology were forbidden give rise an opportunity to study them again.*

1921-1925 жж. Қырғыз (Қазақ) Облыстық партия комитеті Қазақ АКСР-нде жоғарғы мемлекеттік басқару органы ретінде қызмет атқарды, қызметінің барысы Кеңес өкіметі кезеңінде ашық айтылмаған болатын. 1991 жылы Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет болып жарияланғаннан кейін, тарихты қайта зерттеуге, зерделеуге бағыт ашылды. Мұрағат құжаттарын зерттеуге рұқсат беріліп, шындықты жеткізетін, ақиқатты ашатын демократиялық қоғам қадамы нық басты. Тоқталып өтетін мәселе тек мұрағат құжаттарына ғана қатысты емес, сонымен қатар баспа беттеріндегі материалдарды қайта қарау, зерттеу барысында оны дерек көздері ретінде пайдалану үрдісі басталды.

Қырғыз (Қазақ) Облыстық партия комитетіне дейін Қазақстан аумағында Қырғыз (Қазақ) облыстық бюро РК(б)П қызметін атқарды. Қыроблкомға дейін яғни 1920 жылы 30 сәуірде Орталық Комитетінің Ұйымдастыру Бюросы РК(б)П 1920 жылы 12 сәуірде құрылған Қырғыз өлкесінің Ұйымдастыру бюросын РК(б)П Қырғыз (Қазақ) облыстық бюро РК(б)П етіп қайта құрды[1]. Қыроблбюро жанынан арнайы «Известия Киргизского Областного Бюро и Оренбургского Губкома РК(б)П» атты журналды шығаруды ұйғарылды. Журнал беттерінде бюро жұмысы, партия жұмысы, қаулылар мен бұйрықтар, есептер жарияланып, республика жұртшылығын хабардар етіп отырды.

1921 жылы 11-18 маусым аралығында өткен РК(б)П Бірінші облыстық қырғыз (қазақ) конференциясында Қазақ өлкесін партиялық басқаратын аппарат қалыптасты. Қырғыз (Қазақ) Облыстық партия комитетінің құрамы сайланды.[2]. Ж. Әбсеметованың зерттеуі бойынша Қыроблкомның құрамына 14 адам мүше болып кіріп, оның төртеуі ғана қазақ болған. Бірақ оның құрамы РК(б)П Орталық Комитетінде ғана бекітілген. Үміткерлерді қайта енгізу барысында Қыробкомға қосымша үміткерлер ретінде А.Әйтиевті, А.Оразбаеваны және М.Саматовты енгізіп, сөйтіп олардың санын жетіге жеткізген. Комитеттің хатшылары М.М. Костеловская мен М.М. Мырзағалиев болды [3]. Сол себептен шығар Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағатының 139-қордағы, 1-тізбесінің, 129-ісіндегі, 1-парақта Қырғыз (Қазақ) Облыстық партия комитетінің аппараты 1921 жылы 11-18 маусым аралығында емес, 11-20 маусым аралығында өткен РК(б)П Бірінші облыстық қырғыз (қазақ) конференциясынан кейін құрылды деп көрсетілген еді.

Журналға қатысты ескертетін мәселе оның атауы төрт рет өзгеріске ұшырады. 1. «Известия Киргизского Областного Бюро и Оренбургского Губкома РК(б)П». 2. № 14 санынан бастап «Известия Киргизского областного комитета и Оренбургского Губкома РК(б)П». 3. № 22 санынан бастап «Известия Киргизского Областного Комитета РК(б)П». 4. 1925 жылдың мамыр айынан бастап «Известия Казакстанского Краевого Комитета Российской Коммунистической Партии (большевиков)» деп аталды.

Қырғыз (Қазақ) Облыстық партия комитетінің құрылымын оның жағдайын «Известия Киргизского Областного Комитета и Оренбургского Губкома РК(б)П» журналының материалдарын айғақ ретінде көре аламыз. Салыстырмалы түрді екі мәлімет берген: 1) 1 маусымға дейін Обком штатында жалпы 14 қызметкер болған. Оның жалпы бөлімінде 6 адам, ұйымдастыру-нұсқаулық бөлімінде 6 адам және 2 адам үгіт-насихат бөлімінде жұмыс істеген. 2) 1 қыркүйекке дейін Обком штатында жалпы 53 қызметкер болған. Оның жалпы бөлімінде 22 адам, ұйымдастыру-нұсқаулық бөлімінде 17 адам және 14 адам үгіт-насихат бөлімінде жұмыс істеген[4]. Осы екі мәліметті салыстырып қарасақ Қыроблкомның не үшін құрыла салысымен жұмыстары баяу, оңтайлы жүрмегендігін анықтаймыз. Комитет құрамына мүше болып кірген азаматтар қызметкерлердің жетіспеуіне орай өз құрылымындағы қосымша жұмыстарды атқаруға мәжбүрленген.

Коммунистік партияның басқару жүйесін орнықтыру үшін идеологиялық күрес үнемі жүргізілгені мәлім. Қыробкомның үгіт-насихат бөліміндегі әдеби басылым бөлімшесі 1921 жылдың күзінде «Степная правда» газетінің редакциялық ұжымын құру және «Красная Киргизия» қырғыз (қазақ) журналын

шығаруды жоспарлағаны белгілі[5]. Себебі Қыробкомның жиналысында бірінші кезекте партия құрылысына жергілікті халық (қазақтар) жете түсінбегендіктен жұмыстың алға баспайтындығын осылай түсіндіретін.

Қыробкомға дейін және оның алғашқы жылдарындағы партия қатары, әлеуметтік жағдайына қарай, ұлттық құрамына қарай мәліметтері толық емес еді. 1921 жылдың 1 шілдесінде берілген мәліметтер бойынша большевиктердің саны 23227 адам [6], Ал екінші мәлімет бойынша үміткерлермен бірге жалпы 26677 адам болған. Тіпті жиырма жеті мыңға таяп қалған екен [7]. Ал «Известия Областного Комитета и Оренбургского Губкома РК(б)П» журналындағы 1921 жылдың 1 шілдесіне Қазақстан бойынша (Орынбор, Семей, Қостанай, Орал, Ақмола, Ақтөбе, Бөкей губерниялары мен Адай уезі мен Ырғыз қаласын қосып есептегенде) большевиктердің саны үміткерлермен бірге жалпы 26677 адам құрағаны белгілі[8]. Ол мұрағат құжаттарымен сәйкес келеді. Демек Қазақстан аумағындағы барлық партия ұйымдары дұрыс мәлімет алғандықтары расталады. Соңғы мәліметтерге нақты тоқталсақ Қыробком территориялық ауқымы бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның аумағы мен сәйкес келмейді. Ал зерттеліп отырған мәселе Қыробком екенін ескеруіміз қажет. Өйткені 1921 жылы 11-18 маусым аралығында өткен РК(б)П Бірінші облыстық қырғыз (қазақ) конференциясында Қазақ өлкесін партиялық басқаратын аппарат қалыптасқанда Орынбор, Семей, Қостанай, Орал, Ақмола, Ақтөбе, Бөкей губернияларына жауапты екені айқындалған еді.

Қазақ өлкесінде партия жұмыстарының нақты территориясы «Известия ...» (алдағы уақытта «Известия Киргизского Областного Бюро и Оренбургского Губкома РК(б)П» осылай қысқартылып беріледі - авторлардан) журналының 1922 жылғы ақпан айындағы жарық көрген кезекті санында «Партработа в КССР с июня по 1 октября 1921 г.» деген мақаладан айдан анық көрсетілген. Онда Қырреспубликасында (Қазақ Республикасында) РК(б)П-ның 7 губкомы бар: 1) Орынбор губкомы, оған 8 уездік аудандар мен 5 қала; 2) Орал губкомы, 6 укомымен; 3) Семей губкомы, 6 укомымен; 4) Ақмола губкомы, 4 укомымен; 5) Қостанай губкомы, 8 ауданкомдарымен; 6) Ақтөбе губкомы 8 ауданкомдарымен; 7) Бөкей губкомы, 5 укомымен; 8) Жеке Адай укомы, тікелей РК(б)П Обкомға бағынады [9].

Қыробкомның құрылымындағы ұйымдастыру-нұсқаулық бөлімі а) нұсқаулық бөлімшесінен, б) ақпараттық бөлімшеден, в) есептік-статистикалық бөлімшесінен және г) транспорт жұмысшылары арасындағы партия жұмысының бөлімшесінен (бөлімше РК(б)П Қырғыз (Қазақ) Облыстық партия комитетінің Призидиумының қаулысымен құрылды. Хаттама № 7, п.1 – РК(б)П ОК-нің циркулярлық хаты негізінде, 10 қазан 1921 жыл.) құралғанын білгілі[10]. Бірақ «Известия ...» журналындағы есеп жұмысында ұйымдастыру-нұсқаулық бөлімінің тек есептік-статистикалық бөлімшесі мен ақпараттық бөлімшесі ғана істеп тұрғандығы айтылады. Басқа бөлімшесінің тіпті басқарушысы жоқ екені көрсетілген[11]. Осыдан кейін қазақ өлкесіндегі партия ұйымдары жүктелген жұмыстарын қандай деңгейде, қалай атқарғандығы түсінікті. Кеңес заманындағы партия жұмысы мадақталып, оның бұрыстығының барлығы қазақ зиялыларына жүктеліп, тіпті әдістерінің ілгері баспауы халықтың ой-санасының төмендігіне және білімнің нашарлығына жабылды. Есеп журналдың 1921 жылғы желтоқсан айындағы санында жарияланған. Қыробкомның аппаратының құрылғанына жарты жыл уақыт толды.

«Известия ...» журналының № 16 санында Қыробкомның құрылымындағы ұйымдастыру-нұсқаулық бөлімінің баспа бөлімшесі Қыробкомның 1921 жылдың қыркүйек айына берген есебінде «Алғашқы справочник «Агитатора и прапагандиста» саны жарық көрді. Бөлімнің ұйымдастыру мәселесінде орталық баспа мен мемлекеттік басылымға мән берілді. Екі ұйымның да нақты анықталған ережелері, анықталған функциялары болмай, сол бірнеше жиналыстар өткізіп, құрылымдарына, атқаратын жұмыстарын анықтап ұйымдарға нүкте қойылды. Келер жылдың ортасында екі ұйым да еңбекші бұқарасын қамтамасыз ететін ұйымға айналулары керек. Бар редакциялық басылым бөлімшесінде бір басшыдан ғана құрылған сол үшін оның жұмысы Орынбор қаласында ғана тор болып қалған секілді» деп көрсетілген[12]. Ашып қарастыратын мәселе ұйымдастыру-нұсқаулық бөлім бір жылдам уақыт Қыроблбюро тұсында да қызметін атқарып «Известия Киргизского Областного Бюро и Оренбургского Губкома РК(б)П» деген журналы шығып тұрды. Ал Қыробкомның берген есебінде әлі де атқарытын нақты анықталған ережелері, анықталған функциялары болмау деген сол уақытына дейін қалай, қандай жағдайда жұмыс атқарған деген сұрақ туындайды. Яғни ұйым жұмысы нашар, республика ішінде қауқарсыз екенін білеміз.

Қыробком құрылымындағы үгіт-насихат бөлімі 1921 жылдың қараша айында берген есебінде бөлімге техникалық қызметкерлер мен жауапты құмысшылар жетіспей жұмыстың ақсандап тұрғандығын түсіндіргісі келген[13]. Қазан айындағы есебіне қайтып келсек, онда үгіт-насихат бөлімінің келеңсіз жағдайлары шешіліп, жұмыс ілгері жылжи бастаған болатын. Ал қараша айындағы есебінде бөлім жұмысы кері кеткен.

Коммунистік партия өзінің күшін нығайту үшін, партиядағы адам санын көбейту үшін әйел азаматтарды да мүшелікке алуды дұрыс есептеген. Компартия азамат соғысы жылдарынан бастап әйел азаматтарды партия қатарына және кеңес құрылысына шақырумен болды. Бірақ ол Қазақстанда Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы салыстырғанда баяу жүрді.

1921 жылы маусымның 11-18 аралығында РК(б)П Бірінші облыстық қырғыз (қазақ) конференциясы өтіп, онда күн тәртібінің жоспары тізімделгеннен кейін РК(б)П ОК-ның атынан сәлемдеме жолдау сөзі Ярославскийге берілді. Партиялық ұйымдар ұлт мәселесіне қатысты бағдарламаны дұрыс менгеріп, қаулыларды дұрыс жүзеге асырып жатқандығын, Қырөлкеде (Қазөлке) кеңестік билікті ұйымдастыратын тұрмыстық және әлеуметтік экономикалық ерекшелік жағдайларына қарай коммунистік бастауларды жүзеге асырушы екендігін айтты. Сөзін жалғастырып, осы конференцияның құрамына қарай отырып, бұл ұйым жергілікті халықтар арасында әлі де жеткілікті бағаланбағандығын айтып келе «бүгінгі конференцияға қатынасып отырған әйел азаматтар саны тым аз екен, ал қырғыз (қазақ) әйел азаматтар мүлдем жоқ десе болады. Қазақ әйел азаматтарын партия қатарына кеңестік құрылысқа көптеп тарту керек» деп ойын білдірген еді [14].

Ярославскийдің сөздерінен Қырғыз (Қазақ) Облыстық партия ұйымының құрылымы әлі жеткіліксіз, большевиктердің тым аз екендігі айтылып отыр. Оның себебін екі жыл ерте 1919 жылы Қазревкомның орынбасары ретінде А. Байтұрсынов «Жизнь национальностей» газетінде 3 тамызда жарық көрген «Революция и киргизы» атты мақаласында түсіндіріп кеткен болатын. Ол большевиктердің идеясын, ойын және тіпкі мақсатын түсінбейтіндігін айтып жеткізді. Егер қазақ зиялыларының бұл мәселені қабылдауы қиынға түссе, онда қарапайым халық қалай партия артынан еріп кетпек екен.

1921 жылы маусымда Қыробкомның аппараты құрылғанда оның құрылымында әйелдер арасындағы жұмыс бөлімі де жұмысын Қыроббюродан бері жалғастыратын болды. Қыробкомның 1921 жылдың 1 мамырынан 1 желтоқсанға дейінгі аралықта берген есебінде «бөлім ашық түрде 1921 жылдың 1 мамырында құрылған болатын, бірақ шын мәнінде 1 тамызға дейін ешбір жұмыс атқарылмады десе болады» деп жарияланған [15]. Жергілікті қазақ ұлтының ер азаматтары партия қатарына кіруге шорқақтық танытып жатқанда әйел азаматтарын тарту мүлдем оңай шара болмады.

1921 жылы 30 шілдеде ұйымдастыру-нұсқаулық бөлімінің жиналысы өтті. Жиналыста «әйелдер арасындағы жұмыс жеке бөлім болып құрылмайды және арнайы ұйымдастырылмайды, үгіт-насихат бөлімінде бөлімше ретінде құрылады» деп Қыробкомның құрылымына мүлдем қайшы келетін мұрағаттан № 1 хаттама табылды [16]. Бірақ одан кейінгі кезеңдерді, уақыттарды қарастырғанда әйелдер арасындағы жұмыс жеке бөлім болып істеген. Соның ішінде мұсылман және қазақ әйел азаматтарымен ережелік нұсқаулар жасалған. Барлық губернияларда, уездерде әйелдер бөлімін құру партия тарапынан қолға алынған еді.

1922 жылы наурыз айының ортасында (мұрағат құжатында нақты 13 наурыз деп берілген [17]) Қыробкомда сүзек ауруының таралуына орай қазармалық тәртіп орнатылған. Штаттағы 48 қызметкердің 18 адамы жұмысқа шықпаған [18]. Бұл әсіресе жалпы бөлімнің жұмысы көп кедергі келтірді. Комитеттегі қызметкерлер бір-бірінің жұмыстарын алып жүруге мәжбүр болған. Бірақ жұмыстың қаншалықты дәрежеде қалпына келтірілгені туралы нақты мәлімет жоқ. «Известия ....» журналының жауы да бұлыңғырлау, ашып анығын жеткізбеген. Сүзек ауруынан айығып, қызметкерлердің жұмыс орындарына қайтып оралуы сәуір айына дейін созылған.

«Қырғыз (қазақ) халқының арасындағы негізгі жұмыс ережесі» атты ереже 1922 жылы 22 наурызда қабылданды. Онда мінадай міндеттерді жүктеген а) Жұмысшылар мен қырғызбатрактарын (қазақ) ұйымдастыру, ... г) ашығушыларға көмектесу және жағдайы жақсы аудандарға көшіруді ұйымдастыру, д) қырғыз жұмысшыларына бос жер үлестерін беру, ... ж) шама келгенше барлық болыстарда қырғыз (қазақ) халқының арасында іс-қағаздарды ана тілінде жүргізу ұйғарылсын, ... к) Қазақ тіліндегі басылымдарды күшейту, ... м) қазақтар арасындағы партиялық жұмысты күшейту, н) Қазақ жастары мен әйелдері арасында жұмыстарды күшейту, о) Сауатты қазақтарды жұмысқа тарту [19]. Баспа бетіне жарияланған осы ереге мұқият назар аударатын болсақ, қазақ ұлтына жағдай туғызғандай болып, партия өз саясатын тереңдете бастағаны аңғарылады. Жер мәселесін, тіл мәселесін шешкендей болып көрінеді. Мұрағат құжаттарын қарастырғанда іс-қағаздарды ана тілінде жүргізу тіпті болмаған секілді. Ондағы материалдардың басым көпшілігі орыс тілінде жазылған. Келесі партияның сұрқия саясаты қазақ сауаттыларын яғни зиялыларын партия қызметіне кеңес жүйесінің құрылысына тарту жүргізілді. Қыробкомда компартия мен қазақ зиялыларының арасында тартыс болып отырды. Компартия жұмыстың негізгі кедергі солардан деп түсіндірмекші болды. Ал партия қызметіне тартылған азаматтар Голощекин тұсында Қазақ өлкелік партия комитеті тұсында түрлі айыптар тағылып, қуғын-сүргінге ұшырай бастаған кезеңі еді.

«Известия ....» журналының ерекшелігі 1925 жылға дейін РК(б)П Қыробкомның Қазақ КСР-дегі (негізі дұрысы Қазақ АКСР-і болу керек) ұйымдастыру жұмысының жоспарлары жарияланып, үнемі партия қызметкерлерін баспа бетінде алдын ала таныстыратын.

1924 жылы «Известия ....» журналының мамыр айында жарық көрген № 1 санында «Жергілікті жерлерде жұмыстары жаңалау және күшейту» атты жарияда 1923 жылдың жазында Губкомның жұмысшы күшінен ажырап, қырғыз (қазақ) жұмысшыларын елемеушілік етек жайған. Оның арты ерегесу мен қақтығысқа ұласып партия жұмыстарына кедергі келтірілгендіктері айтылады. Сол себептен губкомның хатшысы қызметінен алынған[20]. Осындай жағдайда Орал губерниясына қазақ және орыс партия жұмысшыларын іс сапарға жіберу айдауға жіберу ретінде қабылданып, Қыробкомға қарсылықты күшейткен адамдар санын толықтырған. Тексеріс барысында партия жұмысы нашар, жұмыстарын атқаруға қауқарсыз екендігі анықталып, онда катал іс-шаралар жүргізуді қолға алған[21]. Мұнда басты тоқталып кететін мәселе журнал бетіне Қыробкомның жұмысындағы осындай келеңсіз мәселенің құпия түрде қалып қоймай ашық жариялануы. Бұл материалдың жариялануы 1924 жылы жүзеге асырылып отыр. Бірақ 1925 жылдан бастап мұндай материалдар, комитеттің келеңсіз жағдайлары жарияланбайтын болды.

1921-1923 жылдары «Известия ....» журналында Қыробкомның есептері ашық әрі толық жарияланатын. 1924 жылғы жарық көрген сандарында бұл ақпарат жарияланғанымен бұрынғыдай толық жарияланбады. 1925 жылы партия тарапынан катал бақыланып, тіпті журналдың шығуы үлкен мәселеге айналды. 1925 жылдың бірінші жартысында РК(б)П Қырғыз (Қазақ) облыстық комитеті РК(б)П Қазақ өлкелік комитеті болып өзгертілді. Сонымен қатар журналдың да атауы «Известия Казакстанского Краевого Комитета Российской Коммунистической Партии (большевиков)» болып өзгеріске ұшырады. 1925 жылдың қыркүйегінде Ф. Голощекиннің Қазақстанға бірінші хатшы болып келуімен байланысты «Известия Казакстанского Краевого Комитета Российской Коммунистической Партии (большевиков)» өз жұмысын тоқтатты.

Қортындылай келгенде «Известия ....» журналында компартияның және Қыробкомның қандай жұмыстар атқарғандығын, комитет құрылымындағы қызметкерлердің санын, комитет құрылымындағы әр бөлімшенің жұмыстары туралы материалдарынан, олардың дәрежесін сонымен қатар большевиктердің күшін, қауқарын, халықтың жағдайын, Қазақ өлкесіндегі ахуалды біраз анықтауға, үлесін қосады. Жалпы материалдар болмаса да кейбір таңдаулы материалдарды дерек көзі ретінде пайдалануға болады және бүгінгі уақытта тоталитарлық жүйе қысым жасап, әкімшіл-әміршіл идеологиясынан тыйым көрген деректерді қайтадан зерделеуге мүмкіншілік туғызып отыр.

1. ҚРПМ 140-қ., 1-т., 4-іс, 6-п.

2. ҚРПМ. 139-қ., 1-т., 6-іс, 46-п.

3. Абсеметова Жумакул. *Большевикский режим в Казахстане: становление и укрепление (1920-1933 гг.)*. Алматы: Қазақ университеті, 2007, 10-б.

4. // *Известия Областного Комитета и Оренбургского Губкома Российской Коммунистической партии. 1921 г. 15 сентября, № 14. 2-б.*

5. Сонда, 5-б.

6. *Коммунистическая партия Казахстана в документах и цифрах. Алма-Ата, Казахское государственное издательство, 1960. 61-б.*

7. Сонда, 60-б.

8. // *Известия Областного Комитета и Оренбургского Губкома Российской Коммунистической партии. 1921 г. 15 сентября, № 14. 21-б.*

9. // *Известия Областного комитета и Оренбургского Губкома Российской Коммунистической партии. 1922 г. 1 февраля, № 18, 1-б.*

10. ҚРПМ.139-қ., 1-т., 129-іс, 1-п.

11. // *Известия Областного Комитета и Оренбургского Губкома Российской Коммунистической партии. 1921 г. 1 декабря, № 16, 3-б.*

12. Сонда, 8-б.

13. // *Известия Областного Комитета и Оренбургского Губкома Российской Коммунистической партии. 1922 г. 1 января, № 17, 9-б.*

14. *Протоколы Первой областной киргизской конференции РК(б)П 11-18 июня 1921 г. Алма-Ата, «Казахстанское краевое издательство», 1935, 9-10 бб.*

15. // *Известия Областного Комитета и Оренбургского Губкома Российской Коммунистической партии. 1922 г. 1 января, № 17, 10-б.*

16. ҚРПМ. 139-қ., 1-т., 21-іс, 13-п.

17. ҚРПМ. 139-қ., 1-т., 26-іс, 10-п.



18. // *Известия Областного Комитета и Оренбургского Губкома Российской Коммунистической партии. 1922 г. 1 июня, № 20, 2-б.*

19. Сонда, 8-б.

20. // *Известия Областного Комитета РКП(б). 1924 г., май, № 1, 49-50 бб.*

21. Сонда, 50-б.

## **РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ БАТЫС СІБІР, АЛТАЙ АЙМАҒЫН ОРЫС ШАРУАЛАРЫМЕН ҚОНЫСТАНДЫРУЫНЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ТАРИХЫ «ВОПРОСЫ КОЛОНИЗАЦИИ» ЖУРНАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРІНДЕ (МАҚСАТЫ, БАРЫСЫ, НӘТИЖЕСІ)**

**Ғ.М. Қарасаев** – т.ғ.д., профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты, Астана

*Автор в статье рассматривает проблему переселения русских крестьян на территории Западно-Сибирского и Алтайского края в нач. XX в. на основе материалов журнала «Вопросы колонизации».*

*The author in article considers a problem of resettlement of the Russian peasants in the territory of the West Siberian and Altai territory in the head of the XX century on the basis of Colonization Questions magazine materials.*

Ресей империясының Батыс Сібір, Алтай аймағын отарлап, оны орыс шаруаларымен белсенді тұрғыдағы қоныстандыруы ХХ ғасырдың басында ерекше маңызға ие болғандығы белгілі. Бұл өлкені қоныстандыру арқылы оны толығымен орыстандырып, империяның ажырамас бөлшегі ету аталған ғасыр басында мемлекеттік маңызды іске айналды.

Осы мақсатты іске асыру жолында мемлекет тарапынан елдің орталық өңірлерінен шаруаларды селолары, қауымдарымен жіберіп, онда хуторлық шаруашылықтар негіздеу қолға алынды. Әрбір уездер сайын қоныстандыру комитеттері негізделіп, алдын ала жерлер дайындау, жаңа қоныстанушыларға жан-жақты жәрдемдер белгілеу жүйесі енгізілді. Осы тұрғыдағы қоныстандыру ісінің барысы, болашағы, алдағы атқарылар шаралар, т.б. ХХ ғасырдың басындағы арнайы шығарылып келген “Вопросы колонизации” журналында баяндалып, оған ресей қоғамының назары аударылды.

Атап айтқанда, көрсетілген журналдың 1907 жылғы санында [1] Н.Шуманның “К вопросу о землеустройстве и колонизация Сибири” атты хабарламасында “Сібірдің тұрғындары үшін егін шаруашылығына арналған жерлер қазіргі күні таусылған, - деп көрсетеді білетін адамдар, алайда Сібірдің егін шаруашылығына қолайлы өңірлері осы мерзімге дейін аз қоныстандырылған, экономикалық жағынан әлсіз және мәдениеті дамымаған өңір ретінде белгілі. Жүйеленбеген, толығымен экстенсивті ауыл шаруашылығы, сонымен қатар көптеген жерлердегі игерілген тың жерлердің болуымен ерекшеленеді.

Мемлекеттің Сібірге деген саясаты ... – Сібір Еуропалық Ресейге бағынышты дәрежеде болуы керек. Сондықтан да мемлекеттің Сібірдегі барлық шаралары толығымен Еуропалық Ресейдің саяси және экономикалық мүдделері тұрғысында бағаланады. Ресейдің Еуропалық бөлігін қылмыстық топтардан тазалау қажет болды. Себебі Сібір ұзақ уақытқа дейін жер аудару орны ретінде қарастырылып келді. Оброктық және орман шаруашылығынан табысты молайту қажет болғанда шаруаларға арналған қазыналық жерлер (Сібірден, -Ғ.Қ.) анықталды. Ақыр соңында үкіметтің жоспары бойынша әр кезеңдегі Еуропалық Ресейден мемлекеттің орталығындағы экономикалық және жерге деген талаптар негізінде туған наразылық пен келіспеушілік біртіндеп шаруаларды әр мерзімде Сібірге қоныс аудару немесе Ұлы Сібір жолын жандандыру да Сібірдің мүддесі емес, Еуропалық Ресейдің қуатын арттыру мүддесіне бағындырылды” [1.3-4], - делініп, аталған өңірді одан ары игерудің қажеттігі көрсетілді.

“... Шаруалар Оралдан арғы жерлерге рұқсат берілмегендігіне қарамастан ағылып, өздеріне ұнаған жерлеріне орналаса бастады. Омбы мемлекеттік орындары бұған еріксіз көніп қана қоймай, сонымен қатар қоныстанушылардың жаңа жерлерге орналасуын реттеу ісіне араласуға мәжбүр болды. Сібір темір жолының салынуы үкіметтің қоныстанушыларға жер бөлу қызметін неғұрлым белсенді тұрғыда жүргізіп, оларды орналастыруға жағдай жасауларына мүмкіндік туғызған себептердің біріне айналды.

1902 жылғы Полтава және Харьков губернияларындағы шаруа тұрғындарының арасындағы үнемі орын алып отырған жердің жетімсіздігі аграрлық толқулар жер иеленушілердің алаңдаушылығын тудырып, аталған өңірлердегі тұрғындар санын реттеуді қажет етті. 1904 жылғы 6 мамырдағы заң осы саясатты реттей отыра аз қоныстанған шет аймақтарды отарлау міндетін қойды” [1.112], - деген деректер ХХ ғасыр басындағы Сібірді орыс шаруаларымен қоныстандырудың империя үшін қажеттігін айқындай түсетіндігі белгілі.

Журналдың көрсетілген санындағы “Движение переселенцев в первой половине 1906 года” атты жазбада: “Жапониямен болған соғыстың салдарынан 1904-1905 жылдары Сібірге қоныс аудару оның алдындағы жылдармен салыстырғанда едәуір азайды. Егер де 1901-1903 жылдары Челябинск арқылы 80-нен 86 мыңға дейін қоныс аударушы өтсе, 1904 жылы Челябинск тіркеу орнынан 29895 адам, ал 1905 жылы 26880 адам өтті.

Сібір темір жолы бойымен қатынастың ашылуы қоныстанушылар санын арттыру керек еді. Шындығында да солай болды. Жарты жыл ішінде Челябинск тіркеу орны арқылы Сібір және Далалық облыстарға 76291 екі жынысты қоныс аударушы, 28512 жеке қоныс аударушылар (ходоктар) және де 1633 адам уақытша еңбек етуге келді, ал барлығы Челябинск арқылы 106406 адам өтті.

... 1906 жылға барлық анықталған жерлердің ішінде қоныстандыру қорына 28,7% жер, ал Орта Сібірде 18,6% жер өтті. Солардың ішінде:

Дайындалған жаңа жер көлемдері: Тобол губерниясында 42,7%, Томскде 6,6% болды. Осылардың ішінде Тобол губерниясының Есіл (Ишим), Туринск, Тоқалы, Тарск, сонымен бірге Тобол уезінің орманды-далалы аймақтары қоныстануға арналған жердің үлкен көлемін берді. Атап айтқанда 2293701 десятина жер берген аталған губерния 3092019 десятина жер берген Ақмола облысынан ғана кейін қалады.

Тарск уезіндегі (Тобол губерниясы,-Ф.Қ.) қоныстандыруға қолайлы жерлер барлығы 1500000 десятинаны құрайтын Рыбинск-Қарғалы орманды-батпақты өңірінен айқындалды” [1. 222, 232-233] - деген құнды мәліметтер белгілі болса, қоныстандыру шараларын іске асыру мақсатындағы “1907 жылға Азиялық Ресейге қоныстандыруға арналған жалпы қаржы сомасы 19200283 руб. 78 копейка болып, биылғы жылғы (1906 жылғы,-Ф.Қ.) қаржыдан 4 есе (4767381 руб.) көп болды” [1. 279], - деген дерек империяның жаңа өлкелерді орыстандыруға айырықша маңыз бергендігін айқындай түседі.

“Вопросы колонизации” журналының келесі санындағы [2] А. Успенскийдің “Действительность, а не мечты” атты шолуында: “Сібірдің ең қоныстандырылған бөлігінің 61430000 десятина жерінде барлығы 2375400 екі жынысты адам ғана орналасқан. Көрсетілген жағдайда (Сібірдегі қоныстанушылардың аздығынан,-Ф.Қ.) мәдениет пен ілгерлеу аса баяу дамиды, себебі осындай қашықтықтағы адамдардың бір-бірімен байланысының өзі бар пайдалы уақыттарының үштен екісін алады” [2.18], - делініп, өлкені болашақтағы одан ары кенінен, екпінді тұрғыда қоныстандырудың қажеттігі насихатталса, В.Кузнецовтың “Экономические результаты переселения в Сибирь и Степной Край” атты талдауындағы: “Сібірді мемлекеттік тұрғыда отарлаудың басталуы қазыналық шаруаларға Сібірге қоныс аударуға рұқсат берілген өткен жүз жылдықтың (XIX ғасырдың,-Ф.Қ.) 40-жылдарынан орын алады. Осы отарлаудың нәтижесінде 40-50 жыл ішінде 60000 шаруалар қоныстандырылды. ... Тюмень және Челябинск арқылы 1885-1892 жылдар аралығында өткен орыстардың саны 329000 адамға жетті.

Ұлы Сібір (темір,-Ф.Қ.) жолын салғаннан кейін Ресейдің азиялық өңіріне қоныс аудару қарқыны арта түсті. (Нәтижесінде,-Ф.Қ.) 1893-1902 жылдары Сібір мен Дала өлкесіне 1410000 адам өтті, одан кейінгі жылдардағы қозғалыс саны төмендегідей болды: 1893-1906 жылдары аралығында Сібір және Дала өлкесіне 158000 жанұядан тұратын 474000 ер жынысты адам қоныстандырылды” [2.69,80], - деген анықтамалардан Сібірді орыстандырудың XIX ғасырдың соңы - XX ғасырдың басындағы барысын көруге болады. Осы журналдағы “1885-1907 жылдар аралығында Сібірге 260000 жанұя өтті” [2. 110], - деген дерек те көрсетілген уақыттағы Сібірді қоныстандырудың ауқымдылығын аша түседі.

“... Сібір темір жолы Комитетінің, - деп жазады М. Соколов өзінің журналда жарияланған “Современное положение переселенческого дела и его нужды” атты мақаласында,- алғашқы жылғы онжылдық мерзімдегі қоныстанушыларды жеткізудегі (1885 жылғы 9 мың екі жынысты адамнан 1894 жылғы 56 мың адамға дейін) қызметі жылдам өсіп, оның нәтижесі 1895 жылы 102000 адамға, ал келесі бесжылдықта одан да артып, 1900 жылы (ходоктарды есептемегенде) 166000 адамға жетті.

... Жыл өткен сайын жағдай күрделене түсті. Себебі, ауыл шаруашылығына қолайлы, сонымен қатар тікелей қоныстанушылар өтетін жол бойындағы жерлер біртіндеп азайды.

... Челябинск және Сызрань тіркеу орындары мәліметтеріне орай қоныстанушылар және жеке келушілер қозғалысының көлемі осы жылдың 10 айында (1 қазанға) 555682 екі жынысты адам, атап айтқанда қоныстанушылар - 410904 адам (соның ішінде 66183 жанұя және 4836 жеке адамдар) және 144778 жеке қоныс аударушылар (ходоктар) болды.

... Қоныстанушылардың негізгі бөлігі (барлық қоныстанушылардың 67,4%) Чернигов, Могилев, Киев, Полтава, Воронеж, Витебск, Харьков, Минск, Тамбов, Орлов және Курск губернияларынан келгендер.

Өздерінің артық тұрғындарын Оралдан ары жіберуші губерниялардың саны 1981 жылғы 17-ден биылғы жылы 47-ге жетті.

Осы жылғы қоныс аударушылар легінің келген аудандары ... төрт Сібір губерниясының далалы және орманды далалы өңірлері, соның ішінде Алтай округі, ... аталғандармен қатар Ақмола және Торғай облыстары барлық қоныстанушылардың 96,1% қабылдады.

... Қоныстандыру қорын арттыруға арналған ... шаралар қазіргі жылы жоспарланған 200 мыңнан гөрі 290 мың немесе өткен жылдан үш есе артық (97 мың қоныстанушылар бөлігі) қоныстанушылар бөлігін дайындауға мүмкіндік берді.

Қайтадан анықталған қоныстандыру қаржысы 26 миллион рубль мөлшерінде бекітілді, соның ішінде 1908 жылға арналған қоныстандыру қызметінің міндетіне, анығында: 1-ден- 400000 қоныстандыру бөліктерін ... дайындау; 2-ден- 70000 жаңа қоныстандыру жанұяларын орналастыру жатты” [2.152, 163, 165, 167, 171, 185].

Мемлекеттің Сібірді қоныстандырудың 1907 жылғы қорытындысына арналған анықтамасында: “Аса мол көлемдегі қоныстанушылар қозғалысы (421000 екі жынысты адамнан және 145000 жеке келушілерден (ходоктардан) тұратын 68000 жанұя) болды.

Өткен жылдың 11 айында Челябинск арқылы шығысқа қарай 145000 ходоктар өтіп, олардың әрқайсысы үш шаруа жанұяларының өкілдері ретінде есептеліп, олар арқылы орыс шаруалар қауымы үкіметтен ... егіншілікке жарамды 10 миллион десятина жер талап етті.

1907 жылдың 1 қаңтарына Қоныстандыру Комитетінің қарауында 1906 жылы ұйымдастырылған, алайда игерілмеген 96000 қоныстандыру бөліктері қалды, алайда оның 30000 Далалық облыстарда тіркелмей тұрып жатқан тұрғындарды орналастыруға қажет болды.

... Шындығында да, Қоныстандыру Басқармасы ... жаңа жер қорын 200000 адамдық бөлікке дейін жеткізуді жоспарлады.

Осындай белсенді жер дайындау жұмыстары Томск губерниясының қазыналық бөлігінде, соның ішінде Каинск уезінде жүргізіліп, ходоктарды әсіресе 1906 жылы зерттелген даланың құнарлы жерлері мол 16000-нан астам жер бөлігі дайындалған Юдинск болыстығы қызықтырды.

Жүргізілген белсенді шаралардың нәтижесінде бір ғана Томск ауданында аталған губернияда ... 1893 жылдан бастап дайындалған қосымша жер көлеміне сәл ғана жетпейтін қоныстандыру бөліктерін дайындаудың мүмкіндігі туды.

Жер дайындау жұмыстарының нақты қорытындысы 105598 қоныстандыру бөліктерімен белгіленіп, оның 45780 бөлігі губернияның қазыналық өңірінен, ал 60918 бөлігі Алтай округі жерлерінен дайындалды.

... Сібірдегі қоныстандыру ісі өзінің ауқымдылығы жағынан ... 1907 жылдағыдай аса ірі көлемге жеткен емес. 1904-1905 жылдардағы орыс-жапон соғысы кезіндегі қозғалысқа кедергі келтірілуі, Еуропалық Ресейдегі егіннің шықпауы, ... 1907 жылғы жаңа жерге орналасуға ниет етудің санының еселеп артуына әкелді.

... 1907 жылғы 10 айда, яғни 31 қазанға дейін Сібірге 411229 қоныстанушылар және 145218 жеке келушілер, барлығы 556447 екі жынысты адам, яғни, 1899 жылмен салыстырғанда 2,8 есеге көп өтті. ... Тіпті 1906 жылдан 1,9 есе артық болды”, -[2. 369, 370, 373, 375, 392] делініп, Сібірді орыс шаруаларымен қоныстандырудың ХХІ ғасырдың басындағы Ресей империясы үшін маңыздылығы көрсетілген.

Журналдың осы санында 1908 жылға қоныстанушыларды белгіленген жерлеріне жеткізуге арналған ерекше Кеңес мәжілісінің мазмұны жарияланып, онда: “Қоныстанушыларды толығымен негізгі жерлеріне темір жол арқылы жеткізу мақсатында алдағы жылдың 15 наурызынан 15 маусым аралығында қоныстанушылар қозғалысының ең көп орналасқан ауданындарындағы (Вязьма-Пенза, Бахмач-Воронеж, Харьков-Балашов, Грязи-Воронеж-Козлов. Балашов- Ртищево-Пенза,-Челябинск-Обь-Иннокентьево) арнайы және өзекті станцияларға өзара келісілген кесте арқылы Пенза-Челябинск, Обьқа – 6, Обь-Иннокентьевск және Ртищево-Пенза-4 және тағы да жүйелерде күніне 2 поездан жіберу;

Сібірдегі қоныстанушылар қозғалысын ретке келтіру мақсатында: Обь, Ертіс ... өзендері арқылы қоныс аударушыларды тасу үшін жергілікті кеме иелерімен келісім жасау” мәселелері қойылды.[2.414,416]

Жерге орналастыру және жер ісі Бас Басқармасының бастығы князь Б.А.Васильчиковтың Мемлекеттік Дума комиссиясының 1907 жылғы 5 желтоқсандағы қоныстандыру ісіне арналған сөзіндегі: “(Сібірге шаруаларды қоныстандыру,-Ғ.Қ.) қарқыны:

1906 жылға дейін орташа 2,5 миллион рубль

1906 жылы 5,6

1907 жылы 13,5

1908 жылы 19

Қоныстанушылар туралы келесі анықтамалар:

1906 жылға дейін орта есеппен 11 мың жанұя-66 мың адам

1906 жылы 30 мың жанұя-180 мың адам

1907 жылы 68,5 мың жанұя-400 мың адам

Жоспар бойынша 1908 жылға 70 мың жанұя – 420 мың адам

1907 жылдың 1 қаңтарынан 1 қарашасына дейін темір жол арқылы батыстан шығысқа қарай барлығы 556 мың адам, соның ішінде 145 мың ходоктар және 411 мың қоныс аударғандар тасылды. Бұл сандар 1906 жылғы қоныс аударғандардан 2,5 есе артық болып, соңғы 14 жыл көлеміндегі қоныстандыру қозғалысының 40% құрады” [2. 419], - деген мәлімдемеден ХХ ғасыр басындағы Сібірді орыс шаруаларымен қоныстандырудың мемлекеттік бағдарламасының нақты орындалу барысы белгілі болады.

Ал, “Жерге орналастыру және жер ісі Бас Басқармасының” 1907 жылғы 2 қарашадағы кеңесіндегі: “Биылғы (1907 жылғы,-Ф.Қ) дайындалған және бұрынғы жылдардан қалған жер қоры толық қоныстандырылып, 1908 жылдың 1 қаңтарына 50000 қоныстандыру бөліктері дайындалуы мүмкін.

Жерге орналастыру мен жер ісі ведомоствосының міндеті - көрсетілген жылға (1908 жылға,-Ф.Қ.) 350000 адамдарға арналған жер бөлігін дайындау болып табылады.

... 1908 жылға қоныстандыру қозғалысының көлеміне келсек, қажетті жерді анықтау жұмыстарының барысына орай (87000 жанұяға) 1908 жылға кемінде 60000 жанұя немесе 360000 екі жынысты қоныстанушыны күтуге болады.

... Ведомостваның есебі бойынша 350000 ер адамға арналған қоныстандыру бөліктері егіншілік шаруашылығының екінші кезеңіне (тамыз айы) сай келеді.

Орманды-далалы аудандар

Тобол губерниясы

Тоқалы уезі 10000 бөлік

Иштим уезі 4700

Тюмен 1000

Барлығы 15700

Томск губерниясы

Барнаул уезі 10000 бөлік

Змеиногорск 5000

Томск және Мариинск уездері 8500

Барлығы 23500 бөлік”

[448,449,463-464] - деген баяндаулардан Батыс Сібір, Алтай аймағын болашақтағы орыстармен қоныстандырудың көлемі айқындала түседі.

“Вопросы колонизации” журналының келесі санында [3] жарияланған Д.Флексоронның “Переселенческое дело в Сибири” атты жазбасындағы: “... 350000 қоныстандыру бөліктерін дайындау және 60000 жанұяны қоныстандыру арқылы Қоныстандыру Басқармасының 19 миллион рубльдік және өткен жылмен салыстырғанда 7 миллионға артық барлық сома жұмсалып болды.

... Тамыз айына дейін барлық қоныстандыру аудандарында (қоныстандыру жабылған Түркістан мен Кавказдан басқа) ходоктарды орналастыруға арналған 200 мың артық немесе 3 миллион десятинадан ары жер бөліктері дайындалды. Жекелеген аудандар бойынша бұл қор төмендегідей тұрғыда бөлінді:

Аудандар бөліктер

Тобольск 12500

Томск 30000

Осы жылға атқарылған жер анықтау жұмыстарының нәтижесінде 15 қыркүйекке дейін 5592226 десятинанан құрайтын 313659 қоныстанушыларға арналған жер бөліктері дайындалды.

1908 жылғы қоныстандыру науқанының жалпы қорытындысы:

Биылғы жылғы (1 қарашаға Оралдан ары өткендердің жалпы саны 728804 екі жынысты адам, соның ішінде 639870 қоныс аударушы және 88934 ходоктар болды. Жыл аяғына дейін бұл сан мөлшермен 760000-ға дейін өсіп, өткен жылмен салыстырғанда (577 мың адам) 180 мың адамға немесе 32 %-ға артық болды.

1908 жылғы Оралдан ары өткендердің жалпы санының басым бөлігі (639870 адам немесе 87,8%) жанұялық қоныс аударушыларды құрады.

(Қоныстанушылардың Сібірдегі орналасқан негізгі аймақтары, - Ф.Қ.) орманды және орманды-далалы төрт Сібір губерниялары, соның ішінде негізінен Алтай округі (қоныс аударушылардың жартысына жуығы).

Қоныстандыру Басқармасының қарамағындағы биылғы жылғы жер көлемі (1908 жылғы,-Ғ.Қ.):

- 1.1907 жылдан қалған дайындалған жер бөліктері 75000
  2. 1908 жылға дайындалған жер бөлігі (15 қыркүйекке) 317955
- Барлығы 392955

Аталған қордан айқындалғаны:

1. Жерге орналастыру комиссиялары және земстволардың ходоктар тобына және жекелеген ходоктарға арналған жерлері:

- А. Көктемгі қор бойынша 25408 бөлік
  - Б. Күзгі қор бойынша 154440 бөлік
- Барлығы 179848 бөлік

2. Жергілікті жерлерінде жанұя болып тұрып, құжатсыз келгендер үшін:

- А. Көктемгі қорды бөлгенде 25000 бөлік
  - Б. Күзгі қорды бөлгенде 90000 бөлік
- Барлығы 2698498 бөлік

Яғни, жоғарыдағы барша жер қорын пайдалануда көрсетілген бөлу бойынша артық қалғаны 123107 бөлік” [3.209, 215, 331-332,333], - деген анықтамалар Ресей империясы тарапынан Сібірдің барша аймақтарын орыстандыру ісінің әр жыл сайын қарқын алып отырғандығын көрсетеді.

Журналда Томск губерниясы бойынша 1908 жыл мерзіміндегі жер бөлу партиясының жұмыс нәтижелері жарияланып, оның қорытындысы бойынша:

Барлығы 73692 бөлік, соның ішінде қоныстанушылар үшін 367, хуторлық 31, кесінді 18, қосымша 10 жер бөліктерінен тұратын барлығы 1170350 десятина көлемдік, соның ішінде 1012809 десятина қолайлы жер анықталып, [3.336] қоныстанушыларды орналастыруға дайындалған.

Ал журналдың аталған санындағы: “Қоныстандыру Басқармасының 1909 жылға арналған қаржы мөлшері 23277125 рубль деп белгіленіп, 1908 жылғы қаржыдан (19159125 рубль) 4118000 рубльге (22%) артық болды.

Отарлауға қажетті жаңа аудандарды анықтау мақсатында 1909 жылға өткен жылғы 17-ге қарағанда ... 26 экспедиция дайындау жоспарланды. Экспедицияларға (әр экспедицияға орташа 17300 рубльден) 450000 рубль сұралып, 6000000 десятина жерді зерттеу жоспарланды” [3.353], деген мағлұматтар Ресей империясы тарапынан Сібірді отарлау ісінің уақыт өткен сайын белсенділік алып отырғандығын дәлелдейді.

“Вопросы колонизации” журналының 1908 жылғы шығарылған санындағы [4] жарияланған мақалалар, деректердің де негізі Сібірді отарлап, оны одан ары орыстандырудың мүдесіне, бұл істі кең ауқымды тұрғыдағы жүргізудің жолдарын айқындауға арналған.

Атап айтқанда, журналдағы Н.Минконың “Переселенческое движение за 1907 год” атты шолуында: “Өткен жылғы қоныстандыру қозғалысы болмаған дәрежедегі жоғары көлемділігімен, атап айтқанда шығысқа қарай Челябинск арқылы өткен 561307 екі жынысты және Челябинскіні айналып өткен 24257 екі жынысты адам болуымен (ерекшеленді,-Ғ.Қ.).

Есепті жылдағы өткендердің 73,3% жанұялықтар, яғни 411266 екі жынысты адамды құрайтын 67155 жанұя болды. Ходоктар 145691 немесе 26% және ақыр соңында 4350 адам немесе өз жанұяларының артынан немесе алдын ала келген жеке орналасушылар болды” [4.1], деп көрсетілсе, А. Успенскийдің “Предстоящие задачи по землеустройству в Сибири (техническая сторона дела)” атты жазбасында: “1907 жылға қазыналық жерлерге 622380 десятина қолайлы, қолайсыз жерлерді қамтыған 405017 адамдық 1686 селения негізделді. ... Алайда осы мерзімге 300 мың адамдық 4,5 миллион (десятина,-Ғ.Қ.) қолайлы және қолайсыз жерлерге орналасқан 1000-ға жуық селения өмірге келді. Яғни 1909 жылға 1 миллион адамды құрайтын, немесе барлық уездердегі селениялардың 25% болатын 3000-ға жуық селения пайда болды” [4.54], - деген мәлімдеменің өзі-ақ XX ғасыр басындағы Сібірді орыс шаруаларымен қоныстандырудың жергілікті тұрғындар үшін алапатын дәлелдей түседі.

Аталған журналда жарияланған С.Велецкийдің “Записки переселенческого чиновника” атты баяндамасында Сібірді отарлаудың тарихы аталып, оның болашағы сараланған. Онда көрсетілгеніндей: “Сібірді ішкі орыс губернияларынан келіп жатқан шаруалар арқылы отарлау оның Ресейге қосылуының ең алғашқы кезеңінен басталды және алғашында екі бағытта жүргізілді:

1. 1899 жылғы күшін жойғанға дейінгі қылмыскерлерді күшпен жер аудару, және 2. Осы күнге дейін жалғастырылып келе жатқан Еуропалық Ресейдің тығыз қоныстандырылған аудандарынан шыққандарды өз еріктерімен қоныстандыру.

Қоныс аудару ісін ұйымдастыруда (жаңадан келушілердің, - Ғ.Қ.) Сібір темір жолы арқылы өту

кезінде оларға қызмет көрсету мақсатындағы қоныс аудару шенеуніктері және медицина қызметкерлері тарапынан ерекше ұйым құрылды. Бұл ұйым қоныстанушылардың ешқандай кедергісіз және қолайлы жағдайда өтуіне бақылау жасайды, сонымен қатар осы мақсатты іске асыру үшін бүкіл Сібір темір жолы және темір жолдан бастау алатын қоныстандырылмаған жолдар бойларына орналасқан уақытша тұрақтар арқылы оларға дәрігерлік-азық-түліктік көмек көрсетуге бақылау жасайды” [4.194, 201].

”Вопросы колонизации” журналының 1909 жылғы шығарылымындағы [5] Степнойдың “Колонизация и железные дороги” деген талдауында: “Оралдан арғы жерлерге қоныс аудару мемлекеттің өмірдің көп салалы және күрделі себептері негізінде жыл өткен сайын артып келеді.

Жапониямен соғысқа дейін қоныстандыру ісі жылына 200 мың адам мөлшерінде болса, 1906 жылы қоныстандыру толқыны 400 мың адамға жетті, 1907 жылы 500 мың және 1908 жылы 700 мыңнан асты.

Қоныстандыру ісіне бөлінген мемлекеттік қарыз (кредит) 1905 жылға дейін жылына 2 миллион рубльді құрады. 1906 жылы қоныстандыру ісіне 5 миллион рубль бөлінді, 1907 жылы 11 миллион рубль және 1908 жылы 19 миллион және 1909 жылы 23 миллион рубль сұралып отыр.

Осы жоғарыда айтылған билік символдары(нышандары) кейінгі Алтын Орда мен Ақ Орда билеушілері және қазақ хандары дәуірінде де жалғасын тапты. Билеушінің билік нышандары тақырыбы жеке қарастырылуды қажет ететін тақырып. Ал билеуші тақырыбы бойынша алдымен ортағасырлық деректерде түркі халықтары билік немесе билік ету мағынасында «Құт» сөзін қолданғаны айтылады [4]. «Құт» немесе «құт қонған» ұғымы туралы В.В. Радлов, Г. Вамберий және В. Томсен т.б. сияқты ғалымдар «құт-бақыт, бақытқа жеткен» деген сөздермен аударса, ортағасырлық Жүсіп Баласағұнның «Құтты Білік»(ХІҒ.) еңбегінде бұл сөз «хазіреті немесе жоғары мәртебелі» мағынасында берілген[5]. Бұл мағыналарынан басқа «құт» билеушінің титулы ретінде де қолданылған (Мысалы, Ғұн билеушілерінің титулы–Тәңріқұт болған). Түркі халықтарының дүниетанымы мен мәдениетінде «құт» сөзі кең мағынасында қолданылған сияқты. Дегенмен бұл сөздің алғашқы формасы мемлекет билеушісінің жеке қасиеттерін яғни, түркі халықтарында билеушіні «құт қонған адам» немесе «тәңіріден құт дарыған» (берілген) адам ретінде өзге әлеуметтік топтардан бөліп қарастыру үшін пайдаланылған. Түркі халықтарындағы мемлекеттік басқару ісі туралы көрнекті зерттеу жұмыстарының авторы Түрік тарихшысы Решат Генч өзінің «Қарахандардың мемлекеттік құрылымы» атты еңбегінде Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегіндегі «құт» сөзін «саяси құдірет, билеушінің беделінің» көрсеткіші ретінде яғни «қағанның мемлекет басқару қабілеті» ретінде түсіну қажеттігін айтады [6].

*Биліктің Тәңірілік Сипаты:* Көне түркілердің дүниетанымында «құтты» беретін – Тәңірі. Демек биліктің түп негізі Тәңіріден беріледі. Ортағасырлық деректер түркі халықтарында билеушіге Тәңірінің тарапынан кейбір тылсым қасиеттердің берілетіні туралы сенімнің болғанын да көрсетеді. Себебі, деректерде «Қағанға Тәңірі ел басқару қабілетін, ырыс-несібе және бақ беру арқылы оны (билеушіні) саяси билік жүргізу құзыретімен қамтамасыз етеді» деген сипаттағы баяндамалар кездеседі [7]. Демек билеушіге билік жүргізу қабілетін берген-Тәңірі. Осыдан «билеуші -Тәңірінің жердегі уәкілі» деген ұғым қалыптасқан. Бұған дәлел ретінде Білге қаған ескерткішіндегі жазуда келтіруге болады. Осы ұғым Ғұн (Хұн) дәуірінен бастап, жүздеген жылдар бойы түркі халықтарындағы мемлекет жүйесінің мызғымас өзегі болып келді. Б.з.б. 176-175 жылдары Ғұн тәңіріқұты Мөде хан Қытай императорына жазған хатында: «Мен Тәңірі таққа шығарған – ұлы Ғұн қағаны Танху (немесе Танжу)» делінген [8].

Ал Түрік қағандығы дәуірінде (ҮІҒ.) «құт» ұғымы өзінің бастапқы мағынасын жоғалтпастан, түрлене отырып қолданылғанын көруге болады. Мысалы, Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде қағандардың Тәңірі қолдауымен және қалауымен адамзат баласын басқару үшін таққа отырғызылғаны баяндалады. Сондай-ақ ескерткіштен билеушіге қатысты «құтты», «тәңірітек», «тәңіріден (құт)алған», «тәңірі жаратқан» сияқты сөздерді көптеп кездестіруге болады[9].

Қарахан дәуірі – мәдени және саяси тарих тұрғысынан ортағасырлық түркі мәдениеті мен арап-ислам мәдениетінің тоғысуы немесе танысу кезеңі. ІХ-Х ғасырлардан бастап түрік-ислам мәдени синтезінің қалыптасу кезеңі, осы кезде түркі халықтарының мемлекет басқару жүйесінде де кейбір өзгерістердің болғаны байқалады. Түрік-ислам мәдениетінің қалыптасуына өзіндік үлесін қосқан Қарахан мемлекеті, Орта Азияда ислам дінін ресми түрде қабылдаған алғашқы мемлекет. Осы тұрғыдан алғанда, мемлекеттік басқару жүйесінде кейбір қызмет түрлерінің жаңадан пайда болуы-табиғи құбылыс. Десек те, мемлекет басшысы – билеушіге қатысты ұғым сол көне түркілік өзегінен көп өзгере қоймаған тәрізді. Бұл, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» поэмасынан да байқалады. Еңбекте «құтты» яғни саяси билік қабілеті мен күшін беретін Тәңірі екенін айқындайтын мынадай сөздер кездеседі: «Құт Тәңірінің бір сыйы оны берген және сенің беделінді көтерген (атаққа бөлеген) Ол (Тәңірі). Мені жараттың және құтымды арттырдың, Тәңірінің кімге ықыласы түссе, ол дүниені билейді, құтқа кенеледі. Бұл бектік дәрежесіне сен өз

күшіңмен жетпедің, оны саған берген –Тәңірі. Оған шүкір ет. Тәңірі кімде-кімге Бектік дәрежесін берсе, оған лайық ақыл мен қабілет те береді» деген сөздер поэманың көп жерінде кездеседі [10]. Қарахандардан кейінгі Салжұқтар дәуірінде мемлекеттік басқару жүйесі дами түсті. Газнауи мемлекетімен де тығыз байланыста болған Салжұқтарда (XII-XIII ғғ.) «биліктің тәңрілік сипаты» ислами элементтермен түрленгені байқалады. Бұл дәуірдің басты тарихи деректерінің арасында, Салжұқ сұлтаны Алып-Арсылан мен Мәлік шахтың уәзірі Низам-үл-Мүлк жазған «Саясат-нама» атты шығармада бізге қажет мағлұматтар кездеседі. Мысалы, Низам-үл-Мүлк еңбегінде: «Тәңірі әр дәуірде, әр қоғамнан басшылық қабілеті мен күдіреті берілген адамды тандап, оған халықты бақыт пен береке ішінде басқаруды тапсырады»[11]. Автордың баяндауына қарасақ, Тәңірі тандап алатын адамның шыққан тегіне қарамайды, тек оның бойындағы басшылық қасиеттеріне мән береді. Демек, Анадолы Салжұқтары дәуірінде мемлекет басшысының көне түркі дүниетанымындағы Тәңіріден күш пен тылсым қасиет берілген сипаты жойылып, қарапайым пендеден өзгешелігі қалмаған[12]. Бұл ұғымның қалыптасуына Ислам дініндегі «Алланың алдында барлық құлы тең» деген концепцияның түрткі болуы да мүмкін. «Саясат-намада» билеуші Тәңірінің ерекше ықыласы түскен адам емес, өз бойындағы қасиеттердің (адалдық, шыншылдық, батылдық, ержүректік, ақылдылық т.б.) арқасында оған Тәңірі «құт» берген адам болды. Осылайша ерте ортағасырларда бастау алатын мемлекет құрлымындағы басты фактор- билеушінің ролі мен міндеті уақыт өте келе айқындала түсті.

1 К. Аманжолов, *Түркі халықтарының тарихы, 1-кітап, Алматы-1996.*

2 Б. Өгел, *Ұлы Ғұн империясының тарихы, 1-т, Анкара-1981; Л.Гумилев Көне түріктер. Алматы-1994.*

3 К. Аманжолов, *Түркі халықтарының тарихы, Алматы-1996.*

4 В. В. Бартольд, *Тюрки-двенацать лекций по истории турецких народов Средней Азии, Алматы-1998.*

5 Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн. *Құтты білік./ Көне түрік тілінен ауд.А.Егеубай. – Алматы, Өлке, 2006.*

6 Решат Генч, *Қарахан мемлекеттік құрылымы, Ыстанбул-1982.*

7 И. Кафесұлы, *Түрік мәдениет тарихы, Ыстанбул-1996.*

8 Решат Генч, *Қарахан мемлекеттік құрылымы, Ыстанбул-1982.*

9 Н. Оркун, *Көне Түркі жазулары, Анкара-1994; Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеу. Алматы-1983.*

10 Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн. *Құтты білік./ Көне түрік тілінен ауд.А.Егеубай. – Алматы, Өлке, 2006.*

11 Низам үл-Мүлк, *Сиясат-наме, аударған: Мехмет Көймен, ТТК басп., Анкара-1993.*

12 М.А. Көймен, *Ұлы Селжұқ мемлекетінің тарихы, 3-т, Анкара-1993.*

## **ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ**

### **ТАРИХИ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУ БАҒЫТТАРЫ**

**Ж.Нурманбетқызы – т.ғ.к. профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ**

*В этой статье рассматривается углубление демократизации и радикальная трансформация казахстанского общества в период становления независимости государство требует изменения содержания исторического образования, основных отбор учебного материала*

*In this article, deepening of democratization and radical transformation of Kazakhstan society is examined in the period of becoming of independence the state requires the change of maintenance of historical education, basic selection of educational material*

Биылғы Президент Жолдауында адам капиталының дамуы басты назарға алынып, білімді ұрпақ тәрбиелеуге ерекше мән берілген. Бұл, ең алдымен, білім беру саласына қатысты. Жаңа бағдарламаны жүзеге асырудың тетіктері ретінде оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу, педагогтар құрамының сапасын арттыру, біліктілікті растайтын тәуелсіздік жүйені құру міндеттері жүктеліп отыр.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев білім мен ғылым саласы алдына түбегейлі жаңа міндеттер қойып отыр. Олар: білім саласында – кадрларды даярлаудың жаңа сапасына көшу; ғылым саласында – зерттеулерді әлемдік деңгейге шығару және ғылымды инновациялық процеске тікелей қосу керектігін ескерткен болатын.

Шын мәнінде, келешек ұрпақтың білімді, саналы, елін сүйген, өз елінің отансүйгіш азаматы болып қалыптасуының негізгі кілті – оқулыққа, әсіресе Отан тарихына байланысты. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ел тарихындағы көптеген өзекті мәселелер жаңаша тұрғыдан қаралып, тереңінен зерделене бастады. Сондықтан ЖОО, орта арнаулы оқу орындарында оқытылатын Отан тарихы оқулықтарының сапасын көтеру, оқытудың әдістемелік жағынан жаңа механизмдерін жасау бүгінгі күннің талабы.

Оқулық – білім, тәрбие құралы. Ахмет Байтұрсынұлы бір замандары оқулық болмаған жағдайда түбіміз бір, тегіміз ұқсас, дініміз ортақ дегендіктен: “...Қазақта оқу құралы кітаптар болмаса, ноғай кітаптарымен оқытпасқа шара жоқ. Қазақ балаларын ноғай кітаптарымен оқытуда қолайсыздық, кемшілік көп, бірақ амалсыз сол кемшіліктермен келісеміз”, деп ноғай оқулығын уақытша пайдалануға кеңес берген. Ондағы ойы қазақ баласы қалайда сауатын ашсын дегендік еді.

Бұл бір ғасыр бұрынғы, яғни бодандықтың қамыты мойнымызды қысып тұрған шақ болатын. Ұлт ұстазы ешкімнің көңіліне қарап, жасқанып, жалтақтамай орыс оқулығынан бойын аулақ ұстап, ноғайдың оқу құралына зейін салыпты. Бұл арада біз ұлт тағдырын, ұрпақ тағдырын, қазақ мемлекетінің болашағын тереңнен ойлаған Алаш арыстарынан үлгі алсақ, қане. Осы жерде тағы да ұлт ұстазына жүгінуге тура келіп тұр. “...Оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм, сайлы болуы, құралсыз іс істелмейді. Һәм құрал қандай болса, істелген істе сондай болмақшы”, – дейді Ахмет Байтұрсынұлы. Сондағы айтып отырған құралы – оқулық. Міне, оқулықтың білім құралы, білім сапасы сол құралға тәуелді екенін көру қиын болмаса керек. Шынында, оқулықтан алар үлгі-өнеге аз емес. Сонау көз жетпес ғасырлардың ар жағында қалған Платон “Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелеу арқылы ұлтты тәрбиелейміз”, депті. Ендеше, осы тәрбиенің алтын арқауы оқулықта жатқаны анық.

“Кез келген өркениетті мемлекет өз елінің азаматтарын тарихи біліммен қаруландыруға ұмтылады және де оны алдымен өз халқының тарихын оқытып үйретуден бастайды. Тарихи білімді меңгерген адам өзі өмір сүрген қоғамдағы орнын, атқаратын іс-әрекеттерін дәл анықтай алады. Сондықтан да Отан тарихын мектеп курсында оқытудың мән-мағынасына әрқашан көңіл бөлініп отыратыны белгілі. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ел тарихындағы көптеген өзекті мәселелер жаңаша тұрғыдан қаралып, тереңінен зерделене бастады. Сондықтан ЖОО, орта арнаулы оқу орындарында оқытылатын Отан тарихы оқулықтарының сапасын көтеру, оқытудың әдістемелік жағынан жаңа механизмдерін жасау бүгінгі күннің талабы.

XX ғасыр басындағы қазақтың ұлт зиялылары оқытудың жаңа әдіс-тәсілдеріне, жастардың жаңа бағдарламалар арқылы білім алуына, ғылыми дидактикалық қағидаларға бай оқулықтар жазуға ерекше назар аударды. М. Дулатов «балалардың оқыған нәрселерін бір-біріне байланыстырып ойлануына, оқып шыққанын кейін жадында жүйелі һәм толық мағынасымен қалдыруға әрекет ету керек» десе, [4 ] М.

Жұмбабаев оқу әдістемелік мәселелерге ерекше назар аудара келе «оқу құралдарының мінезі – мектеп мінезінің айнасы» – деп ұлттық оқулықтар теориясына көңіл аударды. Ұлт зиялылары қандай пәндерге арналған оқулық болмасын, ол тек ғылыми мағлұмат қана беріп қоймай, шәкірт бойында елге, жерге, ұлттық салт-дәстүрмен отандық ғылыми жетістіктерге дейін сүйіспеншілік сенімін қалыптастыруға негізделуі қажет деп көрсетті.

Ұлтты сүю – ұлтшылдық емес (Бауыржан Момышұлы). Сондықтан ұлтжанды адам – өз ұлтының тегі мен тарихын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, ділін, тілі мен дінін ардақтап, өмірінің соңына дейін қастерлей білетін адам. Бұның бәрі, негізінен, адамға ұлттық тарихи білім арқылы қалыптасатын құндылық болып табылады.

Қоғамдағы түбегейлі өзгерістер – білім беру жүйесінде, соның ішінде мектепте және ЖОО- ында Қазақстан тарихынан білім беруде, жастарды азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу, жаңа адамды қалыптастыру, дамыту және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу қажеттілігін жүзеге асыруды талап етеді. Отан тарихын оқытуда оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, олардың біліктері мен шеберліктерін (іскерлігін) қалыптастыру, өздігінше білім алуға деген ынтасын арттыру, оны өз тәжірибесінде жаңа жағдайларға байланысты қолдана алу, ой-пікірінің дербестігі мен еркіндігін кеңейту – өте маңызды мәселелер болып табылады. Кеңес дәуіріндегі тарихи білім адамға, мемлекетке және қоғамға қатынасты бейнелейтін әлеуметтік идея түрінде дамыды. Тарихи білімнің дамуына идеология мен мемлекеттік саясаттың үлкен ықпалы болды. Кеңес жылдарындағы тарихи білім, мемлекеттің түрлі саяси мүдделерін іске асырудың құралы ретінде көрінсе, тарихты оқытудың мақсаты анық таптық сипат әлпетінде болып, қоғамдық қатынас өзгерістеріне бейімделді. [3]

Елдің саяси дамуындағы әрбір жаңа бетбұрыс тарихи білім жүйесіне реформа жасаумен қатар жүргізілгендіктен әлеуметтік-саяси дағдарыстар тарихи білімнің де дағдарысына әкелді.

Бүгінгі Қазақстанның қоғамдық өміріндегі түбірлі өзгерістер, ең алдымен тарихи білім жүйесін жанартуды өткір қойып отырғанда, тарих қойнауында жинақталған бағалы тәжірибелерге назар аударудың маңызы зор.

Тарихи білімді дамыту барысындағы өткен тарихтағы оң тәжірибелерді меңгеруде, оны сын тұрғысындағы терең ғылыми ой-елегінен өткізу арқылы талдап-бағалай отырып, жіберілген кемшіліктерді анықтау – қазіргі білім жүйесіндегі Қазақстан тарихын оқып-үйренуді жетілдірудің қуатты факторының бірі болып табылады.

Кез-келген мемлекеттің прогрессивті даму өрісі тарихи білімнің шынайылығымен өлшенсе, ол әр елдің ғасырлар бойғы ұлттық құндылықтарын сақтап қалуға бейімделген саясат белгілей білуіне байланысты. Мемлекеттің білім саясаты болса ол жалпыға міндетті стандарттар арқылы белгіленеді.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін 1995 жылы дүниеге келген «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастырудың тұжырымдамасында» Қазақстандағы тарихи білімнің іргелі принциптері айқындалып, негізгі басымдықтары анықталды. Ақыры Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 1998 жылдың «Отандық тарих жылы» деп жариялануының өзі еліміздің динамикалық дамуына, ұлттық мәдениеті мен руханиятының өсуіне, қазақ халқының сана сезімінің жандануына арқау болып, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды шығаруға жол ашып берді. [1]

Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің 1998 жылғы 21 тамыздағы № 465 бұйрығымен бекітілген қоғамдық гуманитарлық пәндер циклына арналған Қазақстан Республикасы орта білім мемлекеттік стандартының бірінші кітабында тарихи білімнің сипаты былай түсіндірілген: «Қоғам мүшелерін қажетті дәрежеде тарихи біліммен қаруландырмай, оларда тарихи сананы қалыптастырмай, ешбір мемлекет тарихи дамудың жоғарғы сатысына жете алмайды». Бұл стандартта тарихи білім мазмұнын іріктеуде ұлттық деректердің басыңқы болуына көңіл бөлініп, ғылымда ұзақ уақыт бойы үстемдік еткен Европацентрилік ұстаным мен коммунистік идеологияның солақай саясаты сыналды. Бұның өзі Тәуелсіздік жағдайындағы тарихи білімнің құрсаудан шығуына көмектесіп, оның ұлттық белгідегі өрісін кеңейте түсті.

Ал 2002 жылғы Қазақстан мектептеріне арналған жаңа стандарт бойынша мектепте «Тарих» пәнін оқытудың жалпылы мақсаттары ықшамдалып, отандық тарихты оқыту арқылы оқушыларға бүкіл адамзат жасаған құндылықтар мен мәдени-тарихи тәжірибенің нәтижелерін табыстап, меңгертудің барысында олардың санасында жүйелі білім негіздерін қалыптастырудың жолдары қарастырылған. Жаңа тарихи сана қалыптастыру ісіне Елбасы көңіл бөліп, бағыт-бағдардың кең болуын еске салды: «Бүгінгі таңда біз, әлеуметтік даму динамикасын ескермесек, өзгелердің даму қарқынына қарап отырмасак, тарих шеруінің

соңында шаң қағып қалуымыз әбден мүмкін» Н.Ә. Назарбаевтің бұл сөзі қазіргі әлемдік мәдениет дамуының «Мәдениет – Білім – Тарих» болсын деген ұсынысымен де үндеседі. [2 ]

Қазіргі таңда 2004 жылы белгіленген «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының негізінде Қазақстан тарихымен байланысты алыс шет елдерден алынған деректер жалпы халықтық мәнге ие болып отыр. Қазақстан тарихына қатысты тек қана Қытай деректерінің өзі КСРО тарихнамасынан жеткен сақтар мен үйсіндерге қатысты мәліметтерді қайта ой елегінен өткізуге шақырып, тарихи білімдегі Еуроцентрлік ұстанымдарды санадан аластатуға алғышарт қалыптастырды. [5] Дегенмен, «Мәдени мұра» аясындағы деректердің тарихи білімдік мәнін ажыратып, оларды ғылыми айналымға ендіру мақсатындағы зерттеу орталықтарының жұмысы кемелдене қойған жоқ. Соған қарамастан Отандық тарих ғылымы жаңа деректерді бір орталыққа топтау мен сұрыптауда және оны жүйелі зерделеу мен зерттеу әдістеріне өзгеріс жасауда бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктерге қол жеткізіп, өзінің білімдік қорын ешбір кедергісіз кеңейте бастады.

Жақында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бүгінгі таңдағы өзекті мәселелерді қамтыған маңызы өте жоғары, қажетті бағдарламалық құжаты жарияланды. Елбасымыз мақаласында жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие берудегі алдымызда тұрған жұмыстар ретінде «Білім беру жүйесін жаңғырту жөніндегі» негізгі міндеттерді талдаумен қатар, қордаланған проблемалық мәселелерге де тоқталып кетті.

«Іс жүзінде бүкіл оқу-тәрбие үдерісі ескірген әдістемелерге негізделген. Оқу-тәрбие үдерісінің тарихи білім сынды маңызды ісі жеке тұлғаның, азамат пен патриоттың қалыптасу міндеттерін шешуге атымен бейімделмеген. Нақтылық мынада, оқушылар Қазақстан тарихы пәнін «зеріктірірлік», «қызықсыз», «бытысқан» пән деп санайды. 2012 жылы «Алтын белгі» медалін алуға үміткерлердің талайы нақ осы отандық тарих жөніндегі «өкінішті» сұрақтардан «омақасқаны» көп жайды аңғартады» деп ащы шындықты айтты.

Иә, шынында да, жыл сайын өткізіліп келе жатқан ҰБТ емтихандарын және кешенді тестілеу емтихандары кезінде жоғары оқу орындарына түсуден үміткерлер тарапынан ең көп шағым айтылатын пән - Қазақстан тарихы пәні. Қателіктерге толы Қазақстан тарихы пәні ҰБТ-дан талабы таудай талай жас түлектің бағын байлап, аяғына тұсау салып, кедер-гі келтіріп отыр деген әңгіме жиі айтылады. Соған сай қалың көпшіліктің наразылығын күшейтуде. Ол үшін ең алдымен жоғары оқу орындарындағы тарихи білім жүйесін түбегейлі өзгерту қажет Жалпы білім беретін орта мектептердегі білім мазмұнына өзгеріс жасау үшін алдымен оларды білетін, түсінетін маман даярлап алуымыз қажет. Ал ондай мамандар ЖОО-да дайындалатыны белгілі.

Елбасымыздың 13-тапсырмасында айтылған: «Қазақстан тарихы бойынша оқу жоспарларын, оқулықтар мен оқу құралдарын талдаудан өткізсін, оқу орындарында Қазақстан тарихын оқытудың мазмұны мен пішінін өзгерту жөнінде іс-шараларды жүзеге асырсын» деген негізгі тұжырымдар Қазақстан тарихы деген ғылымның, пәннің алдына өте өзекті мәселелерді қойып отыр деп есептейміз.

Сонымен, тарихи білім беруді жаңа сатыға көтеру үшін бірқатар іс- шаралар жүргізілуі қажет есептейміз.

- Өткенімізді тану контексіндегі зерттеу әдістеріне сүйеніп, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы негізінде ел тарихының дамуына енген тың деректерді білім және ғылым жүйесіне енгізуді тездету қажет деп санаймыз.

- Қазақстанның ежелгі тарихынан бастап бүгінгі күнге дейінгі оқиғаларды, ірі мемлекет қайраткерлерінің өмір сүрген жылдарын, тарихи ұғымдарды, терминдерді бірізділікке түсіру керек; тарихи деректердің әр оқулықта әр түрлі берілуі бұл білім сапасын анықтайтын сын сағаттар тұсында оқушыларды шатастырумен келеді. Қазақстан тарихы пәні ҰБТ-да міндетті пән ретінде енгізілгендіктен, бұл оқулықтарды жазуға асқан мұқияттылықпен қарау керек. Себебі, оқулықтағы нақты даталар мен деректер екі түрлі (бір оқулықтың өзінде екі түрлі боп отыр, екі оқулықта екі түрлі болса мейлі екен) жазылғандықтан, тест тапсыратын оқушы оның қайсысының дұрыс екенін білмейді. Тіпті, олардың тест тапсыру барысындағы алатын балдарына зиянын тигізеді.

- Студенттердің тарих пәні бойынша білімін тексеруді тестік жүйеден ауызша емтихан жүйесіне көшіруіміз қажет: Өйткені «тестілеу студентті жаттандылыққа» үйретеді. Олар тарихи оқиғалар туралы ой-пікірлерін айта алмайды. Қазіргі заман талабына сай өзіндік көзқарасын білдіре алатын жеке тұлғаны қалыптастыру тестік жүйе арқылы мүмкін емес. Студенттердің азаматтық ұстанымын, бойында отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру қажеттілігі осы істің дұрыстығын алға тартады.

- Қазақстанның тәуелсіздік тарихын оқытуда барлық мәселені оқулықтардың аясына сыйғызу мүмкін

емес және оқулық 4 жылда бір рет шығарылады. Ол аралықта тәуелсіз еліміздің дамуында көп өзгерістер болатыны белгілі. Ол оқулықта жазылып та үлгермейді. Сондықтан тарихшы және әдіскер ғалымдар соңғы жылдардағы өзгерістерді сараптап «Қазақстан тарихы» курсына қосымша оқушыларға және мұғалімдерге арналған оқу әдістемелік құралдарын шығару мәселесі қолға алынуы қажет;

- Мектеп және ЖОО - да оқулықтың басты қызметі олар өзінің оқырманын тәрбиелеулері керек. Қазақ халқының тамаша ерлік істері, халық өз ортасынан шығарған тарихи тұлғалар оқулықтарда әсерлі де, тартымды баяндалуы керек. Сондай-ақ, тарихымыздың саяси-әлеуметтік келеңсіз және қаралы беттері де оқырманның жан дүниесіне әсер ететіндей әсерлі тілмен берілуі тиіс. Сонда ғана оқулық өзінің тәрбие беру ықпалын сақтай алады.

XXI ғасырдағы әлемдегі жоғары білімнің жаңа, ізгілікті міндеттерінің бірі – үздіксіз зерттеу арқылы тарихи білімді жетілдіру болса, оған ұлттық және аймақтық мәдениетті дамыту жолдарымен жетеміз. Қазақстан Республикасы оның маңыздылығына ерекше мән беріп, «Қазақстан – 2030» даму стратегиясында атап көрсеткендей, мәдениетті жете бағаламау – өркениетті былай қойғанда, азаматтық қақтығыстарға қарай жетелейді – деп көрсетіп, өз Конституциясында азаматтарды мәдени мұраларды сақтауға қамқорлық жасауға міндеттеді. Егер тарихи білімді мәдениеттің бір бөлшегі деп қарасақ, мұндай шаралар Қазақстан Республикасы тарапынан тарихи білімнің әлемдік рөлімен санасудың белгісі болып табылады

1 Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастырудың тұжырымдамасы Егемен Қазақстан. – 1995. – 30 маусым.

2 Назарбаев Н.Ә. Қазақтың бүкіл тарихы - бірігу тарихы, тұтастану тарихы Қазақ тарихы. 1998. – №3. – 9 б.

3 Қозыбаев М. Өркениет және ұлт. – Алматы, 2001. – 369 б.

4 Дулатов М. Мұғалімдерге. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991

5. Берлібаев Б. Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы тарихи білімнің «Мәдени мұра» аясында дамуы Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары «Рухани-ғылыми мұра». – Алматы, 2008, 7 қараша. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2008. – 296-306-бб.

## **МИХАИЛ ПСЕЛЛДІҢ «ХРОНОГРАФИЯСЫНЫҢ» ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ ВИЗАНТИЯ ТАРИХЫН ОҚЫТУДАҒЫ МЕТОДИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР**

**Н.О. Оразхан** – *Х.Йассауи атындағы ХҚТУ-дың PhD докторанты*

*Данная статья посвящена методическим проблемам «Хронографии» Михаила Пселла в процессе обучения в курсе истории средних веков. В статье акцентируется внимание на важности этого исторического источника.*

*This article focuses on the methodological problems of Michael Psellos “Chronographia” in teaching the course “History of Middle Ages”. The article focuses on the importance of this historical source.*

2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев жыл сайынғы халыққа жолдауында білім мен ғылым саласына да айрықша міндеттерді жүктеді. Ол өз сөзінде «Барлық дамыған елдердің өзіндік сапалы білім жүйелері бар. Біздің алдымызда ұлттық білім жүйесінің барлық салаларын жетілдіру бойынша үлкен жұмыс күтіп тұр. 2020 жылға 3 жастан 6 жасқа дейінгі барлық қазақстандық балаларды 100 пайыздық деңгейде біліммен қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Сондықтан біз оларды қазіргі жаңа оқыту бағдарламалары мен методикаларымен қамтамасыз етуіміз керек», - деп атап өтті [1].

Оқыту үдерісі – педагогикалық тұрғыдан күрделі құбылыс екендігін атап өтер болсақ, оны жүзеге асыру да айрықша бұйымдылықпен қарауды талап ететіндігі заңды. Осы тұрғыда қазіргі орта мектептерде оқытылатын пәндердің мазмұнын жаңа мәліметтермен толықтыру маңызды болмақ. Әсіресе, тарих саласындағы мәліметтерді түсіндіруде тарихи деректердің маңыздылығын түсіндіру қажет. Осындай орта ғасырлар тарихы кезеңіндегі тереңнен оқытуды қажет ететін маңызды еңбектің бірі – Михаил Пселлдің «Хронографиясы» еңбегі.

Михаил Пселлдің еңбегі әдістемелік дерек ретінде пайдаланбастан бұрын, оның өмірбаянымен таныстырған дұрыс.

Михаил Пселл – орта ғасырлардағы Византия тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі. Византия мәдениетіндегі көрнекті тұлға ретінде ғалым-энциклопедист, патша сарайындағы тәжірибелі кеңесші Михаил Пселлдің шығармашылығын атаймыз. М. Пселл жан-жақты тұлға болып дамып, математика мен агрономия, медицина мен құқық, физика мен әскери іс, тарих пен философия туралы құнды еңбектер жазған.

Михаил Пселл бала кезден зерек болып өседі. Ол орташа тұратын константинопольдік шенеунік Пселлдің (әкесінің есімі белгісіз) және Феодотаның үшінші баласы болды. Ол 5 жастан мектепке барып, оқуды зор ынтымағымен оқиды. Зерек баланың білімі 8 жасында бір ерекше жағдайдан соң жалғасады. Оның анасы Феодота түсінде атақты ритор Иоанн Златоусттың ұлына ұстаз болатындығын көреді де, баланың білімін жалғастыруға шешім қабылдайды. Осылайша, кішкентайынан ол Пселлдің ритор қызметіне батасын бергендей болды.

Оқуының екінші кезеңінде Пселлдің ғылымдарға деген қызығушылығы арта түсті, ал оның негізгі пәні риторика болды. 16 жасында бірінші рет қысқа уақытқа бір шенеуніктің қасында басқа қалаға кетеді. Пселлдің өзі жазғандай «Мен ол уақытта тек 16 жаста едім және мен енді ғана Гомердің поэмаларын тыңдауды аяқтадым. Сөздің шеберлігіне тәнті болдым» [2].

Михаил Пселлдің сөз өнеріне деген ізденісі осы саланың белгілі мамандарынан алынған біліммен толықты. Ол риторика курсы белгілі ғалым Иоанн Мавроподан алды. Пселлдің мемлекеттік қызметі императорлық кеңседегі жұмыстан басталды. Ол жазушы асикрит, екі фемдағы сот қызметтерін атқарып та үлгерді. 1041 жылы Пселл риторикадан білім алған орталығы Константинопольге қайтып келеді. Бұл жолғы қызметі император хатшылығы болады. Оның өзі жазғандай, «сарай қақпасын оған ғылымға деген ұмтылысы ашқан» [3].

Михаил Пселл Константинополь қаласында дүниеге келіп, сол жерде өмір сүрген. Ол орташа тұратын отбасында 1018 жылы патша Василий II 50-жылғы билеуі тұсында дүниеге келген. Бұл уақыт Византия тарихында Шығыс Рим империясының өркендеу кезеңі болды. Осы жылдары император Василий II басқаруымен феодалдық топтардың ереуілі басылып, тәртіпке бағындырылған орталық аппарат қазынаны салық түсімдерімен қамтамасыз етіп отырды. Империяның шекарасы да бүкіл Балқан түбегі мен кіші Азиядағы кең аумақты: шығыста Месопотамия мен Кавказ, батыс пен оңтүстікте – оңтүстік Италияға дейінгі жерлерді қамтыды.

Михаил Пселл шамамен XI ғасырдың 90 жж. Алексей I Комниннің патшалық құру жылдарында қайтыс болған. Бұл уақыт Византия империясындағы ірі ереуілдермен сипатталды. Империя көптеген жерлерінен айырылды. Бірақ уақыт өте келе патша Алексей Комнин барлық жерлерді Византияға қайтарып, оның беделін қалпына келтіреді.

Михаил Пселлдің орта ғасырлар тарихын оқытудағы тағы бір маңызды методикалық тұсы – оның білім алушылар үшін өзі өмір сүрген кезеңдегі Византияның дамуынан қажетті хабар беретіндігінде.

Михаил Пселл өмір сүрген Византия тарихындағы XI ғасырды зерттеушілер «өтпелі кезең» деп атайды. Мұндай анықтаманың енгізілуі бұл уақыттың ірі әулеттер Македония мен Комниндердің патшалық құру кезеңі болуымен ғана маңызды емес. Сонымен қатар, осы кезеңде византиялық дәстүрлі орталықтанған жүйе өзінің барлық күшінен айырылды. Феодалдық жүйе күшейе алмады, мемлекеттік әскер – стратиоттық жасақ әскері өз маңыздылығын жоғалтты, ал феодалдық типтегі жасақтар мен жалдамалы отрядтар қорғана алмады. Бұл өз кезегінде сыртқы саяси сәтсіздіктеріне әкелді [2, с. 198-199].

Византия империясы өзінің пайда болу уақытынан бастап 12 ғасырға дейін Еуропадағы ең алып, мәдени тұрғыдан бай мемлекет болды. Әлемдік картадағы Еуропа, Азия және Африка құрлықтарының кең аумағында орналасқан Византия империясына Балқан түбегі, кіші Азия, Сирия, Палестина, Месопотамия мен Арменияның бөлігі, Шығыс Жерорта теңізі бөлігіндегі аралдар, Қырым мен Кавказдағы иеліктер кірді.

Византияда феодалдық қоғамдық қатынастардың негізгі институттары XI ғасырдың аяғында – XII ғасырдың басында қалыптасып болды. Осы уақытқа қарай феодалдық вотчинаның басты белгілері қалыптасты және бұрынғы ерікті шаруалардың негізгі бөлігі феодалдық-тәуелді тірекке айналды. Орталық өкімет ірі жер иеленушілердің мүддесін көздей отырып, феодалдарға анағұрлым мол артықшылықтар берді. Феодалдар барған сайын жиі «экскуссия» ала берді, салықтан толық және ішінара босатылды және олардың жерлерін алу император тұрғысындағы чиновниктердің бақылауынан шықты.

XVIII ғасырдан бастап тарихшылар Шығыс Рим империясын Византия деп атай бастады. Бұл атаудың пайда болуы ежелгі Грекиядағы Византия қаласының атымен байланысты еді. Кейіннен оның орнына Византияның астанасы Константинополь қаласы қалыптасты.

Византия империясы орта ғасырлардың басында Батыс Рим империясы бөлігіне қарағанда бай болды. Оның аумағы варварлардың шығындық шабуылдарынан азырақ зардап шекті. Византияда империяны дән, зәйтүн майы, арақ-шараппен қамтамасыз еткен құнарлы жерлер болды. Көптеген империяның бөліктерінде мал шаруашылығы дамыды. Византияда Константинополь, Александрия, Антиохия, Иерусалим сияқты қолөнер мен сауда орталықтарының экономикалық дамуы жалғасты.

Тарихшы Михаил Пселл Византияның осы өтпелі кезеңнің барлық өзгерістеріне тікелей куә болды.

Елдің барлық облыстарындағы иконаға қарсы дағдарыстың аяқталуынан кейін императорлардың өздері ғылымға қолдау білдіре бастайды. Мысалы император Константин VII Багрянородныйдың бастамасымен өткеннен қалған байлықтың тізімі жасалынады. Бұл ғасыр тарих, заң, әкімшілік, грамматикалық т.б да энциклопедиялардың кезеңі болды. Македония династиясының билеу жылдарында ақыл-ойдың орталығына йналды. Солардың ішінде әмбебап ойшыл, өз уақытының жаңашыл данасы Пселлдің үлесі зор. Ол Платонның философиясына табынушылықты қалпына келтірді. Оның маңында императорлар, Симеон магистр немесе Скилица сияқты тұлғалар шырғыланды [4].

Михаил Пселл патшаның жанында болып жатқан оқиғаларды бақылап отырды, кейбіріне өзі де қатысты. Пселл сол кезеңнің тарихи оқиғаларының қатысушысы ғана емес, шежірешісі еді. Ол өз заманын сипаттау үшін ұрпағына тарихи еңбек ретінде «Хронографияны» қалдыруға бел буды.

Михаил Пселлдің «Хронография» еңбегі Василий II-ден бастап, Михаил VII Дукойдың патшалық құрған 12 византиялық басшылардың өмірі мен қызметі туралы баяндауға арналған. Оның шығармасы ең алдымен, мемуарлық сипатқа ие. Автор көркем тілмен өзіне қажетті мәліметтерді ұсынады, фактілерді бөліп алады. Сонымен қатар, ол өзінің бағасын да береді. Пселл өзіне дейінгі авторлардың мәліметін көшірмей, оқиғаларды хронологиялық баяндаудан бас тартады. Оның «Хронографиясының» методикалық тұрғыдан маңызды компоненттерінің келесісі - сол тарихи уақыттың билеушілерін кейіпкерлер ретінде көркем тілмен баяндауында. Ол әлемдік әдебиетте алғашқы болып адамзат тұлғасының карама-қайшылығын бейнелейді. Осындай маңызды әдіс арқылы кейіпкерлерінің психологиялық портретін жасайды.

Михаил Пселлдің «Хронографиясы» 976-1077 жылдар оқиғасын қамтиды. Бұл еңбекте Лев Диаконның “Тарихын” жалғастыра отырып, Василий II бастап YII Михаил билік құрған кезеңмен аяқталған. Мазмұнындағы құрылымы бойынша еңбек екі бөлімнен тұрады. Оның біріншісі өз кезегінде жетіге бөлінеді, сөйтіп I Исаак Комниннің тарихымен аяқталады. Екінші бөлім тұтас күйінде YIII Константин басқарған кезеңдерін қамтып, жазба деректерге сүйене отырып жазылған. Бұл еңбекте ғалымды қызықтырған жайттар анық берілген, Пселлдің бірқатар замандастары туралы да анық мінездемелер бар. Әсіресе, оның еңбегінде 976-1059 жылдардағы жағдайлар туралы құнды мәліметтер қамтылған. Естеліктің осы бөлігінде шындық дүниелер көбірек, соғысына қарағанда, ол Михаил YII тілегі бойынша жазылған. Оның басқасынан ерекшеленетіні - Михаил YII басқарған билік пен оның әкесі Константин X туралы мақтаулар жазылған.

Михаил Пселлдің «Хронографиясы» тек 976-1078 жылдар аралығындағы Византия тарихы бойынша маңызды дерек қана емес, сонымен қатар, Ренессанс қарсаңындағы әдебиеттің алғашқы ескерткіші. Ол мемуарлық жанрда жазылған және жана эстетикалық қағидаларға негізделген. Ол бойынша, кейіпкерлердің күрделі бейнесі жасалып, олардың тәртібі мен мінез-құлқының карама-қайшылығы көрсетіледі. «Хронографияның» саяси идеясы – деспотияны әшкерелеу. Ол Михаил Пселлдің ойынша деспоттың өзін рухани және физикалық тұрғыдан құлдырауына әкеледі. Михаил Пселлдің хаттары Византияның интеллектуалдық өмірінің атмосферасын қалыптастырады.

Пселлдің еңбегінің ерекшелігі - “Хронографияда” орталық орын ретінде автордың бейнесінің алынуында. Пселл тарихи оқиғалармен баяндалған өмірбаянын жасаған. Ол Константинополь қаласында шенеуніктің отбасында дүниеге келіп, бес жасында мектепке барған. Қажетті ғылыми курсты бітіріп, ғалым, әдебиет қайраткері және мемлекеттік қызметкер ретінде қалыптасты. Y Михаил кезінде сарайда император хатшысы, IX Константин Мономахтың уақытында императордың кеңесшісі болды. Өз өмірінің белгілі бір сәттерін көрсете отырып, сол уақыттағы Византия империясының жай-күйін сипаттай білген.

Михаил Пселлдің «Хронографиясы» Василий II билеу құру кезеңінен басталған. Бұл бөлімде автор Василий II саяси тұлғасын сипаттаған. Оны ашу мақсатында патшаның императорлық билікке қарсы шығушыларға қарсы әрекеттерін келесідей сипаттаған: «Осылайша Ромей алып мемлекетіне көп жетістіктер әкеліп, оның күшеюіне ықпал еткен император Иоанн Цимисхий дүниеден өтті. Патша билігі болса, император Романның ұлдары Василий мен Константиннің қолында қалды... Ұлдардың үлкені Василий еңбеккөр азамат ретінде көрінетін. Ал Константин керісінше жеңілтек, салтанатқа бейім жүретін адам ретінде белгілі еді...Василийді көрген көптеген замандастарым үшін патша қатал, ашуланшақ және қыңыр мінезді болып көрінетін, бірақ өмірде қарапайым әрі салтанаттан алшақ жүретін адам болды. Алайда ол туралы жазған тарихшылардың еңбегінен мен оның қалыптасқан әр түрлі жағдайларға байланысты жұмсақтықтан қаталданып кеткендігін білдім. Ол бастапқы уақытта жастыққа салынып, сайран құрып жүрді. Кейіннен белгілі Склир мен Фока сияқтылар патша билігіне ұмтыла бастағанда, Василий жеңіл өмірден бас тартып, іске кірісті. Билікті алғысы келген жақындарына қарсы шықты» (Вот



так расстался с жизнью император Иоанн Цимисхий, принесший много пользы Ромейской державе и укрепивший ее мощь. Царская же власть полностью оказалась в руках Василия и Константина, сыновей императора Романа. Царская же власть полностью оказалась в руках Василия и Константина, сыновей императора Романа. Василий - старший из них - производил всегда впечатление человека деятельного и озабоченного, а Константин, напротив, всем казался безвольным прожигателем жизни, будучи человеком легкомысленным и склонным к развлечению. Большинству моих современников, видевших Василия, царь представлялся человеком угрюмым, грубого нрава, вспыльчивым и упрямым, в жизни скромным и вовсе чуждым роскоши. Но из сочинений историков, писавших о нем, я узнал, что поначалу он был не таким и от распущенности и изнеженности перешел к строгости под влиянием обстоятельств, которые как бы укрепили его нрав, сделали сильным слабое, твердым мягкое и изменили весь образ его жизни. Если в первое время он без стеснения бражничал, часто предавался любовным утехам, увлекался дружескими пирушками, уделом своим считал легкомысленные царские развлечения и отдых и вполне пользовался своим юным возрастом и царским положением, то с тех пор, как знаменитый Склир начал домогаться царской власти, а за ним Фока, затем снова Склир и другие со всех сторон выступили против царя, Василий на всех парусах пустился прочь от изнеженной жизни и, используя силу ветра, отдался серьезному делу: нападая на своих близких, захвативших власть, царь стал решительно изничтожать их род[5].

Михаил Пселлдің «Хронографиясында» Василийдің дәуірімен қатар, одан кейінгі императорлардың өмірі де баяндалады. Мәселен, ол Роман III-нің саяси бейнесін келесідей сипаттайды. «Билік басына қайтыс болған императордың күйеу баласы Роман келді. Қаланың атына сәйкестендіріліп, Аргиропул деп аталды. Жаңа император өз басқаруын өзінен кейінгі әулеттік биліктің бастауы ретінде қарастырды. Себебі император Константиннің дүниеден өтуімен байланысты Василий Македоний негізін қалаған патшалық әулеттік билік өз өмір сүруін тоқтатқан еді. Ендігі менің тарихи баяндауым тереңірек зерттеулерге негізделмек. Себебі император Василий мен кішкентай болғанда дүниеден өткен еді. Ал Константин мен енді ғылымның бастауларын игеріп жатқан уақытта дүниеден өтті. Мен оның қасында болмадым, естіген де жоқпын, тіпті оны көргенім де есімде қалмапты. Ал Романды мен өзім көріп, тіпті бір кезде онымен сөйлестім де. Сондықтан мен екі император туралы өзгелердің сөзінен баяндадым. Ал Романды ешкімнің мәліметін алмай-ақ мен өзім сипаттап беремін... Роман алдымен мемлекеттік қызметтерді бөліп берді, патшалық марапаттаулар, сыйлар мен рақымшылықтарда кең пейілдірек болды, бірақ оған кейін түсініксіз және күтпеген жағдай орын алды: марапаттаулар толқыны тез басылды, тұтанып, ол тез өтті. Патша өз-өзіне ұқсамай кетті және жағдайларға сәйкес келмеді; осының өзінде ол тұрақты түрде әрі есеппен төменге қарай бірден түспеді, керісінше ең жоғарғы шыннан тез сырғып түсті. (Итак самодержавцем становится зять покойного Роман. Аргиропул по названию города. Новый император считал свое правление только началом цепи и, поскольку царская семья потомков Василия Македонянина со смертью тестя Константина прекратила свое существование, думал о продлении рода. Отныне мое историческое повествование станет более детальным. Ведь император Василий умер, когда я был младенцем, Константин – когда я только изучал начатки наук, рядом с ними я не находился, их не слышал и не знаю даже, видел ли, – в детской памяти такого случая не сохранилось. Романа же я сам видел, а однажды и разговаривал с ним. Поэтому о первых двух императорах я рассказывал с чужих слов, этого же опишу сам, ни у кого никаких сведений не заимствуя... Роман сначала щедро раздавал государственные должности, был великодушней большинства самодержцев в царских пожалованиях, дарах и милостях, но потом с ним произошла странная и неожиданная метаморфоза: вихрь раздач быстро улегся, сразу задув, он вскоре и выдохся, царь стал непохож на самого себя и обстоятельствам более не соответствовал; при этом он не спускался вниз постепенно и расчетливо, а стремительно скатился вниз с высочайшей вершины.) [5, с. 22-24]

Қорытындылайтын болсақ, Михаил Пселлдің бай шығармашылығында поэтикалық шығармалар да аз емес. Қазіргі уақытта бұл шығармалардың маңыздылығы жоғары болып отыр. Солардың ішінде орта ғасырлар кезеңін оқытуда құнды дерек көзі бола алатын «Хронографияның» рөлі айрықша.

1. *Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана. 18 января 2014 г. Казахстанский путь - 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее. Казахстанская правда, 18 января 2014 г.*

2. *Любарский Я.Н. Михаил Пселл: личность и творчество. – Москва, «Наука», 1978.*

3. *Культура Византии. Михаил Пселл [www.countries.ru/library/middle\\_ages/srvvzpsel.htm](http://www.countries.ru/library/middle_ages/srvvzpsel.htm)*

4. *Диль Шарль. История Византийской империи. [www.royallib.ru](http://www.royallib.ru)*

5. *Михаил Пселл. Хронография /Перевод, статья и прим. Любарского Я.Н. - М.:Наука, 1978. – С. 6-7.*

## **АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ**

### **СФЕРОКОНУСЫ СРЕДНЕВЕКОВОГО ГОРОДИЩА АКТОБЕ**

**Е.Ш. Акымбек** – PhD докторант КазНУ им. аль-Фараби

*Мақалада 2009 жылы ортағасырлық Ақтөбе қаласы шахристанында орналасқан мұнара іргетасына жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде табылған сынапкөзелерге толық сипаттама беріледі.*

*In this research work the complete description of sphere-conic vessels is considered which found in result of excavation round the basis of a minaret of a medieval site of ancient settlement of Aktobe of 2009*

Самыми необычными и редкими археологическими находками со средневековых поселений и городищ, являются сфероконусы, которые были сделаны из глины и выжжены при высокой температуре. Свое название «сфероконус» носит в связи с необычной формой посуды. Оно составлено из двух слов - «сфера» и «конус». Венчик посуды похож на «сферу» (свыше боков) (греческий «sphaira» – шар), а нижняя часть на «конус» (латинский «conus», греческий «konos» – геометрическая фигура). У множества сфероконусов проем тонкий, тулово круглое, острое, горловина тонкая и длинная, головная часть похожа на гриб. Большинство сфероконусов темно-серого и светло-серого цветов. Наружная часть посуды изготовлена в различном стиле, оформлены необычными полосками, множественными печатями и штампованы различными знаками.

В своем труде Б.В. Лунина отмечает, что в Средней Азии сфероконусный сосуд называли «симаб-кузаче», «симаб» – серебрянная вода, т.е. ртуть, а «кузача» – глинянная посуда с тонкой горловиной [1, с. 255-266]. Персидское название для хранения ртути «кузей-симаб», описывает в своих трудах археолог Г.А. Джидди об использовании этой посуды еще в 12 веке [2, с. 9]. В 1920 г. по рассказам М.Е. Массона при раскопках Ферганского поселения Сох были найдены три сфероконических сосуда с жидкостью [3, с. 30]. В совместном труде М.Е. Массона и В.Д. Горячевой «Бурана» сфероконические сосуды, даются как «симаб-кузача» (для хранения ртути)[4, с. 24]. Даже в сегодняшние дни многие исследователи называют данные сосуды на казахском «сынапкөзе», как «симоб-кузача». Однако есть множество мнений по поводу употребления сфероконических сосудов.

В средневековых письменных источниках, в частности, в труде Махмуда Кашкари посуда для хранения жидкости, называется «kiz». «Kiz» – посуда для хранения мускуса, ручная кладь[5, с. 311] (сумка, сосуд для хранения мускуса). Там слово «мускус» дано как «jīrag»[5, с. 267]. «Мускус» (латинский «muscus»), вещество с приятным запахом, которое берется с яйцеклетки некоторых животных [6, 467 б.]. И так, «мускус» – и сегодня переводится на казахский язык, так же как в средневековые времена «приятный запах», «ароматная вода». Хотя это не значит, что «ароматную воду» хранили в «сфероконусах». Однако, дано объяснение, что «kiz» употреблялась как посуда для переноса жидкостей. Как сосуд с узким горлом встречается название «jasīman» [5, с. 245]. Не известно в каких целях его употребляли. Но, нужно упомянуть, что горло сфероконусов тоже является узким.

Во-первых, сразу видно, что сфероконические сосуды были сделаны необычайно красиво и в него наливали очень приятно пахнущую жидкость. Во-вторых, смотря на его лепку (на короткую и узкую горловину) можно сразу понять, что оно употреблялось для перевозки жидкостей с собой. Горловина очень узкая, тулово круглое, дно острое, а также закрывалась крышкой – такая лепка сфероконических сосудов сделана очень удобно для ношения с собой не разливая жидкость. Однако крышек сфероконусов не найдено, можно предположить, что крышку изготавливали из дерева. Однако же, есть предположения, что их употребляли как посуду для перевозки жидкости, потому что узкое горлышко, удобно для привязки. Также на дне видны царапины, как будто посуда находилась в висячем состоянии. Несмотря на то, что в средневековых поселениях и городах Шу-Таласской долины было найдено мало сфероконусов, но повсеместно они встречаются очень часто.

Сфероконусы, найденные в предгорных районах Шуйской долины А.Н. Бернштам, относит к Караханидскому времени (XI–XII вв.) [7, с. 136, таб., LXXXI, 4, 6].

Сфероконусы, которые встречаются очень редко, относящиеся IX–X вв. среди слоев памятников Шуйской долины П.Н. Кожемяко, относит их к привозным товарам. Он отмечает, что в основном сфероконусы очень часто встречаются в слоях X–XII вв. По его мнению, серая, прочная глина из которой изготавливались сфероконусы и другие похожие сосуды были встречены в Жетысуском регионе только в XII–XIII вв. [8, с. 52, 59].

Однако нам известно, что в 1940 г. Г.И. Пацевич при раскопках древнего Тараза, обнаружил гончарные печи (из глины), относящиеся к XI–XII вв., которые предназначались для выжигания при высокой температуре маленьких предметов или сфероконов [9, с. 76-80]. Т.Н. Сенигова, найденные сфероконические сосуды с древнего города Тараз, относит к X–XII вв. и по их размерам делит на две группы: большие и мелкие [10, с. 153, таб. 52-65]. Т.В. Савельева, найденные в северной части Илийского Алатау среди средневековых предметов сфероконов, относит к X в. – началу XIII в. [11, с. 111, рис. 31, 50].


Таким образом, можно предположить, что сфероконов в Шу-Таласскую долину прибыли в X в. Отметим, что сфероконов часто встречаются в верхнем культурном слое средневекового городища Актобе в Шуйской долине.

При раскопках 2009 г. в 50 м к западу от центральной части города (цитадель) были обнаружены и выявлены остатки минарета, относящегося к XI–XII вв., состоящего из двух частей: стилобата и верхней цокольной части. Сохраненная высота строительства составляет 3,6 м. Размер стилобата четырехугольного минарета, составляет 8,65x8,5 м, высота 2,6 м. При расчистке стилобата минарета было выявлено, что основную часть посуды, составляют обломки сфероконических сосудов. Общее число сфероконов достигло около 240, 26 из них были обломками венчиков сосуда, а 52 обломками дна. Интересно то, что сфероконов в таком количестве были найдены около минарета.

Анализ сфероконических сосудов дал датировку XI–XII вв. В основном это обломки, сохранилась лишь одна большая целая (рис. 1. 9). Формы и объемы, а так же нанесенные орнаменты разные, окрашена в темно-серый цвет. По формам сфероконов можно разделить на три: 1) с круглыми боками, как полушарие; 2) стены как цилиндр (рис. 1. 7, 21); 3) дно или нижняя часть похожая на хвост рыбы (рис. 1. 15). У множества сфероконов горловина тонкая, тулово круглое, дно острое. На некоторых сфероконусах есть лепка, напоминающая гриву (рис. 1. 8, 15). Диаметр венчика составляет 2,5-3 см, диаметр отверстия - 0,6-0,8 см. По объему их можно разделить на два: большие и мелкие. Был найден один целый сфероконов и от одного обломки дна (рис. 1. 17). Высота целого сфероконов 16,5 см, диаметр тулова 11,5 см. Большие сфероконов очень редко встречаются. Диаметр тулова стен малых круглых, полушарообразных сфероконов, составляет 7,2-9 см, а диаметр с цилиндрическими стенами сфероконов 6-6,2 см. Орнаментированы разнообразно. Часто встречающийся вид – это надавленные и вычерченные твердым предметом круги, которые встречаются на дне, по бокам и плечикам (рис. 1. IV группа). Вычерченные круги встречаются очень часто от одного до пяти рядов разной толщины и глубины. Еще один распространенный вид штампа – это круги на стенах и по бокам сфероконов, которые могут быть четырех симметричными или же с двух сторон в два ряда, различного диаметра, толщины и глубины (рис. 1. IV группа). Толщина линий, которые расположены сверху к низу одного из цилиндрических сфероконов, составляет 0,5 см, а глубина 0,1-0,15 см. Встречается штампованный орнамент по кругу сфероконов (рис. 1. 7). Треугольные линии вокруг стенки посуды, а между концами, параллельно друг на друга вычерчено твердым предметом несколько косых полос (будто рисовали мелкой расческой) (рис. 1. 6, 8-9), у некоторых присутствует гривобразная лепка, где тоже есть косые полосы (рис. 1. 8). Вот такие линии выцарапаны в двух рядах на плечике большого сфероконов, надпись которой похожа на лучи солнца, вычерченные из круговых коротких (точкообразных) линий (диаметр 0,3 см), отходящих в разные стороны, над верхними линиями и между ними есть еще круговые линии (рис. 1. 9).

Следующие часто встречающиеся виды узоров – это узоры на боковой и верхней части посуды, у которой нижняя часть похожа на рыбий хвост (рис. 1. 15), на одной из таких сосудов вдоль стены, вычерчены точкообразные круговые линии (диаметр 0,7-0,9 см) (рис. 1. 10-11, 13-14), вычерченные специальным предметом (рис. 3. 12, 15).

Рис. 1. Средневековое городище Актобе. Сфероконусы. XI-XII вв.



Круговые линии, расположены сверху к низу прямыми или же косыми линиями и между ними также вычерчены косые линии в один или два ряда (рис. 1. 10-12, 14), а также есть линии вычерченные параллельно (рис. 1. 13). С таким узором сфероконус был найден в слоях X–XII вв. во время раскопок шахристана городища Актобе в 1978 г [12, 64 б., 26-сурет, 4]. Сфероконус, имеющий круговые линии на стенах, между которыми вычерчены твердым предметом косые линии был найден в слоях X–XIII вв. городища Талгар [11, с. 110, рис. 31, 50]. На стене обломки посуды, у которой дно похоже на рыбий хвост вычерчены в случайном порядке круговые линии, а на специально оставленном месте есть косые линии, расположенные сверху к низу (рис. 1. 15). Вокруг стены и плечиков обеих обломков сфероконуса есть надавленные следы кончикам пальцев (большого пальца) (рис. 1. 22-23). Диаметр дна одного из них глубже на 0,5 см (рис. 1. 23). Между следами надавленными пальцами вычерчена твердым предметом косая линия сверху к низу (рис. 1. 22). Сфероконус, стенка у которого надавлена пальцем и имеющая между ними косые линии найден в слоях X–XII вв. на городище Нижний Барсхан (Торткуль)[13, 64 б, 1-сурет, 3]. Так же была найдена посуда с узором (рис. 1. 3).

Часто встречающиеся сфероконические сосуды имеют с двух или же с четырех сторон круговые линии. Круговые линии выложены в разных диаметрах и разной толщины, имеющие от одного до четырех рядов линий (рис. 1. VI группа). На дне двух сосудов имеются две вертикальные линии (рис. 1. 25, 34). Дно одного сфероконуса равномерно вырезано специальным предметом (рис. 1. 29). Множество сфероконусов с боковыми линиями было найдено при расчистке бани городища Отрар, которая относится к XI–XII вв. [14, с. 144, рис. 59, 1, 4, 7, 10, 20].

Таким образом, впервые на средневековом городище Актобе и на территории одного минарета найдено такое количество сфероконусов. Раньше в таком количестве сфероконусы были встречены при раскопках бани, относящейся к XI–XII вв. в Отраре [14, с. 144]. Есть предположения, что около минаретов существовали санитарно-гигиенические помещения в которых совершались ритуальные омовения ароматной водой перед совершением молитвы.

*In this article questions of social and economic development of Kazakhstan at the end of XIX beginning of XX centuries are considered. The specified period plays an important role in life of the Kazakh people. At this time Kazakhstan turned into a raw appendage of Russia. Because of absence in Kazakhstan of factories and plants demand of the population for essentials was connected with social problems.*

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында Ресей империясының капитализмге дейінгі өндірістік қатынастар үстем болған аграрлы-отарлық өлкесі болды. Қазақ халқының басым көпшілігі бір жағынан патша үкіметінің отарлау саясатының қасіретін, екінші жағынан, ауылдағы бай-шонжарлардың езгісінің ауыртпалығын көтерді. Қазақстанның экономикасы мен жер байлығына Ресей алпауыттарымен қатар шетелдік капитал да қол сұға бастады. Патша үкіметі қазақ халқының ата қонысын “мемлекет меншігі” деп жариялап, өзінің қоластына енгізу мақсатында отарлау саясатының екі ғасырға созылған жылдарында ресейлік отарлаушылар Қазақстанмен экономикалық қарым-қатынас

орната отырып, қазақтарды рухани жағынан да отарлады. Халықты тілінен, дінінен біртіндеп айыру бағытында қатыгездікпен салыстырылған шараларды жүзеге асырды.

Қазақ ауылын басқаратын әкімшілік жүйе патша үкіметінің отарлау-әкімшілік аппаратымен біте қайнасып кеткен бай-шонжарлар өкілдерінің қолдарында болды. Өлке өндірісі нашар дамыды, оның өркендеуіне патша үкіметі мен орыс буржуазиясының отарлық саясаты және қазақ ауылындағы патриархалдық-феодалдық қатынастардың үстем болуы кедергі жасады. Қазақстанның қисапсыз табиғи байлықтары өте баяу игерілді. Өлке өнеркәсібінің көпшілігі ауыл шаруашылығының, оның ішінде мал шаруашылығының өнімдерін өңдейтін кәсіпорындар еді. Мұнымен қатар, өлкеде біршама тау-кен рудниктері, көмір шахталары мен түсті металл рудаларын өндіретін кәсіпорындар болды [1]. Бұл өндіріс орындарының жұмысшылары өте ауыр жағдайда өмір сүріп, еңбек етті. Олар 12-14 сағаттық жұмысы үшін өлмесі күн-көріске жетер-жетпес ақы алды. Әсіресе, ешқандай кәсіптік мамандығы жоқ қазақ жұмысшыларының хал-жағдайлары аса қиын болды. Патша үкіметінің отарлау саясатының нәтижесінде қазақ өлкесі метрополияның шикізат көзі мен тауар өткізетін өңіріне айналды.

Осы кезде байланыс бөлімшесінде қызмет атқарған хатшының жалақысы 70 рубль 77 коп. болған. Бұл бір айлық жалақы 1830 жылдың 20 қазанында шыққан қаулы бойынша бекітілген. Енді 30 жылдан кейін олардың жалақысы екі есеге көтеріліп, хатшыларға зейнетақы қорына 1 рубль 43 коп. алынып, қолына 141 рубль 54 коп. берілген. Ал пошта тасушылардан зейнетақы қорына 14 коп. алынып, қолына 68 рубль 64 коп. берілетін болды [2]. Бұл жалақы мөлшері қазақтың бір жанұясының бір айлық шығынын есептеуге мысал бола алады. Бірақ, бұл кезде мұндай мемлекеттік қызмет түрлері санаулы болды, мұндай жұмысқа қарапайым жұмысшылар алынбады.

Патриархалдық-феодалдық қарым-қатынастар өз ерекшеліктерімен құрылымы жағынан феодалдық қатынасқа жатады. Оның негізіне жалпы экономикалық заңдар алынып, бұл заңға барлық отырықшы, көшпелі әсіресе, мал шаруашылығымен айналысқандар жатты. Бұл жалпылама заңда басқа халықтардағыдай жерге феодалдық жекеменшік түріндегі иелік етушілік болды.

XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында Қазақстанда жер иеленушілер тек бай құрамындағылар болған. Олардың күзеу мен көктеуге ерте шығып, жайылымдық жерлердің шұрайлысын күшпен иемденіп алуы қазақтардың ішкі саяси-экономикалық сұранысы болды. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақтарға келешекте сауда байланысындағы тұрақтылық та қажет болды [3]. Сол себепті патша әкімшілігі қазақ жеріндегі сауданың дамуына жол ашып беру мәселелерін қарастырды.

Саудагерлердің сауда жасаудағы құқығын айқындап беру үшін 1899 жылы Жетісу облысында көпестік куәлік және саудамен айналысуға рұқсат куәлігі сатылып, оның ішінде бір жылға 4575, жарты жылға-586 куәлік берілген. Олардың ішінде 1-гильдиялық көпестерден 2 адам, 2-гильдиялық көпестерден 82 адам болған. Қалғандары саудамен айналысуға 1-5 разрядты куәлігін алған. Бұлардың ішінде Лепсі уезінен-Ш. Шамсутдинов, К. Юсуфбаев, А. Абдулалиев, С. Алимбеков, Х. Асаходжин, З. Абдулваганов, А. Валиуллин, И. Исканов, В. Равиков, С. Сулейменов, А. Тамуров және тағы басқалары болған.

XX ғасырдың басында Жетісудегі жәрменкелер маңызды сауда орталықтарына айналды. Олар: Қарқаралы 1893 жылдан, Нарын-Сергиополь 1885 жылдан, Алматы (Қапалда) 1894 жылдан, Атбашинская (Пржевальск) 1890 жылдан, Бектұрған (Лепсі) 1890 жылдан, Торжок (Қапал) 1890 жылдары ашылған. Бұл жәрменкелерге жан-жақтан малдар айдалынып әкелініп, сатылған. Қазақтар малмен қамтамасыз еткенімен қоса, малды айдап әкелетін жолдар арқылы саудагерлердің малдарын айдап апаруға жалданған [4]. Қазақтардың экономикалық жағдайының дамуында орыс-қытай саудасы үлкен орын алды.

Сібір ведомствасындағы қазақтар жерінде бұрыннан тұрып келе жатқан Орта Азиялық, Бұқара, Тәшкен, Қоқандықтардан туған қазақ әйелдерінің балалары “шалақазақтар” деп аталған. Генерал-Адьютант Анненковтың ескертуі бойынша бұл “шалақазақтар” бір жыл ішінде Ресей бодандығына немесе 1-гильдиялық көпестер құрамына еңбесе, сауда қатынасымен келіп жатқан азиаттықтармен бірге өз елдеріне қайтарылуы керек деп ұйғарылды. Олардың тіркелу жағдайы келешектегі округтық Приказда ішкі және сыртқы сауданың дамуында пайдалы болып қалар деп ойластырылды [5]. Осы Аякөз уезінде болған саяхатшылар О. Финш және А. Брем өз естеліктерінде бұл әлеуметтік топтар туралы: “Сергиопольдағы шалақазақтардың кейбіреулері округ шенеунігіне келіп, өзінің кім екендігін, қайдан шыққанын білмейтін болып, жер аударылып келген адамдар сияқты, туылғанын білмейтіндер тобына өз еріктерімен жазылған. Қазақтардың көпшілік ауылдарында қазақтар еріксіз өмір сүреді. Олар «жатақ» деп аталады. Өздерінің өміріне қажетті нәрсе үшін кезінде істеген істері мен қарыздарын жабу үшін көп жылдар тегін жұмыс істейді” [6] деп жазған.

1859 жылғы Сібір Комитетінің нұсқауы бойынша Аякөз, Қапал, Көкпекті қалаларына ерікті

жағдайдағы азиат тегінен шыққандарға, шалақазақтарға және қазақтар да осы қалаларда тұру үшін, мешан, көпес, қолөнершілер құрамына жазыла алды. Осы қалаларда тұруға келіскендер гильдиялық салықтан және қазыналық салықтан 10 жылға босатылып, осы жерлерге тізімге алынғаннан кейін, тек осы жерде ғана тұрулары керек. Егер олар бұл жерлерде тұрмаған жағдайда, барлық жеңілдіктен айырылатын болды [7].

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Ташкент, Семей, Омбы, Ақмола, Верный, Қызылорда, Ақтөбе және тағы басқа қалалар экономикалық сауда, мәдени және Орта Азия мен Қазақстан арасындағы революциялық қозғалыс орталықтары болды. Орта Азиядағы тауар-ақша қатынасының өсуі шаруашылықтың дамуында капиталистік тұрғыда дамуға тартыла бастады.

Капиталистік құрылыстың өсуі мен даму байланысы саяси-экономикалық қарым-қатынасқа өз ерекшеліктерін енгізді. Әсіресе, тауар-ақша қатынасының дамуы, шаруашылықтардың сауда сұранысына бейімделуіне әкелсе, патриархалдық-феодалдық қатынас пен рулық және жерді қауымдасып пайдаланудың бұзылуына әкелді. Осыдан феодалдық ақсүйектер ішінен бай-шонжарлар бөлініп шыға бастады [8]. Олардың қолдарында жердің көпшілігі мен мақта және көшпенділердің мал шаруашылығы болды. Ал осы кездегі Қазақстанның экономикасы мақта мен малға тікелей байланысты еді. Жергілікті бай-шонжарлар патшалық колониялдық әкімшіліктің қолдауын пайдаланды. Солардың арқасында XIX ғасырда жер қожайындары болып шыға келді.

Қазақстанның барлық қалаларындағы қала тұрғындарының көпшілігін әскери горнизондарындағы орнықтырылған жергілікті жасақтар мен казактар құрады. Ж.Қ. Қасымбаев өз еңбектерінде: «XIX ғасырдың 80-ші жылдарынан кейін Қазақстанның жалпы Ресей экономикасының жүйесіне тартылу кезеңі басталады. Өнеркәсіптердің дамуы, қалаларға жақын жатқан жерасты қазба байлықтарын есептемегенде, темір жолының салынуымен бірге Ресеймен сауда-экономикалық байланыстың дамуы Шығыс Қазақстандағы қала халқының өсуіне әкелді. Қазақстандағы қалалар капиталистік өндірістердің дамуы нәтижесінде Ресейдің ірі қалалары сияқты тез уақыт аралығында дамымаса да, өзінің ішкі әлеуметтік-экономикасына тәуелді етіліп, қазақ қоғамындағы ұлттық және қала халқының құрылымы өзгере өсті» – деп жазды [9]. Қазақтардың әлеуметтік құрылымының өз алдына дамуына шектеу қойған Дала ережесі 1869 жылы уақытша түрінде енгізілсе, енді 40 жыл өткен соң өзінің күшіне толық енді.

Қазақтардың шаруашылық өмірінің өзгеруіне орыс тұрғындары мен Ресейдің отарлау саясаты қосылып, сауда байланысының дамуы мен темір жолының салынуы арқылы ілгерілетілген істер қазақ шаруашылығының өміріне үлкен өзгеріс әкелді. Қазақтардың көшпелі мал шаруашылығында тауар-ақша қатынасы еніп, кейіннен отырықшы мал шаруашылығымен, отырықшылықпен айналысу жаңа тұрғыдағы даму жолына өтті. Мұнымен бірге елде капиталистік қарым-қатынас та дамыды. Алғашында қазақ халқы ескі дәстүр мен феодалдық әртүрлі бөліністермен ешқандай байланыссыз жаңа капиталистік экономикаға тартылды. Әрине осы кездегі қазақтардың қысқы уақытта малға шөп жинауымен, қойды қорада ұстай бастауының барлығы орыс қоныстанушыларының келуімен байланыстырылғанымен, қазақтардағы жер игерумен айналысу мәселесін толықтай орыс отарлауы арқасында дамыды деп айту қателік болар. Осы кезде қазақ халқының көпшілігі экономикалық тұрғысына байланысты бірнеше әлеуметтік топтарға бөлінді. Мұндай экономикалық жеке жіктелістер кезінде қазақ сұлтандары мен билер көшіп-қонумен айналысқан мал шаруашылығындағы қазақ байлары болды. Олар әр түлік түрін мыңнан кем ұстамады және жылына мал сатқан кезде 1500-2000 сом пайда көрді. Кейбір кездері олардың пайдасы 5 мыңнан 10 мың сомға дейін барды. Байлар өз саудасында баюдың екі жолын ғана білді. Оның бірі мал ұстау, екіншісі мемлекет әкімшілігінде қызмет атқару. Қазақ байлары тек жоғары қызмет атқарды. Бір ғана Жетісу облысында қазақтар арасындағы 12 кәсіпкердің біреуі би, қалғаны болыстар болған [10]. Ақсүйектер құрамындағы сұлтандар экономикалық күштілігі жағынан қара-байлар арасынан шыққан жаңа феодалдардан әлсіз болып қалды.

Сұлтандарды болыстықтан, ауылдық басқару ісінен босатып, орнына патшалық әкімшілік мықтап бекіді. Жаңа болыстар сұлтандық титулда болмаса да, бұрынғы сұлтандардан екі есе бай болды. Ауылдардағы старшындар орнына да ірі байлар билікке келді. Олар алғашқы капиталдарының арқасында билікке келіп, шаруаларға салық түрлерін көбейтіп, халық ішінде зұлымдықпен, парақорлықты күшейтті. Жаңа феодалдар қауымы болыстықтар мен ауылдарда билікке таласушылықты өрістетті. 1822 жылдардағы сұлтандар дәстүрлі басқару негізінде шені мен экономикалық ықпалы арқасында билікте болды. Ал жаңа феодалдар билікке патшалық әкімшілік пен сайлаушыларды параға сатып алу арқылы келді.

Осы кезде қазақтардың кедейлене бастауы салық түрінің көптүрлілігінен және малдарының жылдан-жылға азайып, қыстың суығы мен жаздың қуаңшылығынан қырылған. Оған малдың чума ауруы



қосылған. Оқымаған қазақтар бұл аурудың алдын-ала білмеді. Қырылған малының терісін орыстарға сатып, азық-түлік алған. Сырттан қарағанда қазақ даласында сауда жүріп жатқан сияқты. Бұған қосымша қазақтардың мал шаруашылығына қолайлы жерлерін казак әскерлеріне алып беріп, ығыстырды [11]. Саяси әкімшіліктегі мұндай шиеленістер, осы кездегі округтардың барлығында болып жатты. XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына қала орталықтарындағы қызмет түрлерінің көбеюі де әсер етті. Қазақстанда жұмысшы табы қалыптасып, ауылдық жерлердегі адамдар күнкөріс үшін қала орталықтарына барып жалға жұмыс істеуге бейімделді.

XIX ғасырдың соңында Қазақстанның шашыраңқы қалаларында әкімшілік және қоғамдық мекемелер, заң, кеден, оқу, акциздік, жерге орналастырушы (землеустроительных), медициналық мекемелер орталықтандырылған еді. Мұның жалғасы болып жергілікті қалаларда кітапханалар да ашыла бастады. Олар әсіресе бірінші болып Аулие-Ата, Қазалыда, Лепсіде, Қапалда, Сергиопольда ашылған еді. Кітапханалардың маңызды орталығы 60-жылдары ашылған Верный қаласында болды [12]. Орта жүздегі Аякөз сыртқы округында бірнеше мектептер мен медреселер болғандықтан, қалада қоғамдық кітапхана ашу ұйғарылған. 1913 жылы қаланың орыс-қазақ кітапханасы жөнінде “Жетісу генерал-губернаторымен Жетісу Казак атаманына өтініш жолданған. Оны Сергиопольдың 2 класстық мектебінің меңгерушісі Н.А. Вербин, шіркеу қызметкері А.А. Попов, Лепсі уезінің 2-бөлімшесінің әлемдік соты (мировой судья) Е.Т. Виссендорф, дәрігер К.К. Любинский, мал дәрігері П.И.Литвинов, Сергиополь станицасының вахминистрі В.Т. Первухин, көпес Ю.А. Насыров жазған еді. Онда: «осы өтінішті берген күнімізден, бір ай ішінде Сергиопольдық кітапханалық қоғамын ашып берулеріңізді өтінеміз» - деп жазылған. Мақсатымыз жергілікті халықтың оқырман қауымының кітаптар мен мерзімді басылымдарды қолдануына жағдай жасай отырып, станицаның болыстықтарына таратпақ болды.

1 Нұрпейісов К. Алаш ғәм Алашорда. А., “Ататек”, 1995.-30-31 б.

2 РФ ООММ 3-қор, 3-тізбе, 4088-іс, 1-парақ

3 Семенов Г.И. Проблемы историй кочевых племен и народов периода феодализма. Калинин, 1974. - С.13,50,91,92.

4 Галиев В. В. Казахстан в системе Российско-Китайских торгово-экономических отношений в Сынцзяне конец XIX начало XX века. А., 2003. -С. 66, 67, 134.

5 РФ ООММ 3-қор, 3-тізбе, 3314-іс, 26-парақ

6 Фини О., Брем А. Путешествие в Западную Сибирь. М., 1882. – С. 111-113

7 Алексеенко Н.В. Население дореволюционного Казахстана. А., Наука. 1981. – С. 72

8 Боголепов М. И., Соболев М. Н. Очерки русско-Монгольской торговли. том 1. Томск, 1910. -С.458, 476.

9 Якунин А.Ф. Народы Средней Азии и Казахстана во второй половине XIX века присоединение Средней Азии к России. М., 1954. – С. 14-16

10 Касымбаев Ж.Қ. О демографий городского населения Прииртышья во второй половине XIX века. Вестник, АН КазССР. 1975. №12. – С. 24,25

11 Вульфсон Э.С. Киргизы. М., 1901. – С. 19,62

12 ҚР ОММ қор 44, тізбе 1, іс 4274, парақ 1-7

## **XIX ҒАСЫРДАҒЫ ӘКІМШІЛІК РЕФОРМАЛАР: ЕНГІЗУ СЕБЕПТЕРІ, БАРЫСЫ, САЛДАРЫ**

**А.Еспанова** – Абай атындағы ҚазҰПУ, Магистратура және (PhD) докторантура институтының БМ 011500-Құқық және экономика негіздері мамандығының 2-курс магистранты

*В статье раскрывается колониальная политика царизма с привлечением материала редкого фонда национальной библиотеки. Проанализированы реформы введенные 20-60 годы XIX века. А также, проблема рассматривается новой точки зрения научной парадигмы, как социальная история.*

*In the article of open the colonial politics of tsarizm with bringing in of the archived material of KR central state archive. Reforms are analysed entered 20-60 of XIX century. And also, a problem is examined new point of view of scientific paradigm, as social history.*

Ресейдегі капиталистік қатынастардың дами бастауы Ресей кәсіпкерлерінің бағалы түрлі-түсті металдар: алтын, күміс, тағы басқа шикізат көздері: қара алтын, тұз ресурстарын іздеп тауып өндіруге түрткі болды. Ал, империя мүддесіндегілер мұндай зор олжаны Қазақстаннан іздеді. Міне, осындай мақсатта ХҮІІІ ғасырдың ортасынан бастап қазақ жерінде, оның ішінде, әсіресе, Шығыс Қазақстан өлкесінде тау-кен кәсіпорындарын ашу іске асырыла бастады.

1816 жылы 150 қатардағы казак, 30 резервтегі казак, 15 урядник, 1 обер офицерден құралған команданы 1 полк командирі мастер Набоковтың бастауымен Сары Арқаға аттанды [1]. Бұл әскери

тонаушы экспедиция 3 отрядқа бөлінді. Таулы отрядты Шангин бастады. 1815 жылы майор Набоков Батыс Сібір генерал-губернаторына Көкшетау округінен 20-29 фунт қорғасын ошағын мәлімдеген-тін. Осы өңірге 1816 жылы Шангиннің терең зерттеуіне бұйрық берілді.

Барлау Солтүстік жақтан, Петропавлдан басталып, оңтүстікте, Есіл өзенімен жалғасты. Бұл жерден экспедиция бағыты Қарқаралыға бет алды. Қызылтау тауын барлай отырып әрі қарай екі партияға бөлінді. Мұның біреуі Қарқаралы тауы арқылы және Семейск станицасы арқылы Семейге қарай бағытталса, екіншісі Шангиннің бастауымен Баянауыл тауы арқылы Павлодар қаласына бағыт алды. Шангин барлауынан кейін Шығыс Қазақстан аймағында 1816-1857 жылдар аралығында 150 кен көзі оның ішінде күміс-қорғасын-мыстың - 44 кені, яғни 106 тек мыстан тұратын; 3-темір, 1-графит кені ашылды [2,12]. Кейінгі жылдарда да, орыстар табиғат байлығына қызығып әскери-отрядтары мен барлау экспедициясын үздіксіз жүргізумен болды.

Арқа даласының баға жетпес сан алуан жер қойнау байлығын Батыс Сібір өлкесін зерттеуші И.Завалишин тамсана суреттейді: «Сары Арқа – болашақта тіпті Англия мен Францияның қолы ешқашан жетпейтін Ресей метрополиясының игілігіне дайын жатқан мол олжа, таптырмайтын нәрлі, құнарлы жер болмақ». Сонымен қатар, өлкенің тау-кен, минералды байлықтарын ерекше атап көрсетеді: Көкшетау, Алатау тауларында алтын, күміс, қорғасын, қола, түрлі-түсті тастар қоры айрықша. Қарқаралы Алатау, Ақмолада, яғни тек Сібір ведомствасында түрлі-түсті тастар, мыс кендері, магнитті темірлер, тас көмір, графит секілді 400 түрлі кен орындары бар. Қазақ даласы, бәрінен бұрын тұзға өте бай [3,47], – деп жазды ол.

Қазақ даласының осыншама байлығы, ғасырлар бойы – отаршылдардың шикізат көзі болды.

Сондықтан XIX ғасырдың 20-жылдарында Орталық және Батыс Қазақстанды империя губернияларының біріне айналдыру ісі қарқынды жүре бастады. Сөйтіп, 1822 жылы Сперанскийдің «Сібір қырғыздары туралы Жарғысы» даярланып, оны енгізу 20 жыл уақытқа созылды. Себебі, қазақ қоғамы отаршылдыққа үлкен қарсылық білдірді. Егер бұл тұрғыда хандықты жоюға қарсылық білдірген ханзада Ғұбайдолланы, оның бауырлары Саржан, Сартайдың бастаған азаттық көтерілісін айтсақ, XIX ғасырдың 30-40 жылдарындағы Кенесары көтерілісіне ұласқандығын айтсақ жетіп жатыр. Алайда, қоғамдағы саяси, әкімшілік, әлеуметтік, экономикалық өзгерістер ел ішін үлкен бүліншілікке ұрындырып үлгерді. Қоғам рухани жағынан екіге жарылды.

Мәселен тұтас қазақ хандығын жойып оның орнына көп сатылы Ресейлік әкімшілік басқармасын орнату барысында, аға сұлтандық, болыстық, ауылнайлық қызметке рухани әлсіз қазақтар тағайындалды, оларға әкімшілік ерекше қарай бастады. Ресейге адал қызмет еткені үшін шен-шекпен, түрлі сыйлық ұсынып қызықтырды. Мансапқұмар, атаққұмар би сұлтандар, қарадан шыққан байлар мұндай қулықтың түпкі саяси мазмұнын терең түсіне алмады. Олар орыс басқыншыларына шексіз қызмет етіп, тіпті өз қандас бауырларына қарсы шықты. Хандық жойылып орнына орыстық басқару әкімшілігі құрыла бастаған тұста патша әкімшілігіне белсенділік көрсеткендер Қарқаралы сыртқы округінде Тұрсын Шыңғысов болса Ақмола бұйрығында Қоңырқұлжа Құдаймендин, Аягөз бұйрығында Сарт Ючиндер т.б. болды. Әсіресе, Аягөз сыртқы дуанының ашылуы қазақ сұлтандарының екі топқа жарылып, Қытай және Ресей қолдауына сүйенген Сыбанқұл Ханхожин мен Сарт Ючин арасындағы қайшылықтың өткірленіп, қазақтардың өзара байланысының шиелене түскенін байқатады. Сарт Ючин, патша әкімшілігінің сенімді қызметшісі болды. Ол, шекара үкіметіне Садыр болысы қазақтары туралы: «Қазақтар Ресей үкіметіне қанша рет бодандық ант берсе де, үкіметке қарсы шығып, бағынбаушылық әрекеттер көрсетуде. Оларға толық сеніммен қараудың қажеті жоқ. Үкіметке қарсы шыққандарын міндетті түрде қолға түсіріп, қатаң жазалау керек» [4,84], – деп жазады.

Сонымен XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы реформа қазақтың ежелден қалыптасып кеткен дәстүрлі дамуына зор нұқсан келтірді. Ғасырдың бірінші ширегіндегі болып өткен толқулар қазақ мемлекеттілігінің оңайлықпен жойыла қоймайтынын көрсетті. Патшалық әкімшілік үшін Ғұбайдолла артынан ерген бауырлары әсіресе, Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтеріліс бұрын-соңды болып көрмеген қарсылық еді. Реформалық өзгерістерге тек елағаларының ғана қарсылығы емес, қарапайым халық бұқарасының толқуларынан бой көтерген қарсылықтарды да атап өтпеске болмайды. Тұтас ауыл, болыстың қазақтары орыс билеушілерінен жасырынып, қашқан кездері болды...

Сондықтан әкімшіліктің тез арада жаңа Ереже қабылдау ниеті іске аспай ол, 1822 жылдан кейін араға 45 жыл салып қолға алына бастады.

1867-1868 жылдары қазақ жеріне орнатылған әкімшілік басқару жүйесі ең жоғарғы сатысы генерал-губернатор кеңсесінен бастап, оның ең төменгі сатысы болыс басқарушы мен ауыл старшынына дейін бүтіндей ғасырлар бойы ішкі ресейлік тарихи эволюция нәтижесінде қалыптасқан басқару жүйесі болды.

Жаңа ереже жобасы бойынша болыстық және ауылдық әкімшіліктердегі қызметкерлерді сайлау, салықты ауыл және жеке отбасыларына бөлу және басқа қоғамдық істерді атқару түгелдей бұрынғы ақсүйек, ықпалды топтарға емес, ауылдастар сайлаған елу басылары мен онбасылардың құзырына берілген-тін. Жаңа тәртіптің ең түйінді жері осы тұс болатын. Орыс билігі қазақ бұқарасына ықпал үшін күресте белсенділікті өз қолына алуға тырысты [5,14].

Жаңа басқару жүйесін енгізушілер болыс басқарушысын, аулынай және билерді сайлау арқылы рулық қатынастарға соққы беруден үміттенді. Халық арасында басшы орындарға әділ, дұрыс адамдарды сайлап алуға мүдделілік артады, сөйтіп халықтың жаңа “жоғарғы орыс өркениетінің” артықшылықтарына, оны орнықтыратын әкімшілік жүйесінің келгеніне көзі жете бастайды деп түсінді. 1870 жылы 5 қыркүйекте болып өткен облыстық басқарманың жалпы мәжілісінің хаттамасында: “Ереже” жобасы бойынша әкімшілік мекемелерінің бәрі де рулық негізді жою бағытында құрылған: барлық қызметкерге сайлау, салықты бөлу және қоғамдық істер рубасылары мен байларға емес, шаңырақ иелерінің басым бөлігінің мүддесін білдіретін сайлаушыларға берілген еді [6].

Сонымен, орыс әкімшілігі үшін ең негізгі және біраз күрделігі бар іс, әрине, қазақ және қырғыз ауылдарын әкімшілік бөліктерге (ауыл және болыс) бөлу, сондай-ақ олар үшін жергілікті билік аппаратын құру болғандығы айқын. Отаршыл әкімшілік құжаттарында жергілікті ауылдарды басқару ісін жүргізетін орындарды «туземная администрация», яғни «бұратаналар әкімшілігі» атады...

Бұл жөнінде профессор М.Қойгелдиев өз монографиясында ойын былайша түйіндейді: «Жетісу облысына енгізілген жергілікті әкімшілік шенеуніктерін сайлау жүйесі қазақ қоғамы үшін көптеген күрмеуі күрделі қиыншылықтар алып келіп қана қойған жоқ, сонымен қоғамдық дертке айналған ауыртпалықтар туғызды. Енгізілген басқару жүйесі бойынша қазақ қоғамындағы негізгі саяси тұлға болыс басқарушылары, яғни болыстар еді. Өйткені орыс отаршыл әкімшілігі болыстан ары тереңдеп қазақ қоғамына ене алған емес, ене де алмайтын еді. Орыс қоғамы жағдайында қалыптасқан басқару жүйесі ішкі дүниесі мүлдем өзгеше қазақ қоғамының ерекшеліктеріне бейімделіп құрылған жоқ-тын. Сондықтан да орыс әкімшілігінің билігі болыс басқарушыларына келіп тірелетін, ал болыстар болсақ қазақ ауылдарын орыс әкімшілігімен жалғастыратын жалғыз тетікке айналған еді. Сөйтіп болыс басқарушысының статусы реформа авторлары күткендегідей емес, ол жергілікті басқару ісінде аса маңызды тұлға дәрежесіне көтерілген болатын» [7,45].

Патшалық билік қазақ даласында толық орын тепкеннен кейін өлкені жалпыимпериялық басқару тәртібіне бағыттады. Елде түрлі сатылы буындағы отарлық аппарат механизмі қалыптасты. XIX ғасырдың 60 жылдарынан бастап, 90-жылдарына дейін қазақ даласы әуелі үш генерал-губернаторлық (1867-1868 жж.) содан кейін екі генерал-губернаторлыққа (1886-1891жж.) бөлініп, осылайша генерал-губернатор, облыс бастықтары, уезной, болыс, старшын дегендер тағайындалды. Мұнда атап өтетін жағдай, уез басшылығына дейінгілер орыстар, орыс-казактарынан тағайындалса, төменгі әкімшілікке саяси маңызды істерден аластатылған істерге жергілікті азаматтар тағайындалды. Отарлық әкімшілік, шенеуніктер санын жылдан жылға көбейтіп басқарма аппаратын жанартумен болды. 1894 жылы Ішкі Істер Министрлігінің земство бөлігінде дала генерал-губернаторы Барон Таубе «Шаруа басшылығы институтын» құру туралы идеяны көтерді. Ендігі жерде облыстардағы уездер 4-5 шаруашылық бөліктерге бөлініп, олардың үстінен крестьянский начальниктер тағайындалу көзделінді. Сөйтіп, осы уақыттан бастап аталған институт құрамын даярлауға кірісе бастады. Шаруа басқармасын Қазақстанның тек Ақмола, Торғай, Семей, Орал облыстарына құру керек деген шешім қабылдады. Өйткені бұл облыстар өте ауқымды жерді алып жатты және сол себепті мұндағы көшіп келген орыс шаруаларына «қамқорлық» жеткіліксіз болады деп ойлаған еді... Аталған жерлердің саяси, әлеуметтік, экономикалық, сот-құқықтық мазмұндағы жағдайы туралы мәліметтер жиналып, қазақ қоғамын алда жаңа отарлық қыспақтағы реформалар күтіп тұрған еді... Сөйтіп, XIX ғасырдың соңғы ширегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуында бетбұрысты кезеңге айналды. Әлеуметтік және шаруашылық салаларда тауар-ақша қатынастарының біртіндеп орнығуы, өлкені мекендеушілердің негізгі құрамы-қазақтардың күнделікті өмірінен рулық-патриархаттық жүйенің ығыстырылып шығарылуы отаршыл империяның бөлігі ретінде Қазақстан дамуының барлық жақтарын қамтыған капитализмнің ықпалын бастан кешірген оңтүстік аудандарға карағанда, әсіресе далалық аудандарда дәстүрлі өндірістік қатынастардың сипатын қатты өзгертті.

1 Красовский М. Область Сибирских киргизов, Спб., -1868г. С.9

2 Романовский. Краткий очерк исследований Восточной части Киргизской степи Западной Сибири в в геологическом и горнопромышленном отношениях С. 1816 по 1893 г. –Спб. 1909. (С.4).

3 Завалишин И. Описание Западной Сибири т. III, Спб, 1867, 6с.

4 Коншин М. Материалы для истории степного края. (РГО. Западносибирского отд. Вып.1. 1903). –Семипалат. 1903. С.40-45.

5 Крафт И.И. Принятие киргизами русского подданства Известия Ор.Отд.ИРГО. Вып. 12. Оренбург, 1897 -59 с.

6 Тынышпаев М. История казахского народа. Алма-Ата, 1993. –224 с.

7 Қойгелдиев М.Ресей билігіндегі Жетісу. – Алматы 2005.

## **ШАНХАЙ ҒЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Г.Қ. Есмұрзанова – ҚазМемҚызПУ-нің 2 курс магистранты**

*В данной статье рассматриваются история Шанхайского Организационного Сотрудничества и территориальная безопасность.*

*This article examines the history of the Shanghai Cooperation Organizing and territorial security*

КСРО-ның күйреуінен кейін, өз тәуелсіздіктеріне ие болған Орталық Азия мемлекеттері өз даму саясаттарын таңдауға мүмкіндік алып, халықаралық қатынастардың жеке субъектілеріне айналды. Олар халықаралық аренада өздерінің географиялық жағдайларымен, экономикалық және демографиялық мүмкіншіліктерімен, басқа мемлекеттермен, әсіресе, көрші елдермен арақатынастарын дамытуымен және олардың аймақтық және ғаламдық ұйымдарға қатысуымен халықаралық аренада жаңа рольге ие бола бастады.

Мемлекетіміздің болашаққа қойып отырған "Қазақстан — 2030" даму стратегиясында негізгі басымдықтардың бірі ұлттық қауіпсіздік мәселесіне берітіп отырғаны өте орынды. Әлемдік қауымдастықтың соның ішінде Ресей, АҚШ, Қытай сияқты державалардың Орталық Азияға және Қазақстанға назарын аудара түсуі бұл мемлекеттердің әлемдік өркениеттің бүгінгі мен болашағын анықтайтын саяси істерге белсене түрде қатысуын талап етеді.

Орталық Азия мемлекеттерінің тәуелсіздік алуымен, олардың алдында тұрған басты мақсаттардың бірі – мемлекет егемендігін нығайту мен экономикалық дамуға жету болды. Әйтсе де соңғы жылдарда аймақтық қауіпсіздік жүйесін қалыптастырып, оны күшейту алдыңғы мақсаттардың біріне айналды. Ол, ең алдымен, халықаралық қауымдастыққа, соның ішінде аймаққа төнген халықаралық лаңкестік, діни экстремизм және ұлттық сепаратизм секілді қауіптермен тығыз байланысты болды.

1990-шы жылдардың басында аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қызмет еткен бірден-бір ұжымдық орган – Ұжымдық Қауіпсіздік шарты болған еді. Бұл шарттың негізгі баптары мүше мемлекеттердің сол кездегі сыртқы қауіптің сипатын ашуға арналған. Шарттың 1-ші бабында мүше мемлекеттерге оларға қарсы бағытталған басқа әскери одақтарға кіруге тыйым салынған. 4-ші бабында «егер мүше-мемлекеттің бірі басқа мемлекеттің немесе бірнеше мемлекеттер тарапынан басқыншылыққа ұшыраса, ол осы шартқа қатысушы мемлекеттерге қарсы басқыншылық деп қарастырылады» делінген. Яғни, аймақтағы қауіпсіздік тек басқа мемлекет тарапынан болатын сыртқы басқыншылықтан қорғанысты қамтамасыз ету ретінде қарастырылды. Ал халықаралық лаңкестік, діни экстремизм мен сепаратизмге қарсы ұжымдық әрекеттер жөнінде ештеңе айтылмаған. АҚШ-ның аталған кемшіліктерді жою мақсатында 1995 жылдың 15 желтоқсанда Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстанның қатысуымен, БҰҰ-ның және НАТО-ның «Бейбітшілік үшін серіктестік» бағдарламасының бастамасымен «Центразбат» бейбітшіл батальоны құрылған болатын. Мемлекетаралық әскери жасақтың жұмыс істеуінің жан-жақты ойластырылған тетігі болмағандықтан «Центразбат» ұлттық бейбітшіл жасақтарға ыдырап кетті[1].

Содан кейін Орталық Азия аймағы қауіпсіздігі жүйесінің қалыптасуына «Шанхай бестігінің» 1996 жылғы шекара ауданындағы әскери шараларды нығайту туралы, 1997 жылғы шекара ауданындағы қарулы күштерді өзара қысқарту туралы келісімдері өз үлестерін қосты.

1999 жыл Орталық Азияға төніп тұрған қатерлердің қаншалықты қауіпті екендігін көрсетті. Осы жылдың ақпан айындағы Өзбекстанда орын алған жарылыстар және осы жылдың ортасындағы Қырғызстандағы Баткен оқиғалары Орталық Азия аймағында қауіпсіздікті сақтаудың тиімді тетігін құру қажеттігін көрсетті.

Сонымен, Орталық Азия елдері аймақ қауіпсіздігін сақтау ісінде көршілес Ресеймен және Қытаймен Ұжымдық Қауіпсіздік Шарты ұйымы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберінде өзара ықпалдастықты дамытып келеді. Соңғы ұйымға екі ірі көршінің де кіруі ұйымның аймақ қауіпсіздігі мен тұрақтылығын сақтаудың кепілі ретінде қарастырылады.

Орталық Азия мен Қытай арасындағы қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты дамытуға көптеген жоғары дәрежелі сапарлар өзіндік үлесін қосты. 1993 жылдың қаңтар айындағы Қазақстан Қорғаныс

министрі С.Нұрмағанбетов бастаған әскери делегацияның Қытайға екі ел әскері арасындағы достық байланыстарды дамыту мақсатында жасаған сапары еді. С.Нұрмағанбетовты ҚХР Қорғаныс министрі Чи Хаотянь мен ҚХР Орталық Әскери Кеңесі төрағасының орынбасары Чжан Чжэнь қабылдады. Қазақстан Қорғаныс министрі өзара түсіністік, өзара сенімді орнату, өзара тәжірибе алмасу және үйрену, сонымен бірге екі елдің әскери жаттығуларына өзара қатысуға сенім білдірді. Кездесу кезінде екі мемлекеттің армиялары арасындағы достық қатынастарды дамыту жайында сөз болды [2].

Кеңес Одағы ыдырап, оның орнында тәуелсіз мемлекеттер пайда болған шақта 4 республика – Ресей, Украина, Беларусь және Қазақстан ядролық қаруға ие елдер санатында болғаны белгілі. Ресей, Украина, Беларусь, Қазақстан басшылары басқа мемлекеттердің пікірлерін еске ала отырып, бұл мәселенің егжей-тегжейін қарастырып, бірнеше ресми келіссөз жүргізді. Соның нәтижесінде 1991 жылғы желтоқсанның 21-інде Алматы қаласында ядролық қаруға байланысты бірлескен келісімге қол қойылды. Онда бірінші болып ешуақытта ядролық қаруды пайдаланбау міндеттелінген. Төрт мемлекет бұл қарудың өзін, оны жасау технологиясын, құпияларын, құрамдарын басқаларға сатпау, таратпау мәселелерін анық айтты. Алғаш ядролық қаруды бақылау, жою туралы мәселе талқылана бастаған кезде Қазақстан Президенті Н.Назарбаев қазақ жеріндегі тактикалық ракеталардан құтыламыз деп жариялаған.

Мемлекеттік қауіпсіздік мәселесі қай елдің болмасын ең маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Осы орайда айта кететін жайт, Қазақстан президенті 1993 жылдың қыркүйек айында Қытай басшысына Қытайда жүргізіліп жатқан ядролық сынақтарға қатысты хат жолдаған болатын. Ал қазан айындағы Н.Назарбаевтың Қытайға ресми сапарының қарсаңында ҚХР төрағасы Цзян Цзэминь жауап хат жолдады. Онда Қытайда Н.Назарбаевтың хатында білдірілген ядролық сынақтарға қатысты мазасыздық пен оларды жүргізуге мораторий жариялауға қатысты Қазақстанның айқындамасына толық түсіністікпен қарайтындығы айтылған. Қытай үкіметі, деп атап өтілген хатта, бұл мәселеге байыпты түрде, жауапкершілікпен қарайды және ядролық сынақтардың зардаптарын барынша азайту үшін талмай күш салып келеді. Қытай мемлекетінің басшысы елдің дүниежүзіндегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтауға ұмтылысы туралы, осыған байланысты үкіметтің ядролық қаруға жаппай тыйым салу мен толық жоюды үнемі жақтап келе жатқанын хабарлады. Қытай оны ешқашан да, еш жағдайда да бірінші болып қолданбайды және мұны достас мемлекет-Қазақстан жөнінде де қуаттайды[3].

96- жылдың қазан айында ҚР Қорғаныс министрі А. Қасымов Қытайға сапар жасады, ал 1997 жылдың маусымында ҚХР Қорғаныс министрі Қазақстанда болып қайтты. 1998 жылдың сәуірінде Бас штаб бастығы Б. Ертаев, ал 2000 жылдың сәуірінде Қорғаныс министрі С. Тоқпақбаев Қытайда ресми сапармен болып қайтты.

“Шанхай ынтымақтастық ұйымын” құру туралы декларацияда ұйымның мақсат-міндеттері белгіленген. Әрине, аталмыш ұйымның алға қойған мақсаттары олардың бес жылдан бері дәстүрлі қалыптасқан басқосулары нәтижесінде айқындалып, заман талабына сай нақтылана түскені мәлім. Декларацияның екінші бабында ұйымның негізгі мақсаты жөнінде былай делінген: “ұйымға мүше елдердің арасындағы өзара сенімділік пен тату көршілік достықты нығайту; әр мемлекеттің саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени, оқу-ағарту, энергетикалық, байланыс, қоршаған ортаны қорғау және тағы басқа салалардағы тиімді ынтымақтастықты дамыту аймақтағы бейбітшілікті, қауіпсіздікті және тұрақтылықты қамтамасыз етуге бар күш-жігерін салу; демократиялық, әділетті, саналы жаңа халықаралық саяси экономикалық тәртіпті орнату” [4]. Сонымен бірге бұл декларацияда мемлекеттерге осы декларация мен “Шанхай бестігі” ел басшылары бұған дейін қол жеткізген құжаттар негізінде “Шанхай ынтымақтастық ұйымының” Хартиясын бекітуге кірісу міндеттелді. Оның ішінде “Шанхай ынтымақтастық ұйымының” болашақтағы ынтымақтастығының негізгі мақсаттары, міндеттері, жаңа мүшелерді тарту принциптері мен тәртібін айқындау, басқа халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықтың тәртібін және тағы басқа ережелерді жасау, 2002 жылға белгіленген елбасылары кездесуі кезінде сол құжаттарға қол қою да мемлекеттерге жүктелген міндеттердің қатарын толықтырды.

Алты мемлекет БҰҰ Уставының мақсат-міндеттерін, бұған дейінгі бес мемлекет басшылары қабылдаған мәлімдемелерді және “Шанхай ынтымақтастық ұйымын” құру туралы декларациясында белгіленген қағидаларды ұстануға, әр мемлекеттің аумақтық тұтастығына, қауіпсіздігіне, сонымен бірге саяси, экономикалық, және қоғамдық тұрақтылығына қауіп төндіретін терроризм, экстремизм және сепаратизммен күресу үшін тиімді ынтымақтастықты жүргізуге келісті. Конвенция тағы ынтымақтастықтың нақты тәсілі мен тәртібін белгіледі. Аталмыш құжаттың қабылдануы әр мемлекеттің саяси тұрақтылығын, экономикалық дамуын және қоғамдық тыныштығын сақтауға, болашақта тараптар арасындағы кең көлемді экономикалық байланысты дамыту үшін өте жақсы аймақтық ортаны құруға септігін тигізеді, оған қоса Азия Тынық Мұхиты аймағының бейбітшілігі мен қауіпсіздігін нығайтудағы маңызы өте зор [5].

Қазақстан президенті Н.Ә.Назарбаев саммитте сөйлеген сөзінде “Шанхай бестігінің” арқа сүйеп келген қағидаттары жаңа құрылып жатқан ШЫҰ-ның алдағы қызметіне негіз етіп алынғаны жөн болатынын, елдер арасындағы ынтымақтастықтың негізгі мақсаты шекарадағы жағдайды қалыпқа түсіру екендігін ерекше атады. Назарбаев келесі саммитке дейін ШЫҰ-ның Хартиясын дайындау, онда елдердің бір-бірінің қауіпсіздігіне кепілдік беру қағидаларын көздеу жөнінде ойларын ортаға салды: “Қазіргі әлемдегі қауіпсіздікті тек әскери-саяси тұрғыда ғана қарастыруға болмайды, ғаламдасу дәуірінде қауіпсіздіктің экологиялық, техногенді, гуманитарлық және басқа да қырлары қатар қарастырылуы қажет”. Атап айтқанда, Қазақстан басшысы Орталық Азия аймағын Қара теңіздегі және Қиыр Шығыстағы порттармен байланыстыратын көлік коммуникациялар арын тарту мәселесін көтерді. ШЫҰ-ға қатысушы мемлекет басшыларының бәрі де Шанхайда қол қойылған құжаттар аймақтағы қауіпсіздікті нығайтуға соны серпін беретініне нық сенім білдірді.

1 Токаев К. *Под стягом независимости*. Алматы. Білім.1997. - с. 225-226.

2 Касенов У.Т. *Безопасность Центральной Азии: глобальные, региональные и национальные проблемы*. - Алматы: Кайнар, 1998. - 280 с.

3 Касенов У.Т. *Безопасность Центральной Азии: глобальные, региональные и национальные проблемы*. -Алматы: Кайнар, 1998. – 280.

4 Киссинджер Г. *Дипломатия*. – М: Ладомир, 1997. - 848 с.

5 Дэн Сяопин. *Основные вопросы современного Китая*. М., Политиздат, 1988. - 256 с.

## **ҰЗЫНАҒАШ ӨңІРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТАРИХЫ**

**А.Манқараев** – Абай атындағы ҚазҰПУ, Магистратура және (PhD) докторантура институтының БМ020300-Тарих мамандығының 2-курс магистранты

*В статье рассматриваются с привлечением документов архива ЦГА РК социальная история аула Узынагач. Научная новизна работы заключается в том, что в нем впервые раскрываются микроисторические детали (с точки зрения новой научной парадигмы специального исследования) социально-экономическое и культурное развитие села Узынагач за период с 1860 по нач. XX в.*

*Social history of aul of Uzunagash is examined in the article with bringing in of documents of archive. The scientific novelty of work consists in that in him first opens up микроисторические детали(from the point of view of new scientific paradigm of the special research) socio-economic and cultural development of village of Узынагач for period from 1860 - XX of century.*

Бүгінгі Ұзынағаш – Жамбыл ауданында орналасқан ауыл. Оның географиялық орны - Талдықорған қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 314 км, Алматы қаласынан батысқа қарай 44 км қашықтықта, Қарасу және Ұзынағаш\* өзендері аралығы болып табылады.

Ауыл 1929-1956 жж. ауыл сүт өнімінің өндірістік орны бойынша Ленин атындағы совхоздың орталығы болған. Ол өңірдегі биік ағаштардың мол ошағына байланысты «Ұзынағаш» атауын алған көрінеді. Ал, өзге мәліметтерге қарағанда, мұндағы өзендердің ұзындығы мен ағысына қатысты аталып кеткен болса керек... [1]

Жетісу тарихында ерекше орны бар аймақ ғылыми-зерттеу нысаны болуға әбден лайық. Өйткені, Ресей империализмінің Жетісу жеріне дендеп ену барысында аталған ауылға деген отарлық қызығушылығы мол болды. Соған сәйкес отарлық қыспақ арнасында ауыл тұрғындарының өмір тіршілігі түрлі тарихи оқиғаларға толы. Бүгінге дейін тарихты макропроблемалық тұрғыдан қарастыру, ауылдық өңірлердегі тарихи құбылыстарға жеткілікті назар аударылмай келді. Ал шын мәнінде тарихқа өзіндік үлесі бар ауыл тұрғындары арқылы жүргізілген зерттеулер проблеманың жаңа қырларын айқындап бермек. Сол себепті, мақалада кішкентай ауыл тарихын бұрын-соңды назарға алына қоймаған мұрағаттағы жаңа деректік материалдар арқылы ашуға тырыстық.

Ұзынағаш ауылы ХІХ ғасырдың 60-жылдарындағы әкімшілік-территориялық бөлініске негізделген реформалардың нәтижесінде болыстық болып құрылған. Аталған ғасырдың 70-80 жылдарында өңірге жылдан-жылға орыс мұжықтарының, дүнген, ұйғырларының келіп қоныстана бастауынан бұл орын Казанско-Богородское деген атпен қатар атала бастады. Казанско-Богородское шаруалар селенісі аталынып, патшалық биліктің әскери-казактық қорғаныс пикетіне айналды : «Казанско-Богородское(Узун-Агач) –крестьянское селениеВерненского уезда Казанско-Богородской волости, в 56 верстах к западуот Верного на реке Узун-Агач, образованное в 1870 году русскимипереселенцами рядом с казачьим сторожевым пикетом, возникшим по инициативе Г.Колпаковского еще ранее, в 1860 году[2].

1934 жылдан кейін «Казанско-Богородское» Ұзынағаш ауылы деп тұтас ұғымда айтыла бастады.

Өлкені жоспарлы түрде отарға алу үдерісі жергілікті тұрғындар өмірін үлкен өзгерістерге ұшыратты. Бұл өзгерістер ауыл құрылысынан бастап, қазақтың дәстүрлі тұрмыс-тіршілігіне дейін еніп, қоғамның дәстүрлі дамуына балта шапты. Нақтырақ айтсақ, отарлық әкімшіліктің империя мүддесіне бағытталды. Бұған дейін орын алған орыс заңдылықтары барған сайын күшіне еніп, ендігі тұста толығымен орысқа бағынышты ететін заңдылықтар іске асырыла бастады.

Ауыл болыстыққа, болыстық уездерге, уездер облысқа бағындырылды. Жергілікті басқару ісінің негізін құрған заңдық құжат 1867 жылы 11 шілдеде бекітілген «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару Ережесінің жобасы» еді. 8 бөлімнен тұратын бұл құжатта облыс шеңберіндегі жергілікті басқарудың барлық буынына тиесілі атқарылатын істердің мазмұны белгіленді. Түркістан генерал-губернаторы К.П. Кауфман 1867 жылы 26 қазанда Жетісу облысының әскери губернаторы болып бекітілген Колпаковскийге жолдаған №112 нұсқау хатында оған облыстағы жергілікті әкімшілік басқару мекемелері жүйесін ұйымдастыру ісіне кірісуді тапсырып, бұл жұмысты жүргізудің реті мен орындалу, аяқтау мерзіміне шейін көрсетілді. Ереже бойынша облыста бес, яғни Сергиополь, Верный, Ыстық көл және Токмақ уездері құрылуға тиіс болды.

Мұнда біз қарастырғалы отырған Верный уезіне қарайтын Ұзынағаш болыстығы отарлық билік жағдайындағы Отар бөлімшесінің құрамындағы «Казанско-Богородское» селосы деп те аталынған еді. Қазақтың жерінен орыс заңдылықтарын іске асыру үшін құрылған комиссия мен оның мүшелері империя алдында зор сый-құрметке бөленді. Мысалы құжаттарда баяндалатындай олардың сөткелік тамағына 3 сом, киіз үй сатып алуы үшін 40 сом, көлік ретінде пайдалануы үшін жылқы немесе түйе сатып алуға 120 сом, көлік малына жем алуға 18 сом бөлінген. Ал аудармашы «мырзаларға» сөткелік тамағына 1 сом 50 тиын, көлікке 60 сом, айлық жем-шөпке 9 сом бөлінген. Сол уақытта жылқы малы қазақ жәрменкелерінде 3-4 сом, қой 50-60 тиын тұратынын ескерсек, жоғарыда көрсетілген қаржылардың қаншалықты екенін көруге болар еді [3]. Империя қолдап-қолпаштаған шенеуніктер әрине, аянбай бірден іске кірісті. Арзан жұмыс күші мен жер асты, жер үсті байлығына бір-ақ күнде кенеле кеткен жаңа «басқарушылар» Ұзынағаш тұрғындарының ішкі өмірінің барлық қырларына дөрекі түрде араласа бастады. Ел ішінде ұрлық-қарлықпен айналысып, тонады, ішкілікке құмар орыс-казак билеушілері, мұжықтары қазақ қоғамында бұрын-соңды болып көрмеген жабайы «мәдениетін» тарата бастады. Бұл қорытындылар мұрағат құжаттарындағы рапорт, донесение, жылдық есеп материалдары, жергілікті тұрғындардың әкімшілікке жолдаған өтініш хаттары мен шағымдары, бұйрық хат материалдары негізінен беріліп отыр. Ұзынағаш аулының күнделікті өмірінен сыр шертетін бұл құжаттар ғылыми айналымға бірінші рет енгізілуде.

Отаршылардың ең бірінші мақсаты байлыққа кенелу, сол істе қолға алынған алғашқы жұмыс - аймақтан базар ашу болғанынан-ақ, айқын көруімізге болады. КРОММ № 47-қорының 4-құжатында бұл туралы: «В виду настоящий со стороны Областного Правления, прошу Высокоблагородие не отказать, по возможности, в скорейшем доставлении сведений, требуемых в надписи моей от 21 минувшего марта за №2321 по поводу торжка близь селения Казанско-Богородскаго» [4, 4 П], - делінген.

Сондай-ақ, 70-80 жылдардағы әскери губернаторлардың өзара жазысқан хаттарында Ұзынағашта жол салу, көшелерді түзулеу құрылысы туралы айтыла бастайды [5]. Отарлық саясаттың тірек пункті ретінде қолға алына бастаған құрылыс барысы мына құжатта детальды түрде баяндалған: «Укрепление в виде большого на 50 человек здания из саманного кирпича воздвигли как западный форпост в условиях притязаний Кокандского ханства на Заилийский край. Лишь после победоносной Узун-Агачской битвы было снято напряжение, а после разгрома кокандских укреплений в Токмаке и Пишпеке и занятий Зачуйского края появилась возможность крестьянского заселения. Здесь же находился и почтовый пикет по дороге на Пишпек и Ташкент. Казанско-Богородское селение как бы замкнуло собой образовавшийся предгорный Верненский оазис. Далее на запад простиралась сухая казахская степь, оживляемая лишь почтовыми пикетами на Ташкентском тракте» [6].

Отарлық әкімшілік азық-түлікке баға белгіледі, алайда, бұл көрсеткіштер айлық ақы алып тұрмаған ауыл тұрғындары үшін жеңіл болған жоқ, оның үстіне жаңа әкімшілік салықтың түр-түрін қатар енгізіп те үлгерген-тін. Нақтырақ айтқанда ауылдағы экономикалық, әлеуметтік, жол жөндеу, түрлі ауруханалар салу мен өзге де түрлі құрылыс жұмыстары шет жерліктердің игілігі үшін жасаланып жатқан күрделі өзгерістер еді. Мысалы: «Установленная мною 11 октября, на основании, представленного Верненским Городским Комитетом соображения, такса на мясо, по опубликовании ея, вызвала со стороны маркитантов претензию на слишком пониженную цену. Вследствие этого, чтобы не остановить продажу мяса, я в то-же время разрешил маркитантам, впредь до предстваления Комитетом новых, строго проверенных, соображений по этому предмету, прдавать мясо по цене, указанной в предшествовавшей

таксе, т.е. скотское по четыре, баранье по три коп... » [7], - делінген еді. Верный уезінің канцеляриесі Қазақстанның өзге аймақтарындағы секілді әкімшіліктің былығы мол қылмыстық іс-құжаттарына толы болды. Әсіресе, уез басшыларының қызметі шексіз құқықтық прерогативасына сүйеніп, моральдің шегінен шыққан іс-әрекеттерімен көрініс тауып жатты. Аймақтың Отар станицасындағы бөлім **приставы** Хохалевтің заңсыз іс-әрекетін айтып шағымданған мещанин Василий Шариков арызында малын тартып алып, заңда жоқ салықтар талап еткені айтылады. Жұмыс уақытында ішімдік қолданғанымен қоймай қару кезеп, жәбірлегені айтылады [8]. Мұндай сарындағы шағым хаттар жетіп жатыр, тағы соның бір мысалы ретінде **старшын** Әлімбаевтың заңсыз әрекеттерін, яғни оның үстінен түскен Ұзынағаш қазақтарынан шағым хатын да атауға болады [9]. 70-80 жылдардан бастап қазақтардан сайланған төменгі буын шенеуніктердің билік пұрсатын барынша өз пайдасына қолдана бастағанын айғақтайтын құжаттардың саны арта бастағанын байқаймыз. Жоғарыда көрсетілген деректердегідей Ұзынағаш болысындағы **управитель** Тайтелі Мырзалиевтің үстінен түскен шағымда да оның қызмет барысын теріс пайдаланғаны айтылады [10]. Көріп отырғанымыздай қарапайым тұрғындар әскери губернаторлар мен уезд басшыларын былай қойғанда қорлықты приставной, управитель, болыс пен старшындардан да аз қорлық көрмегенін байқаймыз.

Осындай жағдайда орыс тарихшысы В.И. Гуляевтың мынадай цитаты еске түседі. Ол былай дейді: «Кез келген халықтың ішкі өміріне араласу, оның еріктілігін шектеу - барып тұрған саяси қылмыс, бүкіл адамзат алдында ешқандай ақтауға келмейтін дөрекілік деп білуіміз керек». Расында да орыстық оаршылдықтың қылмысы бүгінге дейін кешірілмейтін адамзат алдындағы күнә деп білсек жаңсақтық болмас еді. Империялық билікті ақтағысы клетіндер де өкінішке орай табылады. «Жаңа империялық» тарих деген атпен белгілі евроцентристік бағыттағы тұжырымдар айтылған ойдың айғағы. Империялық биліктің қандай түрін алсақ та, оның ұстанымын ақтауға болмайды...

1910 жылғы жер сілкінісі Ұзынағаш өңіріне де зардабын тигізгені байқалады. Мұрағат құжаттарында аталған өңірден зардап шеккен 404 тұрғынның тізімі беріліп, олардың шығынын анықтап көрсететін сандық мәліметтер берілген. Әкімшіліктің қазақ дегенде осыншама сарандықпен, олардың тағдыры мен адамдық өміріне салғырттықпен қарайтыны олардан шыққан шығын небәрі 2180 соммен «өтейтінін» атап көрсеткенінен байқалады. Онда былай делінген: «представляется при этом 404 акта составленных на жителей Узун-Агачской волости пострадавшим от землетрясения 22 декабря 1910 г. и 1 ведомость заключающую в себе проверку этих актов, составленную комиссией под председательством Отарского участкового пристава, прошу Комитет о возможно скорейшем удовлетворении жителей названной волости, исчислению в ведомости суммою в 2186 рублей на ремонт и возобновление разрушенных землетрясением построек» [11, 12].

1912-1913 жылы 5 қыркүйекте әскери губернаторлардың өзара жазысқан хаттарында Ұзынағашты екіге бөліп басқару туралы мәселе айтылады. Соған қарағанда аталған кезеңде «бөліп ал да, билей бер» принципімен ел үстінен қадағалаудың күшейе түскені байқалады [13].

Сонымен, 1879 жылы Ұзынағашта 17 орыс мұжықтарының отбасы, 1884 жылы 100 қора (дворов) және 725 тұрғын тіркелді. Осы жылы шет жерліктер үшін шіркеу құрылысы басталып, 1900 жылы ашылды. 1900 жылдан бастап Казанско-Богородское селениесі Верный уезінің Отар бөліміндегі пристав резиденциясы болды. 1908 жылы 1 қаңтардағы есеп бойынша 1762 адамнан тұратын 181 отбасы, оның құрамында 924 ер адам, 838 әйел адам болса, 1913 жылы 254 отбасынан тұратын 2377 адамға өскен. Тұрғындар шаруашылығында 1940 жылқы, 1150 бас ірі қара мал болды. Сондай-ақ, 159 оқушысы бар шіркеу мектебі, приход училищесі іске қосылды. Аурухана, шіркеу, 2 құдайға сиынатын үй, 49 оқушысы бар медресе, 14 диірмен, 94 сауда орындары ашылды. Ұзын-Қарғалы өзенінен 8 шақырым жерден мәуіт фабрикасы жұмыс істеді [14].

**\* Ұзынағаш өзені Жамбыл ауданынан ағып өтеді. Оның бастамасы Текелі өтпелісінен басталып, Қайназар өзеніне барып құяды.**

1 *Топонимика. Энциклопедический справочник. – Алматы: ТОО «Аруна Ltd», 2010 -816 с.; Жетісу энциклопедиясы. Алматы: «Арыс» баспасы; 2004 -712б.*

2 *ҚР ОММ 44-қор, 1-тізбе, 11875-іс, 7-п.*

3 *Қойгелдиев М.Ресей билігіндегі Жетісу. – Алматы 2005.*

4 *ҚРОММ 47-қор, 1-тізбе, 4-іс, 1-п*

5 *ҚРОММ 41-қор, 1-тізбе, 373-іс, 3-п, Переписка с военных губернатором Семиреченской области о строительстве шоссе по Узун-Агач, улице в городе Верном 1872-1873гг*

6 *ҚРОММ 41-қор, 382-іс Дело о строительстве шоссе по Узун-Агач, улице гор. Верного. 1874 5 февраля 85 л.*

7 *ҚРОММ 41-қор, 422-іс Дело о проверке дороги между поселками Любовинским и Казанско-Богородским 1894-1896 9 л.*

8 *ҚР ОММ 44-қор, 1-тізбе, 11875-іс, 7-п.*



9 ҚРОММ 41-қор, 1-тізбе, 389-іс Дело об утверждении таксы цен на продукты питания в г. Верном 1875 10 января – 28 ноября 55л.

10 ҚРОММ 44-қор, 1-тізім, 10 864-іс По жалобе проживающего в станице Отаре верненского мещанина Василия Шарикова на незаконные действия Отарского участка пристава Хохалева.

11 Дело по прошениям казахов Узун Агачской волости о незаконном взысканий с них чиновника старшиной Алимбаевым 1903-1904 16 б.

12 По обвинению Узун-Агачского волостного управителя Тайтели Мирзалиева в бездеятельности по службе.

13 ҚРОММ 44-қор, 1-тізбе, 301-іс, 2-134 ПП Переписка с военных губернаторов о разделе Узун Агачской волости на две 1912-1913г. 5 сентября – 17 августа

14 ҚРОММ 44-қор, 1-тізбе, 11876-іс, 49-п.

## **КУРЧАТОВ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ КҮНДЕЛІКТІЛІГІ**

**В.Қуанышева** – Абай атындағы ҚазҰПУ, Магистратура және (PhD) докторантура институтының БМ 011400-Тарих мамандығының 2-курс магистранты

*В статье раскрывается история повседневности жителей города Курчатова, который, был базой по изготовлению ядерного оружия. На основании устных источников как мемуары, воспоминания научных работников, которые, непосредственно занимались с разработкой ядерного оружия, а так же, кто проходил воинскую службу и простых жителей города. Социально-исторические методы как «устная история», «история повседневности» были взяты в основу научного анализа. По рассказам очевидцев ставших заложниками той власти государства, были ярко освещены реальный образ того общества.*

*The article opens up the of the everyday life history of the residents of the city of Kurchatov, which was the base for the production of the nuclear weapons. Based on oral sources as memoirs, memories scientists who are directly involved with the development of the nuclear weapons, as well as who took army service and ordinary residents. Socio-historical methods of the "oral history", "everyday life history" were taken as the basis of the scientific analysis. According to eyewitnesses who were hostages of the power of the state, were brightly lit real image of the society.*

Қазақстан Республикасының Президенті, мемлекет зиялылары бастаған «Мәңгілік ел» [1] ұлттық идеясы, еліміздің тарихи санасын бірегейлікке, ғасырлар бойы отарлық қапаста қалған санамызды рухани өрлеуге шақыратыны сөзсіз. «Халық - тарих толқынында» [2] атты мемлекеттік бағдарлама да тарихшыларды қарапайым халық көзімен бағамдай отырып, бұқара көпшіліктің жадындағы тарихты жаңғырту ісіне бұрып әкетті...

XX ғасырдың екінші жартысындағы отандық тарихымызда орын алған ядролық жарылыстардың қасіреті әсте естен шыға қоймас. Ия, біз қайта оралып отырған, қасіретті картина азаттық жолына түскен ғалымдар қаламынан талай еңбектерде, ғылыми конференция материалдарында, баспа беттері мен теледидар хабарларында айтылып, түрлі деректік фильмдерде талқыға алынды. Алайда, атом сәулесіне уланған жұртшылықтың толыққанды сауығу құқығынан мәңгілікке айрылып отырған мүшкіл халін көрген сайын, өзекті өкініш өртейді, кеңестік басқару жүйесінің қылмыстарын аша түсуге жетелейді.

Біз мақалада Курчатов қаласындағы полигонға қызмет еткен әскери-куәгерлер, қарапайым тұрғындар көзімен, олардың естелік-әңгімелері арқылы тарқатпақпыз. Оқиғаның басы-қасында жүрген бұл қоғам мүшелері тарих қойнауына еніп бара жатқан осы зұлматтың ішкі сырын ақтара түсетін сияқты.

Мәселеге кіріспес бұрын Курчатов қаласының тарихи сахнаға келу тұсынан бастасaq. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған соң АҚШ Жапонияның бейбіт тұрғындарына қарсы ядролық қаруды пайдаланғанын білеміз. Көзді ашып жұмғанша сан мыңдаған тағдырларға балта шабатын бұл аждахананы ойлап тапқан да осы ел еді. Кеңес Одағының да қуатты қаруға ие болуы қажет болды. Өкінішке қарай, орталықтың өктемдікке бұрыннан бойы үйренген қазақтың жері бұл мақсаттың құрбандығына шалынды...

КСРО Атом жобасының мүшелерінің бірі - Иосиф Исаакович Финкельштейн өз жазбаларында [3,9] ғылыми зерттеу үдерісінен біраз мәліметтер қалдырған. Онда Сталиндік қатаң тәртіп жағдайы ғалымдардың күнделікті өмірінде де барынша орын алғаны, үнемі психологиялық, үрей мен қорқынышта өткен күндерінен мол деректер келтірілген. 1945 жылы қаңтарда ағылшын ғалымы Гэббельс ашқан бұл жаңалықтың әлем жанын тітірткендігін айтып бастайды. Қуанышқа орай кеңестер одағының сол уақыттағы Бас дұшпаны болған неміс ғалымдарының бұл қаруды ойлап тауып үлгермегеніне тәуба [3,9], - дейді ғалым. «Алғашқы уақытта бұл Жоба құрамында 12-15 адам болатынбыз, кейін 35-40-қа жетті. Ғылыми зерттеу нысандарын қаржыландыру қаһарлы КСРО министрлер кеңесінің министрі Л.П. Берияға жүктелді. Ал ғылыми оперативті жұмыстарға И.В. Курчатов жауапты болды. Атом жобасыны бөлінген қаржыда шек болған жоқ. Оларға тек қуып жету керек еді. Таң қаларлық шапшаңдықпен лабораториялар, ҒЗИ, жаңа мекемелер, конструкторлық бюролар мен тұтас кешендер пайда болды. Жобаны аяқтау қысқа

мерзімге белгіленіп, бізді үнемі асықтырып отыратын, Күн демей, түн демей жұмыс істедік. Небәрі бес-ак жылдың ішінде (1945-1949 жж) соғыстан кейін бас көтеріп үлгермеген, өндірістік орындарының басым бөлігі қирап қалған, аш ел аса күрделі техникалық және өндірістік-өнеркәсіптік міндетті, өзінің жеке атом бомбасын даярлау міндетін шеше алғаны мені таң қалдырмай қоймайды. Академик Велихов өз естелігінде (АИФ от 1-го сент 1999 года) жазғандай, КСРО ҒА корр.-мүшесі Молчанов үкіметке баяндамалық жазбасын ұсынған көрінеді. Ол онда физиканың зиянын айтып, оны әлі өзара ғалымдар арасында дискуссияға алу қажеттілігін айтса керек. Сөйтсе, академиктер Курчатов, Зельдович және Харитон Берияға қоңыраулатып: «егер ғылымға бағыт өзгертілмесе, бомба жарылмайды – «не дискуссия» болсын, «не бомба жарылсын», - деп байбалам салған көрінеді. Лаврентий Павлович бұл мәселені Сталинге хабарлағанда ол «әрине бомба!» [4] десе керек. Сөйтіп, 29 тамызда 1949 жылы алғаш кеңес атом бомбасына сынақ жасалынды. Заряд қуаты шамамен тротил.эквивалентінің 20 килотонн құрды. Міне осылайша атом бомбасы қазақ жұртының сорына дүниеге келді.

Сөйтіп, 1947 жылы 21 тамызда КСРО Министрлер кеңесі мен КОКП Орталық комитетінің шешімі бойынша ядролық зерттеу полигонын құрды. Полигонның басты көзі Москва облысында Звенигород қаласында қалыптасып, оның жекелеген бөліктері Қазақстан жерінде ашыла бастады. Курчатов қаласы әскери базалық орталық болды. Ол шығыс Қазақстан облысынан солтүстік-батыс жақта орналасқан. Қаланың географиялық орналасуы, СШ 50 44,3 – ВД 7830,5 – 7833,7. 11 мың гектар жерді алып жатыр. Қаланың құрамына Курчатов қаласы, Дегелең темір жолы (2 км) және Молдары (3-4 км).

Бір мезетте Семей қаласынан 60 км қашықтықтан тұрмыстық әкімшілік құрылыстары жүргізіле бастады. Алғашында бұл әскери горнизон ретінде аса құпиялы түрде жұмыс жүргізді. Бұл елді-мекенді «Москва-400» деп атау көзделінді. Сөйтіп, 1947 жылдан бастап қала атом бомбасын ойлап тапқан академик Курчатов құрметіне осы есіммен аталып кетті. Ал әлемде ол «Семей – 21» атауымен белгілі болды. Қаланың тағы «Конечная» деген де атауы болған.

Бос жатқан жерден қала тұрғызу қарапайым жұмысшылар үшін алғашында оңайға соққан жоқ. Адамдар палаткада тұрып, күнделікті қажеттілік үшін уақытша монша, темір бөшкелерде су ысытып, жергелелер салды. Солдаттардың жергелелері фашинамен, офицерлер тактайлармен, фанералармен жабылды. Солдат орналасқан баспаналарда қыс бойы су тамшылап, 1948 жылғы қақаған аязда 40-50 градус суықтан адамдардың қол-аяқтары үсіп қалу салдарынан ампутациялау жиі орын алып тұрды. Үскірік аяздан соң, ақпан айында боран тұрады, қар басқан жергелелерден шығу оңайға соқпады, сол себепті, әр солдат күніне 300 гр. нанмен қамтама етіліп отырды. Бейбіт жағдайда осылайша дәл соғыстың күйін кешкен әскерилер отбасынан жырақта ауыр тұрмысты бастан кешті. Біртіндеп, тұрғын үйлер тұрғызылған соң, бұл ортада ЖЭС, екі қабатты үйлер салынды.

Полигон басшысы үшін тұрғызылған екіқабатты үйде қорғаныс қызметкерлерімен бірге Л.П. Берия да орналасты. 1950 ж. су қоймасы станциясының құрылысы аяқталып, 1952 жылы 36-пәтерлік үйлер тұрғызылды. Сонымен қатар бір жылдан соң, хирургиялық госпитальдар, екіқабатты казармалар бой көтерді. 1956-1958 жылдары гарнизонда монша, химиялық-тазарту орындары, жаңа наубайхана даярлау комбинаты, универмагтар ашылды. 1955 жылы қаланы жасылдандыру ісі басталды. 1960 жылы 95 га жерге 2 мың жеміс ағаштары, 35 мың декоративті ағаштар отырғызылды. Сонымен қатар көптеген гүл түрлері өсірілді.

Курчатов қаласында ғылыми және зерттеу лабораториялары, медициналық және биологиялық, математикалық және физикалық орталықтар, сонымен қатар шахта құрылысшыларының, бұрғышылардың, геолог барлаушыларының орталықтары пайда болды. Бұл қала кішкене ғана, көрікті қалаға айналды. Демалыс паркі, балалар алаңы, аэродром, темір жол, автобус бекеті, сондай-ақ, мәдениет сарайы, мұражай, өз телевидениесі мен газеті бар еді. Ядролық жарылыс өтетін орындардан ондаған және жүздеген км қашықтықтағы далалық аймаққа тас жолдары төселді. Сөтке бойы радалық құрылыстың айнасы, радиоантеналар полигонның жарылыс тәжірибелері өткізілетін жермен байланыс үшін аспанға қаратылып, айналып тұрды. Бұл әскери-өндірістік кешенді, жабық, «гүлденген» қаланың көрінісі міне, осындай еді. Алғашқы кездері қала дүкендерінің сөрелері жиі босап тұратын. Сүт өнімдері, жеміс-жидек, көкөніс, ет (қыста ғана болатын) тағы басқа тағам түрлері болмады. 1956 жылы қалаға КСРО-ның қорғаныс министрінің орынбасары, маршал А.М. Василевский келеді. Ол қала халқының жағдайын көріп, бұл мәселені шешуге уәде береді. Василевский А.М. Мәскеуге ұшып кетпей жатып қалаға жеміс-жидек, қарбыз әкелініп. Ішінде азық-түлік, тұрмысқа қажетті заттардың барлығы бар жаңа дүкендер пайда болады. Осыдан бастап жыл бойы жеміс-жидек, көкөністер, сүт өнімдері, ет өнімдері, шаруашылыққа қажетті заттар, барлығы үздіксіз жеткізіліп отырды [4,8-9бб].

Бұл қаланың өмірі маңайдағы ауылдық жерлердің өмірінен өте басқаша еді. Ауылдық жерлердің халқының жағдайы өте нашар болатын. Ауылдарда адамдар сабан үйлерде тұрды, электр жарығы, газ жоқ,

тіпті кей жерлерде ауыз су да болмаған. Курчатов қаласының тұрғындары өте жақсы жағдайда өмір сүріп жатты. Зерттеушілер үшін барлық жағдай жасалынды. 1990 жылы қалада тұрғындар саны 20 мыңға жетті.

Новосибирск қаласының тұрғыны өзінің аталған қаладағы өмірі мен полигондағы қызмет күндері естелігін былайша баяндайды: «Біз онда бала едік, түкті де түсінбеспіз ғой. Өзімізше біз онда болып келгенімізге, керісінше мақтанатынбыз. Небәрі 18-20 жастамыз. Штольняға резеңке етік, қорғаныс костюмінде баратынбыз. Жарылыстың адамзат баласы үшін осынша аса қауіпті екенін бізге ешкім айтқан да жоқ, сондықтан ғой, алғашқы жарылысты көргенше асыққан едік. Курчатов қаласында өмір сүріп, полигонға шығып тұрдық. Екі жыл әскери жылдарымда 26 рет полигонға шығыппын. Қала ішінде казармада жаттық, жағдайымыз жақсы болды. Солдат дүкеніне кіргенімде таңғаларлықтай еді, шпрот, тәтті сүт, компот. 70- жылдары Новосибирск қаласында түк жоқ еді ғой, ал онда барлығы тұрды.

Онда әскери институттың ғылыми-зерттеу секторы болатын. Біз сол бөлімге бекітілдік. Командада - 120 адам. Оның 80-і Новосибирскіден, 23 офицер бізбен жұмыс істеді. Оның тең жартысы ғылым кандидаты. Біздің міндетіміз мәліметтермен қамтама етіп отыру болды. Егер нақтырақ айтатын болсам, мен жарылыс уақытындағы бета және гамма сәулелерін тіркедім. Семейде полигонда екі түрде жарылыс сынағын жүргізетін. Ол «Г» алаңында – тауда, бірнеше км-ге созылған ұзындықтағы, жыраларда. Заряд 6-8 м. Бетонмен қапталған, жарылыс орнынан трубалар тартылған, әрбір аппараттық кешенге тағы да «жіп» трубалар тартылған – мәліметтер жинақталатын трубалар. Жарылыстың екінші түрі – Балапанда, 400 метр тереңдіктегі скважинада. Бұл ҚР –күтілетін район делінетін. Тіркеулерді осциллографтар арқылы жүргізетінбіз. Оның көрсеткіші автоматты түрде құрғақ пленкаларда бір мезетте шығарып беретін, ол кезде ондай фотоаппарат ешқандай жерде болмаған. «Палороид» фотоаппараттары кейін шықты ғой. Ол жерде ақшаны аямайтын. Датчиктер 50-80 мың сом тұратын! Ал айлық 1500 сом еді. Кейде офицерлер сол датчиктерді өздері ойлап тауып жататын. Есімде сол кезде мен әдеттегі киіміммен де шығып жүре беруші едім». Автордың өз өзімен берсек: «Однажды в горах, а там летом жара, нашли озеро — ура! И полезли купаться. Мозгов не было». Ал ол өзенде радиацияның қуаты мол болған ғой. Білесіз бе, офицерлер жалаң қолмен қатаң түрде ештеңені ұстамайтын, тек бізді бақылап жүретін, ал біз ақымақтар күн ыстық деп жалаңаш денемізбен суға түсіп алатынбыз. Дозиметристер территорияның улануын есептейтін. Жаңағы қондырғыларымыз кейде жарылып та кетіп жататын. Трубаларымыз 300-400 метрге ұшып кетіп жататын. Соның сынықтарын жинап жүретінбіз. Киімдерімізді сол жердегі радиаторлардан аққан суға жуып алып та жүре беретінбіз. Біз Курчатов қаласында орналасқан казармаларда карта ойнап, спорттық жарыстарға қатысып, көңілді жүретінбіз. Әскери қызметтен кейін екі жылдан соң, қолыма қорқынышты сыздауықтар қаптап кетті. Кейін мен, әскердегі жолдастарымды іздеп, оларға ашық уланған ортада қызмет еткенімізді айтып түсіндірдім. Көп жолдастарым 40-қа жетпей қаза болыпты» [5].

«18 жастағы Кемел Жұмашев ҚР ІІМ Құрметті ардагері, 2012 жылы «Құрмет» орденінің иегері. Полигон туралы айтқанда «мен оны концлагерден кем деп айтпас едім. Әскерге алып кеткенде қайда борышымызды өтейтінімізді жеткенде ғана білетінбіз. Үйден келген хат, радиоқабылдағыштар, байланыс құралдарының барлығы тексерілетін. Барлығы аса құпиялы болатын. Қайтатын кезде бізден «особистер» ешқайда жарияланбайтынымыз туралы қолхат алатын» [6], - дейді. Әскери борышын ол 1969-1972 жылдарда өтеген. Ол ядролық сынақты инженерлік қамтама ету бөлімінде болған. Штольнялар даярлауға атсалысқан. Полигон қарсаңындағы 50-70 км қашықтықтағы орналасқан ауылдағы барлық үйлердің терезесі сынып жататын. Солдаттарды сол орынға қайта жөндеу жұмыстарына жиі жіберіп тұрған. Ол жердегі үйлер мен казармалар щитобетонды болғандықтан оңай құлап қалатын көріндеі. Сынақтың болатын нақты уақыты мен мерзімін ешкім білмейтін. Ғылыми-зерттеу алаңында тәжірибе үшін 1500-ға жуық иттер ұсталынған. Әр кездерде таң атпастан ондаған иттерді штольняларға түсіру үшін әкетіп жататын. Ал қалғандары жантүршігерік дауыспен ұлитын. Бейне бір өлімге әкетіп бара жатқандай. Казармадағы солдаттар сол күні жарылыс болатынын біліп жататын. Әдетте ол сенбі күні, сағат 10.00 – да өтетін. Бір күні жарылысқа даярлық жүрген кезде солдаттардың басым көпшілігі ауырып тұрды. Менің мұрнымнан қан ақты. Төрт ай ауруханада, болып құлақ есту қабілетінен айырылды. Сөйтсек, 12 км қашықтықтағы штольняда авария болып, сәулемен уланған екенбіз. Құпия болғанына қарамастан «Америка дауысы» радиостанциясынан кешке бұл туралы хабар жетті. «Жеткізген кім?», - деп, тексерушілер тінтіп, итпен іздеп шықты. Сөйтсек, американдықтар спутник арқылы барлығын біліп отырады екен ғой» [6], - дейді ақсақал.

Ядролық жарылыс сынағы қайнап тұрған сол бір уақыттарда Курчатов қаласымен бір мезгілде бой көтерген, көрші орналасқан Шаған қаласының тұрғыны, Кузмичева Марина Владимировна (Дата проживания в городке (приезд - отъезд): 1961-1978. Состав семьи на момент проживания: Отец Кузмичев Владимир Александрович, военный. Мать Ольга Парфеновна, врач-педиатр. Место проживания в

городке: ул. Ленина дом 58, кв.34 Учеба (годы): 1968-1978 ол уақытта 5-6 жастағы қыз бала отбасы күнделігін былайша ақтарыла айтып баяндайды: «Менің бала күндерімнен ерекше есте қалғаны, таң атпастан, анам мені жұлқылап, тұрғызып, киіндіріп, қорқынышты дауыспен «қазір үй құлайды, жарылыс болады, тез қорғану керек» деп оятатыны еді. Ал мен қынжылып ренжитінмін. Мен болсам, жарылыстың болып, үйдің құлап жатқанын көргім келетін, баламын ғой, қызық сияқты болатын. Сосын нег болмай қалды екен деген де ойлар болатын. Сосын күндердің бір күнінде тағы да сола, тағы да сола, есейе бастағанда тіпті оған мән бермейтін болып алдым. Сосын бір жұмбақ дүние мен үшін, дәл жанымыздағы Курчатов қаласы болатын. Оны немесе «Конечная» деп атайтын. Ол жаққа ешкімді жібермейтін. Тек қана арнаулы билеті барларды ғана жіберетін. Біз ол жаққа ядролық полигонның шағын қаласы ретінде қарайтынбыз. Ақылдылар сол кезде қаладан кетіп, көшіп кетті. Кім білсін, егер Чернобыль оқиғасы болмаса, біз қандай сұмдықтан өткенімізді ешқашан білмей кете берер ме едім? Дәрігерлер тексеруге шақыратын, ал нәтижесін дұрыстап түсіндірмейтін де. Кейін білдім, 100 бэр радиациясын қабылдаған екенмін ғой! Балам патологиямен туылып, бір айдан соң шетінеп кетті. Екінші рет бала көтеру онайға соққан жоқ. Ал үшіншісін көтеру азаматтық ерлікпен тең болар еді-ау» [7], - деп ауыр күрсінді. Міне осындай естеліктер халық арасында толып жатыр.

Бұдан қорығатынымыз, империалистердің әлемдегі үстемдігі үшін жасаған ауыр қасіреттің жауабын бүгінде кім береді? Өткен мен болашақ ортасындағы жүрген біздер мен сіздер артымыздан ерген жаңа ұрпақтың салауатты өмірі үшін, ендігі тұста қателеспегеніміз абзал. Ендігі қателік ол – кешірілмес күнә болмақ!

*1 Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жлдауы Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ 17 қаңтар 2014 жыл*

*2 «Халық тарих толқынында» бағдарламасы 2013 ж.*

*3 Иосиф Финкельштейн записки участника атомного проекта Научно-исследовательский институт электрофизической аппаратуры имени Д.В.Ефремова. Вехи истории - 1945-2005. СПб, 2006. 35 с.*

*4 Гапонов Ю.В. Игорь Васильевич Курчатова (1903-1960) Жизненный путь (К столетию со дня рождения) Физика элементарных частиц и атомного ядра 2003. Т. 34. Вып.3. 126 с.*

*5 Участник испытаний в Семипалатинске: мы гордились и ничего не понимали. Испытатель спецвооружения Олег Тарасов РИА Новости. Екатерина Штукина*

*6 Қасымов Э. Семипалатинский полигон: воспоминания очевидца Вечерняя Астана 2013 29 август*

*7 Марина Кузьмичева «Воспоминание о Чугане» РИА Новости <http://ria.ru/nsk/20130829/>*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КҮЗЕТ ҰЙЫМДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ДАЙЫНДАУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН**

**Қ.Ү. Төлеубаев – Қазақ-Орыс халықаралық университетінің магистранты**

*В статье рассматриваются некоторые вопросы организации обучения и осуществления государственного контроля за деятельностью специализированных учебных центров по подготовке работников частных охранных структур в Республике Казахстан.*

*The given article touches upon the questions about studying and realizing the state control of specialized educational centers for preparing the workers of private security structure of the Republic of Kazakhstan.*

Бүгінгі күні жеке күзет құрылымдары мемлекетіміздің ішкі қауіпсіздік жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Айтар болсақ, жеке тұлғалардың комерциялық және жекелеген мемлекеттік құрылымдардың күзетін қамтамасыз ету, сауда және қаржы саласындағы әріптестерді тексеру, жұмысқа орналасу кезінде азаматтардың қаншалықты сенімділігін тексеру т.б.. Мұның барлығы дерлік құқықбұзушылықтың өсу қарқынын қысқартуға әсер ете отырып, толықтай алғанда елімізде экономиканың тұрақтануы мен криминогендік жағдайдың жақсаруына ықпал етеді.

Дегенмен, барлық дұрыс та, оң сәттерін айтқанымызбенен, күзет қызметін белгілі бір деңгейлерде адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуының қызметтік қауіпі бар ортаға жатқызуға болады. Қазақстан Республикасының «Күзет қызметі туралы» Заңының 6-бабы 1-тармағына сәйкес «Күзет қызметі субъектілерінің қызметті жүзеге асыруы кезінде мемлекет азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына кепілдік береді және оны қамтамасыз етеді», яғни мұнымен бірге жоғары кәсібилікті және де жеке күзет ұйымдары қызметкерлерінің дайындық сапасына кепілдік береді [1].

Қазақстан Республикасының «Күзет қызметі туралы» Заңының 5-бабы 2-тармағында жеке күзет ұйымында, күзетші қызметін атқаратын қызметкерлерді даярлау мен біліктілігін арттыру (арнаулы оқу курсы) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мамандандырылған оқу орталықтарында жүргізілетіндігі және де күзет қызметінің субъектілері мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы

заңнаманың талаптарын сақтай отырып, тәжірибе алмасу, өз мамандарының біліктілігін арттыру, қазіргі заманғы техникалық құралдар мен технологияларды енгізу және пайдалану мақсатында күзет қызметі саласындағы шетелдік компанияларды қатыстыруға құқылы екендіктері келтірілген [1]. Бүгінгі күні Қазақстанда сегіз мамандандырылған оқу орталықтары жұмыс жасайды, және де олардың отыз тоғыз филиалдары қызметтерін жүзеге асыруда [2].

Күзет ұйымдарының басшылары мен күзетшілерін арнайы дайындау және біліктілігін арттыру бойынша бағдарламалар мен біліктілік талаптары (күзетшілерді арнайы оқыту курсы) «Күзет қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылға 5 сәуірдегі №407 қаулысымен бекітілген. Бұл қаулыға сәйкес күзетшілерді даярлау және қайта даярлау жөніндегі оқу орындарына қойылатын біліктілік талаптары, сондай-ақ мынадай негізгі талаптарға жауап беретін тиісті оқу-материалдық базасының болуы қажет:

- тиісті санитарлық нормаларға сай сабақтарды жүргізуге арналған үй-жайлардың болуы;
- оқыту бағдарламасында көзделген арнаулы және техникалық құралдардың болуы;
- оқ ату даярлығы жөніндегі сабақтарды өткізу үшін арнайы жабдықталған атыс тирінің болуы;
- оқытылатын пәнге сәйкес біліктілігі мен білім беру деңгейі бар оқытушылар құрамының болуы.

Сонымен бірге осы қаулымен жеке күзет ұйымдарымен қолданылатын арнайы қорғаныс және арнайы техникалық құралдардың, күзетшілердің нысанды киімдері мен құжат үлгілерінің тізімі белгіленген.

Өз қызметтерін ішкі және сыртқы бекеттерде атқаратын жеке күзет ұйымдарының басшылары мен күзетшілерін дайындаудың жұмыс жоспары басқаларымен бірге келесі пәндерді де қарастырады:

1. «Құқықтық білімдердің негіздері», мұнда мемлекеттік емес күзет құрылымдарының басшылары мен күзетшілері келесі тақырыптарды зерделейді:

- «Қылмыстың түсінігі және оның құрамы. Қылмыстық жазалаудың түсінігі және мақсаты»;
- «Қажетті қорғаныс. Озбырлық жасаған тұлғаны ұстау. Аса қажеттілік»;
- «Әкімшілік құқықбұзушылықтың түсінігі. Әкімшілік жауапкершілік және оның негізі»;
- «Қызметтік қаруды және арнайы құралдарды қолданудың құқықтық негіздері»;
- «Жеке күзет қызметі қызметшілерімен өкілеттілігін асыра пайдалану».

2. «Қызметтік даярлау» пәні басқаларымен бірге келесі тақырыптарды қарастырады:

- «Құқықтық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету аумағында құқық қорғау органдарымен әрекеттестік»;

- «Оқиға болған орынды қорғауды ұйымдастыру. Іздерді және заттай айғақтарды сақтау»;

- «Экстрималдық жағдайлар. Жағдайды бағалау психологиясы. Экстрималдық жағдайдың арта түсуін болжау. Өзін-өзі ұстай білу».

3. «Криминалистика» пәнін оқу барысында жеке күзет қызметі субъектілері келесі тақырыптармен танысады:

- «Оқиға болған жерді қарау әдісі, қылмыскерлердің ізін сақтау, соның ішінде саусақ таңбаларын»;
- «Құжаттарды қолдан жасау белгілері, фотосуреттерді ауыстыру және оны анықтау»;
- «Ауызша портретті іздеу мақсатында қолдану».

4. «Лаңкестікке қарсы дайындық» пәні келесідей тақырыптарды қарастырады:

- «Лаңкестікке азаматтық қарсы тұрудың құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері»;

- «Жасанды жарылғыш құрылғылар, олардың құрылымы және іске қосылу барысы»;

- «Күзет қызметтерінің қылмыстың алдын алу шараларын ұйымдастыруы. Жарылғыш құрылғы қойылды деген хабар алынғаннан соң әрекет ету тәртібі»;

- «Аумақты, көлік құралдарын, ғимараттар мен үй-жайларды жарылғыш құралдардың бар немесе жоқтығына тексеріп қарау тәртібі».

5. «Арнаулы техника мен байланыстың негіздері»;

6. «Оқ ату даярлығы»;

7. «Арнаулы дене шынықтыру даярлығы»;

8. «Медициналық даярлық кіруі тиіс [3].

Сонымен, жоғарыда аталған нормативтік-құқықтық актіні саралай отырып мемлекеттік емес күзет құрылымдары кәсіби дайындалған қызметкерлер ретінде құқықбұзушылықтардың, қылмыстылықтың, лаңкестік және діни экстремистік әрекеттердің алдын алу немесе ескертуде ішкі істер органдарына тиімді көмек көрсете алатындығын көреміз. Құқық қорғау органдары да өз кезегінде мемлекеттік емес күзет құрылымдарының субъектілерін әрекеттестік шеңберінде жоғарыда аталған құқықтық пәндерді оқып үйренуіне және оны тәжірибемен байланыстыруға көмек көрсете алады.

Жеке күзет ұйымдарының басшыларын және күзетші лауазымындағы жұмыскерлерді дайындауды жә-

не біліктілігін көтеруді жүзеге асыратын мамандандырылған оқу орталықтары және олардың филиалдары үшін бекітілген қарулардың түрі, типі, моделі, саны және оларға қажетті оқ-дәрілер «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы N 1176 қаулысымен анықталған [4].

Өз қызметтік міндеттерін адамдар мен азаматтың өмірлері мен денсаулықтарын қорғауға арнаған күзет қызметкерлерін арнайы дайындау және олардың біліктілігін арттыру бойынша бағдарламалар «Күзет қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 5 сәуірдегі №407 қаулысымен бекітілген. Оқытудың жұмыс жоспары мен бағдарламасына сәйкес қызметін сыртқы және ішкі бекеттерде атқаратын күзетшілер және жеке күзет ұйымдарының басшылары үшін бір оқу курсының ұзақтығы - 99 оқу сағатын, ал жеке тұлғалардың өмірлері мен денсаулықтарын қорғауғайтын күзет қызметкерлері үшін - 146 оқу сағатын құрайды.

Күзет қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курсы жылма-жыл өткізіліп тұрады. Біліктілігін арттыруға байланысты алатын болсақ, өз қызметтерін сыртқы және ішкі бекеттерде атқаратын күзетшілер үшін бір оқу курсының ұзақтығы - 36 оқу сағатын, жеке тұлғалардың өмірлері мен денсаулықтарын қорғайтын күзет қызметкерлері үшін - 72 оқу сағатын құрайды. Ал жеке күзет ұйымдарының басшылары осы лауазымында үзбей жұмыс жасап келетін болса, онда олар екі жылда бір рет біліктілікті арттыру бойынша - 19 оқу сағатын өтеді.

Оқу орталықтарында дайындық және біліктілікті арттыру оқу курсы аяқталған соң өткен тақырыптар бойынша емтихандар өткізіледі. Емтиханды құрамы 3 адамнан кем болмайтын комиссиямен қабылдайды және де оның төрағасы болып Ішкі істер департаменті мемлекеттік күзет қызметінің өкілі тағайындалады. Емтиханды сәтті тапсырған тұлғаларға мамандандырылған оқу орталығының курсы бойынша біліктілік деңгейі берілгендігі туралы куәлігі беріледі. Бұл куәлікке оқу орталығының басшысы және емтихан комиссиясының барлық мүшелері қол қояды [3].

Сонымен, Қазақстан Республикасында жеке күзет құрылымдары қызметкерлерін оқытуды ұйымдастыру белгілі бір деңгейде қолданыстағы заңдармен реттелген.

Дегенмен, біздің пікірімізше жеке күзет құрылымдары қызметкерлерін дайындауды ұйымдастыру жұмыстарын және де мамандандырылған оқу орталықтарының қызметтеріне мемлекет тарапынан бақылау жасауды әлі де жетілдіру керек. Атап айтар болсақ, жеке күзет құрылымдарының басшыларын және күзетшілерін арнайы дайындық және біліктілікті арттыру курсынан өткізуді жүзеге асыратын мамандандырылған оқу орталықтарының қызметі Қазақстан Республикасының «Лицензиялау туралы» Заңымен лицензияланбайды [5] және олардың қызметінің біліктілік талаптарына сәйкестігін мемлекеттік бақылау, заңды түрде бірде бір мемлекеттік органға бекітілмеген. Ішкі істер министрлігі және оның аумақтық құрылымдық бөлімшелері мамандандырылған оқу орталықтарын бір рет қана есепке алады және де жоғарыда атап өткеніміздей оқу орталықтарында ұйымдастырылған курс соңындағы емтихан кезінде ғана ПД мемлекеттік күзет қызметінің өкілі төрағалық етеді. Мамандандырылған оқу орталықтарында оқу бағдарламаларының орындалуына, оқу-әдістемелік құжаттардың дайындалу сапасына және оқу үрдісінің сапалылығына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен жүзеге асырылмайды.

Ұсыныс ретінде айтар болсақ, күзет қызметінің өзіндік ерекшеліктері Қазақстан Республикасындағы жеке күзет құрылымдарының қызметкерлерін дайындау төңірегіндегі ұйымдардың оқытуды ұйымдастыру жұмысын әлі де жетілдіруі және де мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру қажеттілігі туралы айтуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге мамандандырылған оқу орталықтары жеке күзет құрылымдары мамандарын дайындау кезінде теория мен тәжірибені байланыстыру мақсатында мемлекеттік құқық қорғау органдарымен тығыз әрекеттестікте жұмыс жасағандары дұрыс.

1 *Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 19 қазандағы N 85 "Күзет қызметі туралы" Заңы. (кейінгі өзгерту және толықтыруларлармен).*

2 *Қазақстан Республикасы ИМ КЖД ӘПК хаты (кіріс № 378 2012ж.07.06.)*

3 *"Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 5 сәуір N407. (кейінгі өзгерту және толықтыруларлармен).*

4 *"Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы N 1176 Қаулысы (кейінгі өзгерту және толықтыруларлармен).*

5 *«Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы N 214 Заңы. (кейінгі өзгерту және толықтыруларлармен).*

## **ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ ЖЕТІСУДЫ ОТАРЛАУ МӘСЕЛЕСІ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ**

**А.С. Кенжебекова** – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Әлем тарихы кафедрасы аға оқытушысы

*В данной статье автор рассматривает исследования по проблеме колонизации царизма в Жетысу. Проводится историографический обзор трудов исследователей XX века этого периода на территории Жетысу. В завоевании казахских степей царизмом большую роль играла военная колонизация края. В исследовании приводятся материалы из истории формирования Уральско-го (Яицкого) и Сибирского казачьего войска, а также образования военных линий в Казахстане. В начале царизм ограничился военно-казачьей колонизацией края. В середине 60-х г. XIX в. из центральной России в Казахстан началось переселение крестьян. Царское правительство рассчитывало, что обеспеченные крестьяне будут проводить русификаторскую политику в крае и служить источником пополнения колониальных войск. Определив свои цели, царское правительство приступило к их осуществлению. На местах подготавливался ряд мер по колонизации казахской степи и заселению ее крестьянами из центральных губерний России, как бы решая свою аграрную политику в Казахстане.*

*In this article tsarism colonization in Semirechie problems researching is described by author. The historiographic review of works of researchers of the XX century of this period in Zhetysu's territory is carried out. In a gain of the Kazakh steppes tsarism military colonization of edge played large role. In research materials from history of formation of Ural (Yaitsky) and the Siberian Cossack army, and also formation of military lines are given in Kazakhstan. At the beginning the tsarism was limited to the military-Cossack colonization of edge. In the mid-sixties from the central Russia to Kazakhstan resettlement of peasants began of the XIX century. The imperial government counted that wealthy peasants will pursue rusifikatorsky policy in the region and to be a source of replenishment of colonial armies. Having defined the purposes, the imperial government started their implementation. On places a number of measures for colonization of the Kazakh steppe was prepared and to settling by her peasants from the central provinces of Russia, as though solving the agrarian policy in Kazakhstan.*

Қазақстан территориясын еш қиындықсыз отарлау саясатын Ресей империясы жүзеге асыру үшін үкімет тарапынан жүргізілген қоныс аудару қозғалысы тұсынан көрініс тапты. Ресей империясы Қазақстанның ең бай өлкесі Жетісуды отарлау саяси мүдделері үшін көздеді. Патшалық Ресейдің Жетісуда жүргізген қоныс аудару саясаты отаршылдық жүйенің бір бөлшегі болды. 1846 жылы генерал Вишневскийдің басшылығымен болған барлық Үлкен орданың сұлтандарын жинап, олардың Ресей отарын мойындаған анттын алуы актысынан бастап [1, 65 б.], «Жеті су» құқығы Ресейліктерге бекітілді. Осылайша, Жетісу өлексінде бекіністер біртіндеп салына бастады. Оған қоныстанған бірінші казактар одан кейін, қарашекпенділер келе бастаған. Осы жағдай 1905 жылы 14 ақпанда Егіншілік және мемлекеттік меншік министрлігінің қарауында Жетісу қоныс аудару мекемесі құрылғанға дейін жалғасын тапқан. Одан әрі Жетісуға қоныс аудару ісінің жүйелі бағытын анықтауға болады.

Әсіресе, Жетісуды Сібір казактарының отарлаудағы рөлі тарихшы-зерттеушілердің назарынан тыс қалмады. Ресей империясы Жетісу өңірін өзінің отарына айналдыру үшін біршама ауқымды істер атқарды. Отарлау саясатының басты бағыттарының бірі казактарды қоныстандыру және бекіністер мен әскери шептер салу еді. Өйткені Ресей империясы шет аймақтарды өзіне бағындыруда казактарды әскери күштерін отарлау саясаттарына пайдаланған. Казактар патша үкіметінің сол кездегі тәуелді әскери күші болатын.

Қазақстанның Ресей империясының құрамына қосылу кезіндегі қоныс аудару проблемасын зерттеушілер әр кезеңге бөліп қарастырып жүр. Соның ішінде қоныстандырудың бірінші кезеңіне казактардың қоныс аударуын жатқызады. Отандық тарихнамада Ресей бодандығын қабылдауда орыс шаруаларына дейін қазақ даласын игеруді бастап берген казактар болғандығы жайлы тұжырым қалыптасқан.

Патшалық Ресей отарлауы мен қоныстануы тарихнамасын революцияға дейінгі, кеңестік және тәуелсіз Қазақстан кезеңі деп үш кезеңге бөліп қарастыруымызға болады.

Жетісудағы патшалық отарлау мәселесі негізінен XIX ғасыр екінші жартысы мен XX ғасыр басында Қазақстанда қызмет бабымен болған патша үкіметінің шенеуіктерінің, орыс зерттеушілерінің еңбектерінен көрініс тапты. Сонымен қазақ зиялыларының баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары да осы мәселе төңірегінде өрбіген.

Кеңес дәуіріне дейінгі кезеңде жарық көрген Н.З.Леденев, М.А.Терентьев, С.Н.Велецкий, П.Румянцев, К.И.Пален және т.б. [2] еңбектері жатады. Бұл авторлар өз заманның адамдары болғандықтан, олардың көзқарастары сол уақытқа, идеологияға ықпалды еді. Еңбектерде казак жауынгерлерінен жасақтардың құрылуы, линиялық бекіністердің салынуындағы жетістіктері, казак-орыстардың бас көтерушілерді жазалауы, Жетісу жерін біртіндеп отарлауындағы іс-әрекеттері, қоныс аударуы ісі т.б. тәрізді жалпы аймақты отарлаудағы жетістіктері туралы жазылды.

Революцияға дейінгі кезеңдегі казактар тарихын зерттеуде Казак әскерлерінің есауыл болған Н.З.Леденевтің еңбегі [3] мұрындық болады. Казак қоныс аударуы мен отарлауы мәселесін зерттеушілер

Н.З.Леденевтің осы шығармасын дерек көзі ретінде пайдаланады. Автор еңбегінде Н.З.Леденев патша империясының отарлауына дейінгі кезеңдегі Жетісу өлкесінің табиғаты, табиғи байлығы, тарихы жайлы қысқаша мәліметтер беріп, патша империясының оталау саясатының жүзеге асырушы казактар қоныстануының басталуы жайлы Жетісу мысалында құнды мәліметтерін беріп өткен. Оған жүктеп берген программа бойынша: 1) казачество – отарлаушы, 2) казачество - мемлекеттік шекараны қорғаушы, 3) казачество – православие сенімінің қорғаушысы [4] деген сияқты ауқымды сұрақтармен бірге жекелей сұрақтар төңірегінде зерттеулерін жүргізген.

Тарихтан белгілі, 1909 жылдың мамыр-маусым айларында Петербургте П.П.Румянцевтың басшылығымен Жетісу өлкесін зерттеудің статистикалық партиясы құрылады. 1909 жылға дейін Жетісудағы Қоныс аудару ісінің статистикалық бөлімі басшысының бұрынғы көмекшісі Воронкова болатын. 1909 жылы Қоныстандыру Басқармасы Жетісу облысын тарихи - жаратылыстану және шаруашылық - статистикалық жағынан тексеруге жаппай кірісті, сондықтанда қырғыздарға жер бөліп беру, артық жерлерді анықтау, жер пайдалану, өлкеде ресей отарлауын жүргізуге қор жасау статистикалық партияның басты мақсаты еді. Өзінің еңбегінде П.Румянцев казактардың бекіністер салу мен қоныстануы туралы, олардың қарамағындағы жерлер жайында мәліметтер көрсетеді. Мәселен, автордың пайымдауынша 1830 жылы Аягөз Сыртқы Округын құру жөнінде патша жарлығына сәйкес, 1831 жылы қазіргі Сергиополь станциясының орнына Аягөз әскери Приказы орналасып, қазыналық үйлер салына бастаған [5,40 б.]. Осылайша П.Румянцев отарлаудың алғашқы бастамасын казактардың әскери күші арқылы бекіністердің салынуымен яғни, 1847 жылы Аягөзге сібір казактарын күштеп орналастырумен [6, 46 б.] сипаттайды. 1847 жылдан бастап Жетісуды әскери отарлау ары қарай жалғасқандығы туралы ой түйіндейді. Міне, осыдан патша өкіметі казактарды бастапқыда күштеп қоныстандырып, оларды әскери күш ретінде пайдаланғандықтарын айқын көреміз.

Орыс зерттеушілері империяның казактарды өздерінің қол шоқпары ретінде соғыс істеріне жұмсағандығын еңбектерінде ашып жазбаса да, олардың ерсі қылықтары олардың еңбектерінен көрініс тапқан. Мәселен, 1906 жылғы жарияланған М.Т.Терентьевтің «Орта Азияны жаулау тарихы» деп атлатын еңбегінде: «казактар қазақ жерінің орманды табиғатын жан ашырлықсыз ысырапсыз пайдаланып, жергілікті халықтан тартып алған жарамды жерлері аз уақыт пайдаланып, жер тозу жағдайына жеткенде, оларды тастап басқа жерлерге кетіп отырды» дейді [7, 268 б.].

1907 жылы Патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы жазылған қоныстандыру шараларын әшкерелейтін Мемлекеттік Думаның депутаты Т.Седельниковтың еңбегі жарық көрді. Автордың зерттеуінде жалпы сол кездегі қазақ қоғамындағы қоныс аударуды ұйымдастырудағы жіберген қателіктер, патша шенеуіктерінің өз еріктерімен жасаған жүгенсіздіктері ашып көрсетілген. Әсіресе, қазақ жерлерін қоныстандыру үшін тартып алынған, оларды шөл-шөлейт аудандарға ығыстырғанын, қоныс аудару қорларының жергілікті тұрғындардың пайдаланып отырған жерлері тарапынан жүргізілгендігін сыни тұрғыдан жазады. Ол осы қоныс аудару мәселесінен туындаған жер тапшылығы туралы: «даладағы жер бөліп алу жұмыстарының ілгерілей жүруі Ресейдегі аграрлық күйреудің орнын жеңілдетпейді, керісінше ол қырғыздарға қатысты орыстық-шовонистік пиғылдың қатыгездігін көрсетеді» [8, 78 б.], - деп пайымдауы осының дәлелі. Қазақ ауылының отырықшылыққа көшуіне патша үкіметі жағдай жасамағанын, керісінше кедергі келтіргенін осылайша патша үкіметі тарапынан шыққан заңдар жүйесі мен іс-әрекеттерін әшкерлеп, шындыққа жанасатын пікірлерін айтты.

Империялық билік тұсында Жетісу жерінде орын алған өзгерістер жергілікті халықтың өміріне нұқсан келтіріп, оларды құнарлы жерлерінен айырып, терең дағдарысқа түсуі тарихи шындық. Сондықтан да зерттеулер, Қазақстанның кеңестік кезеңдегі тарих ғылымында патша үкіметінің қоныстандыру саясатын арнайы зерттеген бірқатар еңбектер бар. Әйтсе де, зерттеулер кеңестік заман идеялогиясының қыспағында қалды. Бірақ соған қарамастан Ресей империясының Қазақстан мен Орта Азиядағы отарлық саясатын зерттеуді бағыт еткен, осы тарихи кезеңге шынайы баға берген тарихшы ғалым П.Г.Галузо болды. Автордың ғылыми зерттеулері патшалық Ресейдің қазақ жерлерін отарлауы, казак-орыс шаруаларының қоныс аударуы туралы және XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғ. басындағы Оңтүстік Қазақстандағы аграрлық мәселесін зерттеуге арналған. 1929 жылы жарыққа шыққан «Түркістан – колония» [9, 226 б.] зерттеу жұмысында патша өкіметінің Түркістандағы отарлау саясатының сипатын, автор патша өкіметінің өлкеге орыс шаруаларын қоныстандыруының басты мақсаты өзінің әлеуметтік-саяси тірегін қалыптастыру деген батыл тұжырым жасаған. Келесі еңбегі 1965 жылы жарық көрген «1867-1914 ж.ж. Оңтүстік Қазақстанның аграрлық қатынасы» [10]. Еңбекте өлкеге казак және орыс шаруаларының қоныс аударуын мақсаты мен себептеріне қарай кезеңдерге бөліп қарастырып, жергілікті халыққа кері ісерін көрсетеді. Автор еңбектерінде сол кезеңдегі статистикалық және мұрағат мәліметтерімен бірге сол кезде жарияланған Н.З.Леденевтің, С.Н.Велецкийдің, А.А.Кауфманның, Г.А.Калпаковскийдің және т.б. зерттеушілердің еңбектерін пайдаланған.



Автор қоныс аударудың Қазақстанның Жетісу аумағындағы 1867-1868 жж. қазақ даласын басқару үшін «Уақытша ережелерден» бастау алатындығына назар аударған. Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық басқару жүйелері жойылған кезден бастап, қазақ даласы үш генерал-губернаторлыққа бөлінгені, 1867-1882 жж. Жетісу облысы құрылғаны, қайтадан патша жарлығы бойынша – 1899 жылдың шілдесінен бастап 1918 жылға дейін Ресейдегі Соғыс министрлігіне қараған Түркістан генерал-губернаторлығының құрамында болғаны, ал 1882-1897 жж. Ішкі Істер Министрлігіне қарасты Дала генерал-губернаторлығының қарауында болғаны туралы [11, 35 б.] баяндап, оқиғалар желісін сабақтастыра қарастырған.

Кейінгі кезең зерттеуіне М.Ж.Әбдіровтың еңбегін алуымызға болады. Оның казак отарлауына байланысты 1994 жыл «Қазақстан казактарының тарихы» деген монографиясы жарық көрді. Автор казак отарлауына байланысты деректерді пайдалана отырып, тың көзқарас танытқан. Ресейдегі 11 казак әскери жасағының 4 Орал, Орынбор, Сібір және Жетісу казак әскери жасақтарының тікелей Қазақстанда орыналасқандығын баса назар аударып, зерттеудің 5-тарауын Жетісу казачествосына арнайды. Автор өлкеге орыстардың енуін 1831 жылғы Аягөз Приказы бойынша, сібір казактарының гарнизондарының орналасуымен [12, 119 б.] байланысты сипаттай отырып, казактардың қоныстануын осы жылға сәйкестендіреді. Казактардың келуін автор казактар иесі жоқ жерге келгендей өз бетінше өлкедегі шұрайлы жерлерге қоныстанып, әсіресе Сергиополь және Қапал уездерінің халқын жерден қатты тарықтырғанын айтады. М.Әбдіров өлкедегі жағдайды: «...казак қонысы өзен аңғарлары мен тау қыраттарына орналасып, жергілікті казак малшыларының дәстүрлі мал шаруашылығы маршруттарының жолын жауып тастаған», - деп сипаттайды. Сондай-ақ зерттеуде, Түркістан өлкесінің патша генерал губернаторы А.Н.Курапаткинның 1916 жылғы Жетісудағы көтерілістен кейін шындықты айтпасақ болмайтын мәліметін «Жетісуда 1897 жылғы санақ бойынша, олар 796 815 адам, немесе жалпы халықтың 85 проценті болса, ал 1907 жылда небәрі 803 мың болған. Сол уақытта казактардың қарамағында 639 мың десятин жер болса, ал қазақтарда бар жоғы 170 мың десятин жер үлесі бар» [13, 130 б.], - деп автор, сол кезеңдегі қазақ қоғамындағы өзекті мәселені дөп басып жеткізеді. Осындай салыстырмалы мәліметтен қазақ халқының саны он жыл көлемінде азаюын көтерілісшілердің аяусыз жазаланып, ал кейбіреулерінің қытайға қоныс аударуға мәжбүр болғандығымен түсіндіреміз.

М.Ж. Әбдіров өз зерттеуінде казактардың үш міндетті, өз алдарына қойғандығын атап көрсетеді. Олар: ең жақсы және шұрайлы жерлерді тартып, көші қон аймағын тарылтып, халықты шөл далаға ығыстыру арқылы ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылығынан айыру; кезекті әскери жорықтар кезінде жаппай малдарын айдап әкету, осылайша қазақтарды тіршілік көзінен айыру; бейбіт жатқан ауылдарға тонаушылық шапқыншылық кезінде тіршілік тұтқасы, әскери күші – ер адамдарды жаппай қырып жою мен қолға түсіру [14, 140 б.]. Яғни, патша империясының отарларлауында казактар ролі елеулі болғандығы еңбекте көрініс тапқан.

XIX ғасырдың екінші жартысы патшалық Ресейдің Қазақстандағы әскери құрамаларын одан әрі шоғырландыру, қарулы күштерді еселей түсу, әскер топтарының құрылымы мен ұйымдастыруын жетілдіру, өлкенің басты орталықтарына ірі горнизондар орналастыру кезеңінде казак әскерлерінің ролі ерекше болды.

1 Леденев Н. *История Семиреченского казачьего войска. 1908. 65-б.*

2 Леденев Н. *История Семиреченского казачьего войска. 1908, Терентьев М. История завоевания Средней Азии СПб., 1906, Велецкий С.Н. Семиреченская область и ее колония (итоги работ по колонизации Семиречья за 8 лет) (1906 –1913 гг.) Л., 1916, Румянцев П.П. Уезды Жетысу. А., 2000. Пален К.К. Переселенческое дело в Туркестане. СПб., 1910.*

3 Леденев Н. *История Семиреченского казачьего войска. 1909.*

4 Леденев Н. *История Семиреченского казачьего войска. 1909.*

5 Румянцев П.П. *Уезды Жетысу. А., 2000, 40-б, Леденев Н. История Семиреченского казачьего войска. 1909, 56-57-бб.*

6 Румянцев П.П. *Уезды Жетысу. А., 2000, 46-б.*

7 Терентьев М. *История завоевания Средней Азии Т. 2-3, СПб., 1906, 268-б.*

8 Седельников Т. *Борьба за земля в Киргизской степи. СПб., 1907, 78-б.*

9 Галузо П.Г. *Туркестан – колония (Очерк истории колониальной политики русского царизма в Средней Азии). – Ташкент: Госиздат, 1929. – 226 с.*

10 Галузо П.Г. *Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867-1917 гг. А., 1965.*

11 Галузо П.Г. *Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867-1917 гг. А., 1965. 35-б.*

12 Абдиров М.Ж. *История казачества Казахстана А., 1994, 119-б.*

13 Абдиров М.Ж. *История казачества Казахстана А., 1994, 130-б.*

14 Абдиров М.Ж. *История казачества Казахстана А., 1994, 140-б*

**ҰСЫНЫСТАР ҮШІН  
ДЛЯ ЗАМЕТОК**

---